Мақалада су культінің жалпы түркі халықтарына ортақ сипаты туралы айтылған. Судың географиялық жағдайымен бірге лингвистикалық сипаты айқындалды. Бағзы замандардан-ақ Су Тәңіріне табынған адамзаттың өмірінде судың алатын орны ерекше. Тек түркі халықтарында ғана емес, сонымен қатар, орыс халқында да «су патшасы» дейтін ұғым болған. Қазақ танымында магиялық мәнге, мифологиялық көрініске ие болған тіршілік нәрінің емдік қасиеті де айтарлықтай. Сумен қоса табиғи және ғарыштық нысаналардың да киелілігі тілге тиек етіледі. Суға қатысты түркі халқына кеңінен тараған әдет-ғұрып, жөн-жоралғылар, Көк Тәңірінен су сұрап, құлшылық ету сияқты құбылыстардың әлі күнге қолданыста екенін де айта кеткен жөн. Табиғат Ананың тылсым күші арқылы қалыптасқан бұл тәрізді жоралғылар мен суға қатысты тілдік бірліктер елді, ұлтты, халықты танудағы этнография мен лингвистиканың арасындағы мызғымас сабақтастықты көрсететін айғақ іспеттес.

Түйін сөздер: су культі, мифология, табиғат, гидроним, табиғи нысандар

Абибуллаева Г.Н.¹

¹Казахский Государственный женский педагогический университет
Алматы, Казахстан

КУЛЬТОВЫЙ ХАРАКТЕР ВОДЫ В ЯЗЫКОВОЙ КАРТИНЕ МИРА

Аннотация

В статье говорится о тех культовых признаках воды, которые являются общими для всех тюркоязычных народов. Вместе с географическим положением воды определяются и его лингвистические признаки. С древних времен у человечества, почитающего Воду Божеством, вода имела особое значение. Но не только среди тюркоязычных народностей, но и у русского народа было понятие «водное царство». И в казахском понимании вода имеет магическое значение, мифологическое восприятие и целебные свойства. Вместе с водой также имели понятие о святости природные и космические объекты. Стремление понимания загадок Природы Матери, утвердившихся в сознании народностей, подобные предубеждения и языковые конструкции помогают открыто распознать этнографические и лингвистические преемственности стран, народов, нации.

Ключевые слова: культ воды, мифология, природа, гидроним, природные объекты

G.N. Abibullaeva¹

¹Kazakh State Woman Pedagogical University,
Almaty, Kazakhstan

THE CULT NATURE OF WATER IN THE LINGUISTIC PICTURE OF THE WORLD

Abstract

In this article was referred to about water culture in general Turkish people. It was determined about geographical and linguistic characteristics of water. Over a long time ago, water took a special place for

mankind who revered for God. Not only in Turkish people, but among the Russian people was the conception "The king of Water". It is formidably, that an elixir of life has healing properties as well as, magical and mythological meaning In Kazakh recognition. Apart from water and nature, it's noted about space objects of holiness. It should be noted too, that widespread phenomena such as custom, rituals, asking water from God and worshipping are still utilized. The mysterious power of Mother nature formed through such as rituals and about language units of water recognition of country, nationality and people, it is indicating unbreakable continuity of testimony between ethnography and linguistics.

Keywords: water culture, mythology, nature, hydronym, natural objects

Халықтың менталитеті, яғни дүниені қабылдау мен түсіну тәсілі – ғаламның тілдік бейнесінде немесе дүниенің тілдік бейнесінде көрініс табады. Дүние – әлем, өмір ұғымдарымен тығыз байланысты болғандықтан, адамды өмір сүретін ортасынан бөліп алып қарауға болмайды. Яғни, дүние бейнесі – сол орта мен адам туралы ақпараттың өңделу нәтижесі болып табылады. Сол себепті өзінің дүниедегі ақиқат шындықты тануының нәтижесінде қалыптасатын дүние туралы білім – дүние бейнесі бір жағынан, индивидуальді, екінші жағынан – ол қоғамдық сипатқа ие, яғни әрі психологиялық, әрі әлеуметтік құбылыс ретінде қарастырылады.

Дүниенің бейнесі тек заттар мен құбылыстардың санадағы қарапайым «суреті» ғана емес, сонымен қатар тұлғаның дүниенің бейнесіне қатысты көзқарасын, оның шындық дүниеге қатысты бағасын көрсетеді. «Концептілік жүйе» аясында жалпыадамзаттық, ұлттық, тұлғалық танымдар өзара әрекеттеседі, біртұтас әлем бейнесін құрайды. Дүниенің тілдік бейнесінің астарында жекелеген ұлттардың тілі мен ділі тұр.

Концепт ұғымы адамзат баласының дүниетанымының негізін құрап, оның кілтін табу арқылы бүкіл әлем жайлы, болмаса тұтас бір ұлт жайлы түсінік-ақпаратқа қол жеткізеді. Сондай-ақ концепт адам санасында әмбебап қызмет атқаратындықтан, белгілі бір заттың жалпы абстракциялық белгілерінің жиынтығын құрайды.

«Культ» концептісі қандай да болмасын халықтың рухани-мәдени концептілер жүйесінде өзіндік орны бар концептілерінің бірі. Рухани мәдениет адамдардың қоршаған дүниеге көзқарасы, діни танымы, наным-сенімі, мінез-құлқы, қабілеті т.б. ұғымдар арқылы танылады. Мифологиялық сөздікте: «Культ» лексемасы латынның «cultus» – «сыйыну, табыну, жалбарыну, бас ию, құрметтеу» мәнінде жұмсалатын сөзіне қатысты қалыптасқан.

Культ ұғымы көбінесе діни ұғымдарға байланысты. Культ діннің әдет-ғұрыптық жағы. Культ объектілерге байланысты, аспан культі, кун культі, су культі, от культі, ағаш культі және т.с.с. жіктеледі.

Тәңірге, жерге, суға, табыну, тағзым ету көне түркі дәстүріне, салтына, тұрмысына ежелден бекем еніп, олардың өмір тіршілігінің сыйынар арқауы болғанын бабаларымыз тасқа қашап жазып қалдырған.

«Тонькөк» ескерткішіндегі 38- шумақтағы: (Олар бізді) білмейді, Тәңірі, Ұмай, қасиетті жер, су – Жеңіс берген екен, Көп (екен) деп неге қашамыз, Абыз деп неге қорқамыз, – деген жазудан аңғаруға болады.

Зерттеу нысаны ретінде алып отырған «су» культі барлық түркі халқы үшін емдік қасиеті бар, киелі құбылыс. «Су» культі концептісі мынадай ассоциациялық өрісте танылған: жалпыадамзаттық танымда: су → табиғат → жанды құбылыс → мифологемалар түрінде көрініс табады.

Жердегі тіршілік үшін табиғат байлықтарының ішінде судың орны ерекше. Сусыз тіршілік болуы мүмкін емес. Тірі және өлі табиғатта жүретін түрлі процестер мен құбылыстардың адам тіршілігінде жұмсалатын заттардың ішінде судың маңызы зор.

Түркі халықтарының магиялық және анимистік нанымдарының негізінде байырғы түркі заманынан бері қарай қоршаған табиғатқа табынудан туындайтын заңды құбылыс – киелі жер-су иелері. Анимистік, магиялық және шамандық нанымдар бойынша қазақ, қырғыз, өзбек, түрік, татар, қарақалпақ, алтай, хакас, якут және басқа түркі халықтары кез келген тау мен тас, бастау мен бұлақ, өсіп тұрған ағаштың киесі бар деп сенген.

Адам санасындағы «киелі», «қасиетті» деген ұғым-түсініктер сумен де астасып жатыр. Түркі халықтары суға тағзым етіп, бұлақ атаулыны қастерлеген. Олардың нанымы бойынша судың да тәңірі болады, су иесі – Сүлеймен деп қадір тұтқан. Мифологиялық сөздікте «Су иесі», қырғыздарда «Суу ээси», татарларда «Йорт иясе», хакастарда «Шерсуг», қарақалпақтарда «Су анасы» деп көрсетіледі. Су патшасы – Сүлеймен. Адам суға, су патшасына табынған. Ерте заманнан адамдар төрт нәрсеге:

отқа, суға, жерге, көкке табынған. Олардың әрқайсысының иесі бар деп білген. Судың иесі Сүлеймен деп біліп, түнде су алуға барғанда одан рұқсат сұраған. «Ескі сенім бойынша, су пайғамбары деген ұғымда алысқа барып, түнде суға түспес болар, су иесі Сүлеймен суға тартып кетеді» – дейтін наным-тыйым болған [1, 36].

Сүлеймен (Соломон) патшаның есімі ежелгі иудей мен христиандар арасында, бүкіл ислам әлеміне кеңінен тараған. Оның даналық сөздерін, тәмсілдерін әр ел өздерінше өзгертіп, баяндайды. Бір деректерде Сүлеймен патшаның үш мың тәмсілі, бір жарым мың жыры бар делінсе, келесі бір әңгімеде «Сүлеймен патша күллі аң мен құстың тілін біліпті» деп айтылады:

*Су иесі Сүлеймен,
Судан балық тілеймін.
Судан балық бермесең,
Үйге барып не жеймін? –*

деп келетін жыр жолдары атам қазақтың құлағына ертеден сіңісті.

Ал, орыс халқында: «Огонь царь, вода царица, земля матушка, небо отец, ветер господин, дождь кормилец, солнце князь, луна княгиня» деген түсінік қалыптасқан.

Суға қатысты әр түрлі ырымдық жөн-жоралар мен мифологиялық түсініктер қазақтарда да бар. «Тернарлық космостық сакральды топографияның құрамдас бөлігі – Өлім өзенінің жердегі өмір бастауы – алғашқы Хаоспен және киелі саналатын өзен-сумен байланысы қазақтардың төрт түлікке қатысты түсінігінде де көрініс береді. Айталық, желінсау індеті кезінде өзен, судан әрлі-берлі өткізіп, су ұшық жасап, судың киелі қасиетінен жәрдем іздеген. Индеттің беті жаман болса, о дүниенің басталар сағасы – су аяғы құрдымға қарай айдап жібереді» [2, 190].

Қазақ мифологиясын зерттеуші Қондыбай Серікбол былай дейді: «Осындай шекаралық өзенді «өлім өзені», «ұмыту өзені» деп те атайды. Ертегілер мен жырлардағы мифтік сипатқа ие су нысандары көбінесе жай ғана «өзен», «дария», «көл», «мұхит» деп атала береді, дегенмен олардың арасында нақты немесе аздап нақтылаушы атаулар да бар, «Үлкен дария», «Тастыкөл», «Құласу», «Елек су», «Асау өзен», «Көк дария», «Заңғар су», «Ніл дария», «Томаркөл», «Агун дария», «Көкүлдінің көлі», «Телікөл», «Шежірен көл», «Сынап көл», «Қара өзен» т.б. Осы атаулардың астарында әлдебір қисындар, квазигеографиялық, мифтік-лингвистикалық т.б. ұғымдар бар» [3, 504]. Біздің байқағанымыздай, киелілік көзі аталатын нысаналардың табиғаттан тыс, магиялық мәні, киелілігі болады. Мифологиялық дүниетанымда әлем-географиялық орта, кеңістік, ғарыш, географиялық және ғарыштық нысаналар киелілік жағынан құнды, "тұтастай киелілік" қасиеттеріне ие болды. Тек жер бетіндегі табиғи нысаналар (тау, жота, өзен, көл, бұлақтар т.б.) ғана емес, сол сияқты ғарыштың жоғарғы бөлігі, әлемнің ғарыштық үлгілері, жоғарғы әлемде орналасқан ғарыштық нысаналар да киелі болып саналды.

Қазақтың тұңғыш ғалымы Ш.Уәлиханов былай деп жазған: «Сыртқы әлем – ол табиғат, ішкі әлем – ол адамның мәңгі жасайтын рухы, осы екі ұғымның құбылысы – кесепат сенімдегілер идеясының қайнар көзі. Сыртқы әлем – күн, ай, жұлдыздар мен жер – алғашқы нанымның құдіретті күштері деп саналса, осындай негізгі нанымдарға қоса жанама-көмекші нанымдар да: тау, өзен-су т.б. болды. Сонымен, шамандық жаратылысты құдыретті күш деп таныды» [4, 715].

Киелі жалқы географиялық атауларға тек киелі оронимдер, киелі орындар мен табынатын, зират ететін жерлер, мазарлар, кесенелер, сағаналар және т.б. аттары ғана жатпайды. Топонимдерге киелі гидронимдер де (өзендер, көлдер, су көздері, құдықтар және т.б. географиялық атаулар) жатады. Әлем халықтарының көбінде тауға табынумен қатар, өзен, көлдерге, су көздеріне табыну да болған. Су мен табиғи су нысаналарына табыну қазақ лексикасында киелі гидронимдердің пайда болып, көп мөлшерде қолданылуына ықпал етті. Мысалы, Әулиебастау, Көз әулие, Әулие көл, Әулие сор, Әулие су, Балықшы әулие, Әулие құдық және т.б. көптеген атауларды келтіруге болады. Гидронимдердің бұл лексика-семантикалық тобында тек «әулие» киелі таңбалаушы термині бар гидронимдер ғана емес, басқа да лексикалық негізі бар атаулар кездеседі. Көптеген фольклорлық гидронимдердің семантикасында мифологиялық, киелі уәж бар, имплицитті түрде ол нақты және о дүниенің ара-жігін бөлетін шекараны көрсетеді.

Тасаттық – жауын шақыру ғұрпының ұжымдық түрде орындалатын түрі. Тасаттық сөзі белгілі бір тілектің орындалу мақсатымен құдай жолына көпшілік атынан мал шалу мағынасында жұмсалады. Тасадук – жертва, подаяние, милостыня; тасадук етемін, приносить жертву, дать подаяние, ад. Тасадук олайым – буду твоей жертвой [5, 358]. Тасаттық арабша тәсәддәқа – «қазақтар күні бүгінге дейін су тасыды, тас бұлақ дейді». Көптеген жерлерде молдалар жаңбырды қолдарына тас атып

тұрып тілеген. Бұл – «тасаттық» сөзінің құрылымына, этимологиясына да біршама жақын құбылыс десек те артықтық етпес. Этнографиялық әдебиеттерде ислам дінінің әсерімен шаман дінінен келе жатқан бұл дәстүр көп өзгерістерге түсті. Тасаттыққа ет асып, қуырдақ т.б. тамақты бірігіп дайындаған. Тасаттық беру үшін құрбандыққа шамаларына қарай ірі қара, жылқы шалған. Ертеректе киіктің, таутекенің, ақ жылқының ішінен шығатын қызыл тасты бір ыдысқа салып, үстіне су құйып, бұлт шақырып, жаңбыр жаудыратын. Демек, тасаттық малды құрбандыққа шалатын жер атауы (тегіс тас, жалпақ тас), тасты дуалау арқылы аспаннан жаңбыр шақыру деген де ұғым береді.

Тасаттық беру құрғақшылыққа тәңірден жаңбыр тілегенде жасалады. Бұл күн жайлату деп аталады. Миссионер ғалымдардың мәліметінше, сиқырлап жауын-шашын шақыруды *күн жайлату* деп атайды. Ескі наным бойынша, сиқырмен жауын-шашын шақырып, дауыл тұрғызатын дағды болған. Күн жайлатудың бұрын мынадай шарты болғанға ұқсайды: «Қылаң, ақ боз жылқының яки маралдың ішінен шығатын қызыл тасты бір ыдысқа салып, үстіне су құйып арбау шақыруды оқиды. Егер дем алып оқымаса күн жайламайды-мыс. Қызыл тастың зорлығы асықтай болады екен. Атын жай тас дейді» [5, 124]. Күн жайлату үшін қолданылатын тасты ақ түсті малдың (жылқы, қой, түйе т.б.) ішінен шығады деген нанымның өзіндік сыры бар. Өйткені қазақта тағы бір ырым бойынша, ақ қылаң жылқы жай тартады. Сондықтан жай тасын осындай түсті малдың ішінде болады деп ырым етсе керек. Жай тасын тауып, оны су құйған ыдысқа салғаннан кейін ұзақ сонар арбау өлеңі айтылады. Мысалы:

Ескек желді сұр бұлт, еріктірмей жете гөр.

Мен тасымды торлаймын, Торсыққа салып, қорлайын...

Осы арбауда келтірілген тас – жай тасы. Ш.Уәлиханов түркілердің жауын шақыратын яда немесе жада тасы туралы Абылғазы деректерін келтіре отырып, бұл тасты қазақтар жайтасы деп атайтынын, жайтасы арқылы жауын-шашын шақыра алатын қабілеті бар адамдардың ел ішінде көп екенін жазады. Қырғыздар оны жайташы дейді [4, 715]. Сахаларда ондай сиқырлы сата деп аталады. Жауын шақыру үшін сатаны күн көзіне шығарса немесе шыбыққа байлап, бастан айналдырса, жеткілікті деп саналған. Тува елінде оны ядаташ деген. Сахалар сияқты тувалықтар да яда ташын бастан айналдырып жауын-шашын шақырған.

Отсыз темір жоқ, сусыз өмір жоқ демекші, екі ғана әріптен құралған осынау мөлдір сұйықтықта тіршіліктің көзі жатыр. Бірақ күнделікті тұрмыстың ажырамас бөлігіне айналған су туралы ақиқатты біріміз білсек, біріміз біле бермейміз. Жапондық психолог-ғалым Масару Эмото: «Су адамның психикалық энергиясын бойына сіңіре алады және оны ұзақ уақыт бойында есіне сақтап, тіпті басқаларға жеткізе алады. Судың бойына жинақталған таза энергия небір ауруларға ем болады», – деп жазады. Ғалымдардың айтуынша, расында да судың қасиеті өте мол. Мәселен, су дене температурасын тұрақтандырады, азық, қалдық, оттегіні тасымалдайды, адам зейінін ашады, ұйқыны жөнге келтіреді, көзді нұрландырады, ағзада қан айналымын реттейді, ағзаның қорғаныс қабілетін арттырады.

Су – адамның өмірлік тіршілігінде аса қажетті, онсыз өмір сүруге болмайтын табиғат байлығы. Барлық түркі халқы үшін су – өте қасиетті болып табылады. Сондықтан да «Суға түкіруге болмайды», «Суға дәрет сындыруға болмайды», «Суды лайлауға болмайды» деген тыйым сөздер текке айтылмаса керек [6, 32].

Сонымен, «Су» концепті әрбір халықтың дүниенің тілдік бейнесіндегі базалық концепт бола алады. Су стихиясын танудағы ортақ қасиеттер ең алдымен бұл нысанның табиғатымен байланысты. Су бүкіл дәуірлерді, адамға тән мәдени, әлеуметтік, жеке тұлғалық құрылымдарды қамтиды. Ол дүниенің бастауында тұрған нәрсе, сондықтан су – кез келген мәдениетті тұтынушының санасындағы ең көне архетиптердің бірі. Дегенмен, аталған концептінің ұлттық сипаты да жоқ емес. Қазақ және орыс танымындағы судың айырмашылығы мынада:

1) орыс тілінде су кеңістік ұғымымен көп ассоциацияланса, қазақтың тілдік санасында су сөзінің кеңістік ұғымы бекітілмеген, бұл айырмашылық су кеңістігінің қазақ жеріндегімен салыстырғанда ауқымды сипатымен байланысты болса керек. Кеңістік ұғымы негізінен теңіз, мұхит, көл сөздерімен беріледі;

2) орыс тілдік санасында су көбіне шомылумен байланысты алынса, қазақ тілдік санасында су ұғымы ел, ауыл, қоныс ұғымымен тікелей ассоциацияланады;

3) қазақ үшін су – қасиетті, қадірлі, сондықтан халық арасында суға қатысты тыйымдар көп. Сонымен қатар халық теңіздің тартылуын, бұлақтың тоқтауын, өзеннің қайырлауын жаман ырымға жорыған.

Бұл бір тілді тұтынушылар үшін міндетті көрінетін ерекшеліктер мәдениеті басқа екінші тілдерде мүлде болмауы мүмкін екеніне дәлел.

Дегенмен, су – түрлі мәдениеттер үшін ортақ ядролық концепт. Сол себепті әлем халықтарында сумен байланысты мақал-мәтелдердің көптеп кездесуі заңды. Су стихиясын түсінудегі әмбебаптықтың бастауларын архаикалық дүниені танудан іздеуіміз керек.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1 Уәлиханов Ш. Қазақтардағы шамандықтың қалдығы // Қазақ бақсы балгерлері: Құрастырған Ж.Дәуренбеков, Е.Тұрсынов. – Алматы: «Ана тілі», 1993.– 8-36 бб.

2 Хинаятұлы Б. Қазақтардың төрт түлікке қатысты дәстүрлі ырым, жосын-жоралғы, әдет-ғұрыптары // Қазақтың әдет-ғұрыптары мен салт-дәстүрлері: өткендегісі мен бүгіні. Мақалалар жинағы. – Алматы: «Ғылым» ғылыми баспа орталығы, 2001.– 173-190 бб.

3 Қондыбай С. Арғықазақ мифологиясы. Төртінші кітап. – Алматы: Дайк-Пресс, 2004. – 504 б.

4 Уәлиханов Ш. Таңдамалы. 2-бас. – Алматы: «Жазушы», 1985. – 54-715 бб.

5 Қайдаров Ә.Т. Қазақ тілінің тарихи лексикологиясы: проблемалары мен міндеттері // Қазақ тілінің тарихи лексикологиясының мәселелері. – Алматы, 1988.– 7-39 бб.

6 Қазақы ырымдар мен тыйымдар. – Алматы: «Өнер» баспасы, 1998.– 32 б.

FTAХР 16.21.31

Н.С. Әміржанова¹, С.Ж. Үркінбаев²

¹*Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,
Алматы қ., Қазақстан*

²*А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты,
Алматы қ., Қазақстан*

ЛАТЫН ГРАФИКАСЫНА НЕГІЗДЕЛГЕН ӘЛІПБИ: ТЕХНИКАЛЫҚ, ЛИНГВИСТИКАЛЫҚ, ӘДІСТЕМЕЛІК АСПЕКТІСІ

Аңдатпа

Әліпбиді ауыстыру және оның тілдің негізгі заңдылықтарына сәйкестендіру, ретке келтіру тілді ары қарай дамытудың және кең аяда қолданудың кепілі болып табылады. Тілдің өміршеңдігі алдымен, тілдің ғылым, ақпараттық технологиялар, мемлекеттік деңгейдегі қарым-қатынас, білім беру және оны игеру, ұлтаралық және халықаралық қарым-қатынас тілі ретінде дендеп орнығуы, кең түрде қолданылуы болып табылады. Тілдің фонетикалық иммунитетін күшейту және оның орнықтылығы үшін, графемалар тілдің фонемдеріне сәйкес келуі тиіс, әліпбиде сәйкес фонемдері жоқ «өлі» графемалар болмауы қажет.

Ұлттық әліпби жасауды бір жағынан, тілдің орфоэпиялық және орфографиялық негіздерін ретке келтіру, фонетикалық және графемалық қатарларды сәйкестендіру, «жұмыс істемейтін» әріптерден тазарту, ал екінші жағынан, қазақ тілін әлем тілдерінің бірі ретінде таныту болып табылады.

Түйін сөздер: әліпби, графема, қазақ тілі, фонетика, фонология, орфография

Амиржанова Н.С.¹, Уркинбаев С.Ж.²

¹Казахский национальный педагогический университет им. Абая,
г. Алматы, Казахстан

²Институт языкознания им. А.Байтурсынова,
г. Алматы, Казахстан

АЛФАВИТ НА ОСНОВЕ ЛАТИНСКОЙ ГРАФИКИ: ТЕХНИЧЕСКИЕ, ЛИНВИСТИЧЕСКИЕ, МЕТОДИЧЕСКИЕ АСПЕКТЫ

Аннотация

Очевидно, что смена алфавита, его упорядочение и приведение в соответствии с базовыми закономерностями языка не являются гарантией дальнейшего развития языка и его широкого применения. Привлекательность и живучесть языка – в его активности, и прежде всего в том, насколько язык является языком наук, информационных технологий, языком общения на государственном уровне, языком передачи и усвоения знаний, языком межнационального и международного общения. Для укрепления фонетического иммунитета языка, для его устойчивости важно, чтобы графемы соответствовали фонемам языка и в алфавите не было «мертвых» графем, не имеющих соответствующих фонем в языке.

Построение адекватного алфавита нами воспринимается, с одной стороны, как упорядочение основ орфоэпии и орфографии языка, приведение в соответствие фонетического и графемного рядов, очистка от «неработающих» букв, с другой стороны, как первый шаг, демонстрирующий желание и способность казахского народа, носителя казахского языка к сохранению и развитию казахского языка как одного из мировых языков.

Ключевые слова: алфавит, графема, казахский язык, фонетика, фонология, орфография

N.S. Amirzhanova¹, S.Zh. Urkinbaev²

¹*Kazakh National pedagogical university named after Abay,
Almaty, Kazakhstan*

²*The Institute of Linguistics named after A.Baitursynov,
Almaty, Kazakhstan*

ALPHABETES BASED ON LATIN GRAFICS: TECHNICAL, LONUUSKI, METHODICAL ASPECTS

Abstract

Changing the alphabet, its ordering and bringing it into line with the basic laws of the language is not a guarantee of further development of the language and its wide application. The attractiveness and vitality of the language is in its activity, and especially in the extent to which the language is the language of science, information technology, the language of communication at the state level, the language of transfer and assimilation of knowledge, the language of international communication. To strengthen the phonetic immunity of the language, it is important for its stability that the graphemes correspond to the phonemes of the language and the alphabet does not have «dead» graphemes that do not have the appropriate phonemes in the language.

Construction of an adequate alphabet we perceived, on the one hand, as the ordering of the basics of orthoepy and orthography of the language, alignment and phonetic gravenhage series, purification from «broken» characters, on the other hand, as a first step demonstrating the willingness and ability of the Kazakh people, the carrier of the Kazakh language to the preservation and development of the Kazakh language as one of the world languages.

Keywords: alphabet, grapheme, Kazakh language, phonetics, phonology, orthography

Қазақстан Республикасы Президентінің 2007 жылдың 28 ақпанындағы «Жаңа Қазақстан жаңа әлемде» атты Жолдауы, 2012 жылдың 14 желтоқсанындағы «Қазақстан – 2050 стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Жолдауы және үстіміздегі жылы жарияланған «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласы Қазақстанның дүниежүзіндегі бәсекелестікке қабілетті елдердің қатарына ену Стратегиясына байланысты туындады. Бұл Стратегия қазақ халқын рухани жаңғыртуға байланысты болды. Рухани жаңғыруда ұлттық сананың рөлі басым екені белгілі. Оның ең негізгісі – рухани бірегейлікті, сондай-ақ ұлттық құндылықтарымыз бен озық дәстүрімізді сақтап қалу және оны жаңғырту. Мемлекет басшысы рухани жаңғыртудағы ұлттық санасезімді дамытудың екі бағытын көрсетті. Оның бірі – ұлттық код. Ұлттық кодтың өзегі – ұлттық тіл, ұлттық жазу. Ұлттық кодтың бұзылуы ел іргесінің ыдырауына да әсер етері сөзсіз. Сондықтан латын негізді әліпбиге көшу барысында ұлттық тілдің өміршеңдігі мен оның жүйесінің толық сақталатынына сенімдіміз. Жазу арқылы қазақ тілінің рухани жаңғыруына мынадай себептер бар: **Біріншіден**, әлімнің озық деп танылатын елдердің қатарына ену үшін латын негізді әліпбиге көшу керек. **Екіншіден**, латын графикасына көшу ұлттық бірегейлікті сақтау мен жаңғырту тетігі. Ұлттық бірегейлікті сақтау деген терең ұғым. Ол – этностық бірегейлік, мәдени бірегейлік, тілдік бірегейлік, діни бірегейлік және т.б. категориялардан тұрады. Бірегейлік белгілі бір объектіге қатысты элементтерден тұрады. Мысалы, ұлт – «объект» тіл, мәдениет, салт-дәстүр, дін т.б. объектіні (ұлтты) құрушы элементтер болып табылады. Бірегейлігін сақтаған объект (субъект) әдетте бекем болады. Кез келген ұлттық қоғамдастықтың ұлттық бірегейлігі тарихи, саяси, мәдени, тілдік, территориялық, діни, өркениеттік және т.б. әртүрлі факторлармен анықталады. Ұлттық бірегейлікті сақтауда аталған факторлардың әрқайсысының атқарар рөлі ерекше. **Үшіншіден**, қазақ әліпбиіндегі басы артық әріптерді сұрыптап, тілдік болмысқа лайықтап, атап айтқанда, қазақи дыбысталаымға (орфоэпияға), қазақи дыбыс жүйесіне (фонологиялық жүйеге) икемдеп қайта құру және әлемдік деңгейге сәйкес етіп, жаңа тұрпаттағы әліпби жүйесін жасау, қазақ жазуының бірегейлендірудің бір жолы. **Төртіншіден**, латын графикасына көшу арқылы кірме сөздерді қазақша игеру көзделіп отыр. «Кірме сөздер қазақ тілінің орфоэпиялық, орфографиялық заңдылығы бойынша қабылдануы және игерілуі керек» – деп кезінде А.Байтұрсынұлы да атап көрсеткен [1]. Кірме сөздерді қабылдаудың, игерудің белгілі бір механизмдері кирилл графикасын қабылдаған кезде (1940 жыл) игеру, сындыру механизмдері жойылып, орыс тілінің айтылымы және жазылымына сәйкестендірілгенін тарихтан білеміз. Қазақ тілін тұтынушылардың санасында кирилл жазуына негізделген қазіргі қазақ әліпбиінде орыс тілінен енген кірме сөздерді еш өзгеріссіз қабылдау және өзіндік айтылым нормасына бейімдемеу сияқты теріс стереотиптердің қалыптасуына себеп болды. Бұл қазақ орфографиясы мен орфоэпиясын «қосамжарлық» дағдарысына, сондай-ақ қазақ сөйленісіндегі үндесім қағидасының бұзылуына, яғни тек сөзде не сөз тіркесінде ғана емес, бүтін сөйлем құрамында ғасырлар бойы тілдік сөйленістің эстетикалық дыбысталу категориясын қалыптастырған дыбыстық үндесім, сингармонизм заңдылығының бұзылуына әкеп соқтырды. Сондықтан өзге тілден енген кірме сөздердің ұлттық мәнеріне бейімделудің тілдік тетігі латын графикасына көшсек жасалатынын белгілі [2]. **Бесіншіден**, латын графикасына көшу қазақ және орыс тілдерінің фонетикалық жүйелерін графикалық жағынан айқын ажыратуға мүмкіндік береді. Қазақ және орыс тілдерінің фонетикалық жүйелерін графикалық жағынан ажырату қазақ тілі үшін де, орыс тілі үшін де тиімді екендігі анық. Екі түрлі, бір-біріне мүлде ұқсамайтын фонетикалық жүйелердің бір әліпбидің құзырында тікелей және мызғымас көрші болуы фонемдердің бір-бірімен араласып, кірігіп кетуіне, нәтижесінде екі тілдің де бұзылуына әкеп соғады. Кирилл әліпбиіндегі жазылуы бірдей әріптердің басым көпшілігі орыс және қазақ тілдерінде әртүрлі оқылады.

ТЕХНИКАЛЫҚ АСПЕКТІСІ. Латын графикасының негізіндегі қазақ әліпбиіне тиімді деген бірқатар дәлелдемелерді қарастыралық.

Біріншіден, латын графикасына көшу қазақ және орыс тілдерінің фонетикалық жүйелерін графикалық жағынан айқын ажыратуға мүмкіндік береді.

Қазақ және орыс тілдерінің фонетикалық жүйелерін графикалық жағынан ажырату қазақ тілі үшін де, орыс тілі үшін де тиімді екендігі анық. Екі түрлі, бір-біріне мүлде ұқсамайтын фонетикалық жүйелердің бір әліпбидің құзырында болуы фонемдердің бір-бірімен араласып, кірігіп кетуіне, нәтижесінде екі тілдің де бұзылуына әкеп соғады. Кирилл әліпбиіндегі жазылуы бірдей әріптердің басым көпшілігі орыс және қазақ тілдерінде әртүрлі оқылады. Әліпбилерді «түрлі графемалар – түрлі фонемдер» қағидаты бойынша ажырату арқылы тілді оқыту да ыңғайлы. Латын әліпбиіне көшу орыс тілі мен орыс әліпбиі бірінші тіл болып табылатын қазақтарға да, сонымен қатар қазақ тілін үйренуге ниет білдіруші орыстарға да қазақ тілін оқыту аса тиімді – жаңа фонемдерді игеру оңай болады.

Екіншіден, қазіргі кезде сақталып, ары қарай дами түсу үшін (таяу болашақта тіптен де), қазақ тілі ақпарат жинау, өңдеу және беру тілі ретінде компьютерлік технологияларға енуі тиіс.

Қазақ тілінің әліпбиі ақпараттық технологиялар тілінің әліпбиіне, яғни қазіргі латын әліпбиіне жақындаған сайын, аралық алмасымдар (бағдарламалық транслитерациялар – бір әліпбиден екінші әліпбиге көшулер) тиімдірек бола түседі, өйткені бұл сақтау жадын үнемдейді және өңдеу мерзімін қысқартады, сондай-ақ экономикалық жағынан да тиімді деген сөз. Аралық модульдерді кішірейтудің нәтижесінде жүйенің сенімділігі артады. Техникалық жүйелерде уақыт, жад, сенімділік – бұлар аса күрделі және маңызды көрсеткіштердің бірі екендігі белгілі. Қазақ тілі үшін латын әліпбиінің негізінде таза лингвистикалық мәтіндерді өңдейтін бағдарламаларды пайдалану жеңіл болады. Сонымен қатар тілдік блоктарды өңдейтін бағдарламалар мен деректердің өзара үйлесімділігі мен бейімделуінде, сұрыптауда, экранда ақпаратты көрсетуде, мәтіндер алмасуда да қиындықтар болмайды. Жаңа бағдарламалық пакеттер мен операциялық жүйелерді қазақша оқшаулап алуға ыңғайлы.

Үшіншіден, графемалар санын қысқарту қазақ тілі үшін пернетақтаның анағұрлым ыңғайлы жайғасымын әзірлеуге мүмкіндік береді.

Төртіншіден, компьютерлік желілерде қазақ тілінде қарым-қатынас жасау жеңіл болады. Латын әліпбиіндегі мәтіндер кириллицаға қарағанда, дұрыс әрі дәл оқылады. Шын мәнінде, бұл мәселе кириллицадағы мәтін үшін шешімі табылатын нәрсе, алайда кириллицадағы әріптердің дұрыс көрсетілуін қолдауда қосымша күшті талап етеді.

Латын әліпбиіне көшкен соң қазақ мәтіндері жеңіл және түсінікті оқылатын болады. Тіпті тиісті драйверлер мен қаріптер болмай, әріптер дұрыс көрсетілмесе де, мәтін түсінікті болады, ал бұл өзара хат-хабарлар жазысуда не жазылғандығын түсіну үшін басты болып табылады.

Бесіншіден, қазіргі кезде қазақы латын әліпбиін компьютерлік технологияларда пайдалануды реттейтін маңызды құжаттық және бағдарламалық база әзірленуде.

Сондай-ақ, латын әліпбиінің негізіндегі қазақ тіліне арналған драйверлер мен қаріптік қамсыздандыру пакетінің тәжірибелік-пайдаланымдық нұсқасы әзірленді.

Алтыншыдан, барлық дамыған ақпараттық технологиялардың тілдері латын әліпбиінде жүреді. Қазақ тілінің грамматикалық жүйелілігі, семантикалық сыйымдылығы мен морфологиялық жағынан айырықша болуына байланысты, ол шағын тілдік ақпаратты сақтау және тиімді өңдеу үшін ыңғайлы әрі өте перспективалы тіл болып табылады. Сондықтан қазақ тілінің латынша негізге өтуі оның компьютерлік ортаға табиғи түрде енуін қамтамасыз етеді, тарнсляторлар жасап, оларды қолдану үшін қазақ тілінің негізінде дайын бағдарламалық модульдерді қолдануды жеңілдетеді.

Жетіншіден, латын әліпбиіне көшкенменен, қазақтар үшін кириллица тысқары қалмайды, өйткені Ресейде әртүрлі ғылым салаларындағы барлық іргелі еңбектер орыс тілінде жазылған. Қазақ ұлты латын әліпбиіне көссе де, орыс тілінен біржола қол үзіп кетпейді, әйтпесе математика, физика, философия және басқа да ғылымдар бойынша орыс тілінде жазылған іргелі білімдерді пайдалану мүмкіндігі шектеледі, сөйтіп ұлт барынан да, болашағынан да айырылады. Бұл орыс тілін сақтаудың және үйренудің объективті және мығым кепілдіктерінің бірі.

ЛИНГВИСТИКАЛЫҚ АСПЕКТІСІ. Қазіргі кезде «Жаңа латын негізді қазақ әліпбиінің құрамы мен жүйесі қандай болмақ?» «Оқу мен жазуға оңтайлы бола ма?», «Дауысты және дауыссыз әріптердің латынша нұсқасы қандай болады?» деген тәрізді сұраулар мерзімді басылым беттерінде, БАҚ-та үздіксіз талқыланып келеді.

Белгілі әліпби реформаторы, ұлт жанашыры А.Байтұрсынұлының дұрыс әрі сауатты әліпби жасау туралы мынадай пікірін еске түсіргіміз келеді: «Жақсы әліпби тілге шақ болуы керек. Жақсы әліпби жазуға жеңіл болуға тиіс, әліпбидің әріп суреттері қиын болса, мүшелері көп болса, жазуды ұзақтатып, уақытты көп алады. Әліпбидің жақсысы баспа ісіне қолайлы болуы тиіс. Әрпі тізілгенде оңай тізілетін, басқанда орынды аз алатын әліпби баспасөзді арзандатады. Жақсы әліпби үйренуге де қолайлы болуы тиіс. Әріп сара жазуға оңай, баспасы мен жазбасының суреті жақын әліпби үйренуге жеңіл болады. Жақсы әліпбиге лайық бұл төрт сипатқа келмейтін әліпбидің бәрі де кемшілікті әліпби болмақ» [1]. А.Байтұрсынұлының осы критерийіне сәйкес дұрыс әрі сапалы әліпбиді анықтау үшін ең алдымен әліпби жасаудың лингвистикалық технологиясын, айталық, тілдің үндесім заңдылығын, грамматикалық, фонетикалық, фонологиялық, лексикалық, орфографиялық, орфоэпиялық сияқты тілдік нормаларын білу шарт. Сонымен қатар жазудың грамматологиялық заңдылығы және әліпби құруда ұстанылатын негізгі әрі басты принцип ретінде танылып жүрген «1 дыбыс – 1 әріп» ұстанымы басшылыққа алынуы тиіс деп білеміз. Себебі бұл айтылғандарды білмей әліпби жасайтын болсақ, тілдің имундық жүйесіне, заңдылығына, тілдің саламатты болуына қауіп төнеді. Біздіңше, о бастағы

латын негізді әліпби жүйесіне көшудегі басты мақсат – әліпбидегі «жұмыс істемейтін» және ұлттық санада белгілі бір сәулесі жоқ әріптерді тазарту, ал төл графемаларды әліпби құрамында сақтап, ықшам әрі тиімді әліпби нұсқасын белгілеу.

11 қыркүйекте Парламентте латын графикасына негізделген әліпби жүйесінің 1-нұсқасы ұсынылды. Бұл жоба туралы Елбасы Н.Назарбаев «Тіл мамандары ортақ келісімге келгенде ғана жаңа әліпби жайында жария етемін. ... Ноқаты, үтірі бар, тек қазақ дыбыстарына тән 8 әріп бар. Міне, соларды нақтылау қажет. Барлық мәселе осында» деп көрсетті [3]. Елбасы айтқандай, тілімізді ұлттық тіл ретінде көтеріп тұрған және басқа тілден ерекшелейтін қазіргі әліпбиде қазақ тіліне тән әріптеріміз бар. Олар: **ә, ө, ү, ұ, ы, і, қ, ғ, н**. Бұл әріптердің әрқайсысының жеке мағынасы, функциясы бар екендігі белгілі. Әрқайсысының жеке-жеке мәні бар екі әріпті бір графемаға телуге болмайды. Сондықтан әріптердің болашақ латыннегізді әліпбиде қалай таңбаланатыны алаңдатарлық жайт. Себебі кешегі парламент отырысындағы халық талқысына ұсынылған әліпби жобасында бұл әріптердің кейбірі диграфпен (**ae, oe, ue, gh, ng**) таңбаланып берілді. Түркі тілдері жалғамалы тілдер тобына жататындықтан, әріптерді диграфпен беру тиімсіз әрі қабылдауға қиындық келтіретінін қазақ жазуын онтогенездік дамуын зерттеуші ғалым Құралай Күдеринаның пікірінен білуге болады. Жалпы мағына ажырататын фонеманың әліпбиде жеке таңбасы болғаны жөн. Ал екі мағынасы бар фонеманы тіркестіріп, бір әріп жасауға болмайды. Әсіресе бұл айтылғандар дауысты дыбыстарға қатысты. Қазақ тілі вокалды тілдер қатарына жатады. Вокалды тілдерде сөздің мағыналық жүгін дауысты дыбыстар көтереді және дауыссыз дыбыстардың әуезі дауысты дыбыстарға байланысты болады. Мысалы, *дала, дөңес* сөздерін алатын болсақ, *дала* сөзінде дауысты жуан болғандықтан, дауыссыз дыбыстың әуезі жуан естіледі. Сол сияқты *дөңес* сөзінде дауысты *ө* және *е* фонемалары жіңішке болғандықтан, дауыссыз дыбыстардың да әуезі жіңішке айтылып тұр.

Қазіргі кезде қазақ тілді тіл тұтынушысының санасында кирилл әліпбиі әбден орныққан. Ал латын әріптерінің графикалық бейнесі орнығу үстінде. Осы жерде зерттеуші Құралай Күдеринаның пікірін келтірсек «Кез келген сөзді естіген сауатты адамның санасында сөздің фонетикалық айтылуымен қатар, графикалық бейнесі де елес береді. Бұл – әдеби стиль түрін меңгермеген кез келген сауатты адам санасында болатын код түрі. Бүгінгі жаппай саясаттану, жазба тіл нормасы мен тәсілдерін меңгерген заманда жазу арқылы ойлау басым» [4]. Олай болса, әріптердің графикалық бейнесін дұрыс қалыптастыруымыз керек деп білеміз. Себебі /ә/ әрпін /ae/, /ө/ әрпін /oe/, /ү/ әрпін /ue/, /ш/ әрпін /sh/, /ң/ әрпін /ng/, /ж/ әрпін /zh/ деп алсақ, бірмәнді әріптер (/ә/, /ү/, /ө/, /ш/, /ң/, /ж/) өзінің мәнінен айырылып, болашақта /ә/ әрпіміз /ae/ болып, /ө/ әрпіміз /oe/ болып айтылып кетуі де мүмкін.

Ае диграфы қазақтың төл сөздерінде ә әрпінің мәнін берсе, ал орыс тілі арқылы енген кірме сөздердегі ә әрпімен келетін сөздер е әрпімен беріледі. Сонда ә әрпі мен аә (латыншада ae) әріп тіркестерінің бейнесі және ө әрпі мен оә (латыншада oe) әріп тіркестерінің тұрпаты ұқсас екенін көреміз.

Мұндай мысалдар өте көп. Сондай-ақ *sh* диграфымен таңбаланатын *ш* әрпі мен сөз ішінде келетін *sh* (*ashana*) әріп тіркесінің тұрпаты оқу барысында қиындық туғызады: *асхана – ashana = balshyq – балшық*. Сонда *асхана* сөзі *ашана* немесе *балшық* сөзі *балсық* болып оқылып кетпесіне кім кепіл?

«Қазақ тілінде сөз ортасы позициясында қатар келетін дауысты дыбыстар бар. Мысалы, *бәйгеалаң, археолог, ареал, геодезия, география* сияқты сөздер. Олардың саны көп. Осы жағынан алғанда /ae/ және /oe/ диграфтарымен метатезалық проблема туындауы мүмкін» дейді профессор Н.Уәлиұлы [5]. Сонымен қатар қазақ тілінде сөз ішінде қатар келетін дауыссыз дыбыстарымыз диграфпен тіркесіп, оның тұрпаты арқылы тілдің орфоэпиясына әсері ету қаупі бар. Мысалы, *batysshyl* (*батысшыл*), *qosshy* (*қосшы*), *basshy* (*басшы*), *assha* (*асша*), *asshajan* (*асшаян*), *koeshbasshy* (*көшбасшы*). Берілген мысалдардан көріп отырғанымыздай, қазіргі орфоэпиялық норма бойынша *басшы* сөзі [башшы] деп айтылатын болса, ендігі /бассшы/ немесе /басхы/ болып айтылып, ал *denggei, dinggek* сөздерінде де екпін /g/ әрпіне түсіп сөздің әуезі бұзылуы мүмкін. Сол сияқты *tuengi* деген сөзді айтуда да сингармонизм заңдылығы бұзылады. *Түңгі* деген сөз [түңгү] түрінде емес, *түңі* түрінде оқылып және айтылуы мүмкін. Сонымен сөз ішінде қатар келген диграфтар да баланың оқылымына, сөзтанымына, оның коммуникациясына әсер етеді. Сондықтан мүмкіндігінше әліпбиде дара тұлғадағы әріптер болғаны дұрыс. Сарыстырыңыз: *batyngqyra – batynqyra, batyngqu – batynqu*. Сондай-ақ 1 сыныпқа арналған «Сауат ашу» оқулығында берілген мәтін үзіндісін салыстырып көрсетуге болады:

Кирилл әліпбиімен берілген мәтінде 60 сөз, босаралықсыз (пробел) 348 таңба. Ал латын әліпбиімен берілген мәтінде 60 сөз, босаралықсыз (пробел) 388 таңба. Енді екі мәтінде таңба санын салыстырыңыз. Қазіргі таңда ұсынылып отырған латын әліпбиінің жобасы бойынша мәтін ұзақтығын, таңбаның көптігін байқауға болады.

Ұсынылған жаңа әліпби бойынша бірнеше орфографиялық қарама-қайшылықтар шығуы мүмкін. Мысалы, кирил графикасына негізделген әліпби бойынша жазылатын және семантикалық қарсылыққа ұшырамайтын сөздер бұл әліпби бойынша семантикалық қарсылыққа ұшырап, сөздің графикалық тұрпаты арқылы мағынаға да әсерін береді. Сонымен қатар қысқарған сөздердің жазылуы, оның қысқа формасы біршама ұзарып, көзшалымға тұрпайы көрінеді. Мысалы, БжҒМ деген қысқартылым VzhGhM түрінде жазылады. Жалпы қазіргі кезде емленің 100-ден аса ережесі бар. Егер диграфтық жоба негізге алынатын болса, бұл ережелер саны екі есеге көбейеді. Бұл көрсетілген проблемалар арқылы ұсынылып отырған әліпбиді әлі де жетілдіру керектігін көрсетеді.

Осындай кемшіліктер мен қоғамдық талқылаулар барысында келіп түскен ұсыныстар ескеріле отырып, 9 қазанда қазақ тілінің латын қарпіне негізделген 2-нұсқасы Елбасыға ұсынылды.

Қазақстан Президенті мемлекеттік тілді реформалау рухани жаңғыру бағдарламасы аясындағы маңызды мәселелердің бірі екенін айта отырып, «Әлемде ешбір ел өзінің жаңа әліпбиін бүкіл халық болып осылайша талқылаған емес. Біз үшін әрбір адамның пікірін білу маңызды. Латын қарпіне көшуге байланысты Президент Әкімшілігіне 300-ден астам өтініш келіп түсті. Жастардың бұл үдерісті қолдағаны қуантады», – деп көрсетті.

Ұсынылған әліпби монобағыттық принципте жасалған. Мұнда негізгі төл дыбыстарды белгілейтін белгі – апостроф. Апостроф белгісі 8 әріпке қойылған. Әліпбиде апостроф белгісі көп болатын болса, жазуды қиындатып, оқуға да кедергі келтіреді. Сондай-ақ апостроф белгісінің көп болуы сөздің бүтіндігін бұзатыны белгілі. Мысалы, қазақ тіліндегі 2 ғана әріптен тұратын әл сөзі екіге бөлініп *a'l* түрінде жазылады. Сонымен қатар апостроф белгісі пунктуациядағы тырнақша белгісімен жымдасып кететін тұста графикалық тұрғыдан көзшалымға кедергі келтіреді: «*Abai'*», «*Kaspi'i'*». Жаңа әліпбидегі и, й дыбыстарына бір ғана таңба берілуі орфографияны қиындатады. Мысалы, *bai'i'dy* (*байиды*), *boly'ymen* (*болуымен*). Жалпы апостроф әліпбидің емес, орфографияның белгісі болып табылады. Апостроф ағылшын және латын графикасын қолданатын өзге де батыс тілдеріне тән таңба. Ол тілдердегі қолданылу жиілігі өте аз болғандықтан мәтін ішінде оғаш көрінбейді. Оған ағылшын, француз, т.б. батыс тілдеріндегі мәтіндерге қарап көз жеткізуге болады. Апостроф жеке таңба болғандықтан жазудағы үнемдеу принципіне қайшы келіп, сөздердің жазылуы біршама қиындайды.

ӘДІСТЕМЕЛІК АСПЕКТІСІ. Қазіргі қоғам талабы – мемлекеттік тілге қажеттіліктің артуы, яғни тілдің қоғамдық қызмет аясының кеңеюі тілді оқыту мен үйретудің әдістемелерін жақсарту мен жаңғырту, тілдерді оқытудың жаңа технологияларының озық тәжірибелерін қорыту болып табылады. Сондықтан мемлекеттік тілді қолдану аясының ұлғаюы жаңа типтегі бағдарламалар мен оқулықтарды жасауды, білікті мамандарды көбейтуді, техникалық құралдармен жабдықтауды айрықша талап етеді. Осыған байланысты жаңа әліпби бойынша әртүрлі сатылы әдістемелік құралдар, жаңа типтік бағдарламалар, нұсқаулықтар дайындалу қажет.

Қазақ тілі қазір ана тілі, шет тілі және екінші тіл ретінде оқытылады. Әрине, бұлардың әрқайсысының өз әдістемесі қалыптасу үстінде. Ал латын графикасына негізделген әліпбиді меңгерту тетіктері мен жолдары – қазіргі кезде зерттеуді қажет ететін аса маңызды мәселе. Себебі сауаттылықтың көтерілуі немесе оның төмен түсуі біріншіден, грамматологиялық заңдылықтарды меңгертумен және оған сәйкес педагогика-психологиялық қағидаттардың болуымен өлшенсе, екіншіден, тілдік материалдарды өзіндік ерекшеліктерге сәйкес іріктеп, бағдарлама жасау және тілдік материалдың ғылыми-педагогикалық дәлдігімен байланысты қарастырылады. Сондықтан латын графикасына негізделген жаңа ұлттық әліпбиді меңгертудің әдістемелік негіздерін анықтау және оның тиімді жолдарын ұсыну қазіргі кезде аса өзекті мәселелердің бірі.

Елбасы өзінің сөзінде «Мамандар жарты жылдың ішінде мәселені зерттеп, нақты ұсыныстармен шығуы тиіс. Әлбетте, біз бұл жерде асығыстыққа бой алдырмай, оның артықшылықтары мен кемшіліктерін зерделеп алуымыз керек» деген-ді. Сонымен қатар Елбасы Қазақстанның әлемдік кеңістіктен алдыңғы қатардан орын алуы, дүниежүзілік өркениетті елдермен қарым-қатынаста болуы, техника, жаңа технология саласында ілгерілеушілікке (прогреске) ие болуы адамзат ақыл-ойының жемістеріне қол жеткізуі білімді де білікті маман дайындаумен байланысты деп көрсетеді. Сондықтан бұл мәселелерді ойдағыдай шешу үшін жаһандану заманына сай өзіндік ойы мен білімі жетік жеке тұлғаны қалыптастыру керек.

26-қазанда Елбасы латын графикасына негізделген әліпби жобасын бекітті. Бекітілген бұл әліпбиді тез әрі оңтайлы түрде игертудің әдістемелік платформасын әзірлеу, негізгі тетіктерін құру және таңдалған жаңа жазу жүйесін қоғамның, әсіресе, жас ұрпақтың сапалы меңгеруін қамтамасыз ететін педагогика, психология, әдістеме ғылымдарының бірлігін қамтамасыз етуден тұрады. Бұл жерде жаңа әліпбиді үйрететін әдістемесі саласының мамандарына үлкен жауапкершілік жүктеледі.

Қазақ тілін тұтынушылардың санасында кирилл жазуына негізделген қазіргі қазақ әліпбиінде орыс тілінен енген кірме сөздерді еш өзгеріссіз қабылдау және өзіндік айтылым нормасына бейімдеу сияқты теріс стереотиптердің қалыптасуына себеп болды [6]. Бұл қазақ орфографиясы мен орфоэпиясын «қосамжарлық» дағдарысына, сондай-ақ қазақ сөйленісіндегі үндесім қағидасының бұзылуына әкеп соқтырғаны белгілі. Сондықтан өзге тілден енген кірме сөздердің ұлттық мәнеріне бейімдеудің тілдік тетігі латын графикасына көшсек жасалатынын ескеру қажет.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1 Байтұрсынов А. Тіл тағылымы. – Алматы: Ана тілі, 1992. – 348 б.
- 2 Қалиев Б. Латын графикасына көшу – рухани жаңғырудың алғашқы баспалдағы // Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті. Хабаршы//Вестник «Филология ғылымдары» сериясы. – Алматы, 2017. – №4. – 80-83 б.
- 3 Жаңа қазақ әліпбиі қандай болады. <https://baq.kz>. 24.03.2018.
- 4 Күдерінова К. Қазақ жазуының онтогенездік дамуы. – Алматы, 2006. – 330 б.
- 5 Уәлиев Н. Қазақ графикасы мен орфографиясының фонологиялық негіздері: фил. ғыл. канд. ... автореф. – Алматы, 1993. – 162 б.
- 6 Жүнісбеков Ә. Әліпби ауыстыруды жазу реформасына айналдыру керек. – Орал, 2007. – 32 б.

FTAХР 16.21.43

Қ.Ш. Балабекова¹

¹Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті,
Алматы қ., Қазақстан

ҚАЗАҚ ТІЛ БІЛІМІНДЕ ҚҰРМАЛАС СӨЙЛЕМ СИНТАКСИСІНІҢ ЗЕРТТЕЛУ ТАРИХЫН ЖҮЙЕЛЕУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Аңдатпа

Құрмалас сөйлемдер – біртұтас тілдік жүйе. Синтаксистің бұл саласы жайында оқулықтар, монографиялар жазылып, диссертациялар қорғалғанымен, құрмаластық категориясының мәселелері толық және жан-жақты шешілді деп айта алмаймыз. Себебі, функционалдық бағыт алдыңғы орынға шыққан қазіргі кезеңде негізгі теориялық мәселелерге жаңаша тұрғыдан қайта қарау қажеттілігі көрініп отыр. Ғылымдағы қалыптасқан көзқарастарды жаңаша пікірлермен салыстыра, сабақтастыра отырып, құрмалас сөйлемнің құрылымдық, функционалдық, коммуникативтік ерекшеліктерін жаңаша бағамдаған ғылыми көзқарастардың ерекшеліктерін саралай көрсету мақаланың өзектілігін айқындамақ.

Мақалада құрмалас сөйлем категориясының қазақ тіл білімінде зерттелуінің басты бағыттарын (құрылымдық, функционалдық) айқындай отырып, құрмалас сөйлем синтаксисінің қалыптасуы мен дамуының теориялық және тәжірибелік мәселелерінің қазіргі жайына талдаулар жүргізу, негізгі мәселелер бойынша тұжырымдар жасау және коммуникативтік бағыттағы жаңашылдықтарды айқындау. Мақалада құрмалас сөйлем категориясының қазақ тіл білімінде зерттелуінің негізгі кезеңдері айқындалып, бұрын-соңды жарияланған ғылыми еңбектердегі негізгі тұжырымдарға ғылыми идеялардың дамуы тұрғысынан талдаулар жасалады. Құрылымдық тіл білімі мен коммуникативтік, функционалдық тіл білімі талаптары арасындағы сәйкестікті сақтай отырып, құрмалас сөйлемнің теориясы мен тәжірибесіне қатысты жаңаша көзқарастар айқындалады.

Түйін сөздер: коммуникативтік, функционалдық, құрмалас сөйлем, синтаксис, құрылымдық категория, компонент, форма, тәсіл

Балабекова К.Ш.¹

¹Казакский государственный женский педагогический университет,
г. Алматы, Казакстан

ПРОБЛЕМЫ СИСТЕМАТИЗАЦИИ ИСТОРИИ ИССЛЕДОВАНИЯ СИНТАКСИСА СЛОЖНОГО ПРЕДЛОЖЕНИЯ В КАЗАХСКОМ ЯЗЫКОЗНАНИИ

Аннотация

В статье рассматривается проблема классификации сложных предложений в казахском языкознании.

Исследуемые в советскую эпоху, в основном, в аспекте структурного языкознания теоретические вопросы синтаксиса сложного предложения казахского языка начиная с последнего десятилетия прошлого века рассматривались на более перспективном коммуникативно-функциональном направлении, открывающее новые возможности в углубленном изучении основных теоретических вопросов синтаксиса сложного предложения. Актуальность темы статьи заключается в определении достигнутых новых теоретических результатов синтаксиса сложного предложения казахского языка в этом новом направлении современного языкознания.

Основной целью статьи является определение основных этапов и научных направлений в развитии теории синтаксиса сложного предложения в казахском языкознании и выявление теоретических и практических новшеств в изучении вопросов, касающихся сложного предложения в коммуникативно-функциональном аспекте, доказать их научную значимость в дальнейшем изучении данной категории.

Ключевые слова: коммуникативно-функциональный аспект, сложное предложение, синтаксис, современное языкознание

K.Sh. Balabekova¹

¹Kazakh State Woman pedagogical university,
Almaty city, Kazakhstan

STUDY OF THE SYNTAX OF A COMPLEX SENTENCE IN KAZAKH LINGUISTICS

Abstract

In the last article of the article, the linguistic nature of the compound language in the Kazakh language is largely reflected in the development of communicative-functional orientation of the structural linguistics, in the context of new scientific paradigms by the beginning of the new century.

The phrase in the Kazakh language has been discussed since the 1990^s, so far it is being considered, news of the functional orientation, new approaches.

The main peculiarity of these works is that the Kazakh people depend on the free thinking of the Kazakh people for their sovereignty, the ability to express their views, and the ability to see the scientific ideas in full. Now, based on the diversity of these research trends, it separately summarizes and divides the main two areas. A number of peculiarities of functional, communicative study of the conditional sentence category differs from the definition of new forms of communication of constitutive components.

Keywords: communicative, functional, coherent clause, syntax, structural category, component, form, approach

Қазақ тілі құрмалас сөйлемдерінің зерттелу тарихы бізге дейін де кейбір еңбектерде арнайы сөз етілген. Мұны кеңестік кезеңде Қ.Есенов, Т.Қордабаев сынды ғалымдар қарастырып, құрмалас сөйлем зерттелуінің кезеңдеріне талдау жасаған [1, 2]. Аталмыш еңбектерде мәселенің ғылыми-теориялық жағына тереңдеп бармай, жалпы шолу түрінде айтылады.

Біз, ең алдымен, сол ғалымдардың еңбектеріне шолу жасай отырып, мәселеге бүгінгі күннің деңгейінен, синтаксис ғылымының қазақ тіл білімінде және орыс, батыс тіл білімінде қазіргі қарастырылуы тұрғысынан ой қорыттық.

Қ.Есенов өзінің 1969 жылы шыққан «Қазіргі қазақ тіліндегі шартты және қарсылықты бағыныңқы сөйлемдер» атты еңбегінде құрмалас сөйлемнің біраз мәселелерін қамтып, зерттелу тарихына тоқталған. Ғалым кеңес өкіметі тұсындағы құрмалас сөйлемнің зерттелу барысын сөз ете отырып, оны үш кезеңге бөліп қарастырды:

- 1) 1930-1940 жылдардың арасы;
- 2) 1940-1950 жылдардың арасы;
- 3) 1950 жылдардан осы кезеңге дейінгі дәуір (автордың «осы кезеңі» шамамен, 60-жылдардың орта шені) [1, 9].

Алайда, Т.Қордабаев Қ.Есеновтің бұлайша бөлуін тарихи дәлсіздік деп қарайды. Ғалымның өз сөзімен дәлелдесек: «Автор (Қ.Есенов) қазақ тілі синтаксисінің кеңес дәуірінде зерттелу тарихын Қ.Жұбановтың 1936 жылы жарық көрген бағдарламасынан бастауды жөн көріпті. Ақиқатына келсек, синтаксиске қатысты терминдер де, сөйлем мүшелерінің, сөйлемдердің күні бүгінге дейін қолданылып жүрген классификациялық жіктелуінің негізгі түрлері де 20-жылдардағы оқулықтардан басталады. С.Жиенбаев, Н.Сауранбаев тәрізді ғалымдардың 50-жылдарға дейін қолданған сабақтас сөйлем компоненттерін сөйлем мүшелерінің атымен атаулары да осы 20-жылдардағы оқулықтардан басталған, – деп сын айтады [2, 60].

Біздіңше, Қ.Есеновтің бұлайша кезеңдерге бөліп қарастыруына түрлі жағдайлар әсер еткен. Біріншіден, ең басты себебі – ол кезде әлі қазақ тіл ғылымының негізін салушы, Т.Қордабаев айтып отырғандай, негізгі тіл терминдерін жасап кеткен, «ұлт көсемі» аталған А.Байтұрсынұлының аты саяси жаладан ақталмаған болатын. Қордабаевтың өзі де оны ашып айтпай, тек меңзеп қана отыр. Екіншіден, қазақ тілінің бағдарламасы мен оқулықтары алғаш рет 1930 жылдардың басынан жарық көрген. Осы жағдайларды ескере келіп, автор өз еңбегінде құрмалас сөйлем синтаксисінің зерттелу барысын осылайша бөлуді жөн көрген секілді.

Дегенмен, сол алғашқы кезеңнің өзінде қазақ тіл білімі ғылымының теориялық негіздері сапалы ғылыми ізденістер негізінде қалыптаса бастағанын қазіргі зерттеулер көрсетіп отыр. Сондықтан қазақ тілі синтаксисінің де теориялық берік негіздері сол алғашқы дәуірдегі қазақ тіл білімі классиктерінің еңбектерінде жатыр деп білеміз.

Ғалым Т.Қордабаев құрмалас сөйлем туралы қазақ тілінде айтыла бастаған алғашқы пікірлерді А.Байтұрсынов жазған «Тіл құрал» атты оқулықтан және оқу бағдарламаларынан кездестіруге болатындығын айтады. Ол: «Қазірде қолданылып жүрген басқа да көптеген лингвистикалық терминдер сияқты «құрмалас» сөзі сол оқулықтардан (20-жылдардағы) басталып еді. Терминнің мағынасы өзі атау болған категорияның мазмұнына сай келеді. Өйткені құрмалас деген атаумен аталатын сөйлем – екі немесе одан да көп жай сөйлемдерден құралатын күрделі категория. Кейбір ғалымдар (Қ.Жұбанов) құрмалас сөйлем деген атауды «күрделі сөйлем» дегенмен ауыстыруды да ұсынды, бірақ бұл термин сіңісе алмады» – дейді [3, 14]. Ғалым қазақ тіліндегі құрмалас сөйлемдер жүйесіне қатысты зерттеулердің отызыншы жылдардың аяқ кезінен бастап молырақ көріне бастағанын айтады. Бұл арада құрмалас сөйлемнің беделді зерттеушілеріне А.Байтұрсынов, Н.Сауранбаев, С.Жиенбаев, С.Аманжоловтарды жатқызады.

Осы ізбен құрмалас сөйлем теориясын кейінгі кезеңде зерттеп жүрген Т.Ермекова Қ.Есенов атап өткен үш кезеңге төртінші кезеңді қосты. Себебі, төртінші кезең алдыңғы озық идеялы аға буын өкілдерінің ізін жалғастырушы жас ғалымдар легін қалыптастырды деп көрсетті. Ғалым олардың қатарында Р.Әмір, М.Серғалиев, Т.Сайрамбаев, Б.Шалабай, Ж.Жақыпов, Б.Сағындықұлы т.б. ғалымдарды жатқызады [4, 17].

Біз де зерттеу жұмысымызда, жоғарыда айтып өткеніміздей, негізгі үш кезеңді ұсындық. Алғашқы кезеңді «қазақ тіл білімінің классиктер дәуірі» деп атадық. Бұл кезеңде құрмалас сөйлемнің зерттелуі, негізінен, оқулықтар мен бағдарламалардың төңірегінде практикалық тұрғыдан қалыптасты деп айтылып жүргенімен, шын мәнінде, қазақ тіл біліміндегі құрмалас сөйлем теориясы мен тәжірибесінің алуан бағытта қарастырылып, негізі қаланған кезең – осы. Кейінгі зерттеулердің бәрі дерлік күні бүгінге дейін осы алғашқы бастауларға соқпай өте алмайды. Бұл еңбектердегі ғылыми-теориялық тұжырымдар уақыт талабына орай қайта қаралып жатса да, олардың берік негізі, зерттеу жүйесінің ғылыми және практикалық тұрғыдан тереңдігі, тілдік деректерді жан-жақты қарастыруы, пікірлер әралуандығы олардың ғылыми әлеуетінің мықтылығын көрсетіп келеді.

Кейінгі жылдары (1950-1980) құрмалас сөйлем теориясына қатысты мәселелер де ғылыми тұрғыдан жан-жақтылыққа ұмтылып, жоғары оқу орындарына арналған оқулықтардан басқа, монографиялар, ғылыми диссертациялар түрінде де зерттеле бастады. Бірқатар еңбектерде құрмалас сөйлемнің методикалық мәселелері зерттелді. Мақалалар жарияланып, ғылыми айтыстың төңірегінде дискуссияға айналды. Бұлар өзінің жемісін беріп, көптеген ғылыми мәселелердің шешімін табуға, жаңа бағыттарды белгілеуге ықпал етіп отырды.

Дегенмен, осы кезеңнің 70-80 жылдарында қазақ тілі синтаксис саласының кеңінен зерттелуінде біршама баяулықты байқауға болады. Қазақ тіл білімінің өзге салаларына қарағанда, осы кезеңде синтаксис саласында көрінген ғалымдар да санаулы ғана. Әрине, бұл олқылық, кейінгі үшінші кезеңдегі ғылыми ізденістер арқылы толысты.

Үшінші кезеңде (90-жылдардан бері қарай) құрмалас сөйлем теориясы жаңа қырынан – қатысымдық, қызметтік тұрғыдан, антропоэлектік парадигмалар тұрғысынан зерттелуге бет алды. Бұрынғы мәселелер қайта қаралып, жаңаша көзқарастар туындады. Құрылымдық бағыт ығыстырылып, алдыңғы орынға функционалдық бағыт шықты. Сөйтіп, құрмалас сөйлем синтаксисінің бірқатар қалыптасқан көзқарастары жаңаша қарастырылып, жаңа мәселелер алға қойылды.

Алғашқы кезеңде қазақ тіл білімінде «құрмалас сөйлем» деген атау қалыптасып, аталмыш мәселе оқулықтар мен бағдарламалар деңгейінде зерттелуімен қатар, бұл кезеңдегі А.Байтұрсынов, Қ.Жұбанов, С.Жиенбаев, С.Аманжолов, Н.Сауранбаев сынды ғалымдардың еңбектерінде құрмалас сөйлем мәселелері әр қырынан қарастырылды. Ең алғаш құрмаластық құрылымның маңызды мәселелеріне қалам тартқан ғалым Ахмет Байтұрсынов болды. Ғалымның «Тіл құрал» деген атпен 1925 жылы шыққан еңбегінде: «Қазақ тілі сөйлемдері арасында екі түрлі жақындық болады: бірі – ішкі мағына жақындығы да, екіншісі – сыртқы қисын жақындығы» дегенді айта келіп, жай сөйлемдер бір-бірімен бірігіп, бір құрмалас сөйлем болу үшін олардың арасында осы екі жақындықтың, ішкі мағына жақындығы мен сыртқы қисын жақындығының болуы керек» делінген [5, 300]. Бір сөзбен айтқанда, құрмалас сөйлем компоненттері бір-бірімен мағыналық та, тұлғалық та қатынаста болуы керек.

Ғалым құрмалас сөйлемді сыйысулы және қиысулы деп екіге бөліп қарастырады. Осындағы қиысулы құрмаласты салалас және сабақтас құрмаластарға бөліп, мағыналық түрлерге ажыратады. Мұндағы көңіл бөлетін бір жайт – сабақтас құрмаластың басыңқы және бағыныңқы сыңарына берген пікірлерінде. «Басыңқы сөйлемнің бағыныңқы сөйлемнен гөрі сөйлемдік қасиеті молырақ. Басыңқы сөйлемді өз алдына оңаша алып айтқанда да, мағынасы толық, ой тыңғылықты айтып, біткен болып тұрады. Бағыныңқы сөйлем – бітпеген шала сөйлем» [5, 303]. Ғалымның сонау тіл білімі ғылымының алғашқы кезеңінде айтқан бұл пікірлерінен қазіргі кезде актуальды түрде қарастырылып жүрген синтаксистік компоненттер мәселесін туындатуға болады. Себебі, А.Байтұрсыновтың айтып отырған «шала сөйлемдері» құрмалас сөйлем компоненттерін жай сөйлем деп қарауға емес, жай сөйлем типтес құрылым ретінде тануға бағыт береді. Жалпы алғанда, ғалымның көзқарастарынан тілдік құбылысты мағыналық тұрғыдан, мағынаға баса мән бере зерттеуге бейім екендігін аңғарамыз.

Сондай-ақ, ғалым қазақ тіліндегі көп компонентті құрмаластар жөнінде алғаш пікір айтқан. А.Байтұрсынов бұларды өрнекті сөйлемдер деп атап, мынадай анықтама берген: «Өрнекті сөйлем деп құрмаластардың бастары қосылып, кестелі болып құрылуын айтамыз. Ондай сөйлемдер нақ текеметке, яки кілемге салған түр сияқты болмағанымен, өрнек-өрнегімен айтылады. Өрнекті сөйлемді айтқанда, дауыс көтеріліп, төмендеп, әнше оралып, қайырылып отырады. Сондықтан өрнекті сөйлеу «оралым» деп аталады» – дейді [5, 310]. Тілдің қызметтік бағытының алғашқы зерттеулерден-ақ көріне бастағанына осы және өзге де осы тәрізді көзқарастар айғақ бола алады.

Ал, Қ.Жұбанов «құрмалас сөйлем» деген терминді «күрделі сөйлем» деп атауды жөн көрді. Бұл алғашқы кезеңдегі пікір кейінгі ғалымдардың құрмаласқа берген анықтамаларынан көрініс тапқан. Себебі, ғылыми әдебиеттерде қазақ тіл білімінде құрмалас сөйлемді зерттеген ғалымдардың көпшілігі оның кем дегенде екі жай сөйлемнен құралатынын, *күрделі ойды* білдіретінін ортақ пікір ретінде ұстанды.

Ғалым салалас сөйлемдерді ажыратуда тек олардың формалық белгілеріне қарап қоймай, мағыналық мәндерін де басшылыққа алу керек деп есептеген. Осыған орай *Нұрымдікіне келсек, өзі кетіп қалған екен. Қой маңырап, түйе боздап, ауыл у-шу* тәріздес сөйлемдерді салалас құрмаластың қатарына жатқызған [6, 358]. Дегенмен, мұндай сөйлемдер кейінгі зерттеу-лерде сабақтас құрмалас деп танылған.

Ал, сабақтас сөйлемнің жасалу жолынан тек шартты рай тұлғасы көрсетілген, мұның өзінде де оның құрамында қатыстық етістіктері (сілтеу, сұрау есімдіктері) қолданылатын түрі ғана ескерілген. Сөйтіп, сабақтас құрамалас сөйлемдер құрамындағы осындай сұрау, сілтеу есімдіктерінің қолданылу ыңғайына қарай жіктелген. Автор сабақтас құрмалас сөйлемдерді жеті топқа бөледі: бастауыш бағыныңқы, баяндауыш бағыныңқы, септес бағыныңқы, іліктес бағыныңқы, шақтас бағыныңқы, жанас бағыныңқы, қабыс бағыныңқы сабақтас құрмалас сөйлемдер [6, 360]. Әйтсе де, ғалымның бұл бөлуі ғылымда орныға қойған жоқ.

Тіл біліміндегі құрмалас сөйлемдер жүйесінің бүгінгі дамуы мен оның өзекті мәселелерін танып білуде профессор С.Аманжоловтың ғылыми тұжырымдарының, атап айтқанда, сөйлем теориясының

негізгі грамматикалық сипаттары, жай сөйлем мен құрмалас сөйлемнің ара жігін айқындау, үйірлі мүшелі конструкциялардың жаратылысын тану, сөйлемдерді топтастыру мен олардың жіктелу принциптері, сөйлем теориясының даму жолдарына қатысты тұжырымдарын қарастыруының маңызы зор болды.

Осы мәселелердің ішінде, С.Аманжолов құрмалас сөйлем синтаксисіндегі даулы мәселелердің бірі үйірлі мүшенің табиғатымен тығыз байланысты екенін дұрыс аңғарып, алғашқылардың бірі ретінде оларды жай сөйлем қатарында таныды және мағыналық принципті алғаш рет басшылыққа алды. Құрмалас сөйлем синтаксисіне тән заңдылықтарды қазақ тілінің өзіндік ерекшелігі, төл табиғаты тұрғысынан қарастыруды көздеді. Құрмалас сөйлемді төрт түрге бөліп қарады: салалас, сабақтас, аралас және тиянақты бағыныңқысыз сабақтас. Құрмалас сөйлемнің төртінші түрін, яки тиянақты бағыныңқысыз сабақтастар деп атаған түрін автор поэзиялық шумақтармен келетін сөйлем түрі ретінде таниды, оны қазіргі грамматикамызда тиянақты бағыныңқысыз демей, көп бағыныңқылы сабақтас түрінде қолданып жүр.

Ғалым С.Жиенбаев 1941 жылғы «Синтаксис мәселелері» атты кітабында салалас, сабақтас құрмалас сөйлемдерді ажырата отырып, әрқайсысын талдайды, әйтсе де, аралас құрмалас сөйлемді өз алдына бөлек категория ретінде қарамайды. Себебі «аралас құрмаластың өз алдына бір бөлек заңдары жоқ» деп көрсетеді [4, 10]. Автордың айтуынша, аралас құрмалас сөйлем салалас және сабақтас құрмалас сөйлемдердің араласып келуінен тұрады. Сондықтан оны өз алдына бөлек сөйлем түрінде қарамай, құрмалас сөйлемнің екі түрі бар деп дәлелдейді. Бұл пікірді қазіргі кезде де ұстанушы ғалымдар бар.

Қарастырып отырған кезеңде қазақ тіліндегі құрмалас сөйлемнің ғылыми тұрғыдан жан-жақты зерттелуіне Н.Сауранбаевтың қосқан үлесі зор. Н.Т.Сауранбаев өз шығармашылығының нағыз шарықтау кезеңінде құрмалас сөйлем синтаксисі мәселелерін зерттеумен шұғылданды. Ғалым құрмалас сөйлемдердің табиғатын танып, тарихына көз жүгіртумен бірге, ішкі-сыртқы заңдылықтары мен ерекшеліктерін, жасалу жолдары мен жұмсалуды қарастырып, синтаксистік қызметін саралады.

Н.Сауранбаев қазақ тіліндегі құрмалас сөйлемдердің негізгі белгілері ретінде мыналарды көрсетеді:

- 1) құрмаластағы синтаксистік компоненттерде айтылатын ойдың дербестігі;
- 2) компонентте дербес бастауыш пен баяндауыштың болуы;
- 3) құрмаластағы компоненттердің интонациялық жігі айқын болуы [7, 153].

Классиктер дәуірінің ерекшелігі олардың еңбектеріндегі ғылыми көзқарастардың әр алуандығымен, ғылыми проблемаларды еркін көтеруімен, ғалымдардың эрудициясының мықтылығымен, алдарына үлкен міндеттер мен мақсаттар қоюымен, сол кезеңдегі қазақ мәдениеті мен тілінің болашағын тереңнен ойлаған патриоттық ұмтылыстарымен ерекшеленеді. Қазіргі тіл білімінде жаңашылдық ретінде танылып жүрген функционалдық, коммуникативтік бағыттағы көзқарастардың негізі сол классиктер дәуіріндегі еркін ізденістерден аңғарылып отырады.

Ресей ғалымдарының синтаксис саласындағы зерттеулердің тіліміздегі құрмалас сөйлем теориясының дамуына тигізген ықпалы туысқан түркі тілдерінің зерттелуімен сабақтастырыла отырып баяндалады және қазақ ғалымдарының 50-80 жылдары құрылымдық тіл білімі бағытындағы қалыптасқан көзқарастары бүгінгі күн тұрғысынан сараланады.

Бұл тараушада А.Шахматов, А.Пешковский, Н.Шведова, М.Алехина, Н.Поспелов, В.Богородицкий, В.А. Белошапкова т.б. орыс тіл білімін зерттеуші ғалымдар мен М.Ш. Ширалиев, С.Дж. Наджафова, Г.А. Абдурахманов, Н.Нартыев т.б. түркітанушылардың еңбектеріндегі қазақ тіл біліміне әсер еткен көкейтесті мәселелер талданды.

Тіл білімінде құрмалас сөйлемдер туралы зерттеуші-ғалымдардың пікірі екіге жарылады. А.Шахматов, А.Пешковский, Н.Шведова, М.Алехина сияқты басқа да көрнекті ғалымдардың бір тобы синтаксистік байланыс негізінде жай сөйлемдердің тіркесуі арқылы жасалған сөйлемдерді құрмалас сөйлемдер деп таниды да, синтаксистік компоненттердің байланысу жолдарын алғашқы орынға қояды [8, 10]. Ал, Н.Поспелов, В.Богородицкий т.б. ғалымдар тұтас сөз тәртібі және интонациясы бар бір коммуникативтік бірлік ретінде берілетін тұтас синтаксистік құрылымды құрмалас сөйлемдер деп санайды [8, 11]. Ғылыми бағытта зерттелуі тек кеңестік кезеңде ғана жүзеге аса бастаған қазақ тіл білімінің құрмалас сөйлем синтаксисі осы құрылымдық принципті негізге ала отырып дамыды.

Жалпы кеңестік тіл білімінің, соның ішінде түркі елдері тіл білімінің де, ол дәуірдегі дамуы орыс тіл білімімен тікелей байланысты болғаны белгілі. Бұл үрдіс әсіресе 50 жылдардан бастап кең қанат жая бастады. Ал өз кезегінде орыс тіл білімі батыстық, әлемдік тіл білімімен байланысып жатты.

Ғылым көкжиегіне шек қоюға болмайтыны белгілі. Ғылыми идеялар бірі мен бірі байланысып, бірін бірі байытып жатса, онан ғылым тек қана пайда көреді, табыстарға жетеді.

Орыс тіл білімінде орын алған интонациялық теория туыстас түркі тілдерінің де кейбірінің ғылыми зерттеу бағытына ықпал еткені белгілі. Мұнда интонацияны құрмалас сөйлемнің құрылымдық-мағыналық түрлерін ажыратуда негізгі критерий етіп алу үрдісі болды. Бұл бағыт көп ұзамай-ақ сынға ұшырап, теріске шығарылды. Ал, 80-90 жылдарда құрмаластық құрылымдардың интонациялық жағын эксперименттік тұрғыдан зерттеулер жасала бастады. Дегенмен, интонацияның құрмаластардың ішкі табиғатын айқындауда нақты тиянақ бола алмайтыны қазіргі тіл білімінде айқын мойындалған жай.

Қарап отырсақ, осы мәселелер қазақ тіл білімінде де әліге дейін маңызды болып отырғанын көрер едік. Яғни проблемалар ортақ деген сөз. Құрмалас сөйлем категориясының қазақ тіл білімінде де кешеулеу қолға алынғаны, оның алуан түрлі объективтік және субъективтік себептері болғаны белгілі.

50-жылдардан бастап қазақ тіл біліміндегі құрмалас сөйлемдер туралы еңбектер орыс тіл біліміндегі қалыптасқан пікір, көзқарастарды ұлттық тіл деректері негізінде ескере келіп, алдыңғы классиктер дәуірі (20-40 ж.ж.) зерттеушілерінің еңбектеріндегі құрмалас сөйлем мәселелеріне қатысты соны идеяларды жалғастыра дамыды. Бұл кезеңдегі зерттеу еңбектері, негізінен, жоғары оқу орындарына арнап жазылған оқулықтар, сондай-ақ ғылыми монографиялар түрінде зерттелді, диссертациялар қорғалды.

М.Балақаев, Т.Қордабаев, Қ.Есенов, С.Исаев, М.Серғалиев, Р.Әмір, Ұ.Салиева, Қ.Мамытбеков сынды ғалымдардың құрмалас сөйлем төңірегіндегі пікірлері мен көзқарастары құрмалас сөйлем теориясы жайындағы классиктер кезеңінің зерттеулерін толықтырып, құрылымдық бағытты толық қалыптастырды.

Бұл жылдары құрмалас сөйлемнің негізгі мәселелерінің қатарына салаластық және сабақтастық мәселесі, жай сөйлем мен құрмалас сөйлем айырмашылықтары, бағыныңқы сөйлемдердің басыңқымен байланысу амалдары және олардың типтік түрлері, т.б. кірді.

Т.Қордабаев құрмалас сөйлемге «екі немесе одан да көп жай сөйлемдерден құралатын құранды категория» деп қарайды. Ол құрмалас сөйлемнің мынандай негізгі белгілерін көрсетеді:

1. Құрмалас сөйлемнің әрбір компоненті, мейлі ол тиянақты болсын бәрібір, сөйлемдік мағынаға ие болуы, бір ойды қамтуы керек.

2. Құрмалас сөйлем компоненттерінің білдіретін мағыналары бір-біріне жақын, қандай да болмасын белгілі бір дәнекерлер арқылы ұштасып жататын желілес *күрделі ой* болады. Компоненттерді ұштастыратын дәнекер мағыналық та, тұлғалық та болуы мүмкін.

3. Құрмалас сөйлем құрамына енетін әр компонент, мейлі ол тиянақты болсын, мейлі тиянақсыз болсын бәрібір, жалпы сөйлемге тән қасиеттерге ие болуы шарт [3, 10].

Сондай-ақ, профессор Т.Қордабаев сабақтастарды бағыныңқы сыңардың сипатына қарап жүйелеу принципін қолдамайды. Бұл жөнінде ғалым: «...классификацияланатын бағыныңқы компонент емес, сабақтас құрмалас сөйлем ғой. Бағыныңқы компоненттің мағынасы басыңқы компонентке тіркесе айтылғанда, сөйтіп бір бүтін болғанда айқындалады» дейді [2, 194]. Сондықтан, сабақтас құрмалас сөйлемдерді бағыныңқылармен атаудың қате екендігін түсінетін уақыт жеткендігін тілге тиек етеді. Мұны қазіргі кезде де ғалымдар дұрыс пікір ретінде мойындайды.

Құрмалас сөйлем синтаксисін жан-жақты зерттеген ғалымдардың бірі – Қ.Есенов. Ол құрмалас сөйлемнің жасалу табиғатына жеке жай сөйлемдердің өзара бірігу заңдылықтарын ғылыми жағынан терең зерттеп, тіл білімінің синтаксис саласына үлкен үлес қосты. Ғалым 1961 жылы «Қазіргі қазақ тіліндегі шартты және қарсылықты бағыныңқы сөйлемдер» атты тақырыпқа кандидаттық диссертация қорғады. Бұл еңбек осы атпен арнайы монография болып жарыққа шықты [1].

Құрмалас сөйлемнің 1950-80 жылдарда дамуында алдыңғы буын еңбектерін жалғастырып, негізінен, ауызекі сөйлеу тілі деректері бойынша зерттеуге еңбек еткен ғалым – Р.Әмір.

Осы кезеңде қазақ тілінің жекелеген салаларын зерттеуге атсалысқан бірқатар тілші ғалымдардың болғандығын да жоғарыда айтып өткен болатынбыз. Солардың қатарында Ұ.Салиева мен Қ.Мамытбеков еңбектері атап өтуге тұрарлық.

Тілді құрылымдық және функционалдық аспектіден басқа бағыттарда да жан жақты зерттеулер қолға алынып отыр. Мысалы, синтаксис саласының өзі логикалық, семантикалық, коммуникативтік, прагматикалық т.б. аспектілерде қарастырылуда. Бұл тұрғыдан ғалымдар Ж.Жақыповтың, З.Ш. Ерназарованың, Т.Ермекованың, Ф.Ш. Оразбаеваның, Д.А. Әлкебаеваның, Б.Сағындықовтың, А.Алтаеваның, Қ.Ө. Айтмұхаметованың, Ш.Бекмағамбетованың т.б. ғалымдардың диссертациялық

еңбектері мен мақалаларын атап айтуға болады. Бұл еңбектердің басты ерекшелігі қазақ елінің егемендік алуымен байланысты ғалымдарымыздың еркін ойлауына, өз көзқарастарын ашық айтуына, сонымен қатар ғылыми идеялардың жан-жақты көріне алу мүмкіндігінің молаюына байланысты болды. Қазірде осы аталған зерттеу бағыттарының әралуандығы негізінде оларды жалпылай, жинақтай келіп, негізгі екі бағытты ажыратады:

- 1) құрылымдық-семантикалық бағыт;
- 2) функционалды- семантикалық бағыт.

Функционалдық бағыттағы ізденістер бүгінгі күннің ғана жемісі емес, ол қазақ тіл ғылымы дамуының өткен талай жылдар бойындағы дамуының да нәтижесі. Қазірде функционалды грамматика деп аталып жүрген бағыттың негізгі қағидалары да осы тіл табиғатын тереңдей тану талабынан туындайды. Функционалды грамматикада тіл сөйлеу деңгейінде (речь) танылып, динамикалық тұрғыда қарастырылады. Мұнда тілдік бірліктер мен тіл жүйесінің сөйлеудегі қызметі, жұмсалымы сөйлеу жағдаятымен, контекспен бірлікте алып зерттеледі. Сөйлеу жағдаяты тілден тыс, ал контекстік немесе сөйленімдік орта тілдік болып танылады.

Қазіргі таңдағы функционалдық бағыттағы негізгі ұстанымдары ретінде профессор Р.С. Әмір көзқарастарын қарастырамыз. Біздіңше, ғалымның басты бір жаңалығы – «құрмалас сөйлемдер табиғаттағы заттардың, адамдардың іс-әрекетіндегі байланыстарды көрсетеді» деген тұжырымы. Әдетте құрмаластар «күрделі ойды білдіреді» дейтін, мұны Р.Әмір «құрмаластар күрделі пікірді білдіреді» деп өзгерткен. Әрине «күрделі ой» және «күрделі пікір» арасындағы ерекшелікті автор ашып айтпаған, дегенмен қалыптасқан «күрделі ой» ұғымының құрмалас сөйлемнің тілдік табиғатын айқын аша алмайтындығы белгілі. Біріншіден, осы «күрделі ой» дегеннің қандай ой екендігі туралы нақты түсінік жоқ. Кей авторлар ішінара оны «екі не онан да көп ой» деп түсіндіретін жайлары кездеседі, бірақ бұл да сенімді көзқарас бола алмайды. Себебі, құрмалас сөйлем компоненттері қосылып, тіркесіп келіп бір ғана грамматикалық тұтастық болып, бір ғана грамматикалық ойды (синтаксистік қатынасты) білдіреді. Сондықтан да біз құрмалас сөйлемнің тілдегі қызметінің, жалпы құрмалас сөйлем категориясының тілде пайда болуының негізінде оның жаратылыс-болмыстағы алуан түрлі құбылыстар арасындағы байланыстарды синтаксистік қатынастар (мағына) түрінде бейнелеу қызметі тұрғандығы туралы пікірді құрмалас сөйлем категориясының тілдік қызметін айқын бейнелеген жаңаша көзқарас деп танимыз [9].

Құрмалас сөйлем категориясын функционалдық, коммуникативтік тұрғыдан зерттеудің бірқатар ерекшеліктері құрмалас компоненттерінің байланысу тәсілдерінің жаңа формаларының айқындалуымен де ерекшеленеді. Мәселен, интонацияның сөйлем табиғатын өзгертіп, синтаксистік қатынас жасау, яғни, мағынаны ажырату қызметі бар екендігі туралы Ш.Бекмағамбетов пікірі назар аударарлық [10]. Автор интонация қызметінің шешуші мәнін түсіндірмелі қатынас жасайтын *-дай/-дей* жұрнақтары арқылы жасалған құрмалас сөйлем мысалдарынан айқын көруге болатындығын көрсетеді.

Қазақ тілі дамуының жаңа кезеңіндегі демократия, экспрессивтілік, инновациялық үдерістердің кең қанат жаюы пунктуация жүйесіне де ықпал етті. Пунктуацияның функционалды аспектісі мәтіндегі тыныс белгілер қойылысының пунктуациялық нормалармен қаншалықты сәйкес келетінін, автор (адресант) қолданысы мен оқырман (адресат) қабылдау деңгейін сипаттауға мүмкіндік береді. Көп жағдайда тыныс белгілердің қойылысында қабылдаушы ұстанымы негізге алынғанмен, мәтін түзу барысындағы автор ұстанымы ескеріле бермейді. Белгілі бір жанрға тән мәтіндердегі тыныс белгілердің қызметі, автордың тыныс белгілерді қоюдағы өзіндік ұстанымы, тыныс белгілерді қалыптанған нормаларға сәйкес қою не одан ауытқу мәселелері осы уақытқа дейін арнайы зерттеу нысаны болған емес. Бүгінгі таңда газет-журнал тіліндегі, жарнамалардағы олқылықтарды зерттеу қазақ пунктуациясының функционалды аспектісін сипаттауға жол ашары анық [11].

Қорыта айтқанда, функционалдық, коммуникативтік бағыт құрмалас сөйлем жүйесін тереңдей зерттеуге үлкен жол ашты.

Біз, ең алдымен, сол ғалымдардың еңбектеріне шолу жасай отырып, мәселеге бүгінгі күннің деңгейінен, синтаксис ғылымының қазақ тіл білімінде және орыс, батыс тіл білімінде қазіргі қарастырылуы тұрғысынан ой қорыттық.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1 Есенов Қ. *Қазіргі қазақ тіліндегі шартты және қарсылықты бағыныңқы сөйлемдер.* – Алматы, 1969. – 191 б.

2 Қордабаев Т. *Қазақ тіл білімінің мәселелері.* – Алматы: Рауан, 1991. – 252 б.

- 3 Қордабаев Т. Қазақ тіліндегі құрмалас сөйлемдер синтаксисі. – Алматы: Санат, 1995. – 176 б.
- 4 Ермекова Т.Н. Компоненттер құрылысының құрмалас сөйлемнің грамматикалық-семантикалық сипатына қатысы: филол. ғыл. д-ры. диссертациясы. – Алматы, 2007. – 257 б.
- 5 Байтұрсынов А. Тіл тағлымы. – Алматы: Ана тілі, 1992. – 446 б.
- 6 Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. – А., 1966. – 365 б.
- 7 Академик Сауранбаевтың еңбектері // Шығармалары. Т.3. – Алматы, 2000. – 510 б.
- 8 Елшібаева Ә. Салалас, сабақтас құрмалас сөйлемдердің құрылымдық, функционалдық арақатынасы. /Филол. ғыл.канд. ... дисс. – Алматы, 2006. – 127 б.
- 9 Бекмағанбетова Г.Ш. Қазақ тіліндегі шарт қатынасындағы құрмаластық құрылымдардың функционалдық-семантикалық табиғаты / Филология ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация. – Алматы, 2010. – 129 б.
- 10 Бекмағамбетов Ш. Қазақ тіліндегі түсіндірмелі қатынастағы құрмаластардың құрылымдық-мағыналық ерекшеліктері. – Қызылорда: «Тұмар», 2009. – 94 б.
- 11 Ермекова Т.Н., Ескермесова Г.А. Лингвистикалық білімдер жүйесіндегі пунктуация // Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті. Хабаршы//Вестник «Филология ғылымдары» сериясы. – Алматы, 2017. – №3(61). – 34-39 бб.

FTAХР 16.01.27

Б.Жонкешов¹, Ә.Ахметұлы²

^{1,2}А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты,
Алматы қ., Қазақстан

ҚЫТАЙДАҒЫ ҚАЗАҚТАР ТІЛІНІҢ ДИНАМИКАСЫНДАҒЫ ТІЛДЕН ТЫС ФАКТОРЛАР (ТІЛ-ЖАЗУ ҚЫЗМЕТ ЕРЕЖЕСІ)

Аңдатпа

Тілдің ішкі дамуының динамикалық көрсеткіші лингвистикалық факторлармен бірге экстралингвистикалық факторларға да байланысты екендігі анық. Экстралингвистикалық фактор дегенде ең алдымен қоғам, қоғамдық құрылыс, ондағы тілге байланысты жүргізіліп отырған саясат ойымызға оралады. Қоғамның дамуы тілдің дамуына әсер етеді.

Қытайдағы қазақтардың қытай ұлтының арасында отыруы немесе өзге елдермен (ұйғыр, дұңған, моңғол және т.б.) іргелес қоныстануы, олардың тілдеріне әсер етпеуі мүмкін емес. Сондай-ақ, қытай ұлтының аз ұлттарға қатысты жүргізіп отырған тілдік саясаты осы экстралингвистикалық факторларға жататындығы сөзсіз. Біз қарастырып отырған Қытайдағы қазақтардың тілінің динамикасына әсер етіп отырған экстралингвистикалық факторлардың ең негізгі факторы «Тіл-жазу туралы Ереже» екендігін баса айтқымыз келеді. Себебі бұл қытай халқының аз санды ұлттарға жүргізіп отырған тілдік саясаттың басты құжаты болып табылады. Қытайдағы қазақтарда бұл құжат «Шыңжаң ұйғыр автономиялы районның тіл-жазу қызмет ережесі» деп аталады.

Мақаламызда осы Ережеде көрсетілген тармақтарына жекелей тоқталып, орындалу барысы нақты дәлелдермен сөз етіледі.

Түйін сөздер: диаспора, динамика, экстралингвистикалық фактор, қытайдағы қазақтардың тілі, тілдік ландшафты, термин, дифференциялану, интеграциялану

Жонкешов Б.¹, Ахметұлы А.²

^{1,2}Институт языкознания имени А.Байтұрсынова,
г. Алматы, Казахстан

ВНЕЯЗЫКОВЫЕ ФАКТОРЫ В ДИНАМИКЕ ЯЗЫКА КАЗАХОВ В КИТАЕ (ПОЛОЖЕНИЕ О РАБОТЕ В ОБЛАСТИ ЯЗЫКА И ПИСЬМЕННОСТИ)

Аннотация

Как известно, динамические показатели внутреннего развития языка наряду с лингвистическими факторами связаны также и с факторами экстралингвистическими. При упоминании об экстралинг-

вистических факторах в первую очередь приходят на ум такие понятия, как общество, общественный строй, политика, проводимая в данном обществе по отношению к языку. Развитие общества оказывает влияние на развитие языка.

Тот факт, что казахи в Китае проживают среди представителей китайской нации либо размещаются по соседству с другими народами (уйгурами, дунганями, монголами и др.), не может не оказывать своего воздействия на их язык. Бесспорно, что осуществляемая китайцами по отношению к малочисленным национальностям языковая политика также относится к экстралингвистическим факторам. Мы хотим подчеркнуть, что основным экстралингвистическим фактором, влияющим на рассматриваемую нами динамику языка казахов в Китае, является «Положение о языке и письменности», поскольку оно является главным документом, на который опирается политика китайского народа, проводимая по отношению к малочисленным национальностям. Среди казахов Китая данный документ именуется «Положение о работе в области языка и письменности в Синьцзян-Уйгурском автономном районе».

В статье автор отдельно останавливается на указанных в данном Положении моментах, аргументируя ход его реализации конкретными примерами.

Ключевые слова: диаспора, динамика, экстралингвистический фактор, язык китайских казахов, языковой ландшафт, термин, дифференцирование, интегрирование

B.Zhonkeshov¹, A.Akhmetuly²

*^{1,2}Institute of Linguistics named after A.Baytursynov
Almaty, Kazakhstan*

EXTRALINGUISTIC FACTORS IN THE DYNAMICS OF THE KAZAKH LANGUAGE IN CHINA (REGULATIONS ON WORK IN THE FIELD OF LANGUAGE AND WRITING)

Abstract

It is known that dynamic indicators of internal development of language along with linguistic factors are connected as well with extralinguistic factors. At a mention of extralinguistic factors first of all such concepts as society, a social order, the policy pursued in this society in relation to language occur. Development of society exerts impact on development of language.

The fact that Kazakhs live in China among representatives of the Chinese nation or take place in the neighbourhood with other people (Uyghurs, Dungsans, Mongols, etc.) cannot make the impact on their language. It is indisputable that the language policy which is carried out by Chinese in relation to small nationalities also belongs to extralinguistic factors. We want to emphasize that the main extralinguistic factor affecting the dynamics of the Kazakh language in China that we are considering is the “Provision on Language and Writing”, since it is the main document on which the policy of the Chinese people is based on small nationalities. Among Kazakhs of China this document is called “The provision on work in the field of language and writing in Xinjiang Uyghur Autonomous Region”.

In this article, the author highlighted the points mentioned in the position, discusses the implementation of the specific examples.

Keywords: diaspora, dynamics, extralinguistic factor, the language of Chinese Kazakhs, linguistic landscape, the term, differentiation, integration

Диаспора тілінің дамуына, жалпы тілдің дамуындағы сияқты екі фактор әсер етеді. Оның бірі лингвистикалық фактор болса, екіншісі экстралингвистикалық фактор. Біз мақаламызда осының екіншісі тілден тыс факторларға тоқталып отырмыз.

Ақпарат көздеріне сүйенсек, «Қытайдағы қазақтарда қазақ тілі жақсы сақталуымен бірге кеңінен қолданылып отыр. Қазақ тілінің дамуына қажетті кейбір мүмкіндіктер жасалған. Қазақ тілі Қытайда тұратын 57 ұлт қолданылатын 80-нен астам тілдің арасында Қытай тілінен кейінгі, жалпылай қолданыс саласы кең, ықпалды саналатын 5 тілдің бірі болып табылады» [1, 228 б.] деген баға беріледі. Бұл 1998 жылғы дерек екендігін ескерте кетпекпіз.

Тілдің ішкі дамуының динамикалық көрсеткіші лингвистикалық факторлармен бірге экстралингвистикалық факторларға да байланысты екендігі анық. Экстралингвистикалық фактор дегенде ең алдымен қоғам, қоғамдық құрылыс, ондағы тілге байланысты жүргізіліп отырған саясат ойымызға

оралады. Қоғамның дамуы тілдің дамуына әсер етеді. Сөзіміз дәлелді болу үшін Х.Е. Искакова мен Г.Б. Сейітқұлованың мына бір пікірін келтіре кеткенді жөн көріп отырмыз: «Соңғы он бес жылдар шамасында қазақ тілінің лексикалық қоры Қазақстандағы саяси-әлеуметтік, мәдени, экономикалық және технологиялық өзгерістерге байланысты көптеген өзгерістерді басынан кешіруде. Әрине, бұл өзгерістер тіл саясатымен, мемлекетте жүргізіліп жатқан тілдік құрылыммен ұштасып жатыр. Сонымен қатар, Қазақстан Республикасындағы қазақ тілі мәртебесінің мемлекеттік дәрежеде жоспарлануы да негізгі объективті себеп болып табылады» [2, 46 б.].

Тілдің даму жолында екі түрлі үдеріс болады. Оның біріншісі – біртұтас тілдің өз ішінен ыдырап, жеке диалектілерге, тілдерге бөлшектену үдерісі. Бұл үдеріс тіл білімінде – бөліну (дифференциялану) деп аталады. Екіншісі – жеке диалектілердің, тілдердің бір-бірімен жақындасу, бірігу үдерісі. Бұл – бірігу (интеграциялану) деп аталады. Тілдердің дамуында болатын, мұндай бөліну (ажырасу) үдерісі де, бірігу (қосылу) үдерісі де қоғамда орын алып жатқан кейбір мәселелерге тікелей байланысты. Қоғамның бөлшектенуі тілдің де бөлшектенуіне әкеп соғады. Болмаса керісінше: әртүрлі тілде сөйлейтін қауымдардың бірігуі олардың тілдерінің де бірігуін туғызады.

Көрсетілген осы үдерістер біз сөз еткелі отырған диаспора тілінің динамикасына тікелей қатысты екендігі сөзсіз. Қытайдағы қазақтардың қытай ұлтының арасында отыруы немесе өзге елдермен (ұйғыр, дүңған, моңғол және т.б.) іргелес қоныстануы, олардың тілдеріне әсер етпеуі мүмкін емес. Сондай-ақ, қытай ұлтының аз ұлттарға қатысты жүргізіп отырған тілдік саясаты осы экстралингвистикалық факторларға жататындығы сөзсіз. Біз қарастырып отырған Қытайдағы қазақтардың тілінің динамикасына әсер етіп отырған экстралингвистикалық факторлардың ең негізгі факторы «Тіл-жазу туралы Ереже» екендігін баса айтқымыз келеді. Себебі бұл қытай халқының аз санды ұлттарға жүргізіп отырған тілдік саясаттың басты құжаты болып табылады. Қытайдағы қазақтарда бұл құжат «Шыңжаң ұйғыр автономиялы районның тіл-жазу қызмет ережесі» деп аталады. Бұл жерде бір ескерте кететін мәселе бар. Кейде құжат ресми заңдық негізі бар құжат болып табылғанымен, сол өңірлердегі тілтұтынушылардың тілдік жағдаятынан толық ақпарат бере алмауы және тілдің оң жағынан дамуына жағдай тудырмауы әбден мүмкін. Сол себепті Ережеде көрсетілген ақпараттардың барлығына толықтай сенуге болмайтын жағын қаперімізге алуымыз керек. Сауалнама жүргізуде азаматтар Тіл-жазу ережесіндегі кейбір тармақтардың шынайы жүзеге асырылып жатпағандығы туралы өз көзқарастарын білдірген еді.

Тіл-жазу қызмет ережесіне қысқаша сипаттама беріп кетсек. Құжат 1993 жылы 25-қыркүйекте Шинжаң Ұйғыр Автономиялы Райондық 8-кезекті Халық Құрылтайы Тұрақты Комитетінің 4-мәжілісінде мақұлданған. 2002 жылы 20-қыркүйекте Шыңжаң Ұйғыр Автономиялы Райондық 9-кезекті Халық Құрылтайы Тұрақты Комитетінің 30-мәжілісінің «Шыңжаң Ұйғыр Автономиялы Райондық тіл-жазу қызмет ережесіне өзгеріс енгізу жөніндегі қаулысы» бойынша түзетілді.

Ереже ұлттардың тіл-жазуын дамыту, көркейту, әр ұлт халықтарының ғылым, мәдениет өресін жоғарлату үшін, «Жұңхуа Халық Республикасының Ұлттық территория автономия заңындағы», «Жұңхуа Халық Республикасының Мемлекетте біртұтас қолданылатын тіл-жазу заңындағы» және басқа да қатысты заңдағы, заң-ережелердегі белгілемелерге негізделіп, Шыңжаң Ұйғыр Автономиялы Районының жағдайына ыңғайланып жасалған.

Ереже 33 тармақтан тұрады. Бұл тармақтар алты тарауға топтастырылып берілген. Атап айтқанда, 1) Жалпы принциптер, 2) Тіл-жазуды қолдану және оны басқару, 3) Тіл-жазуды үйрену және аударма, 4) Тіл-жазуды зерттеу және арнаға түсіру, 5) Заңдық жауапкершілік, 6) Қосымша.

«Жалпы принцип» атты тарауда тіл-жазу қызметінде ұлттардың тіл-жазу теңдігі принципіне көңіл аудару, ұлттардың өз тіл-жазуын қолдану, дамыту бостандығын қамтамасыз ету, ұлттардың өзара тіл-жазу үйренуге үндеу және шабыттандыру, тіл-жазуды саяси, экономика, мәдениет салаларында жан-жақты дамытуға қызмет еттіру, ұлттардың ынтымағын, алға басыын және бірге гүлденуін ілгерлету деген мәселелерге басымдық берілген. Сонымен бірге аз ұлттардың тіл-жазуды қолдануын және ғылыми зерттеуді күшейту, ұлттардың тіл-жазуын арнаға түсіруді ілгерлетуі керектігі де назардан тыс қалмаған. Тіпті, алтыншы тармақта, тіл-жазу қызметінде көрнекті нәтиже көрсеткен орындар мен адамдарды мадақтап, марапаттап отыру қажеттігіне де басымдық берілген.

Бұл жөнінде Шыңжаңда тұратын ұйғыр, қазақ, моңғол, қырғыз тілдерінде жазылған әдебиеттің әр жанрындағы шығармаларды әр жыл сайын бағалап, сараптап, марапаттап отыратындығын айтуға болады. Бір ғана қазақ тілінде жазылған романдар, прозалық, поэзиялық өзге де жинақ кітаптар мемлекеттік бағдарламалармен тегін жарық көрсін иә автордың жеке қаржысымен басылым көрсін, бәрібір оған қыруар қаламақы төленді. Әрі жыл сайын аз санды ұлттар әдебиетінің әр жанрлары

бойынша берілетін сыйлықтарға ұсына алады. Мысал ретінде Шыңжаң «жас қаламгерлер» сыйлығы мен қазақ-қырғыз «дүлдүл» әдебиет сыйлығы, ҚХР мемлекеттік жылдың ең үздік туындысы, ШҰАР жылдың ең үздік туындысы т.б., марапатау дәстүрлері тәжірибеде бар. Аудармалар да, түрлі сөздіктер де бұдан қағыс қалмайды.

Ал «Тіл-жазуды қолдану және оны басқару» атты тарауда негізінен аз санды ұлттар тілдерінің мәртебесі айтылады. Атап айтқанда, автономиялық аудандарда сол ұлттардың тілі қытай тілімен тең қолданыста болатындығы, оның ішінде тілдік ландшафты маңдайшалардағы, өнімдердегі жазуларда, жиналыстарда, емтихан тапсырғанда, сотқа шағымданғанда, алыс-беріс хаттарда, бұқаралық ақпарат құралдарында хабар таратуда, қаржы саласында және т.б. сол аудандарда қолданылатын тілдермен негізгі қытай тілінің тең қолданылатындығы санамалап көрсетіледі. Бұған байланысты қолымызда Қытайда бірнеше қазақ басылымдары, теле-радио және ғаламторда қазақ сайттары ашылып, күні бүгінге дейін өз деңгейінде жұмыстарын атқарып отырғандығы туралы ақпарат бар. Олардың бірқатары мыналар:

Пекинде жұмыс істейтін мемлекет дәрежелі ақпарат-баспасөздерінен Қытайдың мемлекеттік радиосының қазақ тілі бөлімі (CNR), Орталық телевизиясының қазақша хабар орталығы (CCTV), ҚХР ұлттар аударма мекемесі, Ұлттар баспасы, Орталық телевизия торабы (CNTV), Халық газеті, «Ұлттар әдебиеті» журналын атауға болады. Ал, ШҰАР өлке дәрежелі ақпарат-баспасөздерінен: Шыңжаң халық радиостансасы; Шыңжаң телевизиясының қазақ тілді үшінші арнасы (XJTV3) және сегізінші арнасы (XJTV8); Шыңжаң телевидение-аударма мекемесі, Шыңжаң халық баспасы, Шыңжаң жастар-өрендер баспасы, Шыңжаң ғылым-техника баспасы, Шыңжаң әсемөнер-фотосурет баспасы секілді тізімдерді арттыра беруге болады. Газет-журналдардан «Мұра», «Шұғыла», «Тіл және аударма», «Шыңжаң қоғамдық ғылымы», «Шыңжаң қоғамдық ғылымдар мінбесі», «Жонго ұлттары», «Жастар жәзирасы», «Оқырман өресі», «Көкжиек», «Шыңжаң университетінің ғылыми журналы» т.б.; «Шыңжаң газеті», «Шыңжаң ғылым-техника газеті», «Шыңжаң оқу-ағарту газеті» т.б. жарық көріп отыр. Әр облыс, аймақ аудандардың қазақ тілінде тарататын телевизиясы, радиосы, журнал-газеттері, кітапханалары жеткілікті. Саны мол болғандықтан бәрін тізіп отырмадық.

Қазақ тіліндегі сайттарға келсек, жоғарыда мысал ретінде аталған ақпарат-баспасөз орындарының бәрінің де қытай тіліндегі және аз санды ұлттар тіліндегі сайттары бар. «Тәңіртау торабы», «Күнлүн торабы» қатарлы арнайы үкіметтік сайттарынан тыс, әр дәрежелі үкіметтің өзінің қос тілді сайттары болады.

Бұлардан басқа, 1990 жылдардан бастап ғаламтор әлеміне қосылған жеке азаматтар құрған «Ауыл», «Сен қазақ», «Күлтегін», «Шалқар», «Еларыс», «Керуен», «Бозбала» қатарлы рухани қажеттілікті қамтамасыз ететін ұзын саны 100-ге жуық сайттар болған. Қазақтың небір танымал жастары қанатын ұштап, арғы-бергі беттегі, тіпті алыс-жақын шетелдердегі қаңдастар пікір алысып, кеңес құратын жаңалықтармен жүздесетін аса ауқымды орталықтарға айналған еді. Алайда, өкінішке орай, кейінгі кездегі Шыңжаңдағы заңдық тәртіптің қатаюына байланысты олардың барлығын жауып тастаған.

Ал, жоғарыда атап-өткеніміздей, тілдік ландшафты маңдайшалардағы, өнімдердегі жазуларда, жиналыстарда, емтихан тапсырғанда, сотқа шағымданғанда, алыс-беріс хаттарда, бұқаралық ақпарат құралдарында хабар таратуда, қаржы саласында және т.б. сол аудандарда қолданылатын тілдермен негізгі қытай тілінің тең қолданылатындығы санамалап көрсетіледі.

Мысалы, маңдайшалықтар мен іс шаралардың тақырыптары алдымен қазақ тілінде, одан кейін қытай тілінде жазылатын. Ал, төмендегі бірнеше мысалға қарасақ, кейінгі бес жылдан бері онда да азды-көпті өзгерістер болғанын байқаймыз.



Сурет-1. Достық жолы



Сурет-2. 2010 жылғы аймақтық спорт істері туралы талқы жиналыс

Соңғы мысалда қазақшасы жазылмаған. 2010 жылдардан бастап, қазірге дейін түрлі іс-шараларда кейде қазақ тілінде тақырып жазу қағыс қалып отыр.

«Тіл-жазуды үйрену және аударма» атты үшінші тарауда сол мемлекетте негізгі тіл болып табылатын қытай тілінің қолданыс аясының, оның мәртебесін, кез келген аз ұлттар халықтарының қытай тілін білуге міндеттейді және шетел, қытай тілінде жарыққа шыққан кітаптарды аудару қажеттігі басым көрсетіледі.

Қытай тілін білуге міндеттейді дегенде, жарты ғасыр бойы аз ұлт зиялылары мен үкімет қызметкерлеріне қытай тілін білу міндеттелген. Аз санды ұлттар тілінде оқытатын мектептерде бірінші сыныптан бастап қытай тілін бір сабақ ретінде оқу міндет болып келген. 2003 жылдан бері қарай Шыңжаңның жер-жерінде сынақ ретінде қос тілді оқыту жүйесін бұйрық арқылы іске қоса бастады. Аталған бұйрыққа сай, бастауыш-орта мектептерде жаратылыстық пәндер қытай тілінде, қоғамдық пәндер қазақ тілінде оқытылатын болды. Осыдан кейін, бірте-бірте қытай тіліне басымдылық беріле бастаған. Бұл туралы Іле Педагогикалық Университеті қытай тілі институтының ұстазы Дияо Шияоуидың «Шыңжаңдағы аз санды ұлттардың қос тілде оқу-ағартуының даму барысы» атты мақаласында мынадай статистикалық мәліметтер бар:

«2003 жылдан бастап аталған қаулы атқарылып, 18 миллиард юань (шамамен 2 миллиард 795 миллион АҚШ доллары) қаржы бөлініп, орта-бастауыш мектептердің 11648 мұғалімі қос тілде сабақ беру курсынан өтті. 2007 жылға келгенде қос тілмен сабақ өтуге қабілетті оқытушылар саны 118 мың адамға жетті. 2009 жылы 44 миллион 600 мың юань (шамамен 6 миллион 666 мың АҚШ доллары) қаржы бөлініп, екінші мерзім «қытай тілді ұстаздарды жетілдіру» деген қаулыны жүзеге асырды. 2012 жылы Шыңжаңда қос тілде сабақ беретін 2900 оқытушы дайындалды» [3].

Бұл мәліметтерге қарағанда, 2012 жылдан қазірге дейін мектептерде қазақ тілінен басқа сабақтар түгелдей қытай тілінде өтілетін болды.

Шыңжаңда шетел және қытай тіліндегі кітаптар аз санды ұлттар тіліне аударылуы міндеттеліп отырады. Орталық аударма мекемесі қытайдың барлық заң-саясаттарын дер кезінде аударып отырады. ШҰАР тіл-жазу комитеті ғылым-техникалық терминдерді, жаңа атауларды, медициналық, физикалық, биологиялық терминдерді аударып, кітап етіп шығарып ақпарат-баспа сөзде қолдануға беріп отырды. Оған қолымызға түскен мына сөздіктер дәлел бола алады:

Найман С. Ханзуша-қазақша үлкен сөздік. – Шыңжаң халық баспасы, 2006 ж. 1 қыркүйек;

Ханзуша-қазақша оқушылар сөздігі. – Шыңжаң халық баспасы, 2007 ж. қазан;

Қазақ тілінің емле сөздігі. ШҰАР тіл жазу қызметі комитеті жасаған. – Үрімжі: Шыңжаң халық баспасы, 1986 жыл.

Әдебиет және өнерге байланысты шетелдің әйгілі шығармалары алдымен қытай тіліне сосын аз санды ұлттар тіліне аударылып отырады. Дүниежүзіне танылған атақты классиктермен қоса осы заманғы нобель сыйлығының иегері атанған тұлғалардың туындылары да кешікпей қазақ тілінде басылым көреді. Орқан Памуктің «Менің атым қырмызы», Қалида Хүсейеннің «Батпырауық қуған жан» атты романдарын атауға болады. Қытайдың мыңжылдықтардан бергі классик тұлғаларының шығармалары, осы заманғы әйгілі жазушыларының шығармалары да қазақ тілінде кітаптар болып шығады. «Су бойында», «Қызыл жаргас», «Батысқа сапар», «Лижао жай аңыздары» қатарлы төрт кесек шығармаларының қазақ тіліндегі нұсқалары неше рет жұртпен жүздескен. Ал, қытайдың 20 ғасырдан бергі өте танымал тұлғалары Лу Шунь, Мао Дунь, Гоморо, Лау шы, Мо янь шығармалары түгелдей қазақ тіліндегі нұсқасымен қандастарымызға таныс. Сонымен қатар аз санды ұлттардан шыққан әдебиетшілердің шығармалары да алдымен қытай тіліне, сосын басқа ұлттардың тіліне аударылуы міндеттелген.

Шыңжаң телевидение-аударма мекемесі секілді әр аймақтардың кино-телефильм аударып жасау орталықтары да шетелдің және қытайдың көркем шығармаларын қазақ тіліне аударып, телеарналардан көрсетіп отырады. «Ұлттар әдебиеті», «Оқырман өресі», «Көкжиек» қатарлы журналдар тек қана шетел және қытай тілінен аударылған шығармаларға арналған. Шыңжаң газеті, Алтай, Іле, Тарбағатай газеттерінің де басым бөлігі қытай елінің саяси заң-түзімдерін күн сайын аударып отырады.

«Тіл-жазуды зерттеу және арнаға түсіру» тараушасында аз ұлт тілдерін зерттеуді, жазуда, айтуда бірізділікті сақтауды көрсетеді. Тіпті, жеке ережелер қабылдауды мақсат етеді. Сонымен бірге терминдер мен ономастикаға да баса көңіл аударылады. Терминдерді зерттеуді, кісі аттары мен жер-су аттарының бірізді қолдану мақсатында, оларды бекітудің маңызы зор екендігін атап көрсетеді.

Жазуда бірізділікті сақтау бойынша 1986 жылы ШҰАР Ұлттар тіл-жазу қызметі комитеті О.Қанапиннің редакторлығымен «Қазақ тілінің емле сөздігі» басып шығарды. Бұл кітап Үрімжі қаласында «Шыңжаң халық баспасынан» жарық көрді. Ал терминдерге келер болсақ, ол жақтағы жарық көрген бірненше терминологиялық сөздіктер қытайдағы қазақтардың терминологиялық жүйесінің мейілінше жолға қойылғандығына дәлел бола алады. Дегенмен, бүгінгі таңда Қытайдағы қазақ ғалымдарымен бірге отандық ғалымдар да терминдерге байланысты алаңдатушылық көзқарастарын білдіріп отырғандығы байқалады. Қытайдағы қазақтардың қолданысындағы терминдер мен қазақстандық қазақтардың терминдеріндегі айырмашылықтың болуы, тұтастықтың, ортақтықтың жоқтығын үлкен қауіп деп есептейтінін аңғаруға болады. Профессор-жазушы С.Жанболат: «Қазақстан жақ тәуелсіздік алғалы бері қазақша атау-терминдерді жетілдіруге қатты кірісіп кетті. Алайда бұл жұмысқа диаспорадағы тілгерлерді елеп-ескеріп шақырған жоқ, араластырған жоқ. Нәтижесінде диаспорадағылар Қазақстанда атау-терминнің жай-күйінен хабарсыз қала берді. Қазір мұнда Қазақстан телехабары көрілмейді, радиосы естілмейді, басылымдары келмейді. Интернетпен айналысатындардың дені кириллше танымайды. Демек диаспорадағы қазақтар өз үкіметі бекіткен атаулармен немесе бұрыннан дағдыланған терминдерімен (мысалы «информация» сықылдыларды қолданып) кетіп барады. Сонымен, талай сөздер екі жақтағы қазақтарға өзара бейтаныс атау болып, қатары барған сайын молаюда» [4] деп дабыл көтерсе, Қазақстандық ғалым К.М. Қоңырбаева «Осы мәселенің байыбына бойлай, болашағын болжай алатын көреген ғалым, ұлт жанашыры пікірін қаперге алып, екі елде тұрып жатқан қазақтардың қолданып жүрген терминдері мен атауларында елеулі айырмашылықтардың бар екендігін ескергеніміз абзал. Тіл болашағы туралы Қытай жеріндегі қазақтар мен қазақстандықтар үшін де бүгінгі таңдағы ең басты қаперімізде ұстауды талап етерлік жәйіттер көп. Жаһандану жағдайында басым тілдерді үйренуге мәжбүр болып отырмыз. Сондықтан, ортақ терминдерді қалыптастыруда өте мұқият болу ләзім. Өйткені кейінгі жылдары қазақша атау-терминдерді жетілдіру, тілімізді байыту мақсатында асыра сілтеушілікке ұрынып қалатын жайттар белгілі. Жаңа технологиялар мен ғылымның ғарыштап дамуы барысында өзге тілдік атауларды сол күйінде қалдыру диаспора мен Қазақстан қазақтары арасында болашақта біртұтас ғылыми-мәдени қарым-қатынас орнықтырудың ғана емес түбегейлі ана тілімізді сақтап қалуымыздың кепілі» [5, 336 б.] дегендей ой айтады.

«Зандық жауапкершілік» атты тарауда осы Ережеге қайшылық туғанда әкімшілік жазаға тартылатындығы жайлы айтылады. Алдымен ескерту белгіленіп, орындалмаған жағдайда бекітілген соммада айыппұл салынатындығы көрсетілген. Келіспеген жағдайда шағым түсіруге болатындығы да назардан тыс қалмаған.

«Қосымша» атты соңғы тарауда Ереженің жарияланған күннен бастап күшіне енетіндігі жазылған.

Тұтастай алғанда Ережеге оң баға беруге болады. Дегенмен құжаттар іс жүзінде шынайы жағдайды айқын көрсете алмайды, көбінесе оларда мемлекеттің идеалды түрдегі мақсаты сипатталады. Оған жоғарыда кейбір баптар бойынша келтірілген фактілер дәлел бола алады. Бұл тұжырымымызды соңғы деп айта алмамыз. Қытайдағы қазақтардың тілін әлі де болса толығырақ зерттеуді қажет етеді. Біздің сөз етіп отырғанымыз бір ғана Ереже төңірегіндегі мәселелер.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1 Қазақ тілі. Энциклопедия. – Алматы: Қазақстан Республикасы Білім, мәдениет және денсаулық сақтау министрлігі, Қазақстан даму институты, 1998. – 509 б.

2 Исакова Х.Е., Сейітқұлова Г.Б. Студенттерге кәсіби бағдар беруде шет тілінің терминологиялық жүйесі // Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті. Хабаршы // Вестник «Филология ғылымдары» сериясы. – Алматы, 2012. – №2(40). – 46-48 бб.

3 <http://www.xzbu.com>, 29.01.2018.

4 Жанболат С. Ұлттың тілі мен жазуы ортақ болмай, біртұтас болуы қиын // «Айқын» газеті, 06.04.2012.

5 Қоңырбаева К.М. Қытай қазақтарының рухани-құндылықтық әлеміндегі өзгерістер // Орталық азияның қазақ диаспорасы: тарих – мәдениет – ескерткіштер Халықаралық ғылыми конференция материалдары. – Алматы: Елтаным, 2014. – 335-336 бб.

FTAХР 16.21.47

Д.Е. Капанова¹

*¹С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті,
Астана қ., Қазақстан*

АҒЫЛШЫН ӘДЕБИЕТІНДЕГІ ӘЙЕЛ ЕСІМДЕРІНІҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

Аңдатпа

Бұл мақала ағылшын тілінің дараланған жалқы есімдерінің семантикалық және стилистикалық ерекшеліктерін зерттеуге арналған. Әлеуметтік-тарихи және лингвистикалық санат ретінде жалқы есімдердің пайда болуы және дамуы адамзаттың әлеуметтік-экономикалық дамуының негізгі кезеңдерімен тығыз байланысты. Кез келген тілдің лексикалық қорының негізгі қабатын жалқы есімдер құрайды. Жалқы есімдерсіз адамзат қарым-қатынасы болуы мүмкін емес. Жалқы есімдер қарапайым адамдар мен кәсіби зерттеушілердің назарын көптеп тартты. Жалқы есімдерді зерттегенде тілдің ономастикалық жүйесін кез келген синхронды талдау диахронды шолусыз болмайтынын ескеру керек, себебі кез келген тарихи, этнографиялық деректер ономастиканың қазіргі қалпын анықтауға мүмкіндік береді. Дегенмен, ең алдымен, жалқы есімдерді тілші ғалымдар мұқият зерттеді, себебі кез келген атау тілдің заңдарына сәйкес қалыптасқан және сөйлеуде пайдаланылатын тіл жүйесіне кіретін сөз. Осы мақаламызда ағылшын тіліндегі көркем прозада қолданылатын жалқы есімдерді жан-жақты зерттеуге тырыстық. Талданатын жұмыстар лингвистика саласындағы біздің білімімізді байытудың қызықты көзі болып табылады. Көптеген жалқы есімдер – бұл әртүрлі тілдер үшін маңызды болатын халықаралық сөздік қабаты. Олардың қасиеттері мен сипаттары бар, олар көбінесе қандай тілде қолданылатынына қарамастан өзгеріссіз қалады.

Түйін сөздер: жалқы есімдер, әйел есімдері, ономастика, көркем шығарма, әдеби ономастика, кейіпкер

Капанова Д.Е.¹

*¹Казахский агротехнический университет имени С.Сейфуллина
Астана, Казахстан*

ЗНАЧЕНИЕ ЖЕНСКИХ ИМЕН В АНГЛИЙСКОЙ ЛИТЕРАТУРЕ

Аннотация

Данная статья посвящена семантико-стилистическим особенностям английских индивидуализирующих имён собственных личных. Возникновение и развитие имён собственных личных как

общественно-исторической и языковой категории тесно связано с главными этапами социально-экономического развития человечества. Имена собственные личные издавна привлекали внимание простых обывателей и профессиональных исследователей. Сегодня имена собственные личные изучают представители самых разнообразных наук (лингвисты, географы, историки, этнографы, психологи, литературоведы). Однако в первую очередь собственные имена личные пристально исследуются лингвистами, поскольку любое наименование – это слово, входящее в систему языка, образующееся по законам языка и употребляющееся в речи. Объектом исследования в настоящей работе являются имена собственные личные, употребляющиеся в английской художественной прозе. Проанализированные произведения являются интересным источником обогащения наших знаний в области лингвистики.

До сих пор проблема природы и функционирования имён собственных личных детальному исследованию не подвергалась, что и обусловило выбор темы нашего исследования. Многие имена собственные личные представляют собой слой интернациональной лексики, которые часто являются одинаково значимыми для разных языков. Они обладают свойствами и характеристиками, которые по большей части остаются неизменными, в каком бы языке они ни употреблялись.

Ключевые слова: женские имена, собственные имена, ономастика, художественная литература, литературная ономастика, персонаж

D.Ye. Kapanova¹

¹Kazakh agrotechnical university named after S.Seifullin

THE IMPORTANCE OF WOMEN'S NAMES IN ENGLISH LITERATURE

Abstract

This article is devoted to the semantic and stylistic peculiarities of the English individualized personal names.

The emergence and development of personal names as a socio-historical and linguistic category is closely connected with the main stages of the socio-economic development of mankind. Personal names have long attracted the attention of ordinary people and professional researchers. Today, personal names are studied by representatives of a wide variety of sciences (linguists, geographers, historians, ethnographers, psychologists, and literary scholars).

However, first of all personal names are carefully studied by linguists, since any name is a word that enters the language system, formed according to the laws of the language and used in speech. The object of research in the present work are personal proper names, which are used in English artistic prose. The analyzed works are an interesting source of enrichment of our knowledge in the field of linguistics. So far, the problem of the nature and functioning of the names of our own personal detailed research has not been subjected to, which led to the choice of the topic of our study. Many personal names are a layer of international vocabulary, which are often equally important for different languages. They have properties and characteristics, which for the most part remain unchanged, no matter in which language they are used.

Keywords: female names, proper names, onomastics, fiction, literary onomastics, character

Көркем шығармалардағы жалқы есімдер әдеби ономастиканың нысаны болып табылатыны мәлім. Жалқы есімдер өз бойында белгілі бір кезеңге, тіпті тұтас бір елдің тарихына қатысты ақпараттарды жинақтай отырып, көркем мәтіндегі қолданыста ерекше маңызды рөл атқарады. Жазушы шығармаларындағы жалқы есімдер қаламгердің өскен ортасы мен дүниетанымы тұрғысынан ұлттық болмысқа негізделген. Бүгінгі таңда қазақ этнолингвистикасы ғылыми негізі қалыптаса бастаған, жан-жақты ізденіс нәтижесінде өзіндік ерекшелігі мен үрдісі айқындалып келе жатқан, дербес те перспективті ғылым саласы ретінде танылып отырғанын көреміз. Оны академик Ә.Қайдардың «Қазақ тілінің өзекті мәселелері» деген еңбегінен білеміз. Бұл еңбекте қазақ топырағында дүниеге келген этнолингвистика ғылымының төңірегінде ғылыми мектеп қалыптасқандығы және бұл салада көп жылдар бойы үздіксіз жүргізіліп келе жатқан ізденістердің нәтижесінде айқындала түскен оның бағыт-бағдары, өзіндік үрдісі, зерттеу объектілері мен әдіс-тәсілдері кеңінен сөз болады [1, 32 б.].

XIX ғасырдағы ірі жазушылардың бірі, ағылшын әдебиетінің классигі Шарлотта Бронте (әдеби лақап аты Каррер Белл, ағылшынша Currer Bell). Шарлотта Бронтенің 1847 жылы «Джейн Эйр» романының жарық көруі Англияның әдеби өміріндегі ірі оқиға болды. Шарлоттаның «Джейн Эйр»

романында Джейн Эйрдің тағдырына және оның мінезінің қалыптасуына қандай да бір әсер еткен әйел кейіпкерлер өте көп, бірақ біз соның ішіндегі негізгі әйел кейіпкерлерді – Джейн Эйр, Миссис Рид, оның қыздары Элиза мен Джорджиана Рид, Элен Бернс, Мисс Темпл, Бланш Ингрэм және Берта Мэйсонды таңдап алдық.

Шарлотта Бронтенің романындағы басты кейіпкер – Джейн Эйр әйел сұлулығының идеалы болып табылады. Джейннің сұлулығы – бұл қарапайымдылық, зияткерлік, қайырымдылық пен тәуелсіздік. Джейннің тәуелсіздігі романда суреттелген өмір кезеңдерінің барлық сатысында көрініс тапқан.

Роман басты кейіпкердің есімімен аталған. Джейн Эйрдің бейнесі де көптеген басқа бейнелер секілді, контрапост принципіне сай, жазушы кейіпкердің сырт келбетін оның ішкі жан-дүниесімен карама-қайшы қояды.

Бронте негізгі кейіпкердің бейнесін жасай отырып өзінің алдына, әдеттегі көркем әдеби шығармаларға ортақ «сұлу» кейіпкерге карама-қарсы, сыртқы келбеті ешкімнен бөлек емес, жай, қарапайым, бірақ ішкі жан-дүниесінің сұлулығымен ерекшеленетін кейіпкердің бейнесін сомдауды мақсат етіп қояды. Джейннің сұлу еместігін автор әр түрлі кейіпкерлерінің сөздерінде атап көрсетеді. Мэселен, Эббот қызметші оны «ұсқынсыз» деп атайды. Рочестер онымен алғаш танысқан кезінде оның «о дүниеден келген адамға» ұқсайтынын айтады. Ол Джейннің сырт келбетін суреттегенде жиі салыстыру жасайды: «сіз кішкентай монашкаға ұқсайсыз, бозғылт эльф, қыша дәні». Риверстер жанұясына ол өте бозғылт, ұсқынсыз, әдеміліктен адыра қалған сүйкімсіз қыз ретінде әсер қалдырады.

Джейннің мінез-құлығы мен сырт келбеті туралы біз мисс Ридтің және оның балаларының, қызметшілері мен басқа да кейіпкерлердің сөздерінен байқаймыз. Беси қызметші оны қатты аяп, Джейнді біртүрлі бала санап, ол туралы сөз болғанда оған «жаратылыс» деген сөзді қолданады. Рид үйінің басқа қызметшісі Эббот та оны – «құпия жаратылыс» деп атайды. Кейіпкерлердің Джейн туралы айтқандарынан біз оның міне-құлқы жайлы білеміз. Розамонда Оливер оны сабырлы, бірқалыпты деп санаса, Сен-Джон оған: «сен адал, ақылды, шыншыл, тура, риясыз және батыл қызсың», – дейді.

Ш.Бронте кейіпкердің сырт келбетін суреттегенде әртүрлі эмоциялық реңктегі лексикаларды қолданылады. Осылайша, Джейн Риверстерге алғаш «бор немесе ажал секілді бозғылт», «аруақ», «қансыз бозғылт бет» сеілді әсер еткенде жазушы кейіпкерінің ауыр жағдайын көрсетуде арнайы лексикаларды қолданылады. Бір жағынан, оны барлығы жақсы көретінін білгенде, Джейннің сырт келбетін суреттеуде, басқа лексиканы: «гүлдей құлпырған, шын мәнінде өте жақсы, күлімсірегенде бет шұңқыры пайда болатын, жалтылдаған қоңыр көз» пайдаланады. Көріп отырғанымыздай, Бронте кейіпкерінің сырт келбетін біртіндеп оның ішкі жан дүниесімен байланыстырады.

Джейн есімі ер адамның Иоанн есімінің туындысы болып табылады. Джейн – ол ескі есім. Ол ХІҮ ғасырда өте танымал болған. Сол кезеңде Джейн есімін ақсүйектер мен бай кісілер өз қыздарына қойған. Сол кездің өзінде-ақ Джейн есімі Джон әйел есімінен артық танылмаса кем болмады. ХІХ-ғасырдың басында Джейн есімі дүние жүзіне белгілі Шарлотта Бронтенің «Джейн Эйр» романы арқылы елге танымал болып, үлкен биіктерді бағындырады.

Шарлотта Бронте толық сеніммен Джейн Эйрдің прототипі деп есептеуге болады, өйткені екеуінің де денсаулықтары әлсіз, бірақ мінездері мен ерік-жігерлері жағынан күшті, *өмірде* тағдырдың *тауқиметін көп көріп* өскен.

Шарлотта Бронтенің өмірбаяны мен «Джейн Эйр» романын оқи отырып, автор мен романдағы бас кейіпкердің арасындағы параллелді байланыс бар екенін түсінуге болады. Бірінші кезекте Шарлотта Бронтенің сырт-келбеті Джейн Эйрдің сыртқы пішінін қайталамаса да, соған өте жақын. Уильям Теккерей Шарлотта Бронтемен кездескенде: «...кішкентай, үлкен адал көздер, кішкентай қолдарды көреді. Ол маған өте таза, асыл адам ретінде қатты әсер қалдырды дейді» [2, 10 б.] Шарлотта Бронте Эдвард Рочестердің кішкентай Адельдің сөзімен көргеніндей: «...et si elle n'était pas une petite personne, assez mince et un peu pale...» (...ол өте кішкентай, арық және боп-боз...) [2, 38 pp.]

Джейн Эйр айнаға қарап іс жүзінде кішкентай, бозғылт, денсаулығы әлсіз Шарлотта Бронте көреді: «...the strange little figure there gazing at me, with a white face and arms specking the gloom, and glittering eyes of fear moving where all else was still, had the effect of a real spirit» [2, 37 pp.].

Шарлота Бронте Брюсселде болғанда, пансионда ерлі-зайыпты Эжелерге сабақ береді. Оқытушы Мсье Эже Эдвард Фэйрфакс Рочестер секілді «ақылды, билеп-төстеп қалған, қызу мінезді және қатал, талап етуші адам [2, 8 б.].

Мистер Эже мен өмірінде ер адам көңіл аудармаған Шарлотта Бронте, көп уақыттарын бірге әңгімелесіп, қыдырумен өткізеді, Шарлотта Бронте оған деген ыстық ықпалы оянады, алайда

Мистер Эже үйлі-барынды адам еді, Мадам Эже олардың кінәсіз қыдыруларын білген кезде ол күйеуіне ұрыс-керіс шығарып, тез уақытта онымен кездесуін тоқтатып, бәсекелесінің тез арада кетуін талап етеді. Осыдан соң Шарлотта Бронта кетуге мәжбүр болады, алайда «өзінің қайғысын, қарым-қатынасын [2, 9 б.] Мистер Рочестера мен Джейн Эйр арқылы көрсетуге тырысады.

Джейн Эйрдің шын мәнінде мінезі ерекше: балалық шағында тәтесі мен оның балаларының теперішін көріп өскеніне қарамастан, өмірге деген қызығушылығы, көзқарасы артпаса кеміген жоқ.

Джейн тұйық, бірақ өте ақылды болып өсті. Романда оның сырт келбетінің сұлу, тартымды емес екені жайлы бірнеше рет қайталанатын, алайда ол өзінің ішуі сұлулығы мен адалдығы, шыншылдығының арқасында айналасындағы адамдарды өзіне тарта біледі.

Ол туралы Элен Бернс былай дейді: "...while your own conscience approved you, and absolved you from guilt, you would not be without friends" [2, 38 p.].

Өзінің қайырымдылығы, мейірімділігі арқасында Джейн Элен Бернс және Мисс Темпл сияқты бірнеше адамдармен достасады, өйткені олардың өмір жолдары да Джейннің өміріне ұқсас еді.

Келесі кейіпкер – Миссис Рид – Джейн Эйрдің ағайының жесірі, ол Джейнді мүлдем жақтырмайтын. Алайда күйеуінің соңғы тілегін орындауға тура келіп Джейнді қамқорлыққа алуға мәжбүр болады. Миссис Рид Джейнді өзінің балаларына үлгі келтіріп әділетсіз жазалайды. Романда автор Миссис Ридті «аяушылығы жоқ, жүрексіз» кейіпкер ретінде суреттейді. Миссис Ридтің образы романның басынан-ақ жағымсыз әсер етеді. Тәтесінің ажалынан бұрын да Джейн онымен татуласа алмайды. Біз тәтесінің Джейнге қаншалықты жамандық жасағанын оның алғашқы монологынан-ақ білеміз. «Ия, миссис Рид, мен сізге қаншалықты жан азабыма міндеттімін».

Рид есімі шығу төркіні араб тілі. Ол қанағат деген мағынаны білдіреді. Рид есіміндегі кісілердің сырт келбеті салқын, жат болып келеді. Мисс Ридтің сыртқы келбетін сипаттағанда Джейн оның мисс Бланшқа ұқсайтынын байқайды, оның «көзқарасы салқын, қаталдығымен» миссис Ридті есіне түсіреді. Джейннің тәтесі өле-өлгенше өзгермей өтеді. Алайда ол «талғаммен, әдемі киіне біледі». Мисс Ридті сипаттаған лексикалардан біз оның өктем, әділетсіз, нашар адам болғанын көреміз. Автор оның мінез-құлқына сай есімінде лайықтап алған. Жоғарыда айтып кеткенімізде есімі өзіне сәйкестендірілініп алынған. Джейн оның бетіне тура қарап өз ойына айтуға қорықпайды: «кісілер сізді мейірімді деп ойлайды, бірақ сіз қатал, ақымақсыз және сіздің жүрегіңіз мейірімсіз. Сіз өтірікшісіз».

Романдағы келесі кейіпкерлер – мисс Ридтің қыздары, Элиза мен Джорджиана Рид. Миссис Ридтің екі қызы да ерке, бетімен кеткен өз дегенін істейтін, дөрекі болып суреттеледі.

Элиза балалық шағынан кәсіпкерлікке қабілетті болып өседі: «She had a turn for traffic, and a marked propensity for saving... As to her money, she first secreted it in odd corners, wrapped in a rag or an old curl-paper; but some of these hoards having been discovered by the housemaid, Eliza, fearful of one day losing her valued treasure, consented to intrust it to her mother, at a usurious rate of interest – fifty or sixty per cent.; which interest she exacted every quarter, keeping her accounts in a little book with anxious accuracy. [3, 88 pp.] Өзінің осындай қызығушылықтарын, сәнге, сұлулыққа құмар болып өскен сұлу туған әпкесі Джорджианамен де бөліспейді: «Little darling! – with her long curls and her blue eyes, and such a sweet colour as she has; just as if she were painted!» [3, 33 p.].

Бойжеткен соң апалы-сіңлілер мүлдем жат болып кетеді. Элиза дінге бет бұрып және аскетикалық принциптерді ұстанды: «...very tall, almost as tall as Miss Ingram – very thin too, with a sallow face and severe mien. There was something ascetic in her look, which was augmented by the extreme plainness of a straight-skirted, black, stuff dress, a starched linen collar, hair combed away from the temples, and the nun-like ornament of a string of ebony beads and a crucifix. This I felt sure was Eliza, though I could trace little resemblance to her former self in that elongated and colourless visage» [3, 290 pp.].

Джорджиана Джейн Эйр Ридтердің үйінде болған уақыты ішінде мәдени жағынан да, адамгершілік жағынан да өспей, сол қалпында өзгеріссіз қалады: «This was a full-blown, very plump damsel, fair as waxwork, with handsome and regular features, languishing blue eyes, and ringleted yellow hair. The hue of her dress was black too; but its fashion was so different from her sister's-so much more flowing and becoming-it looked as stylish as the other's looked puritanical» [3, 294 pp.].

Джейн Эйр немере әпкелері туралы – сезімсіз, ақымақ: «Feeling without judgment is a washy draught indeed; but judgment untempered by feeling is too bitter and husky a morsel for human deglutition» [2, 108 pp.]. Өз аналарына жақсы тәрбие көрмей өскен туған әпкелі-сіңлілі бір-бірінен мүлдем алшақтанып кеткен, тасбауыр, бір-біріне мүлдем жат.

Миссис Ридтің өмірінің соңғы күндерінің өзінде, Джейн Эйр Миссис Ридтің қыздарынан бетер ол үшін қатты қиналады. Элиза да Джорджиана да Миссис Ридпен туған, сүйікті аналары ретінде

қоштаспайды: «Georgiana, who had burst out into loud weeping, said she dared not go... Eliza surveyed her parent calmly. After a silence of some minutes she observed – “With her constitution she should have lived to a good old age: her life was shortened by trouble”. And then a spasm constricted her mouth for an instant...» [3, 244 pp.].

Ал келесі әйел кейіпкер Элен Бернстің образынан Шарлотта Бронтенің әпкесі – Мария Бронтені көреміз. Ол да Элен секілді Кован-Бридж діни мектебінде оқып жүргенде сондағы қатал жағдайдың кесірінен қайтыс болады.

Элен деген әйел есімінде грек түбірі бар, “нұрлы”, “ашық” деген мағынаны білдіретін көне Хелен деген есімнен пайда болған. Бұл есім Франция, Англия мен Америкада көптеп кездеседі. Бұл есім біздің ел мен Ресейде Елена деген есіммен кең таралған.

Ол – Джейн Эйрдің Лоувудтегі рухани тәлімгері. Бұл ақылды, мейірімді жас қыз өзінің «әдеттен тыс ақылы мен батылдылығымен» Джейн Эйрді таң қалдырады. Ол Джейнге «егер бүкіл әлем сені жек көрсе де және сені ақымақ санаса да, бірақ сен өз ар-ожданыңның алдында таза болсаң, сен өзіңе нағыз достарды ылғи да таба аласың» – дейді. Ең басынан-ақ Эленмен танысқанда, оқырман оның құдай жолында жүргенін байқайды. Джейн: “Why, then, should we ever sink overwhelmed with distress, when life is so soon over, and death is so certain an entrance to happiness – to glory?” [3, 129 pp.]. Ол өзінің жер бетіндегі өмірі туралы ойламайды, бүкіл азаптарының барлығына шыдап, олардың адам баласын сынау үшін құдайдың жіберетін сынағы екеніне, олардың барлығы аяқталып «нағыз өмір» о дүниеде «жұмаққа» баратынына сенеді. Ол «аурушаң, арық, боп-боз», бірақ ерік-жігері, мінезі күшті кейіпкер ретінде суреттеледі.

Бронтенің Эленді сипаттау үшін қолданылған эпитеттері мен салыстыруларында оны таза қайнар бұлаққа теңейді. Джейн Эленмен әңгімелесуден ешқашан жалыққан емес. Бірақ олардың достығы ұзаққа созылған жоқ, Элен өкпе ауруына шалдығып, көп ұзамай көз жұмады. Ол мисс Эйрдің өмірінде өшпес естелік қалдырады.

Лоувуд мектебінің мұғалімі Мисс Темплдің образы Джейн Эйр үшін балалық шағынан оған жетіспей келген «аналық» махаббатты сыйлай білген кейіпкер ретінде берілген. Мисс Темплдің өз отбасы болмаса да, ол өз махабаты мен қайырымдылығын сүйікті, қорғансыз шәкірттері Элен Бернс и Джейн Эйрге сыйлайды. Мисс Темпл, Джейннің өз туған анасындай, оны сурет салуға, француз тілінде сөйлеуге үйретті, сондай-ақ ол жақсы ұстаздың үлгісі бола білді. Кейінірек Джейн гувернантка және мұғалім болып істеген кезінде Мисс Темплға кішкене де болса ұқсауға тырысып бақты. Ол Джейнді алғаш көрген кезден-ақ «мейірбандылықпен» тәнті етеді. «Сымбатты, сұлу, қоңыр көзді, кірпіктері ұзын, бет-әлпеті қайырымды және іс-қимылы адамгершілікке толы». Мисс Темпл үнемі шәкірттерін «сөзбен де іспен де қолдап отырды», оларға үнемі «ер жүрек жауынгер» секілді алға ұмтылуға үйретті.

Темпл есіміне орта ғасырдағы монахтар мен әскери діни рыцарларға берілген Тамплиер орденіне сілтеме беріледі. Мисс Темплдің сөздерінен кейін Джейн үнсіз қала алмайды, мистер Брокльхерстпен кездескенде оған өзінің бүкіл өмірі туралы айтып береді.

Мисс Темпл – ана махабатынан айырылған Джейнге өте қажет адам болатын. Мисс Темплдің образы сол уақытта Джейн Эйр үшін өз ролін толық аяқтаған бейне болды. Оның бейнесі сыртқы келбеті де ішкі дүниесі де бай образ болатын.

Джейн Эйрдің бала кезінен бастап жақын туыстары болған жоқ. Оған жақын туыстардың, әкешесі, аға-әпке, сіңлі-іні махаббаты жетпей, соған зәру болып өсті. Бірақ уақыт өте келе Джейн өзіне «әпке» бола білген Элен Бернспен танысады, Мисс Темпл болса оған «ана» орнына «ана» бола біледі. Торнфилдке көшіп келген Джейн Эйр онда өзіне қамқор, мейірімді тәте табады, ол Миссис Феарфакспен танысады.

Алғаш танысқан кезде Джейн Эйр «ескі креслода отырған таза, ұқыпты кемпірді» Мисс Феарбексті, ол оның жанынан «үйдегі жайлы жағдайды» көреді. «...an arm-chair high-backed and old-fashioned, wherein sat the neatest imaginable little elderly lady, in widow’s cap, black silk gown, and snowy muslin apron; exactly like what I had fancied Mrs. Fairfax, only less stately and milder looking. She was occupied in knitting; a large cat sat demurely at her feet; nothing in short was wanting to complete the beautiful of domestic comfort» [3, 72 pp.].

Джейн үйдегі жайлылықты миссис Феарбекспен салыстырып, оны сол кісінің өзінен байқайды. Миссис Феарфакс романның соңына дейін қамқорлықтың, ақкөңілдіктің идеалы болады. Джейн оның қайырымдылығы мен жылы қарым-қатынасына шексіз риза болып, оны қатты сыйлайды. Мисс Эйр бұл үйден «тәкапарлық пен салқындықты» көремін-ау деп күткен еді, оның орнына ыстық ықылас

пен қайырымдылықты көргенде таң қалады. Шарлотта мисс Феарфаксті, оның бауырмал және өте қамқор, өзі жақсы көретін адамдарға өмірін арнауға дайын екенін көрсететін іс-қимылдарын суреттеуде айырықша лексикаларды қолданады.

Бланш Ингрэм бейнесін Джейн Эйрдің бейнесіне толықтай қарама-қарсы кейіпкер. Миссис Феарфакстың сөздері бойынша Бланш Ингрэмді оқырмандарға былай таныстырады: “Tall, fine bust, sloping shoulders; long, graceful neck: olive complexion, dark and clear; noble features; eyes rather like Mr. Rochester’s: large and black, and as brilliant as her jewels. And then she had such a fine head of hair; raven-black and so becomingly arranged: a crown of thick plaits behind, and in front the longest, the glossiest curls I ever saw. She was dressed in pure white; an amber-coloured scarf was passed over her shoulder and across her breast, tied at the side, and descending in long, fringed ends below her knee. She wore an amber-coloured flower, too, in her hair: it contrasted well with the jetty mass of her curls” [3, 166 pp.].

Мисс Ингрэмнің сыртқы бет-әлпеті Джейн Эйрге қаншалықты қарама-қарсы болса ішкі жан-дүниесінде сондай қарама-қайшы. Әдемі, сұлу, сымбатты өзін өзі ұстау корольдік мәнері, ағылшын дауысымен, пианинода жақсы ойнай білу өнері, солай бола тұра бос кеуде, сұмпайы, зәрлі, ашулы, кекшіл. Ол өзіне Мистера Рочестерді ғашық ете алмады, өйткені өзінің де оған ешқандай жақсы көру сезімі болған жоқ.

Джейн Эйр де бұны түсінген: «Surely she cannot truly like him, or not like him with true affection! If she did, she need not coin her smiles so lavishly, flash her glances so unremittingly, manufacture airs so elaborate, graces so multitudinous. It seems to me that she might, by merely sitting quietly at his side, saying little and looking less, get nigher his heart» [3, 196 pp.].

Біздің ойымызша романда көрсетілген Бланш Ингрэмнің бейнесі арқылы жазушы сыртқы келбеті қанша сұлу болғанымен ішкі жан-дүниесі таяз адамдарға қарағанда Джейн Эйр секілді түрі сұлу болмағанымен ішкі жан-дүниесімен адамдарды баурай білетін кісілерден көп жақсылық күтуге болатынын көрсеткісі келген сияқты. Осы теңеулерді керемет шеберлікпен суреттеп жеткізе білген автор өз кейіпкерлерінің мінез-құлқы, сырт-пішіндеріне қарап, соған сайма-сай есімдер қоюда да тамаша тапқырлық, шеберлік көрсеткен.

Романдағы соңғы әйел кейіпкер – Берта Мэзон. Ол мистер Рочестердің есі ауысқан жынды, заңды әйелі. Жазушы оның образын суреттеуде «көзі қанға толы, түрі сұмдық қорқынышты», Джейн оны бір көргенде-ақ неміс ертегілеріндегі вампирмен салыстырады. Оның бейнесі төрт аяқты «жануарға» теңестіріледі. «...a woman, tall and large, with thick and dark hair hanging long down her back... I know not what dress she had on: it was white and straight; but whether gown, sheet, or shroud... I wish I could forget the roll of the red eyes and the fearful blackened inflation of the lineaments!... This, sir, was purple: the lips were swelled and dark; the brow furrowed: the black eyebrows widely raised over the bloodshot eyes» [3, 273 pp.].

Берта есімі басында «bert/berht» герман элементтеріне аяқталатын әйелдердің де ер кісілердің де есімі болған.

Альберт-Альберта, Роберт-Роберта, Норберт-Норберта және басқалары осылайша қысқартылатын, бұл есімнің аудармадағы мағынасы «жарқын, жарық» дегенді білдіреді. Қазіргі кезде бұл есім өз алдына жеке дара, Еуропада кең таралған есім.

Соңында Джейн Эйр, көптеген қайшылықтарға және кісілердің қатігездігіне қарамастан, өзін жақсы көретін, туған-туыстың орнын толтыратын жақын адамдарымен қауышады.

Кейіпкерлерді суреттеуде біз автордың эпитеттерді іріктеп алғанын байқаймыз. Эпитет кейіпкердің жан дүниесін ашуда, кескін келбетін суреттеуде ерекше қызмет атқарады. Портрет пен оның детальдарын жасау, кейіпкерге мінездеме беру, кейіпкердің ішкі сезімдерін, көңіл-күйін бейнелеу үшін, сөз ажарын көркейтп, ойды кемел жеткізу үшін жазушы эпитеттерге сүйенеді. Кейіпкерлер бізге өздерінің ішкі және сыртқы дүниесін жиі көрсетіп отырады.

Бұның барлығы – көркем шығармадағы кейіпкерлердің рөлдерін антропонимика саласында есімдерді «жақсы» және «жаман» деп бөліп, бағалайды.

Мәселен біздің талдау жасаған Шарлотта Бронтенің «Джейн Эйр» романындағы «жақсы» әйел есімдеріне Jane Eyre, Helen Burns, Maria Temple, Blanche Ingram; «жаманға» жататын әйел есімдері Mrs. Reed, Eliza Reed, Georgiana Reed, Bertha Mason Rochester жатқызуға болады. Оларды неге «жақсы», «жаман» деп бөлген себебімізді жоғарыда әр кейіпкерге жеке-жеке талдау жасап барынша нақ түсіндіруге тырыстық.

Бас кейіпкердің образы жақсы ашылғаны соншалықты біз оған өзіміз ғашық болып, оның қиындықтарына бірге қиналып, жақсылықтарына бірге қуанамыз.

Жалпы қорытындылай келе айтарымыз, «Есімдер мен атаулар – әр дәуірдің ескерткіші, ұрпақтан ұрпаққа жалғасатын құнды шежіре, ұлттық ерекшелігімізді әйгілей түскен тарих айнасы» [4, 105 б.]. Есімдер көркем шығармалардың алуан түрлі жанрларында (поэзия, проза, драма) кейіпкерлердің әдеби образдарын толықтыруда, олардың характерін, психологиялық ерекшеліктерін көрсетуде негізгі құрал ретінде стильдік мәнде кеңінен қолданылады [5, 50 б.]. Шарлотта Бронтенің «Джейн Эйр» романындағы әр әйел кейіпкердің есімін автор олардың мінез-құлықтарына, тағдырларына сәйкес және дәл, нақты бере білген.

Осы тақырыпты зерттей келе біз мынандай қорытындыға келдік:

- ағылшын есімдерінің көпшілігінің түбірі көне ағылшын тілінде жатыр;
- ағылшын есімдері жүйесінің қалыптасуына көптеген шабуылдардың да әсері көп болды, оның ішінде нормандықтардың да;
- ағылшын есімдерінің тарихына шіркеулердің құрылулары да аз әсерін тигізбеген.
- ағылшын есімдері ереже бойынша үш есімнен тұратыны белгілі: бірінші есім (first name, christian name, given name), екінші есім (middle name) және фамилия (name, surname, last name). Ең негізгі жарқын есім – орта есімнің болуында (middle name).

Көне және орта ғасырда пайда боған есімдердің әлі күнге дейін үлкен сұраныспен қолданылатына баса назар аударғымыз келеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1 Қайдар Ә. Қазақ тілінің өзекті мәселелері. – Алматы, 1998. – 304 б.
- 2 Martin, Robert B. Charlotte Bronte's Novels: The Accents of Persuasion. – NY: Norton, 1966. – 199 p.
- 3 Шарлотта Бронте – «Джейн Эйр». Перевод с английского языка В.Станевич. – Москва: Издательство "Правда", 1989. – 384 с.
- 4 Қожанов О. Қазақ ономастикасының нормативтік актілерінің жай-күйі // Қазақ ономастикасының өзекті мәселелері. Республикалық ғылыми-практикалық конференция материалдары. – Астана: «Ақжол-Баспа», 2004. – 224 б.
- 5 Капанова Д.Е., Байгошиқарова М.И. Қазақ тіліндегі көркем шығармалардағы әйел есімдерінің мағынасы // Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті. Хабаршы//Вестник «Филология ғылымдары» сериясы. – Алматы, 2017. – №1(59). – 50-53бб.

ҒТАХР 16.21.27

К.Ж. Каржаубаева¹

¹*М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университеті
Орал қ., Қазақстан*

ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ТІЛ САЯСАТЫ ЖӘНЕ КӨПТІЛДІЛІК: ЛИНГВИСТИКАЛЫҚ ТҰЖЫРЫМДАР

Аңдатпа

Экономикалық және әлеуметтік жаңғыру жағдайындағы қазақстандық қоғамда орын алып жатқан маңызды аспектілердің бірі тіл саласындағы саясатпен байланысты. Ұлт көшбасшысының мемлекеттік саясаттың құрамдас бөлігі ретінде тіл мәселесін зерделеуге, талдауға назар аударуы заңды құбылыс, себебі Елбасының бастамасымен елімізде бірегей жоба – тілдердің үштұғырлылығы жүзеге асырып жатыр. Көптілді және мультимәдени сипатқа ие қазіргі әлемде тілдердің тоғысуы мәселесі, қоғамдық консолидация бойынша тіл саласында тиімді әрі ұзақ мерзімді бағдарламаларды іздеу аса өзекті болып отыр. Осымен байланысты Президент Н.Ә. Назарбаевтың үштұғырлы тіл туралы идеясының нәтижесінде енгізіліп отырып көптілді білім берудің маңыздылығы мен өзектілігі еш күмән тудырмайды.

Қазақстандағы қазіргі тілдік жағдаят үштұғырлы тіл туралы идеяны қоғамдық келісімді нығайтудың маңызды факторы ретінде тануға мүмкіндік береді. Мәдениеттер мен тілдердің әралуандығы, олардың теңдігі біздің елімізге тиесілі жетістік екені сөзсіз, ал жүргізіліп отырған тіл саясаты барлық этностардың тілдік құқықтарының сақталуын қамтамасыз ете отырып, қарым-қатынас жасау үшін, білім алу үшін, шығармашылық қажеттіліктерді жүзеге асыру үшін тілді таңдау еркіндігін ұсынады.

Қазақстандық қоғамдастық үшін үштілділікті жүзеге асыру бірыңғай саяси, идеологиялық, мәдени платформа болғанда ғана оңтайлы болары сөзсіз.

Мақалада Қазақстандағы тіл саясаты мен көптілділік мәселелері талданады.

Түйін сөздер: тіл саясаты, көптілділік, қостілділік, білім беру жүйесі, қазақ тілі, орыс тілі, ағылшын тілі

Каржаубаева К.Ж.¹

*¹Западно-Казахстанский государственный университет им. М.Утемисова,
Уральск, Казахстан*

ЯЗЫКОВАЯ ПОЛИТИКА В КАЗАХСТАНЕ И МНОГОЯЗЫЧИЕ: ЛИНГВИСТИЧЕСКИЕ КОНЦЕПЦИИ

Аннотация

Одним из важнейших аспектов происходящей в казахстанском обществе экономической и социальной модернизации выступает политика в области языка. Внимание Лидера нации к этой составляющей государственной политики очевидно и заслуживает самого пристального изучения и анализа, поскольку именно в нашей республике реализуется уникальный проект, инициированный Главой государства, – триединство языков. В современном мире, полиязычном и мультикультурном, как никогда актуальна проблема сопряженности языков, поиск эффективных и жизнеспособных программ в области языков по консолидации обществ. В связи с этим значимость и актуальность полиязычного образования, являющегося результатом внедрения идеи Президента о триединстве языков, не вызывают сомнения.

Современная языковая ситуация в Казахстане позволяет говорить о триединстве языков как о существенном факторе укрепления общественного согласия. Многообразие культур и языков, их равное сосуществование являются безусловным достоянием нашей страны, а проводимая языковая политика как обеспечивает соблюдение языковых прав всех этносов, так и предоставляет свободный выбор языка для общения, получения образования, реализации творческих потребностей. Позитивность развития трехязычия для казахстанского сообщества возможна при условии единой политической, идеологической, культурной платформы.

В статье анализируются проблемы языковой политики Казахстана и полиязычие.

Ключевые слова: языковая политика, полиязычие, двуязычие, система образования, казахский язык, русский языка, английский язык

K.Zh. Karzhaubayeva¹

*¹M.Utemisov West Kazakhstan State University,
Uralsk, Kazakhstan*

LANGUAGE POLICY IN KAZAKHSTAN AND MULTILINGUALISM: LINGUISTIC CONCEPTS

Abstract

One of the most important aspects of the economic and social modernization that is taking place in Kazakhstan's society is the policy in the field of language. The attention of the Leader of the Nation to this constituent state policy is obvious and deserves the most careful study and analysis, since it is in our republic that a unique project initiated by the Head of State is implemented – the triune of languages. In the modern world, multilingual and multicultural, the problem of language conjugation is of urgent importance, and the search for effective and viable programs in the field of languages on the consolidation of societies. In this regard, the significance and relevance of the multilingual education, which is the result of the introduction of the President's idea of the triune unity of languages, does not raise doubts.

The modern language situation in Kazakhstan makes it possible to speak of the triunity of languages as an essential factor in strengthening public harmony. The diversity of cultures and languages, their equal coexistence, are the unconditional property of our country, and the ongoing language policy ensures observance of the linguistic rights of all ethnic groups, and provides a free choice of language for

communication, education, and creative needs. Positivity of the development of trilingualism for the Kazakh community is possible provided a single political, ideological, and cultural platform.

The article analyzes the problems of the language policy of Kazakhstan and polygamy.

Keywords: language policy, multilingualism, bilingualism, education system, Kazakh language, Russian language, English

Қазақстанның көпұлтты сипатымен байланысты жүргізіліп отырған тіл саясаты әр алуан этностардың бейбітшілік жағдайда бірлесіп өмір сүруіне мүмкіндік бере отырып, қоғамда ұлтаралық төзімділіктің сақталуына және интеграциялық үдерістердің қалыпты дамуына жағдай жасайды. Жалпы түрлі тілдерді тұтынушы ұлттар арасындағы әлеуметтік, мәдени және саяси қарым-қатынастардың қарқынды дамуы тілдің коммуникативтік қызметін күшейте түседі, бұл, түптеп келгенде, қостілділік және көптілділік мәселесіне әкеліп тірейді.

Бірнеше тілді меңгеруге деген ұмтылыстың әлеуметтік-саяси, психологиялық, мәдени және антропологиялық негіздері бар. Кез келген адам нақты бір қоғамда өмір сүре отырып, сол қоғамдық кеңістіктің қажеттіліктеріне, сұраныстары мен талаптарына сай өмір сүреді. Осы тұрғыдан қостілділік те, көптілділік те адамның қоғамдық қарым-қатынасқа түсу қажеттіліктерін қамтамасыз ететін бірден-бір табиғи феномен болып табылады.

Ғалымдардың зерттеулері көрсетіп отырғандай, түрлі ұлттар мен халықтардың арасындағы өзара байланыстардың ұлғаюы қостілділіктің және көптілділіктің маңыздылығын арттыра түседі. Сондай-ақ бүгінгі таңда бір тілді ғана меңгергендермен салыстырғанда, бірнеше тілді білушілердің саны айтарлықтай көп [1].

Соңғы мәліметтерге сүйенсек, әлем халықтарының шамамен 70% екі не одан да көп тілді әртүрлі деңгейде меңгерген. Мұның негізгі өзегінде қазіргі жаһандандудың заңдылықтарын көруге болады, демек жаһандану кезеңі – бірнеше тілде сөйлейтін адамдардың өмір сүріп отырған кеңістігі.

Меңгерілген тілдің санына байланысты әлеуметтік лингвистикада *қостілділік* және *көптілділік* ұғымдары ажыратылады. Қостілділік – «адамның екі тілдің көмегімен қарым-қатынасқа түсуі» [2, 3], яғни адамдардың өзара қарым-қатынаста ана тілімен немесе бірінші тілімен қатар тағы бір екінші тілді сөйлеуде пайдалануы қостілділік болып саналады.

Өзге тілді меңгеру барысында тіл үйренуші сол тілге тән сөзді, сөйлем құрау тәсілдерін, жалпы тілдің ішкі заңдылықтарын игере келе, сол тілді тұтынушы ұлттың ойлау жүйесіне дендей отырып, рухани әлеміне енеді, өзіндік танымын өзгеше болмыспен толықтырады. Осылардың ішінде ең бастысы – өзге тілді меңгеру адам мен адамның, ұлт пен ұлттың, халық пен халықтың қарым-қатынасын күшейте түседі. Сондай-ақ бірнеше тілді меңгеру – адамның таным көкжиегінің кеңейуіне әсер ететін жетекші факторлардың бірі. Бұл ретте тілді меңгеру адам үшін ақпараттық кеңістік көлемінің ұлғаюына мүмкіндік береді. Профессор Б.Хасанов «Қостілділік адамдардың рухани жағынан өсуіне жағдайлар жасайды. Адам үшін қостілділік – ойын жеткізу, шындықты тану құралы болумен бірге, көпұлтты қоғамда қарым-қатынас жасау құралы да; бұл жерде оның негізгі компоненті (ана тілі) ұлттық компонентін сипаттаса, басқа компоненті (екінші тіл) әртүрлі ұлт өкілдерін тану, басқа халықтардың мәдениеттерін игеру құралы болады. Қостілділіктің адамның үйлесімді дамуындағы рөлі орасан; өйткені, ол көпұлтты қоғамда жан-жақты дамудың және де өзін танытудың аса маңызды құралы» екендігін атайды [3, 12-13].

Қостілділік немесе билингвизм – тілдің қызметі, құрылымымен байланысты көп аспектілі құбылыс ретінде лингвистикада, әлеуметтік лингвистикада, психологияда, этнолингвистикада, этнопсихологияда қарастырылады. Тілдік қатынас теориясын қалыптастырушы У.Вайнрайхтың анықтамасы бойынша екі тілді алма кезек қолдану тәжірибесі – қостілділік. Қостілділікке анықтама беруде тілді меңгерудің деңгейіне байланысты зерттеушілердің пікірлері екіге бөлінеді. Ғалымдардың бір тобы қостілділікті екі тілді әртүрлі деңгейде меңгеру десе, зерттеушілердің екінші бір тобы екі тілді де ана тілі деңгейінде меңгеру деп қарастырады. Тіл білімінің тарихында қостілділікті зерттеу Л.В. Щерба, У.Вайнрайх, А.Розенцвейгтің еңбектерінен бастау алады. Қазақ тіл білімінде бұл мәселе М.М. Копыленко, З.К. Ахметжанова, С.Е. Байбульсинова, М.К. Исаев, А.Е. Карлинский, М.К. Мурзағалиева, Ж.Ж. Нуртаева, А.И. Рабинович, М.Р. Сабитова, Э.Д. Сулейменова, Т.Я. Зенкова, Г.А. Габдуллина, Н.С. Мұстафа еңбектеріндегі негізгі зерттеу нысандарының бірі болды.

Бүгінгі күні біздің қоғамымыздағы қостілділік біртіндеп көптілділікке ауысып келеді. Тіл саясаты саласына қатысты барлық құжаттарда бірнеше тілді білу өзекті мәселе болып табылады және бұл – уақыт талабы. Сондықтан білім жүйесі үштілділікті біртіндеп дамытуға ден қойып отыр. Қазақстан

Республикасының білімді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының жобасына сәйкес үш тілде оқытатын дарынды балаларға арналған мамандандырылған мектептер жүйесін құру жөніндегі жұмыс жүргізілуде.

Көптілділік деген не? Көптілділік – нақты бір коммуникативтік жағдайдың әсер етуімен белгілі бір әлеуметтік ортада, мемлекетте бірден үш не одан да көп тілде сөйлей білушілік.

Көптілділік – жалпы халыққа ортақ қарым-қатынас құралы, білім мен ғылымның, ақпарат пен баспасөздің, әдебиет пен мәдениеттің тілі.

Энциклопедиялық сөздіктерде көптілділік белгілі бір көпұлтты аумақта бірнеше (үш және одан да көп) тілдердің әрекет етуі ретінде түсіндіріледі; сөйлесу қажеттілігіне қарай адамның бірнеше тілді білуі мен қолдануы. Көптеген аймақтарда көптілділік құбылысы көптілділік сияқты жиі кездесе бермейді, себебі, бірнеше тілдерді қолданудың деңгейі және қызметтік мәртебесі шағын аймаққа ие. Ол көбіне жалпы білім беретін мектептерде және басқа да оқу орындарында оқытумен шектеледі [4, 6].

Көптілділік жақын туыстас болуы мүмкін (мысалы, туыстас тілдерді меңгеру: орыс-украин-белорус, татар-башқұрт-түрік және т.б.), туыстас емес, яғни, үш және одан да көп туыстас емес тілдерді меңгеру (мысалы, орыс-татар-удмурт, татар-орыс-ағылшын және т.б.). Сонымен бірге, екі немесе одан да көп тілдерді мемлекеттік деп тану белгілі бір шағын әлеуметтік топ аясында бұқаралық құбылыс ретінде полилингвизмді нұсқайды.

Көптілділік, яғни полилингвизм – бұқаралық құбылыс, ол өзіндік қиындықтарға ие, олар болашақта бірнеше аспектіде зерттеуді қажет етеді:

– психологиялық – бірнеше тілдерде сөйлеуді зерттеу мәселелері (оқыту+үйрену), ол сөйлесу кезінде орын алады: көптілділік әрекеттің психикалық құбылысы, көптілділік қалыптасуының заңдылықтары, ерте немесе кеш көптілділік;

– лингвистикалық – жеке тілдердің семантика, лексика құрылымдарында орын алатын тілдік қарым-қатынас мәселелері және осы өзгерістермен байланыс, транспозиция және интерференция құбылысы.

– педагогикалық – полилингвизм жағдайындағы тілдерді тиімді оқыту тәсілдері және әдістерін дайындау;

– философиялық және әлеуметтік – қоғамдағы көптілділіктің рөлі мен әртүрлі үдерістерге көптілділіктің әсер ету мәселелері [4, 6].

Мультилингвизм (көптілділік, полилингвизм) – нақтылы коммуникативтік жағдайдың әсер етуімен белгілі бір әлеуметтік ортада, мемлекетте бірден үш немесе одан да көп тілде сөйлей білушілік [5, 46]. Бұл тек қана бірнеше тілде сөйлеу мүмкіндігі ғана емес, сонымен қатар бірнеше өркениеттің мәдени құндылықтарын бойына сіңірудің және ашық қарым-қатынас жасаудың ерекше түрі.

Көптілділік – екіден көп тілдерде түсінісу. Жалпы, көптілділік, көптілділік – әртүрлі этносқа жататын адамдардың, ұлт пен ұлттың, мемлекет пен мемлекеттің арасындағы қарым-қатынастарды қамтамасыз ету мақсатында ерте замандардан келе жатқан әлеуметтік құбылыс.

Көптілділік бірнеше тілді пайдалану ретінде қарастырылып қана қоймайды, сондай-ақ көптілділікті құраушы тілдердің әрқайсысына нақты әлеуметтік қызмет тән болады.

Көптілділік – АҚШ, Ресей, Үндістан, Нигерия сияқты жүздеген ұлт пен ұлыс мекендейтін мемлекеттерге тән құбылыс. Көптілділік жаппай көптілділік, ішінара көптілділік болып бөлінеді. Жаулап алу, халықтардың қоныс аударуы, көрші елдермен тығыз қарым-қатынас секілді тарихи себептерден кейбір халық өкілдерінің жаппай көптілділігі қалыптасқан. Сондықтан да көптілділік көп ұлтты географиялық кеңістікте кең тараған. Мәселен, жаппай көптілділік Кавказдағы армян, аджар, осетин, күрд, грек, т.б. халықтар арасында, сондай-ақ Дағыстан халықтары арасында жиі кездеседі. Қазіргі Қазақстан Республикасындағы қалыптасқан жағдай да осыған ұқсас. Мұндағы славян тектес халықтардың дені – негізінен бір тілде ғана сөйлейтіндер, қазақтардың көпшілігі екі тілде сөйлейді. Ал ұйғыр, өзбек, дүнген, күрд, түрік, эзербайжан, тәжік, татар, т.б. ұлт өкілдері арасында көптілділік кең тараған. Неміс, корей, шешен ұлттарында да көптілділік едәуір жиі ұшырасады. Кейінгі кезде шет тілін үйренуге ден қойыла бастағандықтан, қазақтар арасында да көптілділік көбейіп келеді. Бүтіндей ұлт пен ұлыстың көптілділігі – әлеуметтік лингвистика мамандарының зерттеу нысаны боларлық күрделі құбылыс.

Жаппай көптілділік жағдайында коммуникативтік формалар (диалектілер, говорлар, әр алуан жаргондар, жеке тілдер) өте күрделі қолдану иерархиясын құрайды. Мысалы:

1) тар локалды шағын топ арасындағы қатынас (үй-ішілік тіл);

2) топаралық тұрмыспен байланысты локалды қатынас құралы (мыс., Азия мен Африканың көп ұлтты елдеріндегі “базар” тілі);

3) билік жүргізетін әкімшілік (немесе ұлт) тілі;

4) көпұлтты аймақтың ресми тілі;

5) мемлекеттік тіл (немесе халықаралық байланыс тілі). Егер бастапқы екеуі ресми қатынас құралы болмай, тек ауызекі сөйлесу тіліне жатса, соңғы үшеуінің атқарар қызметі жан-жақты. Олар – жалпы халыққа ортақ қарым-қатынас құралы, білім мен ғылымның, ақпарат пен баспасөздің, әдебиет пен мәдениеттің тілі. Көптілділік билингвизмнен (көптілділіктен) бастау алады. Көптілділік сирек кездеседі. 1989 ж. мәлімет бойынша, бұрынғы Кеңестер Одағындағы 73 млн. қос тілділердің (23,4%), 61 млн-ының екінші тілі орыс тілі болған. Олардың шағын ғана тобы көптілділікке (полиглотқа) жатқан. Көптілділік үшін тілдің қолдану мәртебесінің жан-жақты болуы, қажеттіліктің қалыптасуы, сондай-ақ тілдердің туыстығы (генетикалық және типологиялық жақындығы) шешуші рөл атқарады.

Көптілділік, мультилингвизм, полилингвизм – нақтылы коммуникативтік жағдайдың әсер етуімен белгілі бір әлеуметтік ортада, мемлекетте бірден үш, одан да көп тілде сөйлей білушілік. Мұның өзі жеке адамның (индивидуумның) көптілділігі және ұлт пен ұлыстың көптілділігі болып бөлінеді. Көптілділіктің үш тілді меңгеру дәрежесі сол адамның немесе бүтіндей халықтың өмір сүрген тілдік ортасы, әлеуметтік, экономикалық, мәдени өмірі, тұрмыс-тіршілігі секілді көптеген факторларға байланысты. Ұлттық құрамы бірыңғай, бір ғана этнос мекендейтін мемлекетте Көптілділік сирек. Онда жеке адамның ғана Көптілділігі ұшырасады (Жапонияда, Кореяда, Германияда, Исландияда).

Қазіргі мемлекеттердегі көптілділік әртүрлі қалыптасып отыр. Бельгияда (10 млн. халық) – нидерланд және француз тілі. Швейцарияда (6 млн.) неміс, француз, итальян, ретророман – ресми тілдер болып табылады. Испанияда (37 млн.) мемлекеттік тіл – испан тілі, сонымен қатар баск, каталон, галий, астурия тілдері қызмет етеді. Нидерландия (Голландия) (15 млн.) нидерланд тілі ресми тіл, ал фриз тілінде 400 мың адам сөйлейді. Финляндияда (5 млн) 1919 ж. бері ресми тіл – фин және швед тілдері болып саналады. Қазіргі Ресейде әр қилы халықтардың 140 тілі өмір сүреді.

Қазақстандағы көптілділікті екі бағытта сипаттауға болады. Біріншіден, әлеуметтік лингвистика тұрғысынан Қазақстанның көпұлттылығымен байланысты, мәселен, ұлты ұйғыр адам әр деңгейде кем дегенде өз ана тілі – ұйғыр тілін, қазақ тілін, орыс тілін меңгеруі мүмкін. Екіншіден, Елбасының бастамасымен қолға алынған «Үштұғырлы тіл» саясаты шеңберінде Қазақстандағы көптілділік жағдайында қазақ, орыс және ағылшын тілдеріне басымдық беріліп отыр. Осымен байланысты білім беру жүйесіндегі көптілділік мәселесіне де аталған тілдердің аясында қолға алынып, түрлі шаралар ұйымдастырылуда. Біздің зерттеу жұмысымыздағы көптілділік жағдайы қазақ, орыс және ағылшын тілдеріне басымдық берілген «Үштұғырлы тіл» саясатымен байланысты өзінің өзектілігін арттыра түседі.

Бұл көптілділіктің негізгі басымдығы ана тіліне беріледі, өйткені қазақ тілін мемлекеттік тіл ретінде меңгеру азаматтардың бірігуіне ықпал етеді, орыс тілі ғылыми-техникалық ақпарат көзі болып табылса, ағылшын тілі адамдардың өзін-өзі әлемдік кеңістікке интеграциялану, бейімделу қабілеттерін дамыту үшін қажет.

Қазақстанның болашақ бағдарының үштұғырлы тілдер саясатын негізге алып отырғаны – бүгінгі ақпараттық қоғамның және қашанда өз өктемдігін жүргізетін уақыт пен заманның талабы. Себебі тарих бір орында тұрмайды, әлем жұртшылығының алдында тарихи қажеттіліктен туындаған, айналып өтіп кетуге болмайтын үлкен бір сын тұр. Ол – «жаһандану», «жаһандасу», «ғаламдастыру» деп түрліше аталып жүрген «глобализация» атты бүкіл әлемде бастау алып жатқан санаспауға болмайтын ғаламдық қозғалыс. «Жаһандану жағдайында мемлекеттік тіл, орыс, ағылшын тілдерінен тұратын үштілділікті дамытудың қажеттілігі айдан анық» [6].

«Үштұғырлы тіл» туралы идеяны мемлекет басшысы 2006 жылдың қазанында өткен Қазақстан халқы ассамблеясының XII құрылтайында жария етті. Ал 2007 жылғы “Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан” атты халыққа жолдауында “Тілдердің үштұғырлылығы” атты мәдени жобаны кезең-кезеңмен іске асыруды ұсынды. Қазақстан халқының рухани дамуымен қатар, бұл идея ішкі саясатымыздың жеке бағыты болып белгіленді. Яғни, идеяның негізі мынадай: Қазақстанды бүкіл әлем халқы үш тілді бірдей пайдаланатын жоғары білімді мемлекет ретінде тануы керек. Олар: қазақ тілі – мемлекеттік тіл, орыс тілі – ұлт-аралық қарым-қатынас тілі және ағылшын тілі – жаһандық экономикаға ойдағыдай кірігу тілі.

Басқаша айтқанда, үштұғырлы тіл идеясын мынадай әрі қарапайым, әрі түсінікті формуламен көрсетуге болады: мемлекеттік тілді дамытамыз, орыс тілін қолдаймыз және ағылшын тілін үйренеміз. Айта кетелік, үштұғырлы тіл жай ғана әдемі тұжырымдама немесе тілдік саясаттың жаңа формасы ретінде пайда болған жоқ, ол – өмірлік қажеттіліктен туындаған игілікті идея. Өйткені қазіргі кезде күллі әлемге есігін айқара ашып, “ақылды” экономиканы енгізіп жатқан елдер қарыштап дамуда.

Қай заманда болсын, бірнеше тілді меңгерген мемлекеттер мен халықтар өзінің коммуникациялық және интеграциялық қабілетін кеңейтіп отырған. Мысалы, ежелгі дүниедегі Мысырдың өзінде бірнеше тілді білетін мамандар иерархиялық сатымен жоғарылап, көбіне салық төлеуден босатылған. Яғни, бүгінгі таңда ТМД мен Орталық Азияның көшбасшы мемлекетіне айналған Қазақстан үшін үштұғырлы тіл – елдің бәсекеге қабілеттілікке ұмтылуда бірінші баспалдағы. Өйткені бірнеше тілде еркін сөйлей де, жаза да білетін қазақстандықтар өз елінде де, шетелдерде де бәсекеге қабілетті тұлғаға айналады.

Атап айтарлығы көпұлтты Қазақстанның жағдайында “Үштұғырлы тіл” ұлттық жобасы қоғамдық келісімді нығайтудың негізгі факторы болып саналады. Алайда еліміздегі негізгі үш тілді дамытуға басымдық беру – басқа халықтардың тілдерін назардан тыс қалдыру деген сөз емес. Мәдениеттер мен тілдердің саналуандығы – бұл біздің ұлттық байлығымыз Ал “Үштұғырлы тіл” идеясының құрамдас бөлігі – ағылшын тілін үйрену. Жасыратыны жоқ, бүгінгі таңда ағылшын тілін меңгеру дегеніміз – ғаламдық ақпараттар мен инновациялардың ағынына ілесу деген сөз.

Тілді игеру, табиғи тіл механизімін түсіну тек тілші мамандарға ғана арналған бағыт емес, ол – тілді тұтынушы адамдарға ортақ қасиет. Тілдің негізгі қызметінің бірі – ақпарат тарату. Ақпарат тілдің коммуникативтік қызметін арттырады. Осы тұрғыдан келгенде, белгілі бір мамандыққа қатысты қазақ тілін оқытқанда тілдің коммуникативтік-танымдық негізін назардан тыс қалдыруға болмайды. Тілдің коммуникативтік-танымдық негізін басшылыққа ала отырып, оны жоғары оқу орындарында оқытудың әлеуметтік маңызы ерекше. Бүгінгі білім алушы – ертеңгі маман. Белгілі бір мамандыққа қатысты өндірістің жоғарғы деңгейде дамуы қоғамның әлеуметтік жағдайын көтерсе, олардың тілі арқылы мемлекеттік тілдің әлеуметтік мәні көтеріледі. Тілдің әлеуметтік мәнін көтеру оны ақпарат құралы ретінде танумен тікелей байланысты. И.В. Арнольд тіл арқылы берілетін ақпаратты екі түрге бөліп көрсетеді. Ақпараттың бірінші түрі қатысым актісінен тыс тұрады да, тек заттар туралы хабарлайды. Екінші қатысым құралының элементі ретінде қатынасады деп атап көрсетеді. Олай болса, қоғамның әрбір мүшесі ақпаратты сауатты, ақпараттық мәдениеті мен ақпараттық құзыреттілігі дамыған тұлға болуы қажет [7].

«Үштұғырлы тіл» жобасында аталған қазақ, орыс және ағылшын тілдерінің қоғамның ең ірі әлеуметтік топтары арасындағы қолданыс мәртебелеріне назар аударса, төменде сипатталғандай бірнеше көрініс байқалады.

Мемлекет құрушы ұлттың басым бөлігі (қазақтілділер) үшін:

қазақ тілі – ана тілі, мемлекеттік тіл, ел аумағындағы басқа ұлт өкілдерімен қарым-қатынас тілі, БАҚ арқылы ақпарат алу тілі, орыс және ағылшын тілдерін үйрену үшін базалық тіл;

орыс тілі – ресми қатынаста мемлекеттік тілмен қоса қолданылатын тіл (нормативтік бекітіліген функция), қазақ тілімен бірге Қазақстандағы ең көпсанды диаспора және басқа ұлт өкілдерімен қарым-қатынас тілі, қазақ тілімен бірге БАҚ арқылы ақпарат алу тілі, көп жағдайда ағылшын тілін үйрену үшін аралық тіл болып табылады;

ағылшын тілі – жаңа ақпараттық, инженерлік-компьютерлік технологиялар тілі, әлемдік қарым-қатынас тілі, кейбір мамандық бойынша білім алу тілі, жастар арасында беделді тілге, БАҚ, әсіресе Интернет арқылы ақпарат алу тіліне айналып келеді.

Мемлекет құрушы ұлттың шағын бөлігі (орыстілділер) үшін:

қазақ тілі – генетикалық жағынан өз ұлтының тілі, мемлекеттік тіл;

орыс тілі – ана тілі ретінде қалыптасқан бірінші тіл, ресми қатынаста мемлекеттік тілмен қоса қолданылатын тіл (нормативтік бекітілген функция), отбасында және Қазақстандағы орыс диаспора өкілдері және басқа ұлт өкілдерімен қарым-қатынас тілі, БАҚ арқылы ақпарат алу тілі, басқа тілдерді үйрену үшін аралық тіл болып табылады;

ағылшын тілі – жаңа ақпараттық, инженерлік-компьютерлік технологиялар тілі, әлемдік қарым-қатынас тілі, кейбір мамандық бойынша білім алу тілі, жастар арасында беделді тілге, БАҚ, әсіресе ғаламтор арқылы ақпарат алу тіліне айналып келеді.

Қазақстандағы ірі диаспора (орыс этносы) өкілдері үшін:

қазақ тілі – мемлекет құрушы ұлт тілі, мемлекеттік тіл, ішінара өзге ұлт өкілдерімен қарым-қатынас және БАҚ арқылы ақпарат алу тілі;

Адамдар бір-біріне деген ілтипатын, адал сезімін, бір-біріне деген сүйіспеншілігін сәлемдесу арқылы білдірген. Әдетте, амандық-есендік сұрасудан бұрын пайда болған амандасу әдептерінің бірі – қолымен ишарат ету, белгі беру. Қол алысып амандасу – ерте заманнан келе жатқан дәстүр. Осы бейвербалды амалдың тарихына көз жүгіртетін болсақ, ежелгі заманғы неондартал адамы өзі секілді екі аяқты, жұмыр басты пендені кездестіргенде, оған өзінің қастық жасау ниетінің жоқ екендігін білдіру үшін, оң қолын жоғары көтеретін болған. Бұл оның: «Мен қарусызбын, қолымда ештеңе жоқ, саған адал ниетпен келіп тұрмын», – дегені. Мұны, әрине, біздің қазіргі қол алысып амандасуымыздың бастапқы көрінісі деуге болады. А.Пиз: «Обмен рукопожатием является реликтом

первобытообщинной эры. Когда встречались пербобытные люди, они протягивали друг другу руки раскрытыми ладонями вперед для того, чтобы показать свою безоружность», – дейді [2, 55 б.]. Ибн Батт трактаттарында барлық ақ ниетті істерді тек оң қолмен, оң аяқпен орындау керектігі жөнінде айтылады. Мысалы, босағаны оң аяқпен аттап, амандасқанда оң қолды ұсыну керек.

Сәлемдесудің өз әдебі, жөн-жосығы бар. Дүние жүзіндегі сан алуан халықтардың сәлемдесуі де түрлі-түрлі болып келеді және өзіндік ерекшеліктері болады. Мұндай ерекшеліктер әр халықтың мәдениетіне, географиялық орнына және тарихи жағдайларына байланысты. Бұл ойымыз ғалым Н.И. Смирнованың тұжырымымен ұштасып жатыр: «Әр халықтың ұлттық-мәдени ерекшеліктері оның экономикалық және саяси дамуымен тығыз байланысты. Сондықтан, аталған ерекшеліктер бір-біріне ұқсас болмайды. Және де ұлттық-мәдени ерекшеліктің құрастырушы бөлшектері, қарым-қатынастың вербалды және бейвербалды түрлері де ұқсас болуы мүмкін емес» [3, 6 б.]. Амандасудың мәні күнделікті өмірде аса зор. Қазақ халқында сәлемдесу үрдісінде қолданылатын бейвербалды амалдардың саны недәуір және олардың қолданылу, жұмсалыу реті, жүйесі, әдебі бар.

Қол алысу – жазушы шығармаларындағы сәлемдесу рәсімінде кеңінен қолданылған бейвербалды амалдардың бірі. Сәлемдесу рәсіміндегі қолданылатын қол алысу кинемасы туралы Н.И. Формановская: «Наиболее распространенным жестом является взаимное состороны собеседников протягивание правой руки и пожатие...», – дейді [4, 79 б.]. Қол алып амандасу салты дүние жүзі халықтарының көпшілігінің қарым-қатынасынан орын алған.

Амандасу рәсімдері көбінесе, жазушы шығармаларында түрліше баяндала келіп, ұлттың, халықтың дәстүріне, мәдениетіне ұласып жатады. Қазақ халқында қолдасып амандасу – бар ықыласыммен сәлемімді қабыл алыңыз дегенді аңғартады.

Оспан әрқайсысына қол беріп амандасып, құрақ ұшып қаздаңдап жүр («Өз отынды өшірме»).

– Ассалаумағалейкум, – деп табалдырықтан аттады. «Уағалейкусаламын» айтып қопаңдап еді, Еркін «отыра беріңіздер» деп, өзі барып қолдарын алып шықты («Өз отынды өшірме»).

Ер адамдар кездескенде әдетте, амандық салты «Ассалаумағалейкум» деген сөзден басталады. Ол жақсы тілек «Сізге алланың нұры жаусын» деген сөз. Жас адам жолы үлкен адамға алдымен ұмтылып, қос қолын ұсынады, сәлем беруші адам оған жауап, яғни сәлемді қабылдау ретінде «Уағалейкумассалам» деп оң қолын ұсынады.

Қос қолдап амандасу – қазақ халқында тек ер адамдар қарым-қатынасында кездеседі. О.Бөкеев шығармаларында сәлем беруші қабылдаушыға деген сый-құрметін, ілтипатын қос қолдап амандасу арқылы білдіреді. Амандасудың бұл түрі халқымыздың ұлттық-мәдени ерекшеліктерін аңғартатын бейвербалды амалдардың бірі ретінде қаламгер шығармаларында жиі кездеседі.

Тентек ұлды әкесі үйге қуып тықты да, баласы үшін кешірім өтінгендей, қос қолын ұсынып қауқалақтай амандасты («Атау-кере»).

Қол соматизміне байланысты коммуникативтік актіде жиі қолданылатын келесі бір дене қимылы – қол бұлғау. Сәлемдесудің бұл түрі жазушы шығармаларында көбінесе, коммуниканттардың арасындағы қашықтыққа байланысты қолданылады.

Кабина терезесінен әуелі басын қылтитқан ұшқыш ыржия күліп, қолын бұлғады («Атау-кере»).

Қол бұлғау кинемасының күлімсіреу, жымию сияқты кинемалармен қатар қолданылатынын жоғарыдағы мысалдардан аңғаруға болады.

О.Бөкеев шығармаларындағы сәлемдесу рәсімінде қол соматизмімен қатар дене мүшелерінен бас қимылдары да кездесіп отырады. Бас соматизміне байланысты – бас изеу кинемасы да ұшырасады.

Дархан мен Гүлияны көрсе өз-өзінен жұлынып, сақылдап шыға келер жыны басылып, жалғыз көзін жалт еткізіп бір қарайды да басын изеп, үндемей өте шығады («Өз отынды өшірме»).

Ғалым А.Сейсенова: «Бұл дене қимылы жастар құрбы-құрдастарына тіл қатқанда, жасы мен қоғамда алатын орны бірдей жақсы таныстардың қарым-қатынасында қолданылады», – дейді [5, 130 б.]. Бас изеу кинемасы сонымен қатар жүзі таныс адамдармен амандасқанда жиі қолданылады.

Жасы үлкен болсын, кіші болсын көп адам жиналған жерге келгенде кісі ең алдымен көпшілікке сәлем береді. Мұндай жағдайда сәлемдесудің вербалды түрімен қатар бас изеу кинемасы да коммуникативтік қызмет атқарады.

Колхоз басқармасының бастығы көпшілікпен бас изесіп амандасқан болды да, анадай тұста отырған Әкімді төрге шақырды («Мынау аппақ дүние»).

Сәлемдесу рәсімінде қолданылатын бейвербалды амалдың бірі – иек қағу. Сәлемдесудің мұндай түрі жазушы шығармаларында өте сирек кездеседі.

...Тура алдына келіп: «Бураш, хал қалай?» деп, дауыстағаныңша байқамас еді. Ыржия күліп бетіңе қарайтын да «аман-аман» деп иегін қағып өте шығар еді («Бәрі де майдан»).

Қонағын құдайдай сыйлаған қазақ халқы келген кісіні үй ішінде отырып қарсы алған емес. Нақты хабар жетсе, қозы көш жерден қонақтарын күтіп алып, құрмет көрсеткен. Қазақ халқына тән бұндай ерекшеліктерді қаламгер назардан тыс қалдырмаған.

Иә, бұл ақсаңдай басып елге оралғанда, осы Жұлдыз ауылының еңкейген кәріден еңбектеген жасына дейін тайлы-таяғы қалмай ұбап-шұбап алдынан шыққан («Бәрі де майдан»).

Қонағын қарсы алған үй иесі амандасып, құшақтап, бетінен, маңдайынан сүйіп, сағынышын сездірген. О.Бөкеев шығармаларында бұндай бейвербалды амалдар әйел адамдар қарым-қатынасында ұшырайды.

Іле-шала: - Амансыз ба, апа? – деген әдемі де майда дауыс естілді. - Шүкір, танымай қалдым ғой. - Ой, апа-ай, қартайайын дегенсіз бе? Мен – Күміспін ғой, – деп құшақтай алды. - Ой, айналайын-ай! – деп маңдайынан сүйді («Бәрі де майдан»).

Көптен кездеспеген ағайын-туыс, дос-жаран, аға-іні қол алысып қана қоймай, құшақтасып, арқаларынан қағып амандасады. Қаламгер туындыларында құшақтасып амандасу – көптен көрмеген ер адамдар арасында қолданылады. Ондай кездерде ер адамдардың құшақтасып, бір-бірінің арқаларынан қағуы кең тараған.

Вертолеттен қарғып түскен Прохор Александрович пен Ерік бір-бірін аса сағынып қалғанға ұқсайды, адал да айнымас достарша қауыша құшақтасып, арқаларынан қағып амандасты («Атау-кере»).

Әдетте, жас бала қарт адаммен амандасқан кезде, үлкен адам аталық мейірімін баланың маңдайынан сүю немесе иіскеу арқылы сездірген. О.Бөкеев шығармаларында сәлемдесу рәсімінде қолданылатын маңдайынан сүю немесе иіскеу кинемалары қазақ халқының мейірімділігін, балаға деген бауырмалдығын аңғартатын этникалық кинемалардың бірі.

- Кел-ей бері, маңдайыңнан иіскейін. Мен еңкейдім. Сарқынды жалбырап тұрған шашымды жоғары қайырды да, маңдайымнан иіскеді, демі мұздай екен («Қайдасың, қасқа құлыным»).

Сол сияқты ата-ана ұл-қызын бауырына басып, бетінен, маңдайынан сүйіп көрісуі де жазушы шығармаларында жиі кездеседі. Демек, сүйісіп амандасу туысқан адамдардың қарым-қатынасында кең тараған бейвербалды амал. Әрине, мені мәре-сәре қарсы алды. Әкем сабырлы қалпында маңдайымнан иіскеді. Шешем сабырсыз мінезімен бас салып, бет-аузымның сау-тамтығын қалдырмай шөпілдете сүйді («Маңдайдан бағың шайқалса»).

О.Бөкеев шығармаларында үлкен кісілер арасында әсіресе, ақ жаулықты әжелер балаларының қолынан сүйіп көрісу рәсімі де ұшырасып отырады.

Көрші кемпір Құспат «Денің-қарның сау ма, Тасжан?» – деп ол да анам сияқты қолымнан сүйді («Жетім бота»).

Коммуниканттар көптен бері бірін-бірі көрмеген жағдайда сағынышын білдіру үшін дене қимылдарынан – құшақтасу және төс түйістіру кинемаларын қолданады. Қазақ халқына тән бұл кинеманы қарттар мен ер адамдар қарым-қатынасынан кездестіруге болатынын аңғаруға болады.

Енді екеуі кәдімгі ескі достардай төстерін түйістіре құшақтасып амандасты («Өз отынды өшірме»).

Жазушы шығармаларындағы кейіпкерлердің бір-біріне деген ілтипатын, сүйіспеншілігін жымып, езу тартып, күлімсіреп қарсы алуынан байқауға болады. Сәлемдесудің әдеп ретіндегі ең басты шарты – жылы шырай. Онда коммуниканттардың қас-қабақ, бет-жүз құбылысы маңызды қызмет атқарады.

Қарағайдан қиып салған қос бөлмелі ағаш үйден шығып тұрған ақ жаулықты әйел бізді таңырқай тосып, бөтен біреу емес, өз елінің адамдары болған соң, жадырай күліп, жылы шыраймен қарсы алды («Қайдасың, қасқа құлыным»).

Сәлемдесу рәсімі – коммуниканттардан белгілі бір дайындықты талап етеді. Мысалы, үйге кісі келгенде алдынан шығу, атты адам атынан (көліктен) түсу, орнынан тұру, қарсы жүру т.б. Бұл ойымыз адыгей халқының сәлемдесу рәсімінің ұлттық-мәдени ерекшеліктерін зерттеуші ғалым Б.Х. Бгажников тұжырымымен ұштасып жатыр: «Приветствие требует соответствующего приготовления. Не рекомендуется держать левую руку в кармане, курить, стоять в расслабленной позе» [6, 54 б.]. Қазақ халқында сәлем бере келген адамды еш уақытта отырып қарсы алған емес. Орнынан тұру немесе қарсы жүру сияқты кинемалар арқылы қабылдаушыға деген ілтипат пен құрметі аңғаруға болады. Жазушы қазақ халқының ұлттық-мәдени ерекшеліктеріне тән бейвербалды амалдарды орнымен қолданып отырған.

Жау шапқандай ересен екпінмен үйге кіргенде, қарта ойнап, қарқылдап күліп, темір пештің маздаған отына талтая қыздырынып жайбарақат отырған жылқышы жігіттер атып-атып тұрып: «Ассалаумағалейкум», – деп қолдарын ала ұмтылды («Сайтан көпір»).

О.Бөкеев шығармаларында сәлемдесу рәсімінде қолданылатын бейвербалды амалдарды бір қисынымен пайдалана отырып, халқымыздың ұлттық-мәдени ерекшелігін көрсеткен. Қазақ халқы ат үстінде отырып сәлем бермеген. Бұл ойымызға төмендегі мысалдар дәлел.

Бұл тіпті де Бати емес, көбелек қуып елбектеген атақты Көкбай ақсақал еді. - Ассалаумағалейкум, ата, – деп аттан түсіп сәлем берді («Өз отынды өшірме»).

Қызмет орнына, бөлмеге келген адамдармен ер кісі түрегеліп амандасады. Б.Х. Бгажников: «Сидящий, обмениваясь рукопожатием должен обязательно встать. Вообще акт вставания – один из самых распространенных атрибутов приветствия у всех народов», – дейді [6, 54 б.]. О.Бөкеев шығармаларында бұл жағдаят былай баяндалады:

Былғары киімді жігіт ұп-ұзын бөлменің қақ төрінде отыр екен, орнынан ұша түрегеліп Дарханға қарсы жүрді. Қос қолын бірдей ұсынып күле амандасты («Өз отынды өшірме»).

Кез келген халық дәстүрінде көрісу салты қалыптасқан. Қазақ халқының салт-дәстүрінен көрісудің екі түрін кездестіруге болады. Бірінші түрі – бұрынғы дәстүр бойынша ұзатылған қыздар жыл толмай төркін жұртына баруына болмайды. Бұл – қыздың жаңа қауымға алаңсыз үйренсін деген мақсаттан туған әрекет. Елін, жерін, бауырын сағынып жүрген осындай кезде қыздың аға-інісі келгенде қыз олармен көрісіп, құшақтасып, өзінің қуанышын, сағынышын білдіреді. О.Бөкеев көрісудің ерекше түрін қолданғанын төмендегі мысалдан аңғаруға болады.

Оқыс кездесуден басы айналып кетсе керек, «Еркін аға» деп есік жақта әлі де селтиіп, не істерін білмей тұрып қалған көзілдірікті жігітке қолын созды. Сонда ғана барып өз қарындасын әрең шырамытқан Еркін елбектей келіп, тізерлей отырып Гүлияның қолынан сүйді («Өз отынды өшірме»).

Тізерлей отырып, қолынан сүю сияқты бейвербалды амал қазақ халқының сәлемдесу рәсімінде кездеспейді.

Туған-туыстары, ет жақындары қайтпас сапар шеккенде артта қалған ағайын-туыс көрісіп жылайды, дауыс қылады. Міне, бұл көрісудің екінші түрі. Ер адамдар көңіл айтушылармен құшақтасып көріседі, әйел адамдар үй ішінде дауыс айтып жоқтайды. Аза тұтушыларға көңіл айтушылардың жылап көрісуі – қайғыға ортақтықты бідіретін бейвербалды амал. Тегінде, О.Бөкеев әдет-ғұрып пен салт-дәстүрге баса назар аударған.

Үлкендік рәсіммен Шаруа-шал төс тигізіп, сәл тұрды да, одан соң мені құшақтап, әлде жоқтау ма, әлде іште лықсып жатқан ауыр азаны шығару ма, әйтеуір өзгеше мұнды сыңсумен сай-сүйегінді сырқыратар үн айтты («Ел мен жер»).

Сонымен қатар қазақ дәстүрінде алыстан келген, ел-жұртқа сыйлылығымен танылған адамдарға арнайы барып сәлем беру салты қалыптасқан. «Төле би тоқсан жасқа келгенде Қаз дауысты Қазыбек би сәлем бере барыпты» деген аңыз да бар. Қазақта «алыстан алты жасар бала келсе, алпыстағы шал сәлем береді» деген мәтел бекер айтылмаған.

Мал сойылып, саба-саба қымыз қотарылып ұлы ырғынға батты. Үлкендер жағы Ерекеңе сәлем береміз деп сән түзеп, бай үйіне беттеп бара жатса, балалар босағадан сығалап асыр салып, қазан-ошақты аңдыған иттерді қуып маз («Өз отынды өшірме»).

Халық дәстүрінде қазақ келіншектері қайын аталары мен енелеріне, қайынағалары мен жасы үлкен абысын-ажынға қырындап тұрып, тізесін бүгіп, оң қолын кеудесіне қойып, иіліп сәлем беруі кездеседі. Қырындап тұрып амандасуда өзіндік сыр бар. Үлкен кісіге қарама-қарсы тұру әдепсіздік болып саналады. Келіннің сәлем беру салты беташар дәстүрінен бастау алады. Белгілі жазушы-этнограф С.Кенжеахметұлы: «Жаңа түскен келінді «беташар» дәстүрі жасалмай ешкім көре алмайды. Оны көру үшін әдейі «беташар» жасалады. Оған тойға жиналған туыс-туғандар тегіс қатынасады. Мұнда «Беташар» жыры айтыла отырып, келінге оның атасы, енесі, оның басқа туыстары таныстырылып, келін оларға сәлем жасайды», – дейді [7, 15]. Үлкен кісілерден табақ қайтқанда да келін сәлем ету дәстүрі қалыптасқан. Ондайда үлкендер өз ризашылықтарын білдіріп, батасын береді. Келіннің сәлем етуі әдептілік пен сыйлаудың белгісі ретінде қабылданады. Сәлем әйелге қатысты болса оны «сәлем етті» дейді. Осындай сәлем беру салты жазушы туындыларында былайша баяндалады:

Жаңа жеңешеміз ибалы, көпті білетін иман жүзді адам екен, сабаға сүт құямын деп қазан-ошақ жақта салдыр-гүлдір жүріп алған жоқ, іле кіріп, нағашымның ық жағын ала бір тізерлей отырды да, әуелі Шаруа-шалмен, сосын менімен майда есендесті («Ел мен жер»).

Жоғарыда талданған сәлемдесу рәсімінде кездесетін бейвербалды амалдардан басқа да халық дәстүрінде амандасудың көптеген түрін кездестіруге болады. Мысалы, ер адамдар арасында қауышып амандасу салты қалыптасқан. Қауышып амандасу үшін әуелі қос қолдап амандасып, сонан соң құшақтарын қайта жайып барып, бір-біріне төс қағысып, оңға бір, солға бір кеуде тоғыстырып,

сонан соң екеуі де артқа бір табан шегінісіп, қолдарын алақан айырмастан тағы соғысып, қос қолдап амандасады. Бұдан басқа да қолды кеуде тұсына апарып амандасу, бас ию, жастар арасында қол алысып, сол қолымен арқадан немесе иықтан қағысу, қол көтеру сияқты кинемалар қатарын сараптай аламыз.

Әр түрлі жағдайларға байланысты сәлемдесу әдебі бар: жасы үлкенге – жасы кіші, жолы үлкенге – жасы кіші адам, әйелге – ер адам бұрын сәлем береді. Қол алысқанда алақандарын бір-біріне түйістіріп ұстау керек. Ал саусақтың ұшын беріп амандасуға болмайды. Кейінгісі өз алақанын алып кеткенінше шыдамдылық жасап күтіп тұру керек. Ислам діні де адамдардың өзара сәлемдесуіне үлкен мән берген. «Егер сізге сәлем берілсе, сіз онан жақсырақ болмаса да, тап өзіндей етіп жауап қайтарыңыз», – делінген Ниса сүресінің 86-шы аятында. Мұхаммед пайғамбардан «Исламның ең жақсы сипаттары қайсылар?» деп сұрағанда, ол: «Аштарға тамақ беру, танитын һәм танымай-тындарға сәлем беру» деп жауап берген екен.

Сәлемдесу рәсімінде коммуниканттардың жасы, жынысы, әлеуметтік белгілері, қоғамдық орны, ұлты т.б. белгілері маңызды рөл атқарады.

Қазақ мәдениеті – ғасырлар бойы қалыптасқан ұлттық мәдениет. Ол ұлттық тәлім-тәрбиенің негізінде дамып, қалыптасады [8, 24 б.].

Сонымен, қорыта келгенде сәлемдесу әдебі – адамзаттың бір-бірімен қарым-қатынасындағы басты форма болып есептелінеді. Сәлемдесу рәсімінде қолданылатын бейвербалды амалдар – жалпы қай халықта болмасын мәдениеттің алғашқы белгісі болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1 Железанова Т.Т. Национальная специфика невербального поведения носителей немецкого языка // Психолингвистика и межкультурное взаимопонимание. Тез. докл. X Всесоюз. симпозиум по психолингвистике и теории коммуникации. – М.: Наука, 1991. – С.107-108.

2 Пиз А. Язык телодвижений: Как читать мысли других людей по их жестам (пер. с англ. яз.). – Нижний Новгород: Ай Кью, 1992. – 262 с.

3 Смирнова Н.И. Невербальные аспекты коммуникации (на материале русского и английского языка): автореф. ...канд. филол. наук. – М.: Институт языкознания АН СССР, 1973. – 21 с.

4 Формановская Н.И. Употребление русского речевого этикета. 2-е изд. – М.: Русский язык, 1982. – 193 с.

5 Сейсенова А. Лингвистикалық мәдениеттану: этикет формаларына салыстырмалы талдау: филол. ғыл.канд. ...дисс. – Алматы: әл-Фараби ат. ҚазМУ, 1998. – 183 б.

6 Бгажноков Б.Х. Психология и техника коммуникативного поведения адыгов // Национально-культурная специфика речевого общения народов СССР. – М.: Наука, 1982. – С.47-75.

7 Кенжеахметов С. Қазақтың салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары. – Алматы: Ана тілі, 1994. – 79 б.

8 Әбдікерімова Г., Базарбекова Н., Есболаева И. Қазақ халқының салт-дәстүрлеріне қатысты тілдік бірліктердің зерттелуі // Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті. Хабаршы//Вестник «Филология ғылымдары» сериясы, 2017. – №4(62). – Б.23-27.

FTAХР 16.21.31

Р.Оразова¹, Ү.О. Оңғар²

^{1,2}Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,
Алматы қ., Қазақстан

АРАБ ТІЛІНДЕ ЖАЗЫЛҒАН ҚАЗАҚ ЕЛІ ТУРАЛЫ ҒЫЛЫМИ ЖАЗБА ДЕРЕКТЕР

Аңдатпа

Бұл мақалада араб тілінде жазылған Қазақстан жайлы ғылыми тарихи-деректер туралы мәліметтер және VIII-XV ғасырлардағы Қазақстан жерін мекендеген халықтар мен тайпалардың тарихын суреттейтін жазбалар келтірілген. Сондай-ақ, мақала араб тіліндегі классикалық шығармалардың өзектілігін және маңыздылығын көрсетеді. Мақалада орта ғасырларда жазылған араб тіліндегі шығармалардан үзінділер, ортағасырлық тайпалардың мекен еткен ортасы, экономикалық-эколо-

гиялық жай-күйлері жайлы мәліметтер келтірілген. Бұл мақаланың өзектілігі – өскелең жас ұрпақты өткен тарихымызбен, оның ішінде орта ғасырдағы қазақ халқының өмір сүру дағдысымен, осы кезең аралығындағы мәдениеттің даму ерекшеліктерімен және де осы уақытқа дейін жеткен жетістіктерімізбен сусындандыру. Өткен тарихымызсыз болашақтың іргесін қалау мүмкін емес екендігі баршамызға мәлім, сондықтан да әлі де зерттелмеген, бірақ зерттеуді талап ететін тың мәселелерді қолға алудың маңызы зор.

Түйін сөздер: араб тілі, тарих, ғылыми деректер, ортағасырлық тайпалар, тарихи шығарма

Оразова Р.¹, Онгар У.О.²

^{1,2}Казахский национальный педагогический университет имени Абая,
г. Алматы, Казахстан

НАУЧНЫЕ СВЕДЕНИЯ ПРО КАЗАХСТАН В АРАБСКИХ ИСТОЧНИКАХ

Аннотация

В статье приведены арабские научные исторические факты про Казахстан и письменные сведения, описывающие народы и племена, жившие на территории Казахстана в VIII-XV веках. А также, в статье рассмотрены актуальность и важность классических произведений на арабском языке. Актуальность этой статьи заключается в том, что мы знаем, что будущее молодого поколения невозможно построить без нашей прошлой истории, включая образ жизни казахского народа, живущего в средние века, особенности развития культуры в этот период. Важно иметь дело с новыми проблемами, которые еще не изучены, но требуют исследований.

Ключевые слова: арабский язык, история, научные исследования, средневековые племена, исторические работы

R.Orazova¹, U.O.Ongar²

^{1,2}The Kazakh national pedagogical university named of Abay,
Almaty, Kazakhstan

SCIENTIFIC DATA ABOUT THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN WRITTEN IN THE ARABIC LANGUAGE

Abstract

This article is written about scientific data and information that was written in arabic language about nations and tribes which had lived in our country in VIII-XV centuries. This article also describes the topicality and importance of the classic historical works which were written in arabic language. The essence of the article is to inform young generation about our past history, particularly the way of living of Kazakh people in the middle century. It is important to work at new problems which haven't been explored yet, but need to be investigated.

Keywords: arabic language, history, scientific data, medieval tribes, historical work

Кіріспе. Араб тіліндегі Қазақстан туралы жазбалар – VIII-XV ғасырлардағы Қазақстан жерін мекендеген халықтар мен тайпалардың тарихын, әсіресе, Шыңғысхан шапқыншылығы кезеңін зерттеуге қажетті деректемелері мол араб тіліндегі тарихи-географиялық әдебиет. Араб халифаты заманында арабтардың шығысты жаулап алып, мұсылман синкретикалық мәдениеті мен ислам дінін таратып, мұсылман дүниесінен шалғайдағы кейбір аймақтармен сауда қатынасын дамытуының нәтижесінде көрші және алыс елдерден жан-жақты мәліметтер жиналды. Орта ғасырлардағы араб тарихнамасында Қазақстан аймағының ерекше орын алуын, біріншіден, арабтардың Орта Азиядағы жаулап алған жерлеріне билігін нығайтуға, екіншіден, қазақ даласын мекендеген көшпелі жауынгер тайпалардың шабуылынан сақтануға тырысқан әрекеттерімен түсіндіруге болады [1, 124]. Қазақстан халықтары туралы ертеректегі деректер араб тіліндегі классикалық тарихи шығармалардан белгілі. IX ғ-да өмір сүрген әл-Белазуридің «Китаб футух әл-бұлдан» “Жорық кітабы” (“كتاب فتوح البلاد”), әт-Табаридің “Тарих әр-русул уә-л-мулук” “Пайғамбарлар мен патшалар тарихы” (“تاريخ الرسل والملوك”)

атты шығармаларында VII-VIII ғасырлардағы арабтардың Орта Азия мен Оңтүстік Қазақстанның кейбір аймақтарына жасаған жорықтары айтылады. « فما يكن في كتابي هذا من خبر ذكرناه عن بعض الماضين مما يستكره قارئه، أو يستشعنه سامعه، من أجل أنه لم يعرف له وجهها في الصحة، ولا معنى في الحقيقة، فليعلم أنه لم يؤت في ذلك من قبلنا، وإنما «أتى من قبل بعض ناقليه إلينا، وأنا إنما أدينا ذلك على نحو ما أدى إلينا».

Тамим ибн Бахр IX-дың I-жартысында Ертіс бойындағы (қазіргі Солтүстік-Шығыс Қазақстан) қимақтар елі арқылы тоғыз-оғыз қағанының астанасын басып өтіп, Шығыс Түркістанға саяхат жасады. Тамим ибн Бахр қимақтардың мекен-жайы, шаруашылығы жайында мәлімет бере отырып, Тараз қаласынан қимақ патшасының сарайына дейінгі көрген-білгені жайлы әңгімелейді. Қазақстан жерін мекендеген тайпалар туралы деректер IX ғасырдағы араб тілінде жазылған географиялық шығармаларда да ұшырасады. Мұндай ерте кезден сақталған еңбекке почта мен тыңшы қызметінің бастығы ибн Хордадбектің “Китаб әл-масалик уә-л-мамалик” “Жолдар мен мемлекеттер туралы кітап” (كتاب المسالك والممالك) атты әкімшілік-географиялық анықтама еңбегі жатады. Онда Оңтүстік Қазақстан мен Жетісуды басып өтетін Ұлы Жібек жолы, оның бойындағы қалалар мен қоныстар жайлы айтылып, түрлі елді мекендердің ара қашықтығы көрсетілген. ибн Хордадбек, көбінесе, халифаттың ерте кездегі байланыс қызметі архивіне сүйенген. Тарихшы-географ әл-Йақубидің (IX ғ.) “Китаб әл-бұлдан” “Елдер кітабы” (كتاب البلاد) атты геогр. шығармасында Қазақстан түркілері жайындағы тарихи этногр. кең ауқымды материал қамтылған. Бұл еңбекте түркілер туралы деректер анағұрлым нақты берілген. Әсіресе, оғыз, қарлұқ, қимақ, қырғыз, тоғыз-оғыз тайпаларының бірлестіктері туралы мәліметтері аса маңызды.

Қазақ жері жайлы жазған мұсылман географ-тарихшыларыға әл-Белазури, әт-Табари, әл-Йақуби, Тамим ибн Бахр, ибн Хордадбек, Құдама ибн Джафар, әл-Факих, әл-Балхи, Ибн Фадлан, ибн Хаукал, Әбу Дулаф, әл-Масуди, Исхақ ибн әл-Хұсайын, әл-Маруази, Закария әл-Қазуини, Ибн әл-Асир, ибн Баттута, Ибн Халдун, ибн әл-Фурат, Ибн Арабшаһ және т.б. жатады. Араб географы, филолог Құдама ибн Джафар (X ғ.) “Китаб әл-харадж” “Харадж жайлы кітап” (كتاب الخراج) деген ресми құжаттар мол пайдаланылған географиялық-әкімшілік шығармасында халифаттың әкімшілік бөліктері, ірі қалалары, таулары, өзен-көлдері және жеті климат туралы деректер береді. Мұнда аймақтардағы жол қатынасы, жер жағдайы, алым-салық мәселесі туралы айтылады. Шығармада көршілес мұсылман елдері жөнінде мағлұмат беріліп, онда қарлұқ, қимақ, оғыз тайпалары, Оңтүстік Қазақстан мен Жетісу шебіндегі жол қатынасы, қалалар мен елді мекендер, олардың ара қашықтығы жөнінде нақты мәліметтер жинақталған. Араб географы ибн әл-Факих (IX ғ-дың соңы – X ғ-дың басы) “Китаб ахбар әл-бұлдан” “Елдер туралы әңгіме кітабы” (كتاب اخبار البلاد) 903 ж. атты тарихи шығармасында, көбінесе өзіне дейінгі авторлардың мәліметтеріне сүйенеді. Шығармада Азия мен Батыс Еуропа елдері туралы тарихи-геогр. материалдар мол. Түркі тайпалары (қарлұқ, қимақ, қыпшақ, оғыз, тоғыз-оғыз т.б.) жайлы, олардың орналасуы, шаруашылық және мәдени өмірі, елдер, қалалар, сауда жолдары туралы деректері аса құнды. عجائب حكمته المودعة في بلاده وعباده. بدأه بالحاجة الداعية إلى إحداث المدن والقرى وخواص البلاد في تأثير [2,51]. وقد قسم الأرض إلى سبعة أقاليم، وذكر ما اشتملت عليه تلك الأقاليم من أمم وممالك.

X ғасырдың басында ибн әл-Факихпен бір мезгілде ибн Русте көп томдық энциклопед. шығарма жазды. Бұл еңбектің аймақтардың тарихи-географиялық сипаттамасы жазылған бір ғана томы сақталған. Ибн Рустенің түрлі саяхатшылар мен географтардың шығармаларының негізінде түркі тілдес тайпалар туралы жазған “Китаб әл-алақ ән-наа” “Қымбат алқа туралы кітап” (كتاب الألق النفيس) атты еңбегінің Қазақстан тарихы үшін үлкен маңызы бар. X ғ. – араб геогр. әдебиетінің кемелденген кезі. Бұл дәуірдегі арабтың көрнекті географ-саяхатшысы ирандық әл-Истахридің (X ғ.) “Китаб масалик уә-л-мамалик” “Жолдар мен мемлекеттер туралы кітап” (كتاب المسالك والممالك) атты еңбегі әл-Балхидің бізге жетпеген географиялық шығармасының өңделген нұсқасы. Кітапта Парсы теңізі, Мағриб, Египет, Сирия, Румдартенізі, Ирак, Үндістан, Хазартенізі, Армения мен Әзірбайжан, Хорасанға географиялық сипаттама берді. Оның жазбасына қарағанда олар бір тілде сөйлеген. әл-Истахри мен ибн Хаукал еңбектерінің маңызды бөлігі “Сурат әл-ард” “Жер беті” (صورة الارذ) деп аталатын географиялық карта болып табылады. Ибн Фадлан 942 жылы Қытай мен Үндістанға жасаған саяхаты жайындағы сапарнамасын 2 “Рисалаға” “Жазба” (رسالة) жинақтады. Онда оғыздардың, қимақтардың, қарлұқтар мен жікілдердің шаруашылығы, діні мен тұрмыс жағдайы туралы деректер берілген. Жазбада автор көргенінен гөрі естігенін көп әңгімелейді. Бағдат қ-нда туған араб тарихшысы әрі географы әл-Масудидің (X ғ.) шығармасы құнды тарихи деректеме болып табылады. Ол Үндістаннан Атлант мұхитына дейінгі, Қызыл теңізден Каспий теңізіне дейінгі аралықтағы елдерге саяхат жасап, ондағы түрлі қауым өкілдерімен араласып, дидактасу арқылы дүниетанымын кеңейтті. “Ахбар әз-заман” “Дәуір тарихы” (اخبار الزمان) атты 30 томдық тарихи-географиялық энциклопедиядан қысқа

ғана үзінділер сақталған. Оның тарихи шығармаларынан “Мурудж әз-захаб уә ма’адин әл-жауахир” “Алтын шайқайтын және жарқырауық тастар алынатын кен орны” атты еңбегі ықшамдалған, ал “Китаб әт-танбих уәл-ишраф” “Ғибрат және қайыра қарастыру кітабы” (كتاب التنبيه والاشراف) атты географиялық шығармасы толық күйінде жетті. Оғуз тайпалары мен тайпалық одақтарын араб-парсы деректерінде «guz/gyzz, guzzoq (guzoq)» деп белгілеген [3, 14].

Әл-Масудидің еңбектерінде түркі тайпалары қимақтар, оғыздар, қарлұқтар, барисхандар, тоғыз оғыздар, хазарлар туралы құнды тарихи-этнографиялық деректер және ерте орта ғасырдағы Қазақстанның тарихи географиясы жайында бағалы мәліметтер берілген. Сонымен қатар Батыс Қазақстандағы IX ғасырдың II-жартысындағы тарихи оқиғаларға қысқаша тоқталады. Әл-Макдиси (X ғ.) шығармаларының ішінде оның өзі куә болған оқиғаларға негізделген тарихи-геогр. еңбегі маңызды орын алады. Онда Орта Азия мен Оңтүстік Қазақстан, ондағы халықтардың тайпалық құрамы, қалалары мен елді мекендері, сауда жолдары, сауда-саттық заттары, шаруашылығы мен діни көзқарастары, тілі, әдет-ғұрпы жайында маңызды деректер келтірілген. XIII ғасырдан бастап араб тілінде жазған ортағасырлық авторлар өз заманында өтіп жатқан оқиғалардан гөрі, өткен дәуірдегі тарихшы-географтардың еңбектерінен үзінділер келтіре жазуды мақсат ете отырып, біздерге жетпеген бірқатар шығармалардан бағалы деректер келтіреді. وعجائب حكمته المودعة في بلاده وعباده. بدأه بالحاجة. الداعية إلى إحداث المدن والقرى وخواص البلاد في تأثير البلاد في سكانها وفي المعادن والنبات والحيوان. وقد قسم الأرض إلى سبعة أقاليم، وذكر ما اشتملت عليه تلك الأقاليم من أمم وممالك [4, 251].

Әл-Идрисидің ізін қуушы араб географы Ибн Саидтың (XIII ғ.) “Жеті аймақ туралы” шығармасы өзіне дейінгі деректемелерге сүйене жазылғанымен, Қазақстан мен Еділ бойының, Орта Азияның XIII ғ-дың ортасына дейінгі тарихи геогр-сын зерттеуде өз орны бар. Сондай-ақ, қимақтар, олардың татарлармен қарым-қатынасы туралы қызықты деректер берілген. Осы тектес деректемеге тарихшы-географ Закария әл-Қазуинидің де (XIII ғ.) еңбектері жатады. Ол бірімен бірі сабақтас 2 тарихи-геогр. шығармаларымен танымал. Оның алғашқысы “Аджаиб әл-махлукат” “Жаратылыс ғажаптары” (عاجيب المخلوقات), 2-сі “Асар әл-билад” “Қалалар ескерткіші” (آثار البلاد) деп аталады. Бұл туындыларда түрлі аспан шырақтары, жердің жеті белдеуі (ықылым), мұхиттар, өзен-көлдер, жан-жануарлар дүниесі туралы мәліметтер, IX-X ғ-ларда бүгінгі Қазақстан жерін мекендеген түркі тілдес оғыз, қарлұқ, жікіл, қимақ тайпалары жөнінде тарихи-этногр. деректер топтастырылған. Әл-Идрисидің ізін қуушы араб географы Ибн Саидтың (XII ғ.) “Жеті аймақ туралы” шығармасы өзіне дейінгі деректемелерге сүйене жазылғанымен, Қазақстан мен Еділ бойының, Орта Азияның XII ғ-дың ортасына дейінгі тарихи геогр-сын зерттеуде өз орны бар. Сондай-ақ, қимақтар, олардың татарлармен қарым-қатынасы туралы қызықты деректер берілген. Осы тектес деректемеге тарихшы-географ Закария әл-Қазуинидің де (XII ғ.) еңбектері жатады. Ол бірімен бірі сабақтас 2 тарихи-географиялық шығармаларымен танымал. XIV-XV ғ-ларда мәмлүк (қыпшақ) әулеті билеген Египеттің Алтын Ордамен қарым-қатынасы жайында бірқатар тарихи шығармалар жазылды. Түркі әулеттері мен халықтары, елдері туралы тарихи геогр. құнды деректері бар әкімшілік істерге қажетті энциклопедиялар жарық көрді. [5, 203]. عثمان بن عفان في تاريخ الطبري عن مقتل سيف الدين بن عمر مرويات.

XIII ғасырда Египетте қыпшақтан шыққан әз-Захир Рукн әд-Дин Байбарыс сұлтанның (1260-77) өмірбаянына арналған тарихи еңбек жазылды. Шығарманың авторы-сұлтанның хатшысы Абд әз-Захир. Шығармада Алтын Ордамен қарым-қатынас, Қырымнан Итилге (Еділге) дейінгі жолдар сипаттамасы, сол кезде Дешті Қыпшақ тайпаларымен араласып кеткен Қырым тұрғындарының тайпалық құрамы жөнінде этногр. мәліметтер беріліп, Алтын Ордадағы діни және идеологиялық жағдайлар туралы айтылады. Көрнекті тарихшы ән-Нувейриддің (XIV ғ.) “Нихаят әл-араб фи фунун әл-адаб” “Араб пәндеріне қатысты тілек шегі” (ناهية العرب في فنون الادب) атты энциклопедиялық еңбегі 5 бөлімнен құралған. Тарихқа арналған соңғы бөлімі кітаптың жартысына жуық көлемін қамтиды. Тарих тарауы негізінен көшірме, ал түпнұсқасында соңғы жылдардағы яғни 1331 жылға дейінгі деректер қамтылған. Автор түркі халықтары туралы тарихи-этнографиялық деректер келтіріп, “Қыпшақ еліне” қысқаша шолу жасайды, тайпаларының саны, ру тартысы жөнінде баяндайды [6, 85].

Мұнда Шыңғысхан шапқыншылығының Орта Азия мен Еділ бойына, Кавказға тигізген әсері, Дешті Қыпшақ жеріндегі қалалар мен сауда жолдары, қыпшақтардың орналасуы, әдет-ғұрыптары туралы әңгімелейді. Саяхатшы ибн Баттутаның (XIV ғ.) еңбектері де осы дәуірге сай келеді. Ол Танжер (Мағриб) қ-нда туып, сонда білім алып, қазылық қызмет атқарған. 25 жыл (1325-49) саяхатта болып, 150 мың шақырымнан аса жол жүрген.

Қорытындылай келсек, Араб тіліндегі Қазақстан туралы деректемелер- араб тіліндегі тарихи-географиялық әдебиетте VIII-XV ғасырлардағы Қазақстан жерін мекендеген халықтар мен тайпа-

лардын тарихын, әсіресе, моңғол шапқыншылығы кезеңін зерттеуге қажетті, бағалы деректемелер мол. Араб халифаты заманында арабтардың шығысты жаулап алып, мұсылман синкретикалық мәдениеті мен ислам дінін таратып, мұсылман дүниесіне шалғайдағы кейбір аймақтармен сауда қатысын дамытуының нәтижесінде көрші және жырақтағы елдерден де мәліметтер жинайды. Араб орта ғасыр тарихнамасының Қазақстан аймағына құштар болуы, біріншіден, арабтарға Орта Азиядан жаулап алған жеріне билігін нығайтуға, екіншіден қазақ даласын мекендеген көшпелі жауынгер тайпалардың шабуылынан сақтануға қажет болды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1 Крачковский И.Ю. *Арабская географическая литература. Избр. соч., Т.4. – М.-Л., 1957. – С.124-126.*
- 2 جعف محمد بن جرير الطبري أبو جعف ، تاريخ الرسل والملوك ، 1387. – С.51.
- 3 Қаржаубай Сартқожаұлы. "Қазақ" атауының қайнары "Оғуздан" басталған [Электрон. ресурс]. – 2015. – URL: <http://abai.kz/post/view?id=4282>. 28.02.2017.
- 4 كتاب التنبيه والاشراف، 705 هـ. ابن فضالان 4 – С.251-252.
- 5 موجز دائرة المعارف الإسلامية - الجزء الثاني والعشرين الطبعة الأولى. الشارقة: مركز الشارقة للابحاف الفكرية 1418 هـ / 1998 م. صفحة 6767.
- 6 *Арабская литература. Классический период. – М., 1960.*
- 7 Кумеков Б.Е. *Арабские и персидские источники по истории кыпчаков VIII-XIV вв. – А., 1987. – С.85-86.*

FTAXP 16.21.45

Ж.К. Отарбекова¹

¹Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті,
Алматы қ., Қазақстан

ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ СӨЗЖАСАМДЫҚ ВАЛЕНТТІЛІК ЖАЙЫНДА

Аңдатпа

Сөзжасам механизмінің негізін құрайтын қосымша морфеманы зерттеу аффикстердің валенттілігі мәселесімен тығыз байланысты. Морфемалардың валенттілігі – сөйлеудің әр түрлі бөліктеріне қатысты және жаңа туындыларды қалыптастыратын сөздер мен сөз тудырушы морфемалардың үйлесімділігі. Синхронды тұрғыда валенттіліктің көмегімен сөздің сөзжасамдық потенциалын зерттеп, сол үлгімен әр түрлі сөз табында жаңа туындылардың пайда болуын болжауға болады. Дегенмен, осы немесе басқа туындыларды жасауда тек интралингвистикалық емес, сондай-ақ экстралингвистикалық факторлар ықпал етеді.

Сөз жасаудың қандай да бір механизмін таңдау тілді қолданушының прагматикалық ұстанымына – қарым-қатынас актісінің мақсатына байланысты. Экстралингвистикалық факторлардың ықпалымен жаңа атауларға деген зор қажеттілік туады, ал тіл жүйесі өз кезегінде дәуір қойып отырған талаптарға жауап беруге тырысады. Соның нәтижесінде сөзжасам жүйесінде белгілі бір өзгерістер орын алады. Осылайша тілдік факторлар мен тілдік емес факторлар қарым-қатынасқа түсіп, деривациялық бірліктердің сөзжасамдық әлеуеті артады.

Түйін сөздер: сөзжасам, валенттілік, тіркесімділік, аффикс, әлеует, прагматика, лингвистикалық фактор, экстралингвистикалық фактор

Отарбекова Ж.К.¹

¹Казахский государственный женский педагогический университет

О СЛОВООБРАЗОВАТЕЛЬНОЙ ВАЛЕНТНОСТИ КАЗАХСКОГО ЯЗЫКА

Аннотация

Исследование сочетаемости морфем, которое является основой механизма словообразования, тесно связано с вопросом валентности аффиксов. Валентность морфем – это совместимость словообразовательных морфем со словами, которые касаются разных частей речи и образуют новые

производные. При синхронном разрезе исследования потенциала словообразования посредством валентности становится возможным предсказать появление нового образования на доступных образцах. Но, тем не менее, невозможно угадать точное появление той или иной производной, поскольку при ее реализации вступают в силу не только внутриязыковые, но и экстралингвистические факторы.

Выбор механизма словообразования зависит от прагматического принципа обладателя языка – цели акта общения. Под влиянием экстралингвистических факторов появляется необходимость создания новых наименований, а система языка старается ответить на вызовы времени. В результате этого в системе словообразования происходят определенные изменения. Таким образом, во взаимодействии языковых и неязыковых факторов, повышается словообразовательный потенциал деривационных единиц.

Ключевые слова: словообразование, валентность, сочетаемость, аффикс, потенциал, прагматика, лингвистический фактор, экстралингвистический фактор

Zh.K. Otarbekova¹

¹Kazakh State Woman Pedagogical University

ON THE WORD FORMATION VALENCY OF THE KAZAKH LANGUAGE

Abstract

The study of the compatibility of morphemes, which is the basis of the word formation mechanism, is closely related to the question of the valence of affixes. The valence of morphemes is the compatibility of word-building morphemes with words that relate to different parts of speech and form new derivatives. In the synchronous section of the study of the potential of word formation through valence, it becomes possible to predict the appearance of a new formation on accessible samples. But, nevertheless, it is impossible to guess the exact appearance of a particular derivative, since its implementation takes into account not only intralinguistic, but extralinguistic factors.

The choice of the mechanism of word formation depends on the pragmatic principle of the owner of the language, the purpose of the act of communication. Under the influence of extralinguistic factors, it becomes necessary to create new names, and the language system tries to respond to time calls. As a result, certain changes occur in the system of word formation. Thus, in the interaction of linguistic and non-linguistic factors, the derivational potential of the derivational units increases.

Keywords: word formation, valence, compatibility, affix, potential, pragmatics, linguistic factor, extralinguistic factor

Сөзжасам механизмінің негізін құрайтын туындылардағы морфемалардың тіркесімділік заңдылықтарын зерттеу қосымшалардың валенттілігі мәселесіне тығыз байланысты. Қосымшалардың валенттілігі дегеніміз – белгілі бір қосымшаның әр түрлі сөз таптарын жасайтын сөздерге талғаусыз жалғана алу қабілеттілігі.

Лингвистикалық валенттілік теориясы С.Д. Канцельсонның есімімен байланысты, ол валенттілік терминін «сөздің сөйлемде көрініс табуы және басқа сөздермен белгілі бір қарым-қатынасқа түсе алуы» ретінде анықтайды [1, 132 б.].

Л.Теньер валенттілік теориясын етістік сөз табы негізінде қарастырып, авалентті, бірвалентті, эквивалентті, үшвалентті етістіктерді сөйлем құрауда етістіктердің негіз болуы тұрғысынан алады [2].

Қазақ тілші ғалымы М.Оразов: «Оқулықтар мен ғылыми еңбектерде валенттілік сөз болғанда, негізінен, синтаксистік валенттілік туралы ғана сөз болғанымен, логикалық және семантикалық валенттілік әлі де зерттеу объектісі бола қойған жоқ» [3, 199 б.]. Етістіктің валенттілігі туралы қазақ тіл біліміндегі Д.А. Қарағойшиеваның [5], Қ.Қасабектің [5] зерттеулері дәлел.

Алғашқы зерттеушілердің көпшілігі валенттілікті тек синтаксистік деңгейде қарастырса, кейіннен валенттілік ұғымы зерттеулер барысында тереңдеп, нақтылана түсті. Оның міндетті және факультативті, актив және пассив, синтаксистік және семантикалық типтері айқындалды. Сөйтіп, валенттілік ұғымы тілдің синтаксистік және лексикалық қабатын зерттеуде аса жемісті болды. Бірақ А.Ф. Лосев, Ю.С. Долгов, М.Д. Степанова, Л.Н. Засорин, т.б. ғалымдар оны тілдің синтаксистен басқа деңгейлеріне де тәндігін дәлелдеуге тырысты.

Соңғы онжылдықта тіл білімінің сөзжасам саласында дериватология мәселелері, туынды сөздің лексикалық мағынасы, дериваттардың семантикасы, көпмағыналығы, сөзжасамдық үлгі, оның құрылымы мен сөз жасау мүмкіндіктері секілді мәселелер белсенді түрде қарастырылуда. Оларды зерттеумен орыс тіл білімінде белгілі дериватологтар А.Н. Тихонов, Н.А. Янна-Триницкая, М.Н. Янценецкая, А.Н. Лыков, Н.С. Улуханов, Т.С. Морозова, т.б. айналысты. Көп жағдайда бұл зерттеулер сөзжасамдағы парадигмалық қатынастарды қарастырумен байланысты болды.

Туынды сөз мәселесі деривациялық мағына мен сөзге кіретін морфеманың тіркесімділігін міндетті түрде талдауды қажет етеді. Деривациялық бірліктердің сөзжасамдық байланыстары семантикалық тұрғыдан болсын, формальды тұрғыдан болсын, валенттілік теориясының зерттеу нысаны болып табылады. Валенттілік тілдің барлық деңгейлеріндегі тіркесімділік мәселесін қарастырады. Ішкі валенттілік мәселесі орыс тіл білімінде шетел тілдері материалдары негізінде жақсы зерттелген деуге болады. Ал орыс тілінің негізінде ішкі валенттілік мәселесін терең зерттеу кейінгі жылдарда ғана қолға алына бастады. Көбінесе әр түрлі сөз табы сөзжасамына қатысты жекелеген мәселелер, сөзжасамдық типтердің (үлгілердің) жасалуы, туынды сөздер жасаудағы кейбір аффикстердің тіркесімділігі, дериваттардың семантикалық құрылымы, сөзжасамдық ұядағы морфемалардың сөзжасамдық байланыстары секілді мәселелер Е.А. Земская, И.С. Улуханов, А.Н. Немченко, Е.В. Огольцева, Д.Ф. Ермакова, т.б. еңбектерінде қарастырылды.

Қазақ тіл білімінде валенттілік ұғымы түрлі салаларда, сөз таптарының тіркесімділігі ыңғайында, логикалық, семантикалық, морфологиялық және синтаксистік валенттілік тұрғысынан сипатталып, арнайы зерттеулер жүргізілді. Бірақ, валенттілік мәселесін арнайы зерттеген Г.Сыздықова көрсеткендей, «Валенттілікті тіл деңгейлеріне қарай топтастыруға байланысты ғылыми пікірлерде тілдің сөзжасам саласындағы бірліктердің валенттілігіне қатысты «сөзжасамдық валенттілік» ұғымы назарға алынбайды. Ал ғылыми зерттеулерде валенттіліктің бұл түрі «морфологиялық валенттілік» ұғымымен беріледі. Егер валенттілік құбылысы тіл деңгейлерімен тікелей байланысты, валенттілік қатынас әрбір тіл деңгейіндегі тіл бірліктеріне толық қатысты деп танысақ, валенттілік түрлерін анықтауда олардың тілдің әр деңгейіндегі бірліктерге қатысы да толық негізге алынғаны жөн. Соған орай валенттілік теориясында оның логикалық, семантикалық, морфологиялық, синтаксистік түрлерімен қатар сөзжасамдық валенттілікті де оның бір түрі ретінде бөліп көрсетуге болады. Валенттіліктің бұл түріне байланысты жекелеген зерттеулер болғанымен, валенттіліктің түрлерін анықтауда сөзжасамдық валенттілік мүлдем көрсетілмейді деуге болады» [6].

Сөзжасам теориясын зерттеуші ғалым А.Салқынбай сөзжасамдық валенттілікті «туынды атау жасауға қатысатын сөзжасамдық тұлғалардың бір бірімен ұғымдық, тұлғалық, мағыналық жағынан сәйкес келуі» ретінде түсіндіреді [7, 338 б.]. Соған орай ішкі және сыртқы валенттілік түрлерін ажыратып көрсетіп, туынды сөздің жасалуындағы валенттілік пен тіркесімділіктің айырмашылығын көрсетеді.

Лингвистикада дәстүрлі түрде «сыртқы» дегенде тілдік бірліктердің формальды жағы, ал «ішкі» дегенде оның семантикалық сипаты (мазмұны) түсініледі. Сөзжасам жағдайында, М.Д. Степанованың ізімен, сыртқы валенттілік деп тілдік бірліктердің сөз аралық (сөз тіркесі мен сөйлемдегі) байланысы түсінілсе, ішкі валенттілік деп туынды сөз ішіндегі (негіз бен аффикс) байланысты түсіну керек [8, 13-19 б.].

Жаңа сөз жасалған кезде алдымен морфемалардың тіркесімділігінің семантикалық заңдылықтары көрінеді: туындының құрамына кіретін тілдік элементтердің мағыналары тиісті номинация қалыптастырады. Егер олардың арасында семантикалық деңгейде үйлесім болмаса, онда морфеманы формальды түрде бейімдеу мүмкін емес. Байланысқа түсетін негіз бен формант семасы мағыналық сәйкесімділікке түскен жағдайда ғана туынды сөз табысты жасалады. Мысалы, *-шы* жұрнағы субъект мәнімен байланысты болғандықтан, онымен тіркесетін негіздің субъектілік сипаты болуы тиіс. Бірақ морфеманың семантикалық валенттілігімен қатар туынды сөз жасауда формальды валенттілік те роль атқарады. Мәселен, белгілі бір қосымшалардың белгілі бір топтағы сөздерге жалғану қабілеті формальды сипатта деуге болады. Мысалы, етістік тудыруда *-ла*, *-ле* қосымшасының, үстеу тудыруда *-ша*, *-ше* қосымшасының көптеген сөздерге жалғана алу қабілетін алуға болады. Бұл тілде категориалды валенттілік деп те аталып жүр. Өйткені категориалды валенттілік аталған қосымша арқылы қандай сөз таптары жасалатынын есепке алады.

Сондай-ақ, тілде қосымшаларға қатысты функционалды валенттілік термині де қолданылады. Функционалды валенттілікке аталған қосымшалардың бір ғана қызметте көрініс беруі жатады. Қосымшаларға қатысты функционалды валенттілік іштей сөз тудырушы, сөз түрлендіруші, тұлға

тудырушы болып бөлінеді. Ал қосымша жалғанатын сөздің қай сөз табына жататынына қарай функционалды валенттілік номинативті, адъективті, вербалды, адвербиалды болып бөлінеді.

Сөз тудырушы морфемалардың деривациялық байланыстары сөзжасам процесіндегі заңдылықтардың көрінісі ғана емес, морфемалардың бір-бірімен тіркесуінің потенциалды мүмкіндігі ретінде қарастырылуы тиіс. Валенттілік мәселесіне осындай көзқарас қана узуалды және окказионалды жаңа туындылардың жасалу механизмдерін анықтауға мүмкіндік береді. Демек, валенттілік бір тілдік бірліктің басқа тілдік бірлікпен сөзжасамдық байланысқа түсуінің жасырын қабілетін (потенциалын) ашуға мүмкіндік береді. Осыдан барып әрбір морфеманың сөзжасамдық күшін, тіркесімділік қабілетінің дәрежесін танытатын валенттілік термині пайда болады. Валенттілік қабілеті морфеманың семантикалық өрісімен сипатталады да, бір сөз табындағы негіздерге жалғанса, бір валентті, екі сөз табына жалғанса, екі валентті, т.с.с. болады. Ал көпваленттілік сөз тудырушы қосымшаның бірнеше сөз табына жалғана алуымен байланысты.

Валенттілік тілдік жүйеге түскен мүмкіндіктердің іске асу шарттарының жиынтығы ретінде қарастырылса, ол лингвистикалық әлеует теориясының құрамдас бөлігі ретінде қабылдануы керек. Сөзжасамдық деңгейде «лингвистикалық әлеует (потенциал)» ұғымы ең алдымен жаңа сөздердің тілде бар үлгілер бойынша жасалу мүмкіндігі [9, 121 б.] ретінде анықталады. Мұндағы сөзжасамдық әлеует ұғымының айтарлықтай күрделі құбылыс екендігін ескерген жөн.

Д.Ф. Ермакованың көрсетуінше, «Сөзжасамдық әлеует екі түрлі сипатта көрінеді: диахронды және синхронды. Бірінші жағдайда белгілі бір сөз тудырушы негізден туынды сөздер қатарының түзілуінің әлеуетті мүмкіндігі көрінсе, екіншісінде бұл мүмкіндіктің тіл тарихының белгілі бір уақыт кесіндісі аралығындағы деривациялық үдерісінің салыстырмалы тұрақтылығы (сөзжасамдық әлеуетінің іске асуы) көрініс табады [10, 5 б.]. Яғни, бірінші жағдайда, сөзжасамдық әлеует деп сөздердің тілде бар үлгілер (модельдер) бойынша түзілуі түсінілсе, екінші жағдайда аталған топтағы нақты бір сөздің сөзжасамдық қуаттылығы қарастырылады.

Сөзжасамдық үлгі (модель) мен сөздің әлеуетін анықтап, оның іске асу шарттарын білу үшін туындыны екі түрлі аспектіде қарастыру керек: «форманттан» – белгілі бір сөзжасамдық үлгінің лексикалық толығын бейнелейтін бір құрылымды дериваттармен салыстыра отырып, және «негізден» – сөзжасамдық ұяның қалыптасуы мен кеңею жолын барлай отырып қарастыру. Үлгі әлеуетінің қалыптасуы ондағы сөзжасамдық мағынаның жалпылама сипатына байланысты, үлгінің деривациялық мағынасының семантикалық шегі кең болған сайын оның негіздерінің тізімі де үлкен болады, бірақ оған валенттілік сипаттамасы үлгіде берілген өлшемдерге сәйкес келетін бастапқы сөздер ғана кіреді. Соған орай, бұл жағдайда базалық компоненттің өзіндік ерекшелігінің, оның әлеуеттік мүмкіндігінің маңызы зор; сөздің әлеуетін анықтаған кезде бұл жағдай керісінше өзгереді: бір туынды негіздің семантикалық уәжділігін тудыратын көмекші морфемалардың валенттілік қабілеті үлкен рөл атқарады.

Синхронды негізде валенттіліктің көмегімен сөздің сөзжасамдық әлеуетін зерттей отырып, бір тақырыптық немесе лексика-грамматикалық топқа жататын, басқа ұяларда қолданылатын үлгілер бойынша жаңа түзілімдердің пайда болуын болжауға мүмкіндік туады. Бірақ, соған қарамастан, қандай да бір дериваттың пайда болуын жүз пайыз дәлдікпен айтуға болмайды, өйткені оның пайда болуына тек ішкі лингвистикалық факторлар ғана емес, экстралингвистикалық факторлар да әсер етуі мүмкін.

Осылармен қатар деривациялық әлеует сөзжасамдық жүйе заңдылықтарына сәйкес іске асып қана қоймай, ауытқулар болатынын да ескерген жөн. Соған орай тілде потенциалды немесе окказионалды туындылар пайда болуы мүмкін. Бұл мәселемен бірқатар ғалымдар айналысқан (Г.О. Винокур, В.В. Лопатин, Е.А. Земская, Р.С. Зуева, т.б.). Бірақ бұл мәселе валенттілік тұрғысынан емес, туынды сөздің басқа аспектісі тұрғысынан қарастырылған.

Лингвистикалық әдебиеттердегі окказионал сөздердің критерийлерін қарастыра отырып, олардың ішіндегі ең мәндісі деп морфеманың валенттілігінің бұзылуын айтуға болады. Оған дәстүрден тыс қолданыстар мен өнімділігі төмен не өнімсіз қосымшалардың сөз жасауға тартылуы, олардың сөз тудыру ерекшеліктерін айтуға болады. Мәселен, *-ман* жұрнағы қазақ тіліне ХХ ғасырдың соңғы тұсында енген, оқырман, тыңдарман, көрермен шабарман секілді бірлі-жарым сөз тудырған өнімсіз жұрнақ. Осы қосымшаны *алар, сұрар, берер, жазар* сөздеріне қосып қолдану фактісі де кездеседі. *Аларман, сұрарман, берермен, жазарман* сөздері жеке қолданыстағы окказионал сөздер, мұнда *-ман* қосымшасының валенттілігі бұзылған деуге болады, себебі аталған қолданыстар тілдік сұраныстан туындап тұрған жоқ.

Ал *-лық, -лік, дық, -дік, -тық, -тік* жұрнағының сөзжасамдық қабілеті, соған орай валенттілік сипаты артқан. Себебі аталған қосымша кез-келген сөз табынан жаңа сөз жасауда белсенді қолданылады: *қауіпсіздік, ортақтық, аймақтық, жаһандық, тұрақтылық, әсіреұлтишылдық, төрелік, тәуелсіздік, мәрттік, татулық, іскерлік, ұлтаралық, дінаралық, ақпараттық, компьютерлік*, т.б.

Қазақ тілінің сөзжасамында *-нама, -неме (-дама, -деме)* қосымшалары арқылы жасалған сөздер туынды сөздер қатары артып келе жатқаны байқалады. «Қазіргі қазақ тілінің сөзжасам жүйесі» монографиясында бұл жұрнақ туралы былайша түсінік береді: «*-нама (-дама), -нама* – иран тілдерінде «жазу», «шығарма», «кітап» мағынасын білдіретін дербес лексема. Ол қазақ жазбаларында жұрнақ ретінде негізінен ХІХ ғасырдың бірінші жартысынан былай көріне бастады. Оның әдебиеттерде етек ала түскен кезі – 1920-30 жылдардың іші. Тілімізде қазір мұнымен жасалған туындылар жетерлік. Рас, бүгінде олардың бәрі бірдей қолданымды емес. Көбінесе тарихи шығармаларда, пафостық (көтеріңкі) стиль үлгісіндегі түрлі жазба нұсқаларда жұмсалады: *жарнама жылнама, құбыланама, сарыннама, баяннама, гарышнама, дәуірнама, ақпарнама, ғұмырнама, мағлұмнама, қазанама, өсиетнама, есімнама, тарихнама, жұлдызнама, таһлилнама сәлемнама* т.б. Осы туынды зат есімдердің бәрінде де *нама* түбірге сол өзінің «жазу», «шығарма», «кітап» деген тәрізді мағынасын үстеп тұр» [11, 133].

-нама жұрнағының сөзжасамдық қасиетінің бұрынғыға қарағанда бүгінде біршама кеңі түскеніне мына мысалдар дәлел болғандай. Мысалы:

Президент Жолдауы жайлы әлеуметтік сауалнамада жауап берушілердің көбі денсаулық саласын даралап көрсеткен. Сондай-ақ Президент үлескерлік тұрғын үй құрылысына қатысты заңнамаларды жетілдіре түсу керек екенін айтты («Ана тілі», 2008). Сондай-ақ, қаламгер мерейтойы қарсаңында тағы бір жаңа кітап – «*Зейноллама*» жинағы оқырман көпшілікке жол тартты («Қазақ әдебиеті», 2007). *Тұжырымдамада* жергілікті жерлердегі этносаралық және дінаралық өзара байланыстардың барлық қырлары ескерілуі тиіс (ЕҚ., 2012).

-ым, -ім, -м жұрнағы туа түбір етістікке де, туынды етістікке де жалғанып жасала береді. Мұндай туылымдардың мағынасында нақтылықтан, заттық тиянақтылықтан гөрі абстрактылық сипат басым болады. Мысалы: *төзім, шыдам, кесім, жайылым, білім, өлім, өсім, өрім, жітім, жем, тыйым, шақырым, тұтам, алым (алым-салық дегендегі)* т.б. Бұл аталғандар *-ым, (-ім), -м* тұлғалары арқылы туа түбір етістіктен жасалған қазақ тілінің байырғы төл сөздері. Бұлардың сыртында, кейіннен термин ретінде қалыптасқан жаңа туынды зат есімдер де бірқыдыру: *алым, бөлім (бөлішектің алымы мен бөлімі), бөлім (отдел), бөлім (отделение), бөлім (раздел), сүрлем, сөйлем, құрылым, құрам, айырым, қойылым (постановка), қайтарым (отдача), сұраным (спрос), терім (набор), наным, өсім* тағы сол сияқтылар.

Қазақ тілінде кел етістігіне *-ім* жұрнағының жалғануы арқылы жасалған *келім* деген де туынды зат есім кездеседі: Еспенбетке ұнады Ақбөртеңің *келімі*. Құйрығын шаншып алды да үш айналды желіні («Үш ғасыр жырлайды»), *Келімі* жоқ кер дала (Қ.Бекхожин). Мұндағы *келім* дериватының ілгеріде аталған туынды зат есімдерден қолданымдық деңгейі басқарақ. Бұл тілімізде әлі жалпыхалықтық сипат ала қоймаған, окказионалдык, стильдік қана құбылыс сияқты.

Сөз жасаудың қандай да бір механизмін таңдау тілді қолданушының прагматикалық ұстанымына – қарым-қатынас актісінің мақсатына байланысты. Эсктралингвистикалық факторлардың ықпалымен жаңа атауларға деген зор қажеттілік туады, ал тіл жүйесі өз кезегінде дәуір қойып отырған талаптарға жауап беруге тырысады. Соның нәтижесінде сөзжасам жүйесінде белгілі бір өзгерістер орын алады. Осылайша тілдік факторлар мен тілдік емес факторлар қарым-қатынасқа түсіп, деривациялық бірліктердің сөзжасамдық әлеуеті артады. Сонымен, қорыта келгенде, морфеманың валенттілік қабілетіне тілішілік және тілден тыс факторлар қатар ықпал етеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1 Кацнельсон С.Д. О грамматической категории // Вестник ЛГУ, 1948. – №2. – С.114-134.
- 2 Теньер Л. Основы структурного синтаксиса. – Москва: Прогресс, 1988. – 656 с.
- 3 Оразов М. Қазақ тілінің семантикасы. – Алматы: Рауан, 1991. – 213 б.
- 4 Қарагойшиева Д.А. Етістіктердің семантикалық және синтаксистік валенттілігі. Филолог. ғыл. канд. ... дисс. – Алматы, 2005. – 173 б.
- 5 Қасабек Қ.Қ. Етістіктің валенттілігі // Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті. Хабаршы//Вестник «Филология ғылымдары» сериясы. – Алматы, 2014. – №3(49). – Б.3-9.

6 <http://repository.enu.kz/bitstream/handle/123456789/2815/valenttiliktin-lingvistikalыk-ugym-retinde-zerttelui.pdf>. (24.03.2018).

7 Салқынбай А. Қазіргі қазақ тілі. Оқулық. – Алматы, 2008. – 464 б.

8 Степанова М.Д. О «внешней» и «внутренней» валентности слова // Иностранные языки в школе. – М.: Просвещение, 1976. – №3. – С.13-19.

9 Огольцева Е.В. Аспекты изучения потенциальности словообразовательной модели // Тезисы и доклады межд. научн. конф. – Великий Новгород: НовГУ им. Ярослава Мудрого, 2001. – С.122-127.

10 Ермакова Д.Ф. Опыт изучения словообразовательного потенциала ЛГС: синхрония и диахрония. Дис. канд. фил. наук. – Алматы, 1992. – 190 с.

11 Қазіргі қазақ тілінің сөзжасам жүйесі. – Алматы, 1999. – 268 б.

FTAХР 16.21.07

Райхан Багила¹

¹Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдер университеті, Алматы қ., Қазақстан

ҚЫТАЙ ТІЛІНДЕГІ ГЕНДЕРЛІК ЗЕРТТЕУДІҢ ЖАҒДАЙЫ ЖӘНЕ ҚЫТАЙ ИЕРОГЛИФТЕРІНДЕГІ ГЕНДЕРЛІК ЕРЕКШЕЛІК

Аңдатпа

Қытай тіліндегі гендерлік зерттеулер кейінгі кезеңдерде белең алды. Қытай тілінің жазбаша символдары – қытай иероглифтері әлемдегі көптеген тілдердің жазуына ұқсамайтындықтан оның ерекше формасының құрылысы тарих пен мәдениет өзгешеліктерінің ерекше көрінісі болып табылады. Қытай жазуы ең алдымен суреттерден басталып, біртіндеп даму нәтижесінде қалыптасқан. Тарихшылардың пайымдауынша, Қытай жазуы – дүниежүзіндегі ең байырғы жазулардың бірі. Қытай иероглифтеріне қатысты зерттеулердің бірінші қадамы әйел иероглифіне қатысты болды. Көптеген ғалымдар әйел графемасы бар иероглифтердің мағынасы бойынша түрленуін, әйел графемасы бар иероглифтердің эволюциясы мен дамуын, әйел графемасы бар иероглифтердің мәдени мазмұнының семантикалық өрісін, әйел графемасы бар иероглифтердің мәдени мазмұнын және әйел графемасы бар иероглифтердің астарында жатқан мәдени ақпаратты зерттеді.

Түйін сөздер: гендерлік ерекшелік, қытай иероглифі, әйел графемасы, зерттелу жағдайы

Багила Райхан¹

¹Казахский университет международных отношений и мировых языков имени Абылай хана, г. Алматы, Казахстан

СОСТОЯНИЕ ГЕНДЕРНЫХ ИССЛЕДОВАНИЙ В КИТАЙСКОМ ЯЗЫКЕ И ГЕНДЕРНЫЕ ОСОБЕННОСТИ КИТАЙСКИХ ИЕРОГЛИФОВ

Аннотация

По гендерным исследованиям в китайском языке исследовательские шаги появились позже. Письменные символы китайского языка, которые являются китайскими иероглифами, не похожи на письменность других языков мира, особенная форма языка является углубленной и исторически-культурно богатой. Формирование китайской письменности началось с постепенного развития рисунков. Историки говорят, что китайская письменность считается одной из старейших в мире. Исследования, касающиеся китайских иероглифов, в первую очередь, связаны с женским полом. Рассматриваются: изменение иероглифов, в которых присутствует женская графема по значению; эволюция и развитие иероглифов, в которых есть женская графема; семантический разбор культурного содержания китайских иероглифов с женской графемой; культурное содержание китайских иероглифов с женской графемой. Многие ученые исследовали глубоко тайнственно-культурную информацию китайских иероглифов с женской графемой.

Ключевые слова: гендерная особенность, китайские иероглифы, женская графема, состояние исследования

THE STATE OF GENDER RESEARCHES IN CHINESE AND GENDER FEATURES OF CHINESE CHARACTERS

Abstract

According to the gender investigations first steps of researching in Chinese language appeared a little bit later. Written characteristics of Chinese language which regarded as Chinese «hieroglyph» are not similar to writings of other languages of the world, peculiar form of the language is deepened, historically and culturally rich. Investigations, which deal with Chinese characters, are primarily connected, with the female gender. Changing of characters according to the meaning in which present female grapheme. Evolution and development of characters with the female grapheme. Semantic analysis of cultural content of Chinese characters with the female grapheme. Many scientists have investigated deepened and cultural information about Chinese characters with the female grapheme.

Keywords: gender peculiarity, chinese characters, the female grapheme, investigative situation

Қытайда ХХ ғасырдың 70-ші жылдардың соңы мен 80-ші жылдардың басында қытай тіліндегі гендерлік ерекшеліктер бойынша зерттеулер басталды. 80-ші жылдардың бас кезінде қытай ғалымдары біршама дербес түрде гендерлік тіл формаларына қатысты тақырыптарға зерттеулер жүргізе бастады. Ерте аудармалардан бастап, батыс мәдениетінің ағылшын тіліндегі гендерлік кемсітушілік айырмашылықтарының мәселесінен кейінгі дербес зерттеулермен танысып, отыз жылғы даму тәжірибесі теориядан практикалық қолданбалы үрдіске көшті. Кейінгі жылдары қытай тілі лингвистикасы туралы және шет тілі ретінде оқыту жайлы ғылыми басылымдарда екі жүзден артық мақалалар жарияланды. Олардың мазмұны төмендегі тақырыптарды қамтыды: шетелдік теориялардың аудармаларына талдаулар; қытай тілінің тілдік формасының дыбыстық тондарға ұқсастығы, сөз таңдауы; синтаксистік айырмашылықтар және тілдегі гендерлік кемсітушіліктің құбылысы; халықаралық әрекеттердегі гендерлік қоғамдық айырмашылықтар және тіл, гендерлік фактордың тілдің қолданылуына әсері және тағы басқасы.

1. Қытай иероглифтеріне қатысты зерттеулер.

Иероглифтер өте ұзақ дамуды бастан кешірді. Бейнелі жазу → Сауыт сүйек жазуы → Мөр жазу → Лишу үлгісі (Хан патшалығы тұсындағы жазу)... Кайшу үлгісі, содан біртіндеп бүгінгі компьютерлік жазу нұсқасына айналды. Суретті жазу біртіндеп бөліктерден құрам тапқан бүгінгі таңдағы қытай жазуына айналды. Қытай иероглифтерін Қытайдың ертедегі еңбекші халқы өмірлік тәжірибесінің арқасында жасаған. Қытай иероглифтері – дүние жүзілік жазу жүйесінде өзіндік дара ерекшелігі бар жазу түрі. Әуелі Қытай иероглифтері әлемдік қолданыстағы жазулардың ішінде көшбасшы. Бір жазудың қолданыстағы орны оны қолданатын адамдардың санымен сонымен қатар таралған аумағына байланысты өлшенеді. Бұл жағынан бір жарым миллиард қолданушысы бар Қытай жазуы алда тұрады. Екінші бір жағынан, Қытай иероглиф тарихы жағынан ең ұзақ жазу қатарына жатады [1, 119 б.].

Қытай тілінің жазбаша символдары – қытай иероглифтері әлемдегі көптеген тілдердің жазуына ұқсамайды. Оның ерекше формасының құрылысы күрделі әрі тарих пен мәдениет өзгешеліктерінің көрінісі болып табылады. Сонымен қатар бұл жазу ханзу ұлтының ойлау моделі мен көзқарасын көрсетеді. Қытай тілінің ежелгі әдебиетінде «гендерлік кемсітушілік» тақырыбын көрсететін сипаттамалар бар. Шығыс Хань династиясындағы Бань Чжаоның «Әйелдерге нұсқаулық» еңбегінің жетінші бөлімінде «ерлер мен әйелдердің айырмашылығы» деген сөз кездеседі. Мұнда қытай иероглифтерінің элементтерінің формасын, құрылысының ерекшеліктері мен мағынасын саралай келе, біз қытай елінің феодалдық қоғамдағы ер адамның әйел адамнан үстемдігін, гендерлік этиканы және басқа да мазмұндарды көре аламыз. Әйел графемасы бар иероглифтер осы түрдегі қытай иероглифтерінің басты зерттеу объектісі болып табылады. Цан Кэхэ мырза кезінде атап өткендей: «Қытай иероглифтерінің шығуы. Әйел графемасы» кітабында сақталған осы «әйелдің семантикалық өрісі» ішінде, ұлылық пен түкке тұрмау қатар жүреді, асқақ және төмен дүниелер бір-бірімен араласып, өте күрделі де әдеттен тыс жағдайды көрсетеді» [2] [臧克和, 1996, Р.68]. Көптеген ғалымдар әйел графемасы бар иероглифтердің бөлінуі, түсініктемесі, шығуы, мәдени құбылысы және тағы басқасы бойынша олардың қоғамдағы гендерлік айырмашылықтардың көрініс тапқанын қарастырады. Тіл зерттеуші ғалымдарының әйел графемасы бар иероглифтерді гендерлік зерттеулері негізінен төменде көрсетілген бірнеше бағытқа шоғырланған:

1) Әйел графемасы бар иероглифтердің мағынасы бойынша түрленуі. «Әйел» графемасы бар иероглифтер өте көп, таңбалық көрсетуі де өте кең, мағынасы бай әрі ерекшеліктерге ие болып табылады. «Шовэнь» «说文» иероглифтің мағынасының жақындығы бойынша бөлінгендіктен, әйелдер графемасы бар иероглифтердің семантикалық түрінен тегі, неке, сыртқы келбет, нақты атаулар және тағы басқасында гендерлік ерекшеліктерді қарастыруға болады. Мысалы, «姬, 姚, 嫫» «ақсүйек әйел, әсем, жала жабу» және басқа да иероглифтер әйел жынысымен тығыз байланыста екендігі көрсетіледі.

«Чуньцючуань» да ең алғаш рет тектің әйел адамға байланысты келіп шыққанын түсіндіреді. Зерттеушілердің статистикалық есептері бойынша, «Шовэнь» сөздігіндегі семантикалық классификациясына қарай, неке түрі, мінез-құлық пен әрекет, сыртқы келбет пен дене бітімі түрлерінде әйел графемасы бар иероглифтердің саны 80%-дан асады. Осылайша біз әйелдің сыртқы келбеті, мінезі мен некесі ерте замандағы қытай қоғамындағы маңыздылығын байқаймыз. «Әйел» иероглифі ең басындағы бастапқы мағынасы әйелдің денесін объективті түрде сипаттау болатын, ежелгінің адамдары «жақын нәрсені үлгі етіп» формасына қарай иероглифті ойлап тапты, осындай әдіс ежелгі уақытта «әйел» иероглифінің пайда болуы әйел жынысын кемсітпейтінін, ал ер адамдар құқығының басымдығы идеологиясы таралғаннан кейін бірте-бірте «ер адам әйел адамнан үстем» деген гендерлік көзқарас қалыптасып, кейінірек құлдық көрінісі мен гендерлік кемсітушілігі байқалатын «әйел» графемасы бар қытай иероглифтерінің түзілуін түсіндіреді.

2) Әйел графемасы бар иероглифтердің эволюциясы мен дамуы.

Қытай иероглифтерінің жоғалуы және кейінгі ұрпаққа таралуы көптеген тарихи мәселелердің көрінісі болып табылады. «Шовэнь» сөздігіндегі әйел графемасы бар иероглифтердің саны көп болғанымен, кейінгі ұрпаққа жеткен қытай иероглифтерінің саны аз. «Қазіргі қытай тілінің сөздігінде» сақталған әйел графемасы бар иероглифтердің ішінде бет әлпеті мен дене бітімі, мінез-құлық пен мәртебе түріне жататын иероглифтер аз, яғни осы аталған түрлердің ішінде жоқ болып кеткен иероглифтер өте көп, бұл адамдардың әйел жынысына деген идеологиясы мен тұрғысындағы үлкен өзгерістердің көрінісі болып табылады. Сонымен қатар формалық жағынан, элементтердің көбеюі, азаюы, реттелуі және басқа да жағдайлар жиі орын алды және «әйел» графемасымен байланысты өзгерістер бет әлпет, мінез-құлық түріне жататын иероглифтерде де көп байқалады. Иероглиф мағынасындағы стильдік мәні мен физиологиялық мәні де ғалымдардың назарын өзіне аудартты. «Шовэньдегі» әйел графемасы бар иероглифтердің баға беру мәнінде үлкен өзгерістер байқалды. Мысалы, «姍» – shan иероглифі, «Шовэнь»: «ғайбаттау, өсектеу», кейінірек «Чжэнцзытун» сөздігіндегі мағынасы «жамандау, ғайбат айту, түрі жақсы», иероглиф формасы сияқты, сыртқы түр мен мінез-құлыққа байланысты айтылатын әйел графемасы бар иероглифтердің мағынасы мен сөздің грамматикалық сипаттамасында үлкен өзгерістер бар. Әйел графемасы бар иероглифтердің сатылай дамуын зерттеу қоғамның әйелге деген көзқарасы мен бағасының тарихи эволюциясын көруге мүмкіндік береді.

3) Әйел графемасы бар иероглифтердің мәдени мазмұнының семантикалық өрісін талдау. «Ер» мен «әйел» сәйкесті ұғымдар болып табылатындықтан ер адам сипатына жататын сөздермен салыстырмалы семантикалық өрісті құратын болсақ, қытай иероглифтерінің жыныстағы түрлі көріністерін тереңірек тануға болады. Иероглиф формасын, иероглиф мағынасын салыстыру кезінде әйел графемасы бар иероглифтердің мағыналық жағындағы үлкен өзгерістерін байқаймыз, ер жынысына жататын иероглифтердің түрлері әскерлік іс, экономика және басқа да қоғамдық қызмет түрлеріне жатса, әйел жынысына жататын иероглифтердің негізгі мағынасы неке, отбасылық жағдай болып табылады, анық көрсетіліп отырған қоғамдық шындық – ерте дәуірдегі патриархалдық феодалдық қоғамның ішіндегі ер адамдар көбіне қоғамдық жауапкершілікті мойнына артады, қабілет пен ақылға көңіл бөледі, ер адамның қасиеттерін иеленеді, ал әйелдердің отбасы-некелік функцияны атқаратын жұмсақ, биязы мінезді жан ретінде сипатталуы сирек кездеседі. Мысалы, «әйел – ердің көмекшісі», «ер – әйел адамның тіреушісі» деген ұғымдардың орындалуын ұстанады. Ер мен әйел адам арасындағы басқа да қоғамдық қағидалар қытай иероглифтерінің түрлі сипаттамаларында көрініс табады. Салыстырмалы семантикалық өрістен басқа, зерттеушілердің 250-ден асатын «әйел» графемасы бар иероглифтердің құрған күрделі «семантикалық өрісіне» зерттеулік салыстыруларын жүргізді және оның мәдени мазмұнын қарастырды.

4) Әйел графемасы бар иероглифтердің мәдени мазмұны. Көптеген ғалымдар әйел графемасы бар иероглифтердің астарында жатқан мәдени ақпаратты анықтады. Неке, тек түрлеріне жататын әйел

графемасы бар иероглифтер әйел мәдениетінің көрінісі болып табылады. Ал түр мен мінез-құлық түрлеріне жататындары ерте замандағы эстетикалық нормаларды көрсетеді. «Шовэнь»: «әйел, жұбай, иероглифтердің бейнелі категориясы», цзягувэнь «әйел 女» иероглифіндегі ұзын сызық мүмкіндігінше әдемі сыртқы түрдің сезімін береді, ондаған сыртқы келбет түріне жататын әйел графемасы бар «媛、媚、媵» иероглифтер және әйелдердің дене бітімін не дене мүшесінің біреуін сипаттайды. Осының барлығы сыртқы жағынан түрі сұлу әйелге ұмтылысты көрсетсе, ішкі жағынан жұмсақтық пен нәзіктікті көрсетеді. Мысалы, «婁、嫵» және басқа да иероглифтердің көрінісінен әлсіздік пен сұлулықтың және нәзіктіктің бейнесі болып табылатын сезімді көреміз. «Шовэньдегі» 奸、淫、妒 сияқты әйел графемасы бар жағымсыз мағыналы көптеген иероглифтердің ішіндегі барлығы әйел жынысымен байланысты болып саналады. Бұл ер адамның әйел адамнан үстемдігін, әйел адамды кемсітудің көзқарасын толық түрінде көрсетеді. Ежелгі «偷 – ұры» иероглифі «әйелден» шыққан, осылайша ашық түрде осындай сипаттағы әрекеттерді әйел адамдарға тән екенін жеткізіп, әйелге көзқарастың қытай иероглифтеріне тигізген маңызды әсерін көрсетеді. Бұл дегеніміз – конфуцийшілдікте «патриархат» басты мәдени таңба болып табылады.

2. Фонетика бағытындағы зерттеулер.

Фонетика бағытындағы гендерлік айырмашылықтарды зерделеу екі жыныстың сөйлеу аппаратындағы физиологиялық айырмашылықтардан қарастырудан бастау алды. Чжао Юаньжэнь мырза әйелдердің тіліндегі дыбыстау нормаларының ерекшелігі мәселесін көтерді. Бейжіңнің біраз жас әйелдері өткір, естуге жағымды нәтижеге қол жеткізу мақсатында *j*, *q*, *x* дыбыстарын жиі тіл алды сыбыс аффрикаттар *Z*, *S*, *S* дыбыстарымен алмастырып, стандартқа сай келмейтін әйелдер диалектісін қалыптастырды, осы құбылыс әйелдердің физиологиялық және қоғамдық мәдениетімен байланысты болуы мүмкін [3] [杨春, 2010. P.45].

Қазіргі таңда зерттеушілер негізгі назарды ерлер мен әйелдердің дыбыстауындағы гендерлік айырмашылықтарына назар аударды. Ерлер мен әйелдердің дыбыс диапазонын, интонациясы мен орнын, құқықтар деңгейінің байланысын зерттей келе, жас шамасы, білім деңгейі, қоғамдық мәртебесі бірдей жағдайдағы әйел адамдардың дыбыстауы ер адамдарға қарағанда стандарттарға көбірек сай келетіні байқалды. Тағы бір зерттеушілер статистикалық зерттеу тәсілдерін қолданып, фонема, дыбыстың жоғарылығы мен үндестілігі және тағы басқа фонетикалық құбылыстардан құрылған гендерлік өзгерістер қоғам үшін маңызды құндылыққа ие екенін дәлелдеді.

3. Лексика бағытындағы зерттеулер.

Ерлер мен әйелдердің гендерлік лексикасын зерттеулердің нәтижесі өте көп. Әсіресе, есім атаулары, туыстық атаулар және қоғамдық атаулардың барлығында ерлер мен әйелдердің гендерлік айырмашылықтары мен көріністері байқалады.

1) Сөз тәртібі.

Қытай тіліндегі салаласа байланысқан құрылымның сөз тіркестері көп жағдайда бір деңгейлес элементтердің қосылуынан пайда болады. Мәртебесі бірдей, мағыналық жағынан негізгі және қосалқы болып бөлінбейді. Мысалы, «刀山火海» – *dāoshānhuǒhǎi* (семсерлер тауы мен от теңізі) және т.б. Алайда, кейбір жағдайларда салаласа байланысқан құрылымның сөздері мен сөз тіркестеріндегі морфемалардың тәртібі өзгертіле алмайды. Мысалы, 日月 – күн мен ай, 国家 – ел, 父母 – әке-шеше, 公婆 – ата-ене, 父子 – әке мен бала, 儿媳 – келін, 男女 – ерлер мен әйелдер, 夫妇 – жұбайлар, 雌雄 – еркек пен ұрғашы және т.б. Осындай сөз тәртібі тілдегі құндылықтар бағдарын өте айқын көрсетті. Ерлердің әйелдерден басымдығы идеологиясының мықтылығы және басымдық пен кемшілік айырмашылықтары байқалады. Әдеттегі жағдайда, ер мен әйел жынысын бөлек көрсететін морфемалар қолданылатын кезде, әрқашан «ер» алдында, «әйел» сөзі соңына қойылады. Мысалы, 公婆 – ата-ене, 夫妇 – жұбайлар, 弟妹 – іні-қарындастар, 父母 – ата-ана және т.б., төрт иероглифтен тұратын «夫唱妇随、男婚女嫁» (ер бастайды, әйелі қоспайды, ер адам үйленеді, қыз тұрмыс құрады) және т.б. [4] [钱进, 2003.第 2 期]. «Ер адамдардың шовинизмін» және «ерлер менмендігінің» көрінісі болып табылады. Кейбір адамдар осындай бір деңгейлес морфема болып келетін ер мен әйелден тұратын сөз тәртібін қорытындылап, төмендегідей бөлген: ерлер мен әйелдер – 父母 – әке-шеше, 公婆 – ата-ене, 夫妇 – жұбайлар, 夫妻 – ерлі-зайыптылар, 爸妈 – ата-ана, 弟妹 – іні-қарындастар, 哥姐 – аға-әпкелер, 哥嫂 – жеңге, 兄嫂 – келін; үлкені мен жасы кішісі – 妇女 – әйел, 母子 – ана мен бала, 母

女 – анасы мен қызы, 妻子 – жұбай, 姐妹 – апалы-сіңлілі, 兄弟 – әпке-іні; туыстықтың алыс-жақындығы бойынша – 姑嫂 – қайын апа мен жеңге, 姑舅 – апа мен нағашы, 叔嫂 – аға мен жеңге.

2) Есім атаулары.

Тек адамзат қоғамындағы әрбір мүшесінің ресми көрсеткіш таңбасы болып табылады. Ол фамилия мен есімнен тұратын екі бөлімді қамтиды. Қытайдың ежелгі қоғамында әйелдердің негізінде есімі болмады. Тек күйеуінің фамилиясы бойынша, «氏» (тек) немесе жұбайы мәртебесін пайдаланып өзін-өзі атайтын болған. Мысалы, «张氏» – Чжан тегі, «王夫人» Ван ханым және т.б. Тіпті кейбірінің фамилиясы мен есімі де болған жоқ, «而丫鬢» – екінші малай әйел, «三姨太» – үшінші тоқал және осы сияқты басқа да реттік саны бойынша атаулар болды. Осыдан басқа, ер адамдардың күйеу құқығы тұрғысынан алып қарағандағы әйелді білдіретін «менің әйелім» мағынасын беретін «贱内、贱妾、内人、内子» және басқа да атаулар бар, бұл некелік қарым-қатынастағы күйеу мен әйелдің бағынышты-билікті қарым-қатынастарын түсіндіреді. Әйел күйеуінің алдында өзінің «көнгіштігін» көрсетіп, өзін «奴家、妾身» және басқа да өзін төмендететін сөздермен атайтын, осының бәрі ерлер мен әйелдердің тектік атаулардағы тең еместігін көрсетті. Осыдан басқа, әке-шешесі балаларына атты таңдаған кезде жыныстық ерекшеліктерді айқындағанды ұнатады. Мысалы, ер балаға ат қойған кезде «强» – күшті, «壮» – мықты, «钢» – болат және т.б. иероглифтерді қолданады, бұл ер баланың ержүрек, қайсар болуына тілек болып табылады; қыз балаларға ат қойған кезде көп жағдайда «花» – гүл, «雅» – сымбатты, «秀» – әсем иероглифтері кездеседі. Бұл қамқорлықтың, көнгіштік пен кішіпейілділіктің сұлулығын береді. Есім қоюдағы осындай айырмашылықтар ойлау мен рухани құндылықтардағы айырмашылықтардың көрінісі болып табылады, сондай-ақ отағасының жыныстық рөлі мен адамдар әрекеттері, қоғамдық психология, мәдени дәстүрлер арасындағы тығыз байланыстарды түсіндіреді.

4. Грамматика бағытындағы зерттеулер.

Қытай тілінде жетіспеушілік құбылыстары өте көп, олар негізінен атауларда көрініс тапқан. Ерлер мен әйелдердің бір-бірін атаулары тең сәйкестікте емес екені көрсетілген. Мысалы, көне тілде үшінші жақтағы жеке есімдіктерден көбіне «伊» немесе «他» қолданылған, ерлер мен әйелдерге болып бөлінбеген. Жаңа заманда «4 мамыр» жаңа мәдени қозғалысының алдында, үшінші жақтағы жеке есімдік ретінде «他» қолданылатын, ер адам тобы немесе әйел адамдар тобы болсын, «他» жалпыға бірдей ерлер мен әйелдерді көрсететін. 1918 жылғы «4 мамырдың» жаңа мәдени қозғалысы ескі мәдени құндылықтарды жоққа шығару кезінде Лю Баннон мырза жаңа «她» иероглифін құру бастамасымен ғана 她 пайда болды. Оны әйелдерді үшінші жақта атау үшін пайдаланды, осыған дейін «他» иероглифімен белгіленіп келген, бұның арқасында үшінші жақты көрсетуде ерлер мен әйелдер тең дәрежеге ие болды [5] [史中维, 2011, P.24]. Осыдан басқа жыныс пен кәсіпте де теңдік жоқ. Мысалы, шебер өзінің оқушысының алдында «你们师母、你们师娘» – сендердің шеберлеріңнің апайы, сендердің шешелерің сөздерімен жұбайын атайды, ал әйелдер болса «你们师爷、你们师公» – сендердің әкелерің, сендердің ағаң сөздерімен ерін атай алмайды. Осындай құбылыс феодалдық тәртіп көзқарасында және Конфуций ілімінде көрініс тапты, әйелдің орны болған жоқ, олардың әлеуметтік, саяси, экономикалық, мәдени құқықтары да болмады. Олай болса, үшінші жақты пайдалануда да, әйелді білдіретін «她们» ер адамдар «他们» артында қалып қояды.

Қорыта айтқанда, қытай тіліндегі осы гендерлік зерттеулер, әсіресе қытай иероглифтеріндегі гендерлік ерекшелік тіл зерттеулеріндегі жаңа саланы ашты. Бұл қытай елі қоғамының дамуы мен адамзаттың прогресіне елеулі практикалық маңызға ие болды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1 Самамбаева У.С. Қытай иероглифтерінің дамуы мен тарихы және бүгінгі таңдағы қолданылу аясы // Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті. ХАБАРШЫ. «Көптілді білім беру және шетел тілдері филологиясы» сериясы. – 2015. – №2(10). – 119 б.

2 臧克和, 说文解字的文化解说, 武汉: 湖北人民出版社, 1996 年版, P 68.

3 杨春, 性别语言研究, 北京: 光明日报出版社. 2010 年, P 45.

4 钱进, 成语和俗语性别差异的文化透视, 语言与翻译, 2003 年第 2 期.

5 史中维, 女性主义视角下对语法性属的认识, 考试周刊, 2011 年第 8 期, P 24.

6 佟新, 社会性别研究导论, 北京: 北京大学出版社 2011 年版.

7 孙汝建, 汉语的性别歧视与性别差异, 武汉: 华中科技大学出版社, 2010 年版.

8 陈原, 社会语言学, 上海: 学林出版社, 1994 年版.

FTAHP 16.21.43

Р.С. Рахметова¹, Ж.Б. Имангалиева²

^{1,2}Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,
Алматы қ., Қазақстан

КӨРКЕМ ШЫҒАРМА АРХИТЕКТОНИКАСЫНДАҒЫ ТЫНЫС БЕЛГІЛЕРІНІҢ ҚЫЗМЕТІ

Аңдатпа

Жазу мәдениетінің дамуына байланысты тыныс белгілерінің түрі де, атқаратын қызметтері де әр алуан болуы заңды. Пунктуация – адамдар арасында қатынас құралы қызметін атқаратын жазу тілінің маңызды бір саласы. Тыныс белгілерін қолдануда, айырып тануда жалпы халық таныған заң, ережелер басшылыққа алынады. Тыныс белгілерінің тіл стильдері, соның ішінде көркем мәтін архитектурасында атқаратын қызметі ерекше. Пунктуацияның әрбір белгісінің мәнін, атқаратын қызметтері мен қолданылатын орындарын танытуда жазушылар мен оқушылар арасында бірлік болмаған жағдайда, тыныс белгілері өзінің қатынас құралы қызметін атқара алмайды. Соған сәйкес көркем мәтіндегі тыныс белгілерінің қызметін мектеп оқушыларына сауатты түсіндіру, оны меңгеруін дамыту – шығарма тілінің сан түрлі айшықтарын терең ұғынуға жетелейтін тәсіл болмақ.

Түйін сөздер: тыныс белгілерінің қызметі, көркем шығарма архитектурасы, қатынас құралы, сауаттылық негіздері, тіл мәдениеті

Рахметова Р.С.¹, Имангалиева Ж.Б.²

^{1,2}Казахский национальный педагогический университет имени Абая,
г. Алматы, Казахстан

РОЛЬ ПУНКТУАЦИИ В ХУДОЖЕСТВЕННОМ ТЕКСТЕ

Аннотация

Из-за развития культуры письма, тип и функциональность пунктуации изменились и это естественное явление. Пунктуация является неотъемлемой частью языка письма, которая действует как средство общения между людьми. При использовании знаков препинания человек руководствуется законами и правилами, признанными широкой публикой. Пунктуация знаменует языковые стили, в том числе архитектурную литературоведческую критику. Пунктуация может не функционировать как средство коммуникации в отсутствие сосуществования между писателями и учениками при демонстрации значения, функции и местоположения каждой из знаков препинания. Соответственно, пунктуации в литературных текстах дают четкое представление школьникам и развитие умения использования правильных пунктуации, служат одним из средств к более глубокому пониманию различных аспектов литературного языка.

Ключевые слова: функции пунктуации, архитектура художественного произведения, средства коммуникации, основы грамотности, языковая культура

R.S. Rahmetova¹, Zh.B. Imangalieva²

^{1,2}The Kazakh national pedagogical university named of Abay,
Almaty, Kazakhstan

THE ROLE OF PUNCTUATION IN THE LITERARY TEXT

Abstract

Since the development of the culture of the writing, punctuation, the functionality of punctuation has changed and it is natural. Punctuation refers to an indefinable individual language, which acts as an intermediary between two people. When using the marks one is guided by the laws and the principles of the language. Punctuation identifies language styles in the volume of an architectural-tectonical literary criticism. Punctuation cannot function as a means of communication in the absence of interpersonal relationships and training, as well as demonstration of the value, function and location of punctuation. Punctuation in literary texts gives a distinctive representation of students and developers of the right to use corrective punctuation, whose rationale is multidimensional aspect of literary language.

Keywords: functions of punctuation, architectonics of works of art, media communication, fundamentals of grammar, pseudo-culture

Қазақ әдеби тілі орнығып, жазу мәдениеті қалыптасқан кезеңнен бері тыныс белгілерін біріздендіру мәселесі өткір қойыла бастады. Термин ретінде пунктуация деп аталатын құрал – емле сияқты, дұрыс жазудың, жазылғанды дұрыс оқып, дұрыс түсінудің архитектуралық элементі. Тыныс белгілері жазылған мәтіннің мазмұнын, негізгі ойды дұрыс түсінуге, оны мәнерлеп оқуға мүмкіндік жасайды. Пунктуацияның негізгі қызметі – сөйлемді жазуда ойды беруге қатысты бөліктерге бөлуді нұсқау, яғни пунктуация тілдің басқа элементтері сияқты жазуда ойды дұрыс беруге қызмет етеді. Қандай мәтін болсын тыныс белгілерін дұрыс қолдана білу – адамның сауаттылық мәдениетін арттырады. Сөйлеу стильдері болсын, функционалдық стильдер болсын, тыныс белгісін тиісті орындарда орнымен жұмсау үшін пунктуациялық іскерлік талап етіледі. Пунктуацияның әрбір белгісінің мәнін, атқаратын қызметтері мен қолданылатын орындарын нақтылауда, білуде қаламгерлер мен оқырмандар, айтушы мен тыңдаушы арасында үйлесімділік болмаған жағдайда, тыныс белгілері өзінің қатынас құралы ретіндегі қызметін атқара алмайды. Егер ол жазу практикасында, қалыптасқан әдеби тіл мәдениеті аясында орныққан, көпшілікке танылған заң, ережелерге сай болмай, теріс қолданылса, оқуды, түсінуді жеңілдету былай тұрсын, қайта оны қиындатады, теріс ұғымның, теріс түсініктің тууына апарады. Кез келген жазушы, ақын, қаламгер жазғанын оқырман қалай түсінеді деп, ал бұқаралық ақпарат құралдарында жұмыс істейтін журналист айтқандарын тыңдарман мен көрермен қалай қабылдайды дегенді естен шығармағаны абзал.

Пунктуация жазу тілінің дамуымен, әсіресе баспа ісінің дамуымен тығыз байланысты өрбиді. «Бірақ ол жазу тілімен бірге туып, әрдайым онымен қатар жасап келе жатқан категория емес. Тыныс белгісіңіз де жазу болған. Жазудың пиктографиялық және идеографиялық түрлерінде жеке сөйлемге, жеке сөздерге сараланбай жүрген тізбекті жазу дәуірлерінде ешқандай тыныс белгісінің де және оған мұқтаждықтың да болмағандығы мәлім» [1, 19]. Баспаның өркендеуі, оның халық арасына тарап, оқырмандар санының артуы жазу мәдениетінің көтерілуін, жазудың жалпыға бірдей ортақ заңдарға, ережелерге негізделіп, бір жүйеге келуін талап етеді. Жазылған пікір оқуға оңай, түсінуге жеңіл болуы үшін, түрлі ықшамды ұсақ бөлшектерге бөлу, әр бөлшектің бір-бірімен мағыналық қатынастарын көрсету қажеттіктері туындады. Сол қажеттіліктен келіп, тыныс белгілері пайда болады.

Тыныс белгілері жайында С.Жиенбаевтың «Сөйлемнің тыныс белгілері», А.Ысқақов пен Ә.Хасеновтың «Тыныс белгілері», Р.Сыздықова мен Қ.Неталиеваның «Тыныс белгілері ережелері» Ф.Мұсабекованың «Жай сөйлемнің пунктуациясының негіздері», «Қазіргі қазақ тілінің пунктуациясы» атты еңбектерінің маңызы үлкен [2].

Қазіргі БАҚ саласында болсын, тіпті кейбір ғылыми еңбектердің өзінде болсын, жиі кездесетін қателік бар. Авторлар тыныс белгілерінің ішінде әсіресе, дефис пен сызықшаны бір көлемде қояды. Жалпы алғанда, бұдан мағынаға онша нұқсан келмейді. Бірақ дефистің морфологиялық белгі екендігін айырып жатпайды. Ол көбіне қос сөздер арасында, демеулік шылаудың алдында қойылатындығы белгілі. Сондықтан тыныс белгісіне кірмейтін морфологиялық дефис сызықшаның жарты сызығындай ғана көлемде қойылуы тиіс. Ал сызықша – қызметі жағынан өте оралымды стилистикалық, синтаксистік құрал.

Тыныс белгілері дұрыс қойылған сөйлемді оқу да, ұғыну да жеңіл. Тыныс белгісін дұрыс қою арқылы жазушы өз ойын, сезімін жазба түрде дәл жеткізеді және айтпақ ойын екінші адамдардың сондай дәрежеде дұрыс түсінуіне жәрдемші болады. Пунктуацияны дұрыс қоя білудің бір шарты – интонация. Мұнсыз кез келген мәтіннің мағына айқындығы болмайды. Пунктуация – жазу тіліміздің құралы болса, интонация – ауызекі тіліміздің құралы. Бұл екеуі бір-бірімен байланысты. Сөз екінші біреулерге түсінікті, құлаққа жағымды естілуі үшін оны мәнеріне келтіріп айта білу қаншалықты маңызды болса, тыныс белгісі дұрыс қойылған мәтіндерді айқын етіп оқи алу да соншалықты қажет.

Бір сөйлемді әр түрлі интонациямен оқу салдарынан сол сөйлемнен әр түрлі мағына туады, яғни адамның шындыққа, әр түрлі оқиғалар мен құбылыстарға қалай қарайтындығы сөйлеу интонациясынан аңғарылады. Қысқасы, сөйлеу интонациясы жазуда пунктуация арқылы беріледі. Демек, әрбір тыныс белгісі – әр сөздің, әрбір сөйлемнің мағыналарын дәлелдеп дұрыс түсіндіруші шартты белгі, олай болса, аяқталған ойды білдіретін тілдің бір бүтін бөлшегі сөйлем болса, ол бір сөзден де, бірнеше сөзден де құралады. Сөйлем арқылы адам өзінің айтайын деген пікірін екінші біреуге ауызша не жазбаша түрде жеткізеді. Сөйлем сазына қарай қойылатын тыныс белгілері сөйлемдегі айтылатын оймен тығыз байланысты болады. Тыныс белгілерді қою үшін үш түрлі белгі негізге алынады: *сөйлемнің синтаксистік ерекшелігі, сөйлемнің мағынасы, сөйлемнің интонациясы.*

Көркем мәтінді мектеп оқушылары дұрыс ұғынып, мағынасына терең бойлап, рухани-эстетикалық ләззат ала білуі үшін жазушы мақсат еткен стильдік амалдарды, ой аясын, көркемдік архитектоникасын тыныс белгілерінің қолданылуына қарап түсіндіру, меңгерту қажет. Ғалым М.Серғалиев: «Жазушы стилінің өзгешелігін зерттегенде, оның шығармаларының тіл мәнеріне де көңіл аудару қажет. Өйткені тіл кестесі, стильдің негізі ғана жүрек тебіренерлік көркем шығарма тудыра алатыны ақиқат» [3, 47] деп атап көрсеткеніндей, орнымен қолданылған тыныс белгілері оқырман сезіміне әсері күшті болады. Ғалым Р.Сыздықова синонимдер үсте-мелете келіп, көркем сөзде ең қуатты икемді, актив стильдік құрал болатындығына назар аударады. Арасындағы қойылатын үтірлердің айналасындағы сөздер мен дыбыстық үндесуге де ырғақты әсер ететіндігіне тоқталады [4, 28].

Тыныс белгілерінің ерекше көзге түсетін тұсы, көркем шығармада дараланып берілетін орны одағай сөздердің қолданысында болады. Жалпы сөз таптарының ішінде одағайға тән қызмет – адамның көңіл-күйін, сезімі мен эмоциясын көрсету. Белгілі жазушы Сайын Мұратбековтің прозаларында одағайлар кейіпкерге әсер еткен экстралингвистикалық факторды нақты жеткізуде қолданыла отырып, бірнеше тыныс белгілерін қатарластыра келтірілуімен дараланады. Мысалы:

– *Апырай-сендер ме едіңдер?! – деді бағанадан мүлде танымай тұрған адамдай (Күз бен қыс, 132 бет).*

– *Құдай-ау қор болдым-ау... – дейді Ырысбек күңірене дауыстап (Күз бен қыс, 132 бет).*

– *Ойбүй, қарағым-ай, әй, – деді жаны ашып кеткен әжем (Қыдырман тойтық, 287 бет) [5].*

Байқағанымыздай, одағайлар сөйлемде белгілі бір мақсатпен қолданылып, сөйлемде білдіретін жалпы ойға қатысын көрсетеді: айтушының әр түрлі көңіл-күйін, сезімін, ишара етуді, императивтік мәнді т.б. білдіреді. Қаламгердің шығармасынан алынған үзіндіде сұраулы сөйлем кейіпкердің ішкі сезімін ашып көрсету мақсатында қызмет еткен. Нақты айтқанда, белгілі бір ойды (бұл тұста Ырысбек атты кейіпкердің әрі таңданысты, әрі сұраулы, әрі дағдарған бейнесін оқушыға жеткеру мақсатында автор сұрау белгісіне леп белгісін қатар келтіру) жеткізу құралы ретінде жұмсалған. Осылай сұрау белгісі мен леп белісін қатар қолдану жазушыда жиі көрініс беретін тәсіл екендігін аңғаруға болады. Тағы бір үзінді:

– *«...Қызықпен өтер қанишама күндер, ләззатпен өтер түндер қайтып оралмас боп заяға кетті ғой. Уай, адам қамауда жатып сарғаю үшін емес, бақыт үшін өмір сүрмей ме?! Ал ол бақыты бар болғыр адамның өз бойында емес пе?! Апыр-ау, сол бақыттан қалай айырылып қалады...» (Таңғы шық, 141 бет).*

– *Отставить! Кәне, қалай келуің керек менің алдыма, қалай жасау беруің керек?! – деді Ырысбек жекіп (Күз бен қыс, 108 бет) [5].*

Бұлардан байқағанымыздай, көркем шығармаларда сұрау белгісі мен леп белгісі түрлі құрылым мен жүйеде, түрлі позицияда келіп, стилистикалық қызмет атқарады әрі кейіпкердің ішкі толқынысын көрсетеді. Сонымен қатар, мынадай мақсаттарда қолданылады:

– оқырманға тигізер әсерді күшейту үшін;

– кейіпкердің ой-түйіндерін беру үшін;

– жазушы эмоциясын айқындау үшін.

Қаламгерлердің туындыларында сұраулы, лепті, атаулы сөйлемдер маңызды қызмет атқаратын синтаксистік құрылым болып саналады. Соған орай таңдалатын тыныс белгілерінің қызметі туралы белгілі ғалым Б.Шалабай былай деп атап көрсетеді: «Көркем шығарманың стильдік даралығын ұйымдастырып белгілеуде тілдің құрылымдық, синтаксистік құралдарының қызметі ерекше. Жазушы үшін оның сөйлемдерінің құрылысы мен көлемі, байланысу тәсілдері мен бір-біріне белгілі орналасу реттері бәрі бір емес. Сондай-ақ сөйлем ішіндегі сөздердің орын тәртібі, айтылу ырғағы, керек десеңіз тыныс белгілеріне дейін белгілі бір жүк арқалап, стильдік-көркемдік қызмет атқарып тұрады.

Көркем мәтіндегі сөздердің үйлесімін тауып, олардың әрқайсысын керекті жерінде ғана қолданып, көркем-эстетикалық дүние жасау оңай емес» [6, 65]. Сөзіміз дәлелді болу үшін тағы да бір үзіндіге назар аударайық:

– Қош, туған жер!.. Қош бол, ел-жұртым!.. – деді Ырысбек даусы дірілдеп (Зорлық пен қорлық, 191 бет).

Ұрлығымен қолға түскен соң, оны құтқару мүмкін емес. Уақыт болса мынадай, ауыр... – деді (Күз бен қыс, 131 бет) [5].

Алынған үзіндіде леп белгісі, сызықша автор сөзі мен төл сөздерді даралау үшін, сөйлемнің айтылу мәнеріне қарай лепті екендігін таныту мақсатында қолданылғанын байқаймыз. Ал көп нүктенің осы сөйлемдегі қызметі қалай дегенге келсек, олар кейіпкердің жан тебіренісін, шара-сыздығын танытады. Кейде автор басты кейіпкердің үнсіздігін, тосырқағандығын немесе ауыр қайғысын, сағынышын оқырманына жеткізу мақсатында да көп нүктені, леп белгісінен кейін тұратын көп нүктені де қолданады:

...Аһ, дариға, дариға! Күнікей сау боп жүрер ме еді! Қырдан тезек терер ме еді! Қырдан қия кезер ме еді! Шырқап әнге салар ма еді! Әнге салса, ол бітіп, қапқа қары талар ма еді!.. [7].

Қаламгердің сөз қолданысында соның ішінде кейіпкер тілінде сұраулы сөйлем жиі қолданысқа түседі. А.Байтұрсынов сұраулы сөйлемдердің ерекше мәнге иегер екендігін атап көрсеткен [8, 228].

Аса көрнекті жазушы Ілияс Есенберлиннің «Көшпенділер» трилогиясын оқымаған адам жоқ деуге болады. Соның «Жанталас» романында жазушы Әбілқайыр ханның бейнесін өте сәтті шығарған. Оның екі от – Қытай мен Ресейдің ортасына түскен жай-күйін, ішкі психологиялық шиеленістерін, жанталасқан сәттерін тебіренбей оқу мүмкін емес. Көкжал Барақ сұлтанның қолынан ажал құшқан кіші жүздің ханы Әбілқайырдың көз жұмар сәтіндегі ең соңғы ойын жеткізетін жазушы поэтикалық пәрмені ерекше сөздерді екшеп алып, оларға тиісті тыныс белгілерін аса шеберлікпен қолданады:

“Міне, енді алыс-жұлыс ... үміт-арман ... бәрі-бәрі бітті, – деді ол үнсіз күбірлеп. Кенет гажайып бір ой ең ақырғы ақыл-сезімін шарпып өтті: Қандай данышпан едің, байғұс қазақ?! Сенен басқа бірде-бір халық дүние шіркінге “жалған” деп ат қоймаған болар... Қалай тауып қойғансың?.. Қу дүние, шын жалған екенсің... Өттің де, кеттің зой...” [9].

Бұл сөйлемдерге ерекше эмоциялық реңк беріп тұрған “байғұс қазақ”, “қу дүние”, “жалған”, “дүние шіркін” деген поэтикалы сөздер де, (табиғаты эмоционалды болып келетіндер – одағайлар мен алғыс және қарғыс мәнді сөздер) де, зой шылаулары да, тыныс белгілері (көп нүкте, сұрақ, леп белгілері, сызықша, үтір, т.б.) де бәрі-бәрі тоқайласа кеп, көрікті ойды көркем шығара білген.

«Тілдің эмотивті – (латынның *emovere, emotum* – қоздыру, алаңдату, қызықтыру мағынасындағы сөздерінен алынған) қызметін тілдің аффективті, эмоционалды, волонтактивті қызметі деп те атай береді. Өйткені, тіл адамның еркі, ішкі күйініш-сүйініш, түйсігі мен сезімдерін де білдіре алады. Орыс, қазақ тілдерінде мұндай ұғымдарды жеткізу үшін одағайлар, еліктеуіш сөздер, кішірейту, еркелету қосымшалары (жұрнақтары), бұйрық етіс формалы, интонация мен сөздердің орын тәртібі, тәсілдері, тыныс белгілері т.б. қолданылады» [10, 38] дегендей, жазушы шығармаларында қолданылатын әртүрлі тыныс белгілеріне қарап, олардың кейбіреуінің стильдік мақсатта жұмсалғанын да аңғаруға болады. Тырнақша кейіпкердің ойын ешқандай авторлық ремаркасыз беруде қызмет атқарса, жақша автордың түсіндірме сөздерінде көбірек ұшырасады. Көп нүкте, сұрау, леп белгілерін жазушы кейіпкердің жан толқынысын, сөздердің түрлі реңкін, психологиялық үзілісті, логикалық ерекшелігін білдіру үшін қолданған.

Көркем туындыдағы стильдік мақсатпен қолданылған тыныс белгілерінің қызметтері мынадай:

1. Тыныс белгілері сөздердің эмоционалды-экспрессивті реңкін білдіреді.
2. Үнділік, ырғақтылыққа негізделіп, мәтінді бөліктерге бөліп тұрады.
3. Көңіл-күй толқынысын, шымырланған сезімді, қобалжуды танытады.
4. Түрлі тыныс белгілерінсіз сөйлемнің жанама мағынасы әлдеқайда солғын болар еді.

Функционалдық сауаттылықтың маңызды бір аспектісі – инновациялық құзыреттілік болғандықтан, мектеп оқытушысы инновациялық терминдерді де саралап қолдануы маңызды. Бүгінде инновациялық технологиялардың оқыту тәжірибесінде кеңінен қолданыла бастауының басты себебі – әлемдік білім кеңістігіне ену үшін білім беру жүйесін халықаралық деңгейге көтеру арқылы бәсекеге қабілетті ұрпақ тәрбиелеу. Өйткені ұлттың бәсекелестік қабілеті келешек ұрпағының білім, білік деңгейіне, яғни инновациялық әрекеттеріне тікелей байланысты [11]. Инновациялық әрекет жаңа идеяларға, ғылыми ізденістерге бағыттала отырып, нәтижесінде елдің экономикалық жағынан өсуіне жағдай жасайды. Сондықтан білім берудегі ұлттық саясаттың бағыты да – халықаралық әлеуметтік және экономикалық

тұрғыдан озық деп танылған оқыту модельдерін өз мүмкіндігімізге сай үйлестіре қолдану арқылы инновациялық жүйені қалыптастыру. Инновациялық жүйені қалыптастыруда оқытушы ең алдымен оған қатысты қолданыстардың (терминдердің) мәні мен мағынасын ажырата алуы қажет.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1 Әбілқазиев А., Бейсембаева З. Қазақ тілін оқыту әдістемесі. – Алматы: Санат, 2008. – 190 б.
- 2 Мұсабекова Ф. Қазіргі қазақ тілінің пунктуациясы. – Алматы: Мектеп, 1991. – 128 б.
- 3 Серғалиев М. Стилистика негіздері. – Астана: ЕҰУ, 2006. – 200 б.
- 4 Сыздық Р. Сөз құдіреті. – Алматы: Санат, 1997. – 247 б.
- 5 Мұратбеков С. Жабайы алма. – Алматы: Атамұра, 2002. – 400 б.
6. Шалабаев Б. Көркем әдебиет стилистикасы. – Алматы: Республикалық баспа кабинеті, 1999. – 65 б.
- 7 Аймауытов Ж. Бес томдық шығармалар жинағы. – Алматы: Ғылым, 1998. – 448 б.
- 8 Байтұрсынов А. Шығармалары. – Алматы: Жазушы, 1989. – 228 б.
- 9 Есенберлин І. Көшпенділер (үш томдық трилогия). – Алматы: Ан-Арыс, 2010. – 360 б.
- 10 Нұрмұқанов Х. Сөз және шеберлік. – Алматы: Ғылым, 1987. – 288 б.
- 11 Ибраева А.Д., Рахманова Н.М. Функционалдық сауаттылық-заман талабы // Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті. Хабаршы//Вестник «Филология ғылымдары» сериясы. – Алматы, 2017. – №2(60). – Б.231-234.

FTAХР 16.01.09

Қ.А. Садықбеков¹

¹Сүлейман Демирель атындағы университет,
Алматы, Қазақстан

АББАС ИБН ХАМЗА ӘС-САБРАНИ ЖӘНЕ КИТАБ ӘЛ-ӘФҒАЛ ЕСКЕРТКІШІ ЖАЙЫНДА

Аңдатпа

Китаб әл-Әфғал «Етістіктер кітабы» деп аты да айтып тұрғандай араб тілі грамматикасындағы етістік қалыптары бойынша түрлі бабтарға топтастырылған арабша етістіктердің жолма-жол астыңғы жағына қыпшақша баламасын беру арқылы түзілген арабша-қыпшақша етістіктер сөздігі болып табылады. Авторының аты-жөніндегі *Сабрани* деген сөзден оның *Сабран* деген жерден екендігін аңғарамыз. Орта ғасырлық тарихшылар мен саяхатшылардың еңбектерінің көпшілігінде қазіргі Оңтүстік Қазақстандағы орта ғасырлық Сауран қаласының *Сабран* деген атаумен кездесуі, автордың өзінің немесе ата тегінің осы Сауран қаласынан шыққандығының айғағы деуге болады.

Мақалада Мысыр мәмлүк жерінде жазылған Аббас ибн Хамза әс-Сабрани және оның «Китаб әл-Әфғал» атты арабша-қыпшақша етістіктер сөздігі жайында кеңінен сөз болады.

Түйін сөздер: әс-Сабрани, Сауран, Китаб әл-Әфғал, мәмлүк қыпшақ тілі, жазба ескерткіштер, түркітану

Садықбеков К.А.¹

¹Университет имени Сулеймана Демиреля

О ПАМЯТНИКЕ АББАС ИБН ХАМЗА ӘС-САБРАНИ И КИТАБ АЛЬ-АФ'АЛ

Аннотация

Книга *Китаб аль-Аф'ал* «Книга глаголов» как и свое название представляет собой словарь арабско-кипчакских глаголов, созданных кипчакским эквивалентом арабских глаголов, сгруппированных в разные грамматические формы в арабской грамматике. По фамилии автора, Сабрани означает, что он из Сабран. Средневековый город Сауран в Южном Казахстане во многих работах средневековых историков и путешественников встречается с названием Сабран, это означает, что сам автор или его предок возникли из этого города Сауран.

В статье рассказывается об Аббасе ибн Хамзе ас-Сабрани, который был написан на земле Египет мамлюк и его арабско-кипчакских глаголах «Китаб аль-Аф'ал».

Ключевые слова: ас-Сабрани, Сауран, Китаб аль-Аф'ал, Мамлюк кипчакский язык, письменные памятники, тюркология

K.A. Sadykbekov¹
¹Suleyman Dermirel University

ABOUT MONUMENT OF ABBAS IBN HAMZA ASS-SABRANI AND KITAB AL-AF'AL

Abstract

"The book of Verbs" of Kitab Al-Af'al about the verb form collocation in a different item, below of each word given glossary and translation in kypchak, following this statement it's found as kypchak-arabic book of verbs. By the name of author Sabrani we should determine that he comes from Sabran. In the handcraft of early middle historians and travelers we find out about South Kazakstan Sabran and detect that they wrote the Sauran as Sabran, following statement highlights the information that author from Sauran or his ancient lives there.

In the given article which written on Mamluk's territory tremendously message us about Abbas Ibn Hamza Ass-Sabrani and Kitab Al-Af'al of the kypshak-arabic thesaurus.

Keywords: Ass-Sabrani, Sauran, Kitab al-Afa'al, Mamluk Kipchak Language, manuscripts, Turkic studies

Fə'lə də özün daxili-insan edir imdi [3, 33].*

Дориан Ротенберг так озвучил эти строки:

*The wheel of fortune's turning in a new way nowadays;
The working men begin to think they're human nowadays.
They poke their noses everywhere and always nowadays.
What are we coming to when working men breathe freer nowadays?
They fight for rights and disobey the overseer nowadays!
The wheel of fortune's turning in a new way nowadays;
The working men begin to think they're human nowadays [6, 222].*

Подстрочный перевод:

*Колесо судьбы теперь крутится по-новому;
Рабочие начинают думать, что теперь они тоже люди.
Теперь они суют свои носы везде и всюду.
Что мы будем делать, если рабочие задышат свободно?
Они борются за права и не повинуются надзирателям теперь!
Колесо судьбы теперь крутится по-новому;
Рабочие начинают думать, что теперь они тоже люди.*

Особенность этого стихотворения в том, что повтор, следующий в конце каждой строки, не остался без внимания переводчика, и перевод осуществлен успешно. Однако, мысль, переданная поэтом в восьми строках, Дориан Ротенберг передает в семи строках. Строка «рабочий осмелел перед богачом» переведена им выражением «не повинуются надзирателям теперь» и объединена с пятой строкой. Конечно же, перевести стихотворение такого крупного мастера слова, как Сабир, на другой язык представляет немалую сложность. Найти эквивалент каждого слова, передать его в форме, доступной англоязычному читателю, все это требует от переводчика большой ответственности и мастерства. Невзирая на все это, перевод Дориана Ротенберга можно считать удавшимся.

«Сатира Сабира, наряду с критикой, язвительным смехом и иронией, отличается глубоким философским суждением и размышлением... он направляет читателя также в мир рассуждения, понимание сущности общественных событий» [7, 35]. С этой точки зрения, стихотворение поэта «Чих» совершенно отчетливо характеризует все эти общественные невзгоды:

*Ta gəlirik biz də bir az anlayaq, –
Məhzəri-irfanda vurur tək səbir.
Ya deyirik işləri sahmanlayaq, –
Məclisi-əyanda vurur tək səbir [3, 118].*

Посмотрим, как звучат на английском языке эти чрезвычайно ритмичные, написанные лаконичным методом строки, которые производят музыкальный эффект и, вместе с этим, содержат глубокий смысл:

*As soon as we start to realize things
It sounds among wise men – that mighty odd sneeze.
When we say we have got to normalize things,
It sounds among nobles, that mighty odd sneeze [8, 226].*

Подстрочный перевод:

*Только мы начинаем что-то пытаться понять, –
В среде знатоков громко звучит чих.
Только произнесем: приведем в порядок дела, –
В среде Их Высочеств гремит чих.*

Несмотря на то, что Дориан Ротенберг при переводе использовал нехарактерную для английской поэзии рифму («to realize things», «to normalize things»), и ему удалось передать содержание стихотворения, гармония и интонация стихотворения были нарушены. В других строках мы также наблюдаем неумение передать в переводе красоту звучания, свойственную поэзии Сабира:

*Yalxı bizi eyləməyib mübtəla:
Səfheyi – Qafqazı tutub bu bəla;
Qaxda, Qazaxda, Şəkiddə bərməla,*

Şiṣədə, Şirvanda vurur tək səbir [3, 118].

Рассмотрим перевод этого отрывка на английский язык:

*This misfortune happens not only with us –
It sweeps all the Caucasus like a foul breeze.
If Kakhi, Kazakh or Sheki start to fuss –
In Shusha and Shirvan it sounds, that odd sneeze [8, 226].*

Подстрочный перевод:

*Это бедствие происходит не только у нас –
Как пыльным ветром, им охвачен весь Кавказ.
Если в Кахе, Казахе или Шеки начинаются волнения –
В Шуше и Ширване они откликаются странным чихом.*

Умение талантливого переводчика Дориана Ротенберга проникнуть в мир Сабира, усвоить многогранный творческий метод поэта похвально. Невзирая на некоторые недочеты в переводе, нельзя недооценивать труд Дориана Ротенберга, благодаря которому англоязычный читатель смог ознакомиться с поэзией Сабира. Мирза Алекпер Сабир является таким корифеем Азербайджанской литературы, творчество которого, повлияло на все последующие периоды Азербайджанской поэзии и прозы. Этот период не раз подвергался исследованию в Азербайджанском литературоведении [9, 163]. Важно отметить, что Сабир представляет собой гений, перевод произведений которого на все языки мира необходим, и эта задача стоит перед нами, как одна из важных задач.

Список использованной литературы:

- 1 *Habibbayli I. Azerbaijani Poetry: Tradition and Modernity. Poetry of Azerbaijan (A Drop in the Ocean). Islamabad. – Pakistan: Leaf Publications, 2010. – 345 p.*
- 2 *Мирзахмедов А. Предисловие. – М.А. Сабир. Хонхоннаме. – Баку: Азернешр, 1954. – 532 с.*
- 3 *Сабир М.А. Хонхоннаме. – Баку: Азернешр, 1954. – 532 с.*
- 4 *Mirza-Alekper Sabir (Tair-zade). Ploughman. Translated by Dorian Rottenberg. Azerbaijanian poetry. An anthology. – Moscow: Progress publishers, 1969. – 221 p.*
- 5 *Гусейнов Ф. Молла Насреддин и молланасреддинцы. – Баку: Язычи, 1986. – 279 с.*
- 6 *Mirza-Alekper Sabir (Tair-zade). To the workers of Baku. Translated by Dorian Rottenberg. Azerbaijanian poetry. An anthology. – Moscow: Progress publishers, 1969. – 222 p.*
- 7 *Новрузов Т. Литературная школа Сабира. – Баку: Язычи, 1992. – 216 с.*
- 8 *Mirza-Alekper Sabir (Tair-zade) “The Odd Sneeze”, translated by Dorian Rottenberg. Azerbaijanian poetry. An anthology. – Moscow: Progress publishers, 1969. – 226 p.*
- 9 *Рагимли Т. Художественная проза Анара в литературной критике. Вестник КазНПУ им. Абая, серия «Филологические науки». – №1(55), 2016. – С.163-167.*

FTAXP 17.07.41

Ә.Д. Қабылов¹

¹*Ш.Есенов атындағы Каспий мемлекеттік
технологиялар және инжиниринг университеті,
Ақтау, Қазақстан*

КӨРКЕМ МӘТІНДЕГІ ИРОНИЯНЫҢ СТИЛЬДІК-ТІЛДІК ҚОЛДАНЫСЫ ТУРАЛЫ

Аңдатпа

Мақалада М.Мағауиннің әңгімелері мысалында иронияның стильдік-тілдік қолданысы қарастырылады. Ирония идеялық-эмоциональдық бағалаушы категория ретінде көркем шығарманың эстетикалық ерекшелігін айқындайды. Автор жазушының «Түнгі қонақтар», «Алтыбақаннан соң», «Өткінші» сияқты әңгімелеріндегі иронияның қызметі идеялық-көркемдік қызметін талдап көрсетеді. Сондай-ақ, көркем мәтіндегі ирониялық мағына тудырудың лингвистикалық аспектілері де сөз болып, тілдің лексикалық, фразеологиялық, синтаксистік мүмкіндіктері ойды құбылту мен сөз мағыналарын ойнату арқылы болмысқа ирониялық қатынасты жүзеге асыратыны дәлелденеді.

Ирония феноменін және оның көркем шығармадағы стильдік қолданысын қарастырғанда көркем мәтіндегі ирониялық мағына тудырудың лингвистикалық аспектілеріне тоқталудың мәні зор. Өйткені, тілдің лексикалық, фразеологиялық, синтаксистік мүмкіндіктері ойды құбылту мен сөз мағыналарын ойнату арқылы болмысқа ирониялық қатынасты жүзеге асырып отырады. Жазушы шығармашы-

лығындағы иронияның функциональдық қызметін зерделеу көркем мәтіндегі ирониялық эффектілердің қалыптасуының стильдік және тілдік механизмдерін анықтауға мүмкіндік береді.

Түйін сөздер: ирония, жазушы стилі, идея, бағалаушы категория, эстетикалық сана, шығарма тілі, авторлық баяндау

Кабылов А.Д.¹

¹*Каспийский государственный университет технологий и инжиниринга им. Ш.Есенова*

СТИЛЕВЫЕ-ЯЗЫКОВЫЕ ПРИМЕНЕНИЯ ИРОНИИ В ХУДОЖЕСТВЕННОМ ТЕКСТЕ

Аннотация

В статье рассматриваются стилевые-языковые применения иронии на примере рассказов М.Магауина. Как идейно-эмоциональная оценочная категория, ирония определяет и эстетические особенности произведений. Автор анализирует идейно-художественную функцию иронии в рассказах писателя, как «Ночные гости», «После алтыбакана», «Промелькнувший». А также рассматриваются некоторые лингвистические аспекты иронических смыслообразований, где доказываются лексические, фразеологические и синтаксические возможности языка в преобразовании мысли.

При рассмотрении ироний и его стилистических применений в художественном тексте важно анализировать лингвистические аспекты выражения иронического смысла в тексте. Так как лексические, фразеологические и синтаксические возможности языка реализуют иронические отношения к действительности путем выражения мысли и игр слов. Осмысление функции иронии в произведениях писателя даст возможность определить стилевые и языковые механизмы создания иронических эффектов в художественном тексте.

Ключевые слова: ирония, стиль писателя, идея, оценочная категория, эстетическое сознание, язык произведения, авторское повествование

A.D. Kabylov¹

¹*Caspian State University of Technology and Engineering named Sh.Yessenov*

STYLE-LANGUAGE APPLICATIONS OF IRONY IN THE ARTISTIC TEXT

Abstract

The article deals with style-language applications of irony on the example of M. Magauin's stories. As an ideological and emotional evaluation category, irony also determines the aesthetic characteristics of works. The author analyzes the ideological and artistic function of irony in the writer's discussions as "Night guests", "After the Altybakan", "Flashed Through". And also some linguistic aspects of ironic meaning are examined, where the lexical, phraseological and syntactic possibilities of language in the transformation of thought and the play of words are proved.

When considering the irony and its stylistic applications in an artistic text, it is important to analyze the linguistic aspects of the expression of ironic meaning in the text. Since the lexical, phraseological and syntactic capabilities of the language implements ironic relations to reality by expressing thought and word games. Understanding the function of irony in the writer's writings gives opportunity to identify the style and language mechanisms for creating ironic effects in the artistic text.

Keywords: irony, writer's style, idea, evaluation category, aesthetic consciousness, language of the work, author's narrative

Ирония стильдік тұрғыда «мақсат» та, «құрал» да болып табылады. Кешенді көпфункциональды ирония дүниетанымдық құрылым және эстетикалық сана формасы (эстетикалық категория) болатындықтан, көркем ойлау импульсі ретінде қызмет етіп, шығарманың эстетикалық ерекшелігін айқындайды.

Ирония – идеялық-эмоциональдық бағалаушы категория. Көркем әдебиетте күлкі тудырушы пафостың түрлерге жіктелуі ондағы күлкінің объективтік немесе субъективтік бастауларға қатынасына байланысты болады. Егер сатира мен юморда күлкі көркем бейнеленетін объектідегі

қайшылықтардың ашылуына байланысты болып, авторлық баға беру «қосалқы» рөл атқарып тұрса, ирония мен сарказмда автордың бағалауы күлкі тудырып, объектінің сипаттары қосалқы орында тұрады [1, 13].

М.Мағауин әңгімелерінде «Түнгі қонақтар» (1969) әңгімесінің фабуласы онша күрделі емес. Қыстың көзі қырауда қыстаудағы үйге түнде келген екі қонақтың осы үйден кешкі ас ішіп, қона кетіндер дегенге көнбей жолға шығуы, алайда арақты көп ішудің қырсығынан адасып, осы үйге қайтадан келуі әңгімеленеді. Екі қонақ – ферма бастығы Тоқмет пен есепші Тілеукен. Арада олардың сөзін терістеп, айтқанына көнбей отыратын қосалқы кейіпкер – жас бала, оқудан ауылына қайтып келе жатқан Едіге. Үй иесі Өмірбек ақсақал – көпті көрген, өмірі мал соңында өтіп келе жатқан қария. Едігенің екі қонақтың айтқанына керісінше жауап қатып, оларға ермей қалғаны қандай абырой болған!

Кемпірі екеуі астарын алдарына қойып күтіп, қона кетіндер дегендеріне қарамай шығарып салғаннан кейін, жолда тағы ішіп, бірі ары, бірі бері тартып жүргенде адасып кетіп, ақыры айналып осы ауылға қайтып келгенде өз көздеріне өзі сенбей аңтарылады. Жиналыс та жайына қалды. Бәрінен де елге күлкі болуды айтсаңшы!

Әңгімедегі диалогтен көрінетін кейіпкер сөздерінің өзі адам болмысына сай ішкі ойларынан хабар беретін және қайшылықты сипатымен бір-біріне үйлеспей жататын – бірінің кекетіп отырғанын екіншісінің тура қабылдайтын ирониялық эффектiсiмен ерекшеленеді:

« – Өлмейсіз, – деді қонақ. – Тоқсаннан беріде ат басын тартпайсыздар.

– Біз тоқсанға келсек, сендер жүз отызға жетерсіңдер, – деді Өмірбек.

Жүз отыз деген былай, нелеу... көптеу ғой... Сол сексен, тоқсан да жарайды бізге.

– Тоқсанға ойнап жүріп жетесіңдер. Одан әрі мына күнде ішетін жынды суларыңның қырық градусы бар емес пе? Жүз отыз деген сол.

– Жоқ, – деді қонақ. – Жүз отызыңыз көптеу. Біздің қолға ілініп жүргені не?.. Жаман, ашыған арақ, сасық спирт. Алматыдағы мықтылар ішетін денсаулыққа пайдалы, ешқандай қоспасыз, таза, каниак дейтін арақ бар көрінеді. Не керек, бұл жаққа келмейді. Әйтпесе...

– Ее-е, жынды атаңның аузын ұрайын, – деді Өмірбек. – Саған мұңымды шағып арыз айтып отырған менде де ес жоқ. Жарайды, таңертең сөйлесерміз» [2, 52].

«Алтыбақаннан соң» әңгімесі (1972) Алматыда оқитын студент жігіт Қосайдардың нағашысының аулына келгенде ауылдағы алтыбақанға қатысып, сол сауық кеште әнші қыз Балқиямен ғана билеп, соңынан екеуі ауыл шетіндегі төбеге шығып сырласады. Екеуінің көңілі жарасқан соң, Қосайдар қоштасарда махаббат сөздерін айтады («Кеудесін кернеп бара жатқаннан емес. Міндет, борыш санағаннан. Жаңағы бейәдеп кимылдарын жуып-шаю үшін»). Алматыға оралған соң да әуелде хат алысып тұрады. Қыздың хатынан оның ыстық пейіл, ынтық сезімін сезгенмен, оған онша ықыласты бола қоймайды. Ақыры қыз мектеп бітірген соң қалаға оқуға келемін деген сөзінен айнып, мектеп бітірген сыныптастар түгел малшылыққа, механизаторлыққа қалатын болғанын естиді. Арадағы хаттар да тиылып, Балқия да ұмытылады.

Күз түсе онжылдықты Балқиямен бірге бітірген бір қыз келіп, Қосайдарға ауылда қалған Балқияның бұған арнаған «Қызғалдық жыры» әнін айтып береді. Бұл ән көп кешікпей қаладағы студенттер арасында кеңінен тарап кетеді.

Көп кешікпей Қосайдар бақытсыздыққа ұшырайды: мас болып, төбелес шығарғаны үшін институттан қуылады. Екі-үш айын бос өткізеді. Әкесі дүние салып, кешікпей Қарқаралысына қайтады. Ортаңқол қызметке орталасады. Алматыға барып әрекеттенгенмен, оқуға түсе алмайды. Ішімдікке әуес болады. Үйленіп, әйелімен жараса алмай айырылысады. Тағы бір аздап әншілігі бар әйелмен қосылып, онымен де «таңертеңгілікте ұрысып, кешкілікте төбелесіп, жатарға таянғанда ғана татуласып, не ел қатарлы тыныш өмір сүрмей, не адамша ажыраспай, ырын-жырын күй кешіп жатты».

Нағашы туыстарынан хат арқылы оспақтап сұрастырып білгені: Балқия баяғы алтыбақанда бірге болатын Айдар деген домбырашы жігітке тұрмысқа шығыпты. Екеуі автоклуб ұстайды екен, балалы-шағалы болған. Мұны естігеннен кейін Қосайдар бірнеше күн бойы бас көтермей арақ ішеді. Жұмыста да жағдайы ауырлай бастағасын, ағайын-туыстары араласып арағын қойғызады. Той-жиындарда ғана көңіл үшін бір-жар рюмка көтеріп, қызара бөртіп отырады. Бұдан әрі әңгіме финалына кезек берелік: «Ал осындай той үстінде қазір дүйім жұртқа тараған «Қызғалдақ жыры» айтылса, қашан да көзіне жас үйірілетін. Сонда біреулер қасында отырған көршісін түртіп: «Осы әнді нағашы жұрты жақтағы бір қыз Қосайдарға арнап шығарған көрінеді. Әйелде опа бар ма, әнін айтып-айтып, өзі басқа біреуге кетіп қалыпты. Жігіттің нары еді. Қайтсін, бір қыздың зарпынан осындай болды», – дейтін. Сонда көршісі мырс етіп: «Сен де соға бересің. Халық әні емес пе. Бұл маскүнем

шіркін «Жалғыз аршаны» айтқанда да жылайды», – дер еді» [2, 149].

Осы диалогте пікір қайшылығына негізделген ирония бар. Әркімнің өзінше жоруы арнасында адам тағдырына алаңдаушылықпен қатар, мәселенің байыбына бармай жатып, сырттан тон пішу арқылы баға беру әдеті мысқылданады. Алайда, ол негізсіз де емес. Қосайдар тағдырында сол қыздың орны, ол шығарған (шырқаған) әннің қатысы бары анық. Соны негізге ала отырып, өмірдегі сәулелі сәттердің, шынайы сезімдердің мәніне мән бермеу, байыбына бармау кейде орны толмас өкінішке әкелетін ишаралайтындай. Шығармадағы ирония мәтіндегі жекелеген баяндау аясынан да, жалпы концептуалдық шешімнен де көрінеді.

«Өткінші» әңгімесі (1969) – кейіпкердің өмір жолына талдау жасай отырып, адамның өсу-өркендеуі мен тағдыр-талайына елеусіз шешуші сәттер мен түрлі кездейсоқ жағдайлардың себеп болатынына меңзейтін, тағдыр ұсынған сәтті мүмкіндіктерді пайдалану арқылы жеткен меже мен сол деңгейге лайық болып, өмірдегі өз орныңды ұстап тұрудың қайшылығын көркемдікпен салмақтайтын шағын әңгіме.

Әңгімеде бас кейіпкер – астаналық жас ақын Уақас Дүйсенбайұлы Жалбағаевтың он шақты жылдан кейін туған ауылына келіп, ағайын-тамаластарының ыстық ықыласына бөленуі сөз болады. Авторлық шегініс арқылы баяндаудан білетініміз – оның өмір жолы. Уақастың әкесі Дүйсенбай – кісілігі мол, сыйлы азамат болғандығы, колхоз бастығы болып жүріп, ауылдастарына шапағаты тигендігі, сөйтіп соғыс басталғасын майданға аттанып, көп ұзамай қара қағаз келеді. Әйелі мен үш жасар ұлы қорғансыз қалады. Уақастың шешесі әйелі өлген бір шалға тиіп, онымен тұзы жараспай, екі-үш айдан кейін ажырасып кетеді. Жарты жылдан кейін шешесі қайтыс болып, Уақасты ағайындары қолдарына алады. Сол жылы интернатқа орналасады. Мектепті орташа бітіргеннен кейін, ары қарай оқуға ниет етпеген Уақасты колхоз басшылары қойға жібереді. Аға шопан әкесінің нағашы жұртынан Қармыс болатын. Қойдан бос кезінде ермек үшін үйдегі жалғыз кітап – Абайдың өлеңдер жинағын тауып алып, соны оқып шығады. «Мектепте мұғалімдері арнайы тапсырма бергенде жаттамай, талай рет екі алып еді, енді өлеңдер өзінен-өзі көкейге жазылып қалатындай. Бірер айдан соң Абай түгелге жуық жатталып бітті. Содан соң Уақастың өзі де жазаға кірісті» [2, 64].

Сөйтіп әйтіп-бүйтіп құрастырып, түрлі тақырыпқа өлең жазып жүреді. Сол жылы қыс қатты болып, көптеген колхоздар шығынға ұшырағанмен, қыстауы қолайлы бұлардың отары аман қалады. Орталық шазеттен келген журналист жігітті осы колхозға жібереді, ал Қармыс болса қиындықты көтерген, малды баққан осы деп Уақасты көрсетеді. Уақаспен сөйлесіп отырып, біраз жайға қаныққан журналист мұнаң өлең жазатынын байқап қалады. Жазғандарын оқып көргенмен, ұнатпайды, алайда бірақ ақыл-кеңесін айтып кетеді. Қалаға барғасын Уақат туралы мақтауын асырып көлемді мақала жазып, арасына мұның жазғаны деп екі шумақ өлең келтіріпті.

Арада көп уақыт өтпей, республикалық әдеби журналдың бас редакторынан хат келеді. Оған әлгі мақалада келтірілген мұның өлеңі ұнап қалыпты, өлеңдерімен танысқысы келетінін айтыпты. Уақас оған қалың дәптерге жазылған өлеңдерін салып жібереді. Редактор келесі хатында мұның өлеңдерін жақында журналда басылатынын хабарлап, өзін астанаға келіп кетуін өтініпті. Сөйтіп бұл малды жаңадан мектеп бітірген жасқа тапсырып, ауылымен қоштасып, Алматыға келеді.

Осында оның шығармашылық қадамы басталады. Талантымен асып бара жатпаса да, ілдебайлап жазармандар ортасына ілігеді. Газетке жұмысқа тұрып, оның да қиындығын бастан кешіреді. Кітабы шығып, сынға ұшыраса да, біреулердің қолдауын да көреді. Сөйтіп жүріп, сырттай оқып, журналистік мамандық алады. Жинақтап айтсақ, автордың өзі баяндағандай, «Уақыт жылжып өте берді. Уақас үйленді, бала-шағалы болды; Тастақта, Горный Гигантта, Малая станицада бірде қазақтың, бірде ұйғырдың, бірде орыстың үйінде пәтерлеп алты-жеті жыл жүріп, ақыры үй алды; орта есеппен әрбір екі курста үш жылдан отырып, бейнетпен университетті бітірді; «Көре-көре көсем болады, сөйлей-сөйлей шешен болады» деген, жарғақ құлағы жастыққа тимей талаптанып, еңбектеніп жүріп, даңқы болмағанмен, әжептәуір аты бар құбатөбел журналистердің санатына қосылды. Бірақ газет жұмысы да қажытқан еді. Бұрын бірге істеген жігіттер тегіс басқа жақтарға ауысып, жастар газетіндегі жалғыз шал – отызға келген өзі боп қалды» [2, 74-75].

Мұндай авторлық баяндаудың астарында кейіпкердің өсу-жетілу барысындағы, әжептәуір атақмансап жолындағы жансебіл тірлігіне деген ирониялық тыныс жатыр. Қарапайым кейіпкердің жетілу жолында, бір қарағанда, әлдеқандай заңдылық бар секілді көрінгенмен, кездейсоқ оқиғалардың кейіпкер тірлігін басқа арнаға бұруы, өмірдегі сәттілік пен шарттылықтың кезектесіп отыруы секілді қайшылықты арналар да шығарманың сюжетіне осындай реңк дарытады. Жазушы ирониясы зілсіз де

нәзік. Бас кейіпкер Уақастың тағдырына алаңдаушылық пен тілеулестік бар, алайда әңгіме финалы кейіпкер ойының қат-қабат қатпарларын ашық көрсетпесе де, ертеңіне деген екіұшты болжамдарын, сенім мен күдік аралас сана дағдарысын меңзейді.

Мұнда ирония автордың шығармашылық міндетіне орай көркем айтылымды ұйымдастырудағы жетекші принцип ретінде көрінеді. Бұл жерде иронияны кең мағынада, мәтінді тұтастай ұйымдастырып тұратын шығармашылық принцип ретінде түсінеміз. Ф.Шлегель айтқандай, бұл «ирониялық эпизодтарға негізделген» риторикалық ирония емес, әсіресе полемикаға тән сөз қолданысы да емес, нағыз отаны философия болып табылатын поэтикалық ирония, мұндай ирония «өзінің құдіретті демімен» поэтикалық жаратылысқа тұтастай еніп, онда «бәріне жоғарыдан қарайтын және барлық шарттылықтардан, оның ішінде өз өнерінен, адамгершілігі мен данышпандығынан да шексіз асқақтай түсетін көңіл-күй» жүзеге асады [3, 282-283].

Әңгіменің басынан бастап ирониялық композиция түзіледі, соған орай образдар құрылымы қалыптасады. Шығарманың «Өткінші» деген атауының өзінде мәтінді біржақты тура мағынада қабылдауға мүмкіндік бермейтін ирониялық реңк бар. Автор «Өткінші» деп нені меңзеп отыр? Уақастың өткен өмірі ме, әлде бір кездегі аз күнгі атақ-абырой немесе соңынан ілесіп жүретін сәтсіздіктер ме? Мүмкін, қазіргі екіұдай халдегі алмағайып халін айтып отырған болар!? Бәрі де мүмкін. Өмірде бәрі де өткінші, әсіресе кездейсоқ қонған бақ та, кенеттен келген ырыс та баста ұзақ тұрмайды, тұрақтылық тек адамның өз орнына сай болып, күш-жігері мұқалмай, ұдайы алға жылжи беруінде деген пәлсапаны ойға түсіретіндей.

Ирониялық баяндау стилін көркем әдебиет тілінің елеулі ерекшеліктерінің бірі ретінде қарауға болады. Өйткені ирониялық назар – айтылымның тура мағынасынан алшақ жататын әрі оған сенімсіздікпен қараудан туатын ойлаудың өзгеше сипаты рәуішті. Мұндай көркемдік-тілдік құбылыс жаңа кезеңнің рухани жағдаятына тән субъект мен объектінің арасындағы стереотиптік қабылдаулардың алшақтығына, идеология мен мифтердің қайшылықтарын түрліше сезінуге байланысты болмақ. Өмірлік шындықты қабылдаудың түрліше сипаттары көркем образдардың құрылымына елеулі өзгерістер алып келді. Мұндай өзгерістер айтылымның әдеттегі қалыптасқан түрлерінен өзгеше, «айтылған сөз» бен «айтқымыз келген ойдың» арасындағы рефлексиялық арақашықтықты көрсету қажеттігіне байланысты тілдік белгілерді бұзу арқылы «көрсетілген мағынаны» «білдірілетін мағынадан» айыруды көрсетеді. Оның негізінде тұспалдау, ойды астарлап жеткізу мақсаты жатады.

Ирония – осындай тұспалдай бейнелеу жолдарының бірі, онда айтылған мағынаға қатысты өзектендіру мен пайымдау орын алады. Ирониялық айтылым объектіні көрсетіп қана қоймайды, сол объектіні ойын нысанына айналдырады, оны келеке қылады, оның өз атына сай еместігін ашып береді.

Ирония феноменін және оның көркем мәтіндегі стильдік қолданысын қарастырғанда, көркем мәтіндегі ирониялық мағына тудырудың лингвистикалық аспектілеріне тоқталудың мәні зор. Өйткені, тілдің лексикалық, фразеологиялық, синтаксистік мүмкіндіктері ойды құбылту мен сөз мағыналарын ойнату арқылы болмысқа ирониялық қатынасты жүзеге асырып отырады. Жазушы шығармашылығындағы иронияның функциональдық қызметін зерделеу көркем мәтіндегі ирониялық эффектілердің қалыптасуының стильдік және тілдік механизмдерін анықтауға мүмкіндік береді.

Тіл білімінде ирония негізінде жағымды және жағымсыз мағыналардың қақтығысы жататын лексикалық бірліктердің, сөздер мен сөз тіркестерінің, бір немесе бірнеше сөйлемдердің эксплициттік (тура) және имплициттік (астарлы) мағыналарының өзара ықпалдасуы ретінде түсіндіріледі.

Иронияның көркем мәтін тіліндегі көріністері сан қырлы. Оны тілді-стильдік тұрғыдан қарастырып, жазушының суреткерлік мақсатына сәйкес тілдік-көркемдік құралдармен өрнектеуінің түрлерін «Өткінші» әңгімесі бойынша қарастырып көрелік:

1. Жекелеген сөздер мен сөз тіркестерінің, әсіресе фразеологизмдердің көмегімен ирония объектісін нысанаға алу: «...оқудың түбіне жеткен ақын Уақас Жалбағаевқа, оның қасындағы шашы қысқа қиылған бұйрабас қара келіншекке, алты-жеті жастар шамасындағы үйелмелі-сүйелмелі екі балаға армансыз қараған» [2, 61].

2. Салыстыру арқылы кекесін тудыру, мысалы, мына сөйлемде авторлық баяндау Уақастың жеңгелерінің жасырақ кезіндегісі мен қазіргі түр-сипатын салыстыра бейнелеу арқылы айтылымға ирониялық эффект үстеп тұр: «Уақас өзіне айран, сүт, бауырсақ беретін нұр жүзді, әдемі екі-үш жеңгесінің енді жасамыс, сарқарын қатын болғанын көрді» [2, 61].

3. Сын объектісін тұқырту мақсатында ұлттық ұғымдағы өткір тілдік конструкцияларды қолдана отырып, ащы сарказмға ойысу: «Күзде оңаша қалғаннан бері оғаш мінез танытып жүрген, етегінің желі бар жас келіншек күйеуінің жылын күптестен, әйелі өлген, бала-шағалы қартаң біреуге тиіп

алды. Онымен тұзы жараспай, екі-үш ай өтпей айырылысты. Содан соң-ақ жесір келіншектің үйі ерінбеген еркектің бәрі қалаған уақытында бауырын жазып, бой суытып кететін ойнаққа айналды» [2, 62].

4. Ғылыми терминдер мен тұжырымдарды пайдалана отырып, жағдаяттың мәнін аз сөзбен дөп бейнелеу: «Әйткенмен, өзінің бөлім бастығы айтқандай, Уақастың әріптестері алдындағы беделі газеттің жұртшылық алдындағы беделіне кері пропорционал еді» [2, 73]; «Формализм дегеннің не екенін білмейтін Уақас формалист деп жарияланды» [2, 74].

5. Кейіпкерлердің іс-әрекеттерін олардың ішкі ойларымен сабақтастыра отырып, мысқылмен жылы езу тартқызу: «Қалада мұндай мол дүниенің қолға түсе бермейтінін білетін әйелі мен екі баласы да мүмкіндігінше көбірек қарбып қалайық деп іштей келіскендей» [2, 76].

6. Мақал-мәтелдердің фрагменттеріне сілтеме жасай отырып, айтылымға ирониялық мән үстеу: «Редакцияларға әр тараптан «сенген қойларың осы болса...» деген тәрізді хаттар түсті» [2, 71].

Уақас туралы газетке шыққан мақаланы оқығаннан кейінгі Мұртсыз Матай мен Қармыстың арасындағы әңгіме мен оған Уақап араласатан полилогтан да мысқыл-кекесін көрінеді. Бірақ мұндағы ирониялық сарын екеуара (үшеуара) әңгімеден тысқары – сырттай бақылау арнасынан, оқырман санасынан туындап жатады:

« – Шіркін, жазушы болсаң, осындай бол! – деді Мұртсыз Матай басын шайқап тамсанып. – Сені тапқан атаң Тауасардан айналайын.

– Ерім, келістірген-ақ екен, – деді Қармыс бурыл сақалын сылап.

– Көбі өтірік, – деді ақыры шыдай алмаған Уақас.

– Қарағым-ау, анда-мында емес, кәзиттің өзіне жазып отырған соң ептеп қоспаса бола ма, – деді Мұртсыз Матай. – Кәзит түгіл ауданға жай ақпар бергеннің өзінде пәлен қора жөнделді, қыстау басына пәлен сентнер шөп түсірілді деп аз-маз үстемелетіп жібереміз.

– Етке де тұздық құйылады. Өстіп әдімілеп суреттемесе, сөздің дәмі кіре ме, – деді Қармыс та» [2, 66].

Мұндай диалогтің астарында сөйлеушілердің мінез қырларын көрсететін жеңіл юмор да, заман шындығынан хабар беретін қағытпа әзіл де, баланың күмәнін жуып-шаймақ болған ниеттестік күлкі де бар. Мұндағы күлкіде юмор мен иронияның сабақтастығы жатыр. Юмор мен иронияның байланысы жайлы В.О. Пигулевский былай деп жазады: «Общим для иронии и юмора является противоположение элементов, контраст и критическое отношение к миру. Различие состоит в том, что юмор по сути есть нрав, настроение, в то время как иронии довлеет отрицательное суждение. Комическая ирония – это суждение, дополненное карнавальным настроением. Ирония ранит, оскорбляет конкретное явление, юмор критически относится к миру в целом» [4, 36].

Қорыта айтқанда, иронияның функционалдық қызметін зерделеу көркем мәтіндегі ирониялық эффекттердің қалыптасуының стильдік және тілдік механизмдерін анықтауға мүмкіндік береді. Иронияның қолданысы мен оның даму тенденциясы өрістеп отырған қазіргі жағдайда иронияның суреткер шығармаларындағы стильдік қолданысын, көркемдік құралдарын пайымдаудың маңызы зор.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1 Болдина Л.И. Ирония как вид комического. Автореф. дисс. канд. филол. наук. – М.: Изд-во МГУ, 1982. – 138 с.

2 Магауин М. Екі томдық шығармалар жинағы. I том. – Алматы: Жазушы, 1990. – 446 б.

3 Шлегель Ф. Критические фрагменты // Шлегель Ф. Эстетика. Философия. Критика. В 2-х т. Т.1. – М., 1983. – 480 с.

4 Пигулевский В.О. Ирония и вымысел. – Ростов-на-Дону: Фолиант, 2002. – 418 с.

МРНТИ 17.07.65

Лулудова Е.М.¹

¹Алматинский филиал НОУ ВПО
«Санкт-Петербургский Гуманитарный
университет профсоюзов»

К СЕМИОТИКЕ ИНТЕРПРЕТАЦИОННОГО ПРОСТРАНСТВА: «ТАЙНАЯ ВЕЧЕРЯ»

Аннотация

В статье анализируется широко известное событие, произошедшее перед казнью Иисуса Христа, – Тайная вечеря. Предлагается рассматривать его не в русле того или иного ракурса (только с точки зрения литературы или как живописное полотно, или в рамках кинотребуваний и т.д.), а как единое целое. Доказывается, что упомянутое когда-то, это событие продолжает развиваться в сложную концепцию визуального и виртуального интерпретационного единства. При этом показано, что запечатленное на фреске Леонардо да Винчи оно не разрешает, а еще больше углубляет проблемность. Особое внимание привлекается к книге Д.Брауна «Код да Винчи» и ее киноверсии режиссера Р.Ховарда. Проводятся параллели и сопоставления с существующими значительными интерпретационными версиями Тайной вечери в доказательство того, что древнее неотрывно от современности.

Ключевые слова: семиотика, интерпретация, структурные элементы, константы, тайная вечеря, мифологический прообраз, материализованная святыня, вербализация ментального

Е.М. Лулудова¹

*¹Санкт-Петербург Гуманитарлық кәсіподақ университетінің
Алматыдағы филиалы*

«ҚҰПИЯЛЫ КЕШТЕГІ» КЕҢІСТІК СЕМИОТИКАСЫНЫҢ ТҮСІНДІРМЕСІ

Аңдатпа

Исус Христостың өлім жазасының – Құпия жиналыстың алдында болған әйгілі оқиға мақалада сарапталады. Оның қалпында әртүрлі қырынан емес (тек қана әдебиет көзқарасынан немесе көркем сурет ретінде, немесе кино талаптары шеңберінде және т.б.), біртұтас қарастыру ұсынылады. Бір кезде болған оқиға визуалды және виртуалды бірегей түсіндірудің күрделі тұжырымдамасына дамуы жалғасқаны дәлелденеді. Сонымен бірге, Леонардо да Винчи фрескасында ол рұқсат етілмейді, керісінше ол мәселені тереңдетілетіні көрсетілген. Д.Браунның «Код да Винчи» кітабына және режиссер Р.Ховардтың аталған кітаптың киноұсқасына ерекше назар аударылады. Ерте заманның қазіргі заманмен айырылмайтынының дәлелі – Құпия жиналыстың қолданыстағы айтарлықтай түсіндірмелі нұсқалары параллель және салыстыру жүргізіледі.

Түйін сөздер: семиотика, түсіндіру, құрылымдық элементтер, тұрақты шамалар, құпия жиналыс, мифологиялық бейне, материалдық аса құрметті зат, ділдік вербалдану

Е.М. Luludova¹

¹Almaty branch of the Saint-Petersburg Humanitarian University of Trade Unions

«THE LORDS SUPPER» INTERPRETATION SPACE TO THE SEMIOTICS

Abstract

The article analyzes a widely known event that occurred before the execution of Jesus Christ – the Last Supper. It is proposed to consider it not in the mainstream of this or that perspective (only from the point of view of literature or as a painting, or as a part of cinematography requirements, etc.), but as a whole. It is proved that an event mentioned once, continues to develop into a complex concept of visual and virtual interpretive unity. It is shown that what is depicted on the fresco of Leonardo da Vinci, not only solve, but even deepens more the problem. The special attention is drawn to the book by D. Brown "the da Vinci Code" and its film version directed by R.Howard. There are parallels and comparisons with existing significant interpretational versions of the Last Supper as proof that it is more ancient and is inseparable from modern times.

Keywords: semiotics, interpretation, structural elements, constants, the Last Supper, the mythological prototype, the materialized shrine, verbalization of the mental

Структурные элементы художественного произведения – сюжетостроение, словесные формулы, ритмические и моторные константы и т.п. – составляют специфический традиционный стиль, к которому обращаются авторы при создании новых произведений. Меняются времена, система ценностей, мировосприятие, вкусы и пристрастия, люди. От Рождества Христова человеческое сознание, воплотившееся в художественной культуре, испытывало мучительные метания от мистицизма к реализму, от фанатической веры – к атеизму и обратно. Однако, несмотря ни на что, евангельские образы и евангельские сюжеты остаются волнующими источниками новых художественных и философских интерпретаций. Так, библейская история о сборе всех апостолов во время преследования и объявление Иисусом имени его предателя легли в основу фрески Леонардо да Винчи «Тайная вечеря», написанной в 1495-1498 годах для доминиканского монастыря Санта-Мария дела Грацие близ Милана [1]. В начале XX века в книге Дэна Брауна «Код да Винчи», а потом и в одноименной кинокартине режиссера Рона Ховарда (2006 год), она подвергается тщательному изучению. Серия загадочных головоломок зашифрована в легенде, книге и картине и раскрывает тайну «источника Божьей Власти на земле». В итоге смешиваются предмет, его наполнение/содержимое, его хранители и то, что станет результатом. Цель данной статьи – сравнить различные интерпретации Тайной вечери, в частности рассмотреть представленное в Библии, на фреске, в книге, в кинофильме и в ряде других известных произведений с учетом семиотики всего интерпретационного поля, т.е. с учетом особенностей и перспектив литературоведческого анализа, но без его первостепенности.

Начнем с Библии. Суть рассматриваемого – раскрытие предательства. Однако в подтексте сообщается, что Иисус как сын Божий знает больше, чем другие, и дает оступившемуся время для исправления. Уважая каждого из своих учеников и ставя всех под сомнение тем, что не называет конкретное имя, он предлагает каждому оценить себя еще раз. Контекстуальность формулы «Все и никто» является наиболее ярким доказательством проявленности, с одной стороны, познания разницы между знанием и незнанием, добром и злом, жизнью и смертью; с другой – доказательством права на выбор. Т.е. самостоятельность поступка при осознании его результата реализует первое утверждение создания жизни на земле по образу и подобию Божьему и первую его интерпретационную формулу, где «Ты как Бог» равно «Ты есть Бог».

Фреску «Тайная вечеря» заказал Леонардо да Винчи герцог Сфорца в память своей жены. Почти нет декораций, темные тона и прорисованность только центральной группы, отдельные группы застыли в оцепенении от услышанного. «В этой росписи мастер избегает всего того, что могло бы затемнить основной ход изображенного им действия, он добивается редкой убедительности композиционного решения», – читаем мы почти во всех рецензиях и отзывах по поводу данной фрески [2]. Однако возможно существование и иных интерпретаций. Так, вино и хлеб на столе не только возвышают происходящее до уровня иконы (евхаристия), но и опрощают до обычного семейного застолья (само слово «вечеря» одновременно обозначает и «пир», и «ужин»). Яркое одеяние Иисуса и нежные тона рядом с ним сидящего ученика могут олицетворять извечный антагонизм мужского и женского начала. Контуры этих тел образуют букву «М», что может рассматриваться и как слово «Matrimonio» (что на итальянском языке означает «брак»), и как имя Марии Магдалины (если это продолжение или признание версии о связи Иисуса и Марии Магдалины, об их супружестве и ее важности для Иисуса, т.к. она сидит по правую руку от него). Пространство между главными фигурами образует по форме четкий клин, а символ «V» не только подпись художника, но и обозначение женского начала. Данная интерпретация нашла отражение в апокрифическом Евангелии Филиппа, где апостолы упрекали Иисуса за внимание к Магдалине словами «велико таинство супружества – ибо без него не стало бы мира» (она была вычеркнута из канонического текста Нового Завета Никейским собором в 325 году), в книге Вильяма Филиппса «Были ли Иисус женат» (1970), рок-опере 60-70-х гг. XX века «Иисус Христос – суперзвезда», фильме Мартина Скорсезе «Последнее искушение Христа», книге Лоренса Гарднер «Чаша Грааля и потомки Иисуса Христа» (1996) и частично в «Коде да Винчи» Д. Брауна (разноаспектное изложение этого можно найти [3]).

Многое на фреске и множество происходящего вокруг нее троично:

1. Апостолы располагаются группами по три фигуры.
2. Апостолы разделены Иисусом на две части по шесть фигур в каждой.
3. За Иисусом находятся три окна.
4. Фигура Иисуса по контурам четко вписывается в треугольник острием вверх.

5. Между Иисусом и фигурой рядом с ним четко вписывается треугольник острием вниз.
6. Таинственное лицо – это не Иуда, а Иоанн, и он на картине шестой по счету.
7. Добро (Иисус) и зло (Иуда) образуют с Иоанном (Марией Магдалиной) единую группу (Троицу), где центр – таинственное лицо (или Иоанн, или Магдалина из-за слишком женственных черт лица).
8. Исконная базовая полярность мужское-женское соединяет мужское (обычно рассматриваемое как целеустремленность, активность, вера в ценность своей собственной жизни) и женское (обычно представляемое как миролюбие, доверчивость, вера в ценность жизни других) в образе таинственного женственного изображения шестого апостола, называемого то Иоанном, то Марией Магдалиной. Однако она дополнена художником еще одной базовой составляющей (контроль над собственной жизнью), в образе всем известного Иуды. Иуда не только символически обозначен (мешочек с серебряниками в правой руке, перевернутая солонка на столе перед ним, отсутствие нимба над головой), не только известен как предатель (библейские притчи), но он также смещен с края стола, где обычно изображался, к его центру, почти соприкасается левой рукой с правой рукой Иисуса.
9. Слово «вечеря» означает одновременно пир и ужин, но именно на рассматриваемой Тайной вечере Иисус объявил еще об одном значении вечера – причащении (евхаристии). Более того, Тайная вечеря и Вечеря любви (агапа) в богословской литературе одинаково распространены, а вот Таинство Евхаристии представлено как одно из важнейших при домостроительстве вообще и при домостроительстве спасения в частности.
10. В состав слова «вечеря» входит шесть букв, но в церковнославянском написании оно может быть рассмотрено как единство слова «вече» («собрание, всеобщее обсуждение чего-то»), буквы «ерь» (толкуемое как «существующая жизнь, Богом данная; законченное творение») и буквы «ять» (толкуемое как «божественная связь; взаимосвязь небесных и земных структур»), что усиливается при обратном прочтении данного слова, так как наоборот оно читается как «я речев» (т.е. «я говорю»).
11. Много интерпретаций посвящено изображенной на фреске рыбе. С одной стороны, это позитивный символ, связанный с плодородием, сексуальной гармонией, с Иисусом Христом (буквы греческого слова «рыба» («*ichthys*»)) могут рассматриваться как акроним слов «Иисус Христос, Сын Божий, Спаситель» (*Iesus Christos Theou Huios Soter*)), сам Иисус приводил аналогию между ловлей рыбы и обращением людей в новую веру, а в сцене Тайной вечера рыба свидетельствует о времени происходящего (в пятницу католикам разрешено есть рыбу, а не мясо). С другой стороны, отмечается ее сорт. Если это угорь, то по-итальянски «угорь» произносится как «аринга», что лишь одной буквой отличается от другого итальянского слова – «арринга» (наставление). Однако если изображена сельдь, то слово «сельдь» произносится в северной Италии как «ренга», что переводится как «тот, кто отрицает религию».
12. Обычно все едят три раза в день, но согласно богослужебному уставу вечеря – это часто единственная трапеза за целый день. Она идет сразу после вечерни и после нее (по уставу) священническая братия возвращается в храм, где поется повечерие (служба перед сном). Тем самым вечеря, вписанная между двумя обязательными молитвенными службами, сама становится молением.
13. Перспектива основана на божественной пропорции (идеальной пропорции человеческого тела, или золотого сечения).
14. В Тайной вечере представлен момент определения ценности человека как такового, дела, которому он служит, и предательства в кругу близких людей. Причем, если предательство и распятие предопределены, то ценность человека ставится под сомнение (т.к. это вроде бы подчеркивается словами «Один из вас предаст меня»), но глубина драмы обманутого доверия неисчерпаема из-за предчувствия и других предательств, исчисляемых от отречения Петра, зафиксированного еще в Библии, до теории предательства Иуды Искарота в одноименном произведении Л.Андреева, где Иуда убивает Христа из-за любви к нему, веря, что Христу нет места на земле; до Левия Матвея в «Мастере и Маргарите» М.Булгакова, который не испытывает мук совести по причине исполнения государственного дела; до героя стихотворения «Гефсиманский сад» из романа «Доктор Живаго» Б.Пастернака, который знает цену людям, но остается с ними).
15. Образ Иуды был создан через три года после написания образа Христа и по легенде это был портрет одного и того же человека (певчего из церковного хора).
16. На изображение надо смотреть с расстояния 9 метров (30 футов) и если подняться на высоту

3,5 метров.

17. Даже благодаря варварскому отношению к фреске и прорубанию монахами двери на месте ног Иисуса в 1652 году [4] получилось триединство (свет из арки над головой Иисуса, яркая одежда Иисуса и проем двери под Иисусом), которое, в свою очередь, уничтожая смерть (убраны ноги, сложенные как при распятии на кресте), привлекает внимание в обыденному (хлеб и вино, пустые тарелки на столе) и показывает важное (свет над головой). Тем самым, опять-таки, воплощая триединство Библии, где Иисус говорит о себе «Я есмь путь и истина и жизнь».

18. В православных церквях над Царскими вратами в первом (местном) ряду иконостаса между Божьей Матерью (справа от врат) и Иисусом Христом (слева от врат) обязательно размещается икона «Тайная вечеря», и этот тройственный союз подкрепляет тот факт, что Мария Магдалина признана святой равноапостольной мироносицей.

19. Иисус представляется как создатель всего сущего и часть Святой Троицы (отец, сын и дух святой), а Мария Магдалина называлась христианами Сосудом, Чашей Грааля и Розой.

20. В русской поэзии на рубеже XIX-XX веков складывается традиция вписывать Вечерю в Моление о чаше, исконно подразумевающее моление Иисуса в Гефсиманском саду и Предательство Иуды. Это, в частности, стихотворения И.Никитина «Моление о чаше» (1854), А.Апухтина «Моление о чаше» (1868), Н.Минского «Гефсиманская ночь» (1894), И.Бунина «В Гефсиманском саду» (1894), О.Чуминой «Тайная вечеря» (1903), В.Набокова «Тайная вечеря» (1918) и многих других вплоть до стихотворения Б.Пастернака «Гефсиманский сад» (1949).

Книга и фильм уже о двоичном, а именно две табуированные тайны будут будоражить ум и искать разгадки: 1) Святой Грааль как мифологизированный прообраз для материализованной святости, включающий сосуд с кровью Иисуса, чашу для причащения, философский камень и изумруд самого Люцифера, т.е. некий предмет, одухотворяющий и обожествляющий, символ изобилия, насыщения и бессмертия; 2) Святая кровь, позволяющая на основе изучения деятельности Приората Сиона, стоящего за созданием ордена тамплиеров, раскрыть за сакраментальной мистикой правду об истинной жизни Иисуса, Марии Магдалины, их дочери Сары, династии Меровингов и их потомков, т.е. обрести священное женское начало в реальном земном человеке и т.д.

Таким образом, «Тайная вечеря» была представлена в Библии, на фреске Леонардо да Винчи, в книге американского журналиста Д.Брауна, в кинофильме режиссера Р.Ховарда и в ряде других известных произведений, однако, став объектом рассмотрения, она получила дополнительную глубину, контрастность, символичность, а также породила множественные подражания (например, картины Сальвадора Дали «Невидимка» (1929), «Лебеди, отражающиеся в слонах» (1937), «Явление лица и вазы с фруктами на берегу моря» (1938) или современные рекламные ролики, «скопированные» со знаменитой фрески).

В сферу семантики библейского сюжета «Тайной вечера» вошли понятия и представления, имеющие не только словесный эквивалент, но и предметно-функциональный пространственный код. Постепенно презентационный план выражения стал сосуществовать с репрезентационным планом содержания, а семиотизированное интерпретационное пространство создало особую однородную (из-за уравновешенности как по вертикали сакрального, так и по горизонтали стандартно-общепринятого рассмотрения), обратимую (т.к. допускает неоднократное возвращение к одному и тому же с разных сторон), замкнутую в своих пределах топологию. Каждая новая интерпретация стала включать не одно, а сразу несколько допустимых сопоставлений в рамках своей позиции и в неограниченной «перспективе смыслов», связанных с возможными путями ее преобразования в дальнейшем интерпретационном пространстве, сделав тем самым «Тайную вечерю» из словесного текста культурным архетипом.

Список использованной литературы:

- 1 *История создания фрески Леонардо да Винчи «Тайная вечеря». Режим доступа: www.eg.ru (дата обращения: 20.12.2017).*
- 2 *Режим доступа: www.abc-people.com (дата обращения: 18.12.2017).*
- 3 *«Код да Винчи» и не только. Рецензии и отзывы. Режим доступа: <http://www.e-reading.org.ua> (дата обращения: 20.12.2017).*
- 4 *Режим доступа: www.kulturologia.ru (дата обращения: 20.12.2017).*

FTAXP 17.09.91

Ж.Нурамбаев¹

¹Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,
Алматы қ., Қазақстан

Ә.КЕКІЛБАЕВТЫҢ «ШЫҢЫРАУ» ПОВЕСІНДЕГІ УАҚЫТ ПЕН КЕҢІСТІК

Аңдатпа

Мақалада айтулы тұлға, халқымыздың біртуар перзенті Ә.Кекілбаевтың «Шыңырау» повесіндегі уақыт пен кеңістік ұғымы қарастырылады. Жалпы шығармада уақыт қандай қызмет атқарса, кеңістіктің қызметі де тап сол дәрежеде. Көркем шығармада кеңістік қаламгердің оқырманға айтар ойына әрдайым сай келеді. Кез келген қаламгер өзі бергісі келген оқиғаға лайықты кеңістікті таңдап алады. Қаламгер Ә.Кекілбаев «Шыңырау» повесінде кеңістікті шығарма болмысына сай алады. Өз шығармасында өмірдің философиясы мен мифтік аспектілерді бергісі келген қаламгер шығарма басында оқырманын ойға салуға тырысады.

Ә.Кекілбаев – қазақ әдебиетінің дамуына өзіндік үлесін қосқан, шындықты қуаттап, өмірдің әр қадамына қуаныш лебізін білдіріп келген халық жазушысы. Оның қаламынан туған қай шығармасын алсақ та, жазушының нағыз батырға тән ержүректігін, нағыз жазушыға тән сезімталдығын байқаймыз. Әсіресе, «Шыңырау» повесінде бұл анық байқалады.

Түйін сөздер: жоғалу-қайта табысу хронотобы, уақыт, кеңістік, мифтік аспекті, құдірет, кейіпкер, табиғат, философия

Нурамбаев Ж.¹

¹Казахский национальный педагогический университет им. Абая,
г. Алматы, Казахстан

ВРЕМЯ И ПРОСТРАНСТВО В ПОВЕСТИ А.КЕКІЛБАЕВА «ШЫҢЫРАУ»

Аннотация

А.Кекілбаев – народный писатель, который внес вклад в развитие казахской литературы, подтвердил истину, радовался каждому шагу в жизни. Какое бы его произведение не взяли, замечаем отважность писателя, присущая настоящему герою, чувствительность, присущая настоящему писателю. Особенно четко наблюдается это в повести «Шыңырау» (Пропасть).

В целом в произведении в каком бы значении не служило время, пространство имеет такую же степень. В художественном произведении пространство совпадает с мыслью писателя, о котором он хотел рассказать читателю. В любом случае писатель может сам выбрать нужное пространство для события, который хочет передать. Писатель А.Кекілбаев в повести «Шыңырау» берет пространство согласно реалиям произведения. Писатель хотел показать философию жизни и мифические аспекты в своем произведении и в начале произведения старается навести к мысли читателя.

Zh.Nurambaev¹

¹Abai Kazakh National Pedagogical University,
Almaty, Kazakhstan

A.KEKILBAEV THE TIME AND SPACE IN THE NOVEL «SHUNURAU»

Abstract

A.Kekilbayev is a well-known folk writer, who has made a great contribution to development of the Kazakh literature, has confirmed the truth and rejoiced to every step in his life. We can take any of his works and notice writer's bravery inherent to the real hero, sensitivity inherent to the real writer. Especially, you can notice this in his work "Shyngyrau".

In general, what meaning the time wouldn't give in composition, the space has the same degree. In an art composition, the space coincides with ideas, an author want's to tell about. Anyway an author can choose himself the space he needs and wants to transfer. In his work "Shyngyrau" A.Kekilbayev took the space according to the realities of the composition. The writer wanted to show philosophy of life and mythical aspects in the work and at the beginning of the composition tried to guide to the reader's thoughts.

Бұл өмірде тағдыр – талайы мүлде басқаша қалыптасқан арқалы адамдар қаншама. Кең даланы уылжыған аппақ сезім дірілімен әлдилеген, өр мінезі өршіл үнімен астасқан жандар болады. Солардың бірі және бірегейі – Ә.Кекілбаев. Ол қазақ әдебиетінің дамуына өзіндік үлесін қосқан, шындықты қуаттап, өмірдің әр қадамына қуаныш лебизін білдіріп келген халық жазушысы. Оның қаламынан туған еңбектерінің барлығы оқырман қауымның сүйікті шығармаларына айналады. Қай шығармасын алсақ та, жазушының нағыз батырға тән ержүректігін, нағыз жазушыға тән сезімталдығын байқаймыз. Әсіресе, «Шыңырау» повесінде бұл анық байқалады.

Ақын, журналист Мырзатай Болаттың дерегі мен топшалауына сүйенсек, Ә.Кекілбаев 1971 жылы «Шыңырау» повесін жариялады. Мұның атына сай, заты да шыңырау, адам жанының қалтарыс-бұлтарыстарына тұңғық тереңінен барған, оқырманға өмірдің қатал шындығын тағы да зерделеткен аса бір ойлы шығарма болғаны есімізде. Қаламгер бұл повесінде сирек кездесетін ауыр кәсіптің адамдары – құдықшылар әулетінің тағдыр-талайын алға тартады... Оларды жер бетіндегі тірліктің қым-қуыты мен қызығынан алшақтатып, сонау зымыстанның түбіне түсіретін, әрине, жоқшылық!.. Бұл ауылдан шыққан Дәріжан құдықшының да өмірі осы тірлікпен өтіп еді... Ендігі кезек – оның бұлалау болып өскен немере інісі Еңсепке келіпті!.. Жазушының өз сөзімен айтқанда: «Еңсептің де жастық дәурені – алыс жолда ай батқанша жүріп-жүріп кеп, тек таң алдында ғана бел шешпей сұлай кетіп, көз шырымын алған суыт жүргіншінің таң ұйқысындай тым тәтті, тым қысқа болды». Зерделі жігіт ауыр кәсіптің қыр-сырын көп ұзамай-ақ меңгеріп алды. Құдықшылық тірлікке көндікті. Алайда, адам сорлының шыңыраудың түбіне өзін-өзі айдап түсіруге күші жете тұра, сол тұңғық қапаста көңілінің көзін, арманда ойын байлап ұстап тұруға құдіреті жете бермейді екен де!.. Еңсептің ішіне қызғаныштың қызыл итін жүгірткен де, мұның алдында түк жазығы жоқ Қалпақпен алакөз қылған да, еңбегімен тапқан шағын дәулетіне қанағат қылдырмаған да, Үстірттің дөңіне шығарып, бұрын бұл аймақта көз көрмеген терең шыңырау қаздыруға итермелеген де сол жұрттың сол кеу-кеу әңгімесі еді. Жазушы бұл туралы өз шығармасында анық айтып кетеді. «Сондай бір шыңырау қазсам, әлгі «қалпақшыл» бола қалған жұрттың аузын өзіме қарай қисайтсам, Қалпақ құдықшыны сөйтіп бір мұқатсам, сосын мен қазған шыңырау «Еңсеп қазған» атанып, атағым дәуірлеп, артымда өшпес атым қалса!..» Осы бір пенделік пиғыл Еңсеп сорлыны алды-артына қаратпаған. Бірақ, бір өкініштісі сол – оны жұрт құдықшының өзі армандағандай, «Еңсеп қазған» деп емес, «Еңсеп өлген» атап кетіп еді...

Осы шығарманы оқып шыққаныңда жүрегіңді өмір бойына тер төгіп, алайда, соның жемісін көруді тағдыры маңдайына жазбаған сорлы құдықшыға деген ащы аяныш сезімі кернеп, өзіңнен-өзің пұшайман болатының бар. Өмір шындығының көркем шындыққа қапысыз айналғаны, қаламгердің оқырман жүрегіне қапысыз жаулап алғаны дейтініміз осы болатын шығар.

Әбіш ағаның адамды шыңырау ойлардың тереңіне батыратын «Шыңырау» повесін оқығанымызда – ойымызға американдық жұртынан шыққан ұлы суреткер, Нобель сыйлығының лауреаты Эрнест Хэмингуейдің оқырманды теңіз ойлар мен құрсау сезімдердің тұтқынында ұстайтын «Шал мен теңіз» повесінің оралатыны бар. Бұл – бекерден-бекер емес деп ойлаймын. Әлем әдебиетінің тарихында пәлсапалық-психологиялық тұрғыда мұншалықты дәрежеде кемел шеберлік танытқан суреткерлер некен-саяқ. Таланттардың тағдыры! Жүйріктердің тағдыры!..

Ә.Кекілбаевтың «Шыңырау» повесіндегі жоғалу-қайта табысу хронотобы Еңсептің (шығарманың II тарауы басталғанда) еске алуымен басталады. Кеңірдектің қамын жасап жүріп өзінің осынша опа таппаған өмірінің қиын-қыстау кезеңдерінің сонау бала кезден келе жатқанын, әкесінің де осы құдық қазумен айналысып, баба дәстүрін жалғастыру кезінде қаза тапқанын еске алады. Уақыттың кеңістікке байланысы осында, Еңсептің өткенді еске алу үшін кеңістіктің әсерімен сол уақытқа түсуі. Жалпы шығармада уақыт қандай қызмет атқарса, кеңістіктің қызметі де тап сол дәрежеде. Талдау жасамас бұрын, осы уақыт пен кеңістік ұғымы туралы айта кеткеніміз жөн болар.

Уақыт пен кеңістік – әдебиеттану ғылымындағы мәні терең өзекті мәселелердің бірі. Болмыстағы құбылыстардың барлығын біз осы өлшемдер арқылы ғана бағамдай аламыз. Тылсым табиғатта мезгіл мен мекен заңдылығына бағынбайтын еш нәрсе болмас. Кеңес заманында таптық ұстанымға сүйенген зерттеушілер кеңістік пен уақытты тарихи уақыттың ғана ішінде қарастырды. Алайда соңғы жылдары көркем шығармадағы уақыт пен кеңістік мәселесін зерттеген теориялық еңбектер жарық көруде. Орыс әдебиеттануында көркемдік кеңістік пен уақыт турасында алғаш сөз қозғаған ғалымның бірі – М.Бахтин. Ол көркем шығарманың бітіміне лайық өзара байланысқа түсіп, көркемдік қызмет атқаратын уақыт пен кеңістіктің бірлігін «хронотоп» деп атайды. Көркем шығармадағы «хронотоп» немесе «мекеншак» (Б.Майтанов) ұғымы әлемнің философиялық-логикалық моделін бейнелеу арқылы өтпелі дәуір әдеби процесіндегі терең өзгерістерді пайымдауға мүмкіндік береді. М.Бахтин:

«Әдеби көркем шығармадағы хронотоп дегеніміз – уақыт пен кеңістік белгілерінің нақтылы бір бүтіннің табиғатына лайық бірлікте көрінуі. Мұнда уақыт қоюланып тығыздалады, сығылысады. Сөйтіп көркемдігімен көзге түсетіндей дәрежеге жетеді: ал кеңістік болса, шоғырланады, тарихтың, сюжеттің, уақыттың қозғалысына бағындырылады. Уақыт таңбасы кеңістікте белгіленіп көрінеді. Ал кеңістік уақыт арқылы танылып, уақыт арқылы өлшенеді. Мінеки көркем хронотоп қатпарлардың осылай қиысып, белгілердің осылай қосылып, тұтастануымен сипатталады» [1, 235 б.] – деп анықтама береді. Яғни, уақыт пен кеңістік жазушының дүниетанымын, дүниені қабылдауын, жазушы стилін қалыптастыруда үлкен роль атқарады, сол арқылы әлемнің жеке авторлық суретін құру ерекшелігін, көркем шығарманың ішкі заңдылықтарын айқындайды, шығарманың композициялық тірегі болып, көркем образдардың ашылуының ішкі ұйымдастырушысы болады. Уақыт пен кеңістікті зерттеу көркем шығарманың тініне бойлап, оның құрылу спецификасын, жазушының дүние туралы концепциясын айқындауға мүмкіндік береді.

Біз дүниедегі заттар мен құбылыстарды белгілі бір уақытта және кеңістікте қабылдаймыз. Уақыт пен кеңістіктен тыс жатқан нәрсе болмайды. Кеңістікте қабылдау деп дүниедегі заттар мен құбылыстардың белгілі бір орнын, мөлшерін, көлемін, алыс-жақындығын санамамызда бейнелеуін айтамыз. Кеңістіктегі заттарды қабылдау адам көзінен олардың қаншалықты қашық немесе жақын екендігіне байланысты. Қашықта тұрған затқа адам көз қысып қарайды, бұны көздің конвергенциясы деп атайды. Егер зат жақын болса, онда адам көз қабағын ашып қарайды, бұны көздің дивергенциясы деп атайды. Кеңістіктегі қабылдауда, оның қашықтықты бағалауда иіс және есту түйсіктері үлкен рөл атқарады. Теориялық құрылым ретіндегі тарихтың пәні қазіргі мен болашақтан алыста жатқандықтан, уақыт оның маңызды ұғымдарының біріне жатады. Осы құрылымның басқа да құрамдас бөліктеріне қатысты болғандықтан, уақыт ерекше мағынаға ие болады. Мәселен, көркем шығармада кеңістік қаламгердің оқырманға айтар ойына әрдайым сай келеді. Кез келген қаламгер өзі бергісі келген оқиғаға лайықты кеңістікті таңдап алады. Кеңістік тепе-теңдігі және шығармадағы уақыт ағымы арқылы сол шығарманың жанры анықталады. Егер қаламгер комедия жаза болса, сол комедияға лайықты кеңістікті алады. Айналадағы кеңістік қаламгердің айтар оқиғасына сай келуі қажет. Қаламгер Ә.Кекілбаев «Шыңырау» повесінде кеңістікті шығарма болмысына сай алады. Өз шығармасында өмірдің философиясы мен мифтік аспектілерді бергісі келген қаламгер шығарма басында оқырманын ойға салуға тырысады. Сөйтеді де табиғаттың адамға ұнай бермейтін жағымсыз кезеңдерін бейнелеуден бастайды. Өзі таңдап алған кеңістікке алдыменен бас кейіпкерін алып келіп, оның хронотобын дайындап тұр. Шығарма басындағы кеңістіктің бұл көрінісі оқырманды ойға салады. «Шыңырау» да: Еңсеп ол күні бұл зымыранға енді қайтып түспейтінін білген жоқ. Шай ішіп шықты да ыстық қайта, құдықтың басына келді. Серіктері шайланып болғанша айналада шашырап жатқан шеген тастарды көрді. Ернек шың бұл арадан үш қонып төртінші түнемелікке эзер жететін жерде. Одан беріде тас баласы табылмайды. Жылмиған қара сұр жазық... [2, 219-220 б.]. Осылайша кейіпкер мен табиғат арасындағы бүкпесіз байланыс оқырманға ендігі болар кеңістіктегі жағдайдан сыр беріп тұрғандай бір үміт пен күдікке қалдырады. Шығарманың енді бір тұсында: Көзін құдықта ашса да, жер астына әр түскен сайын бір жас қартайғандай болады. Аяғының астында, сонау көзге түртсе көрінбес қара түнекте, ол өмірі көрмеген бір дүлей аранын ашып, тісін сақ-сақ қайрап тұрғандай ту сыртына мұздай тер шығады. Қашан аяғы жерге тірелгенше төменге бір қарамайды, көзі көкте болып, жаңа ғана артында қалған жарық әлемнің сонау бір алақандай жұрнағына телмірумен болады. Ол да барған сайын кішірейе түседі [3, 7 б.]. Осы тұста азғантай ғана уақыттың өзі ғасырға татығанын байқаймыз. Автор мұны жердің астына түскен уақытты бір жастың әп-сәтте қартайғанына теңеп байланыстырады. Еңсептің артында қалып бара жатқан жарық әлемнің алақандай ғана жұрнағы қалғанын керемет суреттейді. Одан әрі қарай Еңсептің есіне жарық дүниеде алшаң басып жүрген күндері, мынандай қара көр жер астынан атымен бейхабар кездегі аз ғана қызықты дәурені түседі. Уақытты кері шегіндіру арқылы автор кейіпкердің ішкі мұңын, сағынышын анық көрсетіп береді. Еңсептің дәл қазіргі кеңістігіндегі уақыт елесі осылайша көрініс тауып отырады.

Ә.Кекілбаевтың біз талдап отырған «Шыңырау» повесі жайлы жас журналист М.Ақан өз мақаласында мынандай ой түйін жасайды: «Әбішті оқу барысында осы айтылған пікірге тағы бір көзім жеткені «Шыңырау» повесін оқи отырып, ондағы әрекеттер мен Еңсептің прототипі Әбіштің анасы ма деп те тұжырым жасадым. Олай дейтінім, Әбіштің анасы Айсәуле әжемен болған Әлия Бөпежанованың сұхбатында әжеміз: «Соғыс кезінде жеті қабат жер астына шахтаға түстім, соғыстың аз-ақ алдында Маңғыстауда көмір өндірісі ашылып, оған ауыл-ауылдан шартпен адамдар жиналды. Әбіштің әкесі де біресе Қарабұғазға барып, тосап шығарысты, біресе Жем, Сағыз бойына барып,

темір жол салысты. Елден көмір ашылғанда, шартпен шахтаға түсті» – деп, атап көрсеткен болатын. Дәл детальдармен көрсетпесе де, Әбіштің «Шыңырау» повесін жазуда анасының өмірінің бір сәттік қиыншылығы мен тартқан тауқыметінің көрінісін суреттегені аян» [4, 2].

Бәрімізге белгілі, Еңсептің жер қазып жер қойнына кіруі оның тұрмыстық қажеттілікті талап еткенінен болып отыр. Әкесінің ізін басқаны ол оның өмірлік ұстанымы болып қала бермек. Бұл жерде шынымен де «шахта» мен «шыңырау» екеуінің бір типтік байланысы бар сияқты. Екеуі де қазылған жер қойнау. Бірі – су, бірі – көмір дейтін қажеттілікті шығарып отырған қазба байлықтар. Әбіштің психологиялық ойлау тәсіліндегі астарлы идеяның ұшын сондай жұқалап, нәзіктікпен жеткізе білуіне шек келтіруге болмас.

Ә.Кекілбаевтың шығармаларының қай-қайсысын алып қараңыз, бейне бір шығармаланған ұзын сонар жұмбақтар жиынтығы секілді. Әбішті шығармаларына қарап біз оны таныдық. Оған да бір жұмбақ деп қарадық. Осы жұмбақ тұлғалардың арасында поэзия жанрында өзіндік өрнегін салып кеткен белгілі ақын Жұмекен Нәжімеденов те бар еді:

*Тамшы терді сығып алып денеден,
Жұлдыз қылып жағайыншы деген ем...
Оу, көк аспан, тесіліпті тегенең,
Тегенеңде құюлы екен көп өлең.
Алыс жақтан албырт сәуле себелеп,
Құйылып тұр, құйылып тұр не керек!
Жер ырысын бекіттік біз шамдармен
Көшелерді қатар-қатар шегелеп» [5, 78].*

Оның әлемі жұлдыздар шоғыры болды. Сол сияқты Әбіштің әлемі қиял мен философияның шырқау шегі болды. Автордың жұмбағын шешу үшін оның шығармаларындағы астыртын дүниені табу керек. Әбіште ол бар. Ол үшін әрине, еңбектенуіміз қажет. Сонда ғана дйттеген мақсатымызға жетеміз деп ойлаймын. Үміт пен сенім соған меңзейді...

Ғаламат туындылар тудырған Әбіштей халық перзенттері ешқашан ұмтылмайды. Оған дәлел жазған шығармалары. Әбіш Кекілбаевтың біз талдап өткен «Шыңырау» повесі қай жағынан алсақ та өмірдің жұмбақ сырларынан хабар беріп тұрады. Демек, шығарманы жазған жазушының суреткерлік шеберлігі мықты деген сөз. Ол өндіріп, өнімді жазатын суреткер. Суреткер деген үлкен атақ. Суреткер деп ең биік дәрежедегі сапалы шығарма жасаушыны айтады. Суреткердің еңбегі шығармашылық тұтастығымен, ойын және өзі дйттеген шындықты көркем түрде суреттей алуымен, оны жанды бейнеге айналдыру өнерінің жоғарылығымен, талғамының биіктілігімен мойындалуға тиіс. Ф.Достоевский «Жазушының суреткер ретінде танылуы оның жақсы жаза алғандығының белгісі», – деген екен. Оның айтуы бойынша, романшының көркемдік биік таланты образдар арқылы бейнеленген ойдың салмақтылығымен өлшенеді. Оны оқырман да дәл сол қалпында түсіне алуға тиісті. Жазушының көркем жазуы деген сөз – оның жақсы жазарлық қабілеті мол деген сөз. Шын талантты адам шығарма сыртын жылтыратып әрлеу, мәнерлеу, сырлау дегеннің бәрін жоққа шығарады. Шынай көркемдік дегеніміз өмірдің өзіндей қарапайым қалпын сақтайды. Ол шындықтың сырын да, жарқын суретін де, әдемілігін де көз алдына жайып салады [6, 12].

Ә.Кекілбаевтың жазушы ретінде ерекшелейтін өрнекті де көркем тілі. Ол өз ойын бейнелі жеткізуге, әрбір нәрсені жанды суретке айналдыруға өте ұста. Жазушының көркем тілін дәл осы қалпында оқырман қауымға, білім алушыларға айнытпай жеткізу үшін не істеуіміз керек? Осы сұрақ әрбір ұстаздың көкейінде тұруы керек. Біз тоқталып өткен «Шыңырау» повесімен мектеп табалдырығынан бастап таныспыз. Бірақ, жасыратыны жоқ, повестегі уақыт пен кеңістікті, кейіпкер тілін, тілдік құралдарды біз тереңдеп түсінген жоқпыз. Осы олқылықтың алдын алу үшін қазіргі заманғы жаңартылған білім мазмұны арқылы әрбір оқытушы шәкірттеріне сапалы білім беруі тиіс.

«Еліміздің дамуының алғышарты білім дедік, яғни «Үшінші мыңжылдықтың жастары қандай болмақ?» деген сұрақ туындайды. Жауапкершіліктің биігінен көрінуі де жас ұрпаққа берілетін білім сапасын мейілінше арттыруды қажет етеді. Ал, білім сапасын арттыру, оның деңгейін әлемдік білім кеңістігіндегі стандарттарға сай келтіру түштеп келгенде, мұғалімге, оның кәсіби құзырлығына, әдістемелік біліктілігі мен шеберлігіне тікелей байланысты» [7, 25], – деп Б.А. Скакова айтып өткендей, білім сапасын арттыру жолында мұғалімнің еңбегі зор болуы керек. Кәсіби құзіретті маман ғана болашағынан зор үміт күттіретін жастарды тәрбиелей алады.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев: «Әбекең – әлемдік өркениетке ортақ қазынасына олжа салған суреткер. Көркем ойдың, көркем әдебиеттің көсемсөзге жол берген тұсында

ол ел-жұртына үлгі беретін үрдіске қол артып, уақыт мінбесіне көтерілді. Ағынан жарылды, адалынан сөйледі. Әлі де қоғам мен қауымды толғандырған келелі мәселелерге кең толғар пайым қажет болғанда, қаламына қайраткер сөз ұштап, шынайы пікірі мен шырайлы бәтуасын жайып салады. Жұртының мүддесі үшін жазары таусылмаған жазушы болу да бір бақыт қой. Шіркін-ай, осындай қазақ көбірек болса екен деп тілеймін» [8, 7], – деп ағынан жарылады. Мен де сөз соңында: Шіркін-ай, жұртының мүддесі үшін жазары таусылмаған жазушылар мен ақындардың есімдерін білім алушылардың көңіліне мәңгілікке тоқитын құзіретті мамандар көбейсе ғой деп тілеймін!

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1 Бахтин М. *Вопросы литературы и эстетики*. – Москва, 1975. – 235 с.
- 2 Кекілбаев Ә. *Он екі томдық шығармалар жинағы. II том*. – Алматы: Өлке, 1999. – 400 б.
- 3 Кекілбаев Ә. *Шыңырау*. <http://alashainasy.kz/proza/absh-keklbaev-shyinyirau-52295> (14.07.2017).
- 4 Ақан М. *Әбіштің «Шыңырау» повесі жайында не білеміз?* <http://old.el.kz/blogs/entry> (30.06.2017).
- 5 Нәжімеденов Ж. *I том*. – Алматы: «Жазушы» баспасы, 2005. – 480 б.
- 6 Тоғысбаев Б., Сужикова А. *Тарихи тұлғалар*. – Алматы: «Алматыкітап» ЖШС, 2005. – 70 б.
- 7 Скакова Б.А. *Білім беру мазмұнын жаңарту жағдайында мұғалімдердің кәсіби құзіреттілігін арттыру // Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің Хабаршысы «Педагогика ғылымдары» сериясы, №4(56), 2017 ж. – 24-28 б.*
- 8 Қирабаев С. *Суреткер. «Егемен Қазақстан» / 24 шілде, 2009 ж. – 7 б.*

FTAХР 17.09.91

Б.У. Сманов¹, Е.Б. Абдимомынов²

^{1,2}Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,
Алматы қ., Қазақстан

**М.ӘУЕЗОВТІҢ 1920 ЖЫЛДАРДАҒЫ ӘНГІМЕЛЕРІНІҢ
ИДЕЯЛЫҚ-ТАҚЫРЫПТЫҚ СИПАТЫН ТАНЫТУ**

Аңдатпа

М.Әуезов жазушылық эволюциялық жолында әңгімелерінен бастау алып, «Абай жолы» роман-эпопеясына дейін ұласқан гуманистік сарын мен жауыздықтың, адам мен табиғаттың бітіспес күресі, адамзаттың әлсіздігі шын мәніндегі өзінің көркемдік көкжиегіне жетіп, терең философиялық мәнге ие болды. Осыған орай М.Әуезовтің 1920 жылдардағы әңгімелерінде төңкеріске дейінгі өмірді бейнелеген, дала билеушілерінің заңсыз әрекеттері суреттеліп, кейіпкерлердің тартысы жалпы адамгершілік мәселелерін қозғауға арналды. Ұлы жазушы әңгімелерінің идеялық-тақырыптық сипаты сол кезеңдегі қоғамдық жағдай мен ізгілік мәселесі, адам жанының терең психологиялық тебіреністерін қамтыды. Бұл ретте М.Әуезов адам жанының тұңғығына үңіліп, ой-сана мен іс-әрекеттегі психологиялық процесті ұлттық көркем прозада классикалық үлгіге жеткізді. Нәтижесінде суреткердің шығармалары тек қазақ әдебиетіне ғана емес әлемдік мәдениетке құнды рухани дүние болып енді.

Мақалада әйгілі жазушы М.Әуезов әңгімелеріндегі модернистік көзқарастар мен адамзаттық рухани құндылықтар, терең психологиялық жан құбылыстарының астары жаңаша ой елегінен өткізіліп мазмұндық даралығындағы ерекшеліктер туралы орамды ойлар әдеби-танымдық талдаулар негізінде сараланады.

Сондай-ақ, М.Әуезов әңгімелерінің сюжеті өмірлік негізден алынған реалистік шығармалар екендігі туралы тұжырымдар жасалынады.

Түйін сөздер: әңгіме, идея, тақырып, мазмұн, модернизм, психологизм, құндылық, реализм

Сманов Б.У.¹, Абдимомынов Е.Б.²

^{1,2}Казахский национальный педагогический университет имени Абая,
г. Алматы, Казахстан

ИДЕЙНО-ТЕМАТИЧЕСКАЯ ХАРАКТЕРИСТИКА РАССКАЗОВ М.АУЭЗОВА (1920 ГОДЫ)

Аннотация

У классика национальной литературы М.Ауэзова своеобразный и особенный творческий путь, который начинается с маленьких рассказов и достигает уровня роман-эпопеи «Путь Абая». Философские идеи и художественные особенности его произведений – высокий показатель всей казахской литературы.

Проблемные темы первых рассказов М.Ауэзова, написанные в 20-ые годы XX века, посвящались дореволюционной жизни казахского народа, конфликту между разными слоями социума, борьбе нравственности и безжалостности правителей и простых людей.

Идейно-тематический характер рассказов известного писателя определяется тем, что он очень смело и остро поднимал проблемы общества того времени. В этом аспекте М.Ауэзов всегда заглядывает в глубину души человека и смог поднять психологический процесс в сознании и действиях своих героев до классической модели в национальной художественной прозе. В итоге, произведения великого писателя стали достоянием не только казахского народа, но и всего человечества.

В статье анализируются модернистические взгляды писателя и духовные ценности человечества в рассказах М.Ауэзова. Рассматриваются вопросы создания психологических характеров, представлен литературно-познавательный анализ уникальности стиля автора и содержания произведений.

Ключевые слова: рассказ, идея, тема, содержание, модернизм, психологизм, ценность, реализм
B.U. Smanov¹, E.B. Abdimomynov²

^{1,2}*Abai Kazakh national pedagogical university,
Almaty, Kazakhstan*

THE IDEOLOGICAL AND THEMATIC CHARACTERISTICS OF THE STORIES OF M.AUEZOV (1920)

Abstract

M.Auezov has a peculiar and special evolutionary way of the writer as a classic of national literature. His work began with small stories and grew to the epic novel "The Way of Abai" reached unprecedented artistic heights. The philosophical essence and artistic features of his work are a high index of Kazakh literature.

Themes and problems of the first stories written by M.Auezov in the 1920^s the twentieth century was dedicated to the pre-revolutionary life and life of the Kazakh people, the conflict between different layers of society, the struggle of morality and the cruelty of rulers and ordinary people.

The ideological and thematic nature of the stories of the great writer is determined by the fact that he very boldly and sharply raises the problems of the society of that time and has always sought to find an answer to the most pressing questions creating psychological images. In this aspect M.Auezov always looks into the depths of the person's soul and was able to raise the psychological process in the consciousness and action of his characters to the classical model in national artistic prose. As a result, the work of the great artist became the property not only of the Kazakh people, but of all mankind. The article analyzes contemporary views of the writer and spiritual values of mankind in the stories of M.Auezov. The issues of creating psychological characters are considered, a literary and cognitive analysis of the uniqueness of the author's style and the content of the work is given.

Keywords: story, idea, theme, content, modernism, psychology, value, realism

Қазақ әдебиетінің әлемдік мәдениет қазынасына қосылуға өлшеусіз үлес қосқан классик жазушы М.Әуезовтің сан қырлы шығармашылығын зерттеу, тану мәселесі жиырмасыншы ғасырдың 20-жылдарынан бастау алады. Қазақ әдебиеттанушы ғалымдарының ішінде бұл тақырыпқа қалам тартпағаны кемде-кем болар. Уақыт өткен сайын ұлы жазушының рухани мұраларын танып-білудің тамыры тереңдеп келеді. Сондықтан, М.Әуезов шығармашылығы әлі де талай зерттеулерге негіз болары сөзсіз. Ұлттық әдебиет шеңберінен шығып адамзаттың мәдениет қазынасына үлкен үлес болып қосылған Әуезов шығармашылығын жаңаша ой елегінен өткізіп зерделеуде шағын көлемді прозалық жанрдағы әңгімелерін арнайы зерттеу нысанына айналдырып, оқу үрдісінде кеңінен

қолданудың маңызы зор болмақ.

Жалпы қазақ әдебиетін оқыту әдістемесінде бұрындары аса көп талдауларға іліге бермеген шағын эпикалық шығарма болып табылатын «әңгіме» жанрының алар орны ерекше. Ұлттық руханият мәселесіне келгенде солақайлық танытқан кеңестік дәуір мен 1989 жылы Алаш арыстары ақталып, тарихымыз бен ұлттық әдебиетіміздің ақтандақ беттері ашыла бастаған кезеңде де бұл жанр қазақ әдебиетінде кеңінен оқытылып қанат жая алмады. Еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін жоғымызды тамтұмдап түгендеуге кіріскен шақта ғана әдебиеттің әр жанры ұлттық сипатта жеке зерттеу нысанына алынып жан-жақты қарастырыла бастады. Әдебиетті зерттеуші ғалымдардың қажырлы еңбектерінің нәтижесінен алынған жаңалықтар тақырыптық-идеялық тұрғыдан сараланып оқу үрдісіне кеңінен енгуге жол ашылды. Бұл орайда С.Қирабаев, З.Қабдолов, Т.Ақшолақов, М.Мырзахметұлы, Р.Нұрғали, А.Қыраубаева, Қ.Тасболатов, Т.Жұмажанова, С.Мақырұлы, Б.Сманов сынды т.б. ғалымдардың еңбектері қазақ әдебиетін оқытудың пән ретінде зерттелу тарихында өз орындарын иемденді [1, 13 б.]. Дегенмен, көрнекті әдебиет зерттеушілері қазақ әдебиетін концептуалдық, жалпылай шығармашылықты талдау, әдебиет тарихын жүйелеу, әдебиетті оқыту әдістемесін негіздеу секілді ауқымды мәселелерді қарастырып, ғылыми-теориялық тұғырын қалыптастырғаны мен шағын көлемді «әңгіме» жанрын арнайы оқыту ісі назардан тыс қала берді. Себебі, жоғарыда аталған зерттеуші ғалымдардың еңбектерінде негізінен әдебиеттің кең көлемді эпикалық шығармалары жан-жақты қарастырылып ғылыми тұрғыда талданды. Ал шағын көлемді эпикалық шығармаға жататын «әңгіме» жанры тілге тиек етіліп, қысқаша мазмұндық түсініктеме берулермен шектелген еді. Сондықтан, қазіргі таңда осы кемшін түскен, жабулы қазан күйінде қалғандай мәселені жаңаша зерделеудің мүмкіндігі туып, жеке-дара қарастыратын уақыты жетті деп ойлаймыз.

Әңгіме – оқиғаны қара сөзбен баяндайтын шағын көркем шығарма. Әңгіменің жанрлық ерекшеліктері оқиғаны баяндау тәсілі, сюжеттік-композициялық құрылысы, көркемдік жүйесі арқылы айқындалады. Әңгіменің көлемі шағын, кейіпкерлер саны аз, сюжет ұйтқысын құрайтын оқиғаның басталуы, шарықтау шегі мен шешімі болады. Оқиға көбіне бірінші жақтан баяндалып, әңгімешінің оқиғаға тікелей қатыстылығын көрсетеді [2, 22 б.]. Бұл әңгімеге жанр ретінде берілген әдебиет теориясында қалыптасқан анықтама.

Қазақ әдебиетінде «әңгіме» жанры Ы.Алтынсариннен бастау алғаны мен XX ғасырдың басында ғана қанат жайып қалыптасып жаңаша мазмұнда сипаттала бастады. Сол дәуірден бастап бүгінгі күнге дейін осы жанрда қалам тартқан көрнекті қаламгерлер Б.Майлин, Ж.Аймауытов, М.Әуезов, О.Бөкей, Т.Әбдік, Д.Исабеков, А.Алтай, Қ.Жұмаділов, Р.Мұқанова, және т.б. айрықша атауға болады.

Аталмыш қаламгерлердің ішінде шоқтығы биік шынары, ешкімге ұқсамайтын қайталанбас қолтаңбасы бар әңгіме жазудың бірегей үлгісін көрсеткен ұлы жазушы М.Әуезовтің орны ерекше. Заманының заңғарына айналған жазушының қаламынан мәні мен мазмұны терең жиырмадан астам әңгіме дүниеге келген. Оларды зерттеп-зерделеп оқу үрдісіне енгізгенде тақырыптық-идеялық сипаты мен мазмұн даралығына қарай әңгімелердің жазылу уақытындағы қоғамдық өзгерістерді ескере отырып, кезең-кезеңге бөліп қарастырған жөн. Осы тұрғыдан алғанда жазушының әңгімелерін үлкен екі кезеңге бөліп қарастырған жөн. **Бірінші кезең**, төңкеріске дейінгі өмірді бейнелеген, дала билеушілерінің заңсыз жуандығын суреттеген, кейіпкерлердің тартысы жалпы адамгершілік мәселелерін қозғауға арналған 1920 жылдардағы әңгімелері. **Екінші кезең**, кеңес дәуірінің тұрмыс тіршілігін суреттейтін, әлеуметтік саясат мәселелері мен таптық күреске тереңірек көңіл бөлген социалистік реализм әдісіндегі 1930 жылдары жазылған әңгімелері. Осы шағын жанрға қалам тарту жолы жазушының шығармашылық эволюциядан өтіп, қаламгер ретінде сатыдан сатыға көшуі мен суреткерлік сапарының әр адымында соны сырлар ашылып классикалық деңгейге жетуіне себеп болды. Қаламгердің қазақ халқының XX ғасыр басындағы тұрмыс тіршілігі мен қоғамдық өзгерістерді қысқаша суреттеулер арқылы жазған әңгімелерінің мазмұны уақыт өткен сайын тереңдей түскен. Нәтижесінде «Қараш-қараш оқиғасы» (1927), «Қилы заман» (1928), «Көксерек» (1929) сынды повестері бірінен соң бірі дүниеге келді. Содан соң «Абай жолы» роман-эпопеясы мен «Өскен өркен» романы секілді кесек туындылары оқырманға жол тартты. Міне, мұның өзі ұлы жазушының классикалық деңгейге көтерілуінде өткен жазушылық эволюциялық жолын айқындайды.

Енді сол ұлы жолдың бастауы болған қаламгер әңгімелерінің бірінші кезеңіндегі шығармаларына тоқталсақ. Өз заманында қазақ халқының әлеуметтік жағдайын, ұлттық психологиясын және тарихын жетік білген М.Әуезовтің 1920 жылдары жазған «Қорғансыздың күні» (1921), «Оқыған азамат» (1923), «Үйлену» (1923), «Сөніп жану» (1923), «Кім кінәлі?» (1923), «Қыр суреттері» (1923), «Қыр әңгімелері» (1923), «Жетім» (1925), «Барымта» (1925), «Кінәмшіл бойжеткен» (1925), «Қаралы сұлу»

(1925) әңгімелері негізінен адамгершілік мәселелерді қозғауға арналған. Осы әңгімелерінің идеялық-тақырыптық ерекшеліктері сол заманда болып жатқан қоғамдық өзгерістерге негізделген. Яғни кеңес үкіметі орнап отаршылдық саясаттың ауқымы кеңіп, қазақ ұлтының арасына түрлі пиғылды адамдардың көбейген шағы. Бұл уақытта жазушы әлі айтарлықтай ашықтан-ашық қуғынға ұшырай қоймаған уақыт болатын. Сондықтан, қаламгер отаршылдық саясатқа қарсы пікірлерін қазақ қоғамында орын алып жатқан жағдайлармен байланыстыра суреттеуге тырысты. Сол арқылы ол халқымызды солақай саясаттың құрбанына айналмай ата-дәстүрден айнамай, бірлікке, адамгершілікке шақыруды өз әңгімелеріне өзек етті. Мәселен, «Қорғансыздың күні» әңгімесінде Ғазиза қыздың ауыр трагедиялық тағдырын сол кездегі қазақ қоғамындағы адамдардың бір-біріне көрсеткен озбырлықты Ақан болыс пен, атшабар жолдасы Қалтай секілді кейіпкерлердің образдарын суреттеу арқылы шебер баяндайды. Автор «Сезімді адамның жүрегін шаныштырып тіксіндіретін, түңілтетін көрнеу жауыздықтар, ауыр халдер Ақанға көп әсер бере қойған жоқ. Күндегі өмірінде бұл секілді талай жауыздықты көріп, өзі де сондайлардың ішінде болып жүргендіктен, мына естіп отырған сөзінің бәрі көңіліне таныс, таңғаларлық шамасы жоқ. Оқып кеткен сабағы секілді болды» [3, 21 б.] – деп кейіпкерлердің пікірлері мен іс-әрекеттерін өзара қарама-қайшы қою арқылы адамдар арасындағы арсыздық, адамшылық қасиеттің төмендеуі секілді халқымызға жат әдеттердің орын алып жатқандығын көрсетеді. Тегінде шығарма ойы ұлы Абайдың «Бірінді қазақ бірін дос, көрмесен істің бәрі бос» деген философиялық ауқымы терең идеясына келіп тоқтағандай болады.

Жазушының осы әңгіменің басты идеясы етіп отырған ойы солақай саясаттың салдарынан ауыр жағдайға душар болған қоғамда адамдар бір-біріне мейіріммен қарап, өзара көмек қолын созып қиындықтан шығар жол таппаса Ғазиза қыздың күйін кешіп кетуіміз мүмкін екендігін ескертеді. Сондықтан әңгіменің тақырыбы әлдінің әлсізге көрсеткен озбырлығы, трагедиялық әйел тағдыры болғанымен, идеясы мен мазмұндық даралығы тереңде жатқан тың дүние еді. Бұл әңгіме бір қараған кісіге бай мен кедейдің таптық күресі секілді көрінгенімен, әңгімедегі көтеріліп отырған көкейкесті мәселе өмір қайшылығы, ақ пен қараның, әлді мен әлсіздің, жақсылық пен қиянаттың қырқысқан қақтығысы, екі ұдай сезім сергелдеңі. Әңгіме үшінші жақтан, яки баяндаушы тарапынан айтылады, әңгіменің «әлқиссасынан бастап ішкі монологтың бір элементі болып табылатын – еске алу, лирикалық шегініс шеберлікпен пайдаланылады.

Ал, 1923 жылы Ташкенттегі «Шолпан» журналында жарияланған «Оқыған азамат» әңгімесінде шынайы өмірдегі оқиғаларды дереккөз ретінде пайдаланып қазақ қоғамындағы алауыздық пен дүниеқоңыздықты суреттейді. Бұл да халқымыздың тамыры терең тарихында көп көрініс бере бермейтін құбылыстың бірі болатын. Белгілі ғалым Т.Жұртбай: «Оқыған азамат Мұхтар Әуезов туындыларының ішіндегі автобиографиялық сипаты басым, өмірдің өзінен алынған бірден-бір шығармасы» дейді де, әңгімедегі Мейірханды Әуезовтің болмысына жақындатады [4, 256 б.]. Автор әңгіменің басынан-ақ оқырманды зіл батпан көңілсіздікке жетелейді. Екі дүниенің ортасында ауру меңдеп жатқан Мақсұт Мейірханды алдырып, «Мен еңбек сіңіре алмадым...» деп бірлесе ойласқан қазақ қоғамы алдындағы өтелмес парызға қарызын айтып, көкірек шерін шығарады. Сондай ақ, әңгімеде автордың «Қалада өскен жігіттің адамы осы еді» деген Мақсұтқа берген жұрт бағасында да бір сыр бар. Қаланың ұлттық болмысты өзгертер әсерін топшылау байқалады [5, 52 б.]. Дәл осы кезең отаршыл империяның жүргізген саясатының нәтижесінде қазақ жұртында екі арнаға бөлінушілік орын алған уақыт болатын. Кең далада дархан көңілмен, кіршіксіз мейірімді сезіммен сусындап өсіп қалыптасқан халқымыздың оқу, білім іздеп қалаға келіп орныға бастағанда оның ұлттық дүниетанымы екі арнаға ауыса бастады. Бар мал-мүлкін сатып, қалаға келіп оқыған азаматтардың өзі қазақи болмысқа жат дүниеқоңыздыққа душар болуын автор Жұмағұлдың іс-әрекеті арқылы оның ата-анасы Әміре ақсақал мен Қамарияның образдарын сабақтастыра суреттей отырып баяндайды. Ол туралы әңгімеде «Е, алса-алсын байдың қызын! Ол немені біз оқытқанда, «ылғи бізден шығын шығара бер, кемпір шалдың қолындағы азын-аулағын тауыса бер» деп оқытып па едік?!» «Мал тап, бізді асыра» деп оқытқанбыз. Осы күнге шейін қара тиын табыс тапқан жоқ. Енді қашан көмегі тиеді бізге? Бұдан былай мал таппаса, үйге де жолатпайық деп жүр едік. Соны естіген ғой! – десіп, іштегі жұбаныштарын сыртына монтаны күйініштің сөзімен шығаратын» [3, 38 б.] – деп оқудың адамзат игілігі үшін жаралғандығын ескереместен, мал табу үшін оқу керек деген ұлттық болмысымызға кереғар түсінікпен баяндайды. Міне, осындай бір-біріне қарама-қайшы түсініктерді көркем образдар арқылы бейнелеп оқырманға жеткізуі жазушының тақырып таңдаудағы талғамының өзіндік шеберлігін көрсетеді. Таңдаған тақырыбының басты идеясы мен мазмұндық даралығының өзара үндесіп келуі де М.Әуезов шығармашылығының басты ерекшеліктерінің бірі. Мәселен, осы «Оқыған

азамат» әңгімесінің көтерген тақырыбы – қоғамдағы өзгерістердің ел өміріне тигізген ықпалымен ұлттық дүниетанымның бүлінуі болса, басты идеясы жаңа қоғамға оқу арқылы бейімделген адамдардың ұлттық болмысқа, салт-санаға жат әрекеттер жасамай керісінше оқу-білімді ел игілігіне жаратып қазақы қалыпқа салуы қажет екендігімен ерекшеленеді. Оны автор Мейірханның образын бейнелеу арқылы шынайы суреттеп түсіндіреді. Осыған орай, шығарманың тұтастай мазмұны белгіленген тақырып пен басты идеяны ашуға құрылған.

Классик жазушының қаламынан туған тағы бір ерекше сарындағы әңгімесі «Кінәмшіл бойжеткен» деп аталатын шығармасы. Ерекше болатын себебі, бұл туынды қазақ әдебиетіндегі модернистік сарында жазылған алғашқы шығармаладың бірі де бірегей болып табылады. Әңгімеде автор Ғайша сынды трагедиялық пенденің басындағы кереғар қайшылығын жайып салып, ақтау мен айыптау төрелігін оқырман пайымдауына қалдырады. Өзінің күйкі тірлігіне ашынған ызасы Ғайшаны ықылассыз өлімге жетелегенмен, айнадағы мүләйім жүзі намысын жеңеді. Автор Ғайшаны тектен-тек айна алдына әкеп у іштіргелі тұрған жоқ. Кейіпкердің сыртқы әлемі мен ішкі әлеміндегі сәйкессіздіктің көрінісін аңдату байқалады. Бұрын да махаббаттан тауы шағылған Ғайша Ғаббаспен арадағы суық әңгімеден кейін, өзінің ары алдында айнаға қарап жауап береді. Ғайша бейсаналы түрде басынан өткен біраз нәрселерді ұмытып кетуге тырысады. Ұмыту – ең қатыгез әділетсіздік, сонымен бірге ең керемет өзінді-өзің жұбату тәсілі екенін Ғайша сезінгендей болады [5, 64 б.]. Бірақ трагедиялық образдағы Ғайша сол кездегі қоғамдағы келеңсіздіктер құрбанының бейнесі іспетті суреттеледі. Себебі, автордың осы әңгімесі сол кезеңдегі рухани бүліне бастаған қоғамды шынайы фактілермен қатар терең психологиялық тебіреністерді бейнелеген модернистік туынды. Онда өзіне дейінгі қазақ әдебиетінің проза жанрында болмаған сонылық сюжеттер мен оқиғалардың шынай өмір фактілері негізінде мазмұндалуы, терең психологиялық құбылыстардың тебірене бейнеленуі секілді ерекшеліктер орын тепкен. Осыған орай шығарманың тақырыбы жастар тағдыры мен рухани құндылықтардың құлдырауы болса басты Түйін идеясы сол кездегі отаршылдық сананың қазақ қоғамына тигізген ықпалының нәтижесінде халқымыздың сан ғасырлық қалыптасқан руханиятының бүлінуі болып табылады. Оқиғаның мазмұны жастар тағдыры мен Ғайша бойжеткеннің психологиялық тебіреністерін сабақтастыра отырып суреттелген сюжеттермен дараланады. Шығарманың басты идеясы болып табылатын халқымыздың ғасырлар бойы қалыптасқан рухани игіліктерінің күйреуі әңгімеде Ғайша қыздың жас жігіттердің бірінен соң бірімен көңіл қосып бір сәттік тән рахатын ғана ойлап, ұлттық салт-санамызға оғаш қылықтар көрсетуімен баяндалады. Ол туралы автор «Бұдан кейін екі-үш жыл өтті... Арада Ғазизден басқа екі нөмір өтті... Бұлар қазақ жігіттері еді. Біреуі босаң, олақтау шәкірт еді, ол биші болатын. Бірақ Ғайшаны күннің көзінен де қызғанатын болды. Өзінде өткір қылық аз болса да, сүйісуі мен құмарлығы тым мол болып, таусылмайтын ұзақ ертегі тәрізденіп жалықтырып еді... Екінші қызметте жүрген, кексе тартып қалған, жақсы киініп, жақсы майланатын қулығы, орамы мол күлдіргілеу жігіт еді. Оның алдауы мен шырғасы көбейе берді... Сондықтан Ғайша одан да жалықты. Бұл екі жігіттің алғашқысын Ғайша дертті қылып тастап еді. Соңғы айырылғанына қиналмаған сияқтанды. Бұлай болғаны жас қызды бұрынғылардан гөрі аз өкіндіріп кетті» [3, 139 б.]— деп баяндайды. Мұның өзі қазақ қоғамында әлімсақтан қалыптаспаған, салт-дәстүрі мен ұрпақ тәрбиесінде орын алмаған, ұлттық құндылықтарымызға қарама-қайшы дүние болатын. Әңгімеде жазушының көрсеткен ел ішіндегі рухани құндылықтардың бүлінгендігінің бір көрінісі де осы еді.

М.Әуезов – өзіне қанық дүниелерді ғана тұжырымдап жазған реалист жазушы. Осы сарындағы шығармасының бірі 1925 жылы жазылған «Қаралы сұлу» әңгімесі. Бұл әңгіменің де сюжеті өмірлік негізден алынғандығы туралы пікірлер зерттеушілер арасында кездеседі. Әңгімеде Қарагөздің жан дүниесіндегі сезім құбылыстары, көңіл-күй сарыны қара сөздің құдіретімен тарқата баяндалып, реализм қиялға айқара есігін ашып тұрады. Автордың сан қырлы баяндау тәсілінің бір ерекше парасы осы әңгімеде көрініс береді. Яғни автор өз баяндауын үшінші жақтағы кейіпкердің ішкі монологы ретінде ұсынып, оқырманға солай қабылдатады. Күйеуі Әзімханнан айырылғалы, міне, алты жыл, сол мерзім бойы ол жалғыз. Жалғыздықтың жан азабын шеккен кейіпкердің жан құбылыстарындағы сан алуан құпия қалтарыстары, ішкі иірімдері логикалық тұрғыдан нанымды, психологиялық талдау арқылы ашылған. Қарагөздің жан дүниесіндегі болып жатқан сезім құбылыстары көбіне бірінші жақтан беріледі. Сондықтан да мұнда кейіпкердің ішкі сезім иірімдері, әңгімелеушінің баяндауында, яғни шығарма психологиясы бірінші кезекте тұрады. Бұл да шығарманың басты ерекшелігінің бірі болып табылады. Осы тұрғыдан алғанда әңгіменің тақырыбы жалғыздық, әйел тағдыры болса, идеясы физиология мен психологияның өзара тартысынан тұрады. Ол тартыс жалғыздықты суреттеу

арқылы көрініс береді. Жалғыздықтан жапа шеккен жан көбіне өз ойымен өзі болады, оның өткен өміріне лирикалық шегініс жасауы, бақытты шағын елестетуі, қайғыруы секілді бір сәттік сезімдік құбылыстар оны ішкі монологқа, өзімен-өзі сөйлесуге мәжбүр етеді.

Жалпы М.Әуезовтің әңгімелерінен басталып, «Абай жолы» роман-эпопеясына дейін ұласқан гуманистік сарын, адамгершілік пен жауыздықтың, адам мен табиғаттың өзара бітіспес күресі, Ажал-Ақиқат-Табиғат алдындағы адамзаттың әлсіздігі шын мәніндегі өзінің көркемдік көкжиегіне жетіп, терең философиялық мәнге ие болады.

Бұл тұрғыда М.Әуезов адам жанының тұңғиығына барынша терең үңіліп, ой-сана мен іс-әрекеттегі психологиялық процесті ұлттық көркем прозада классикалық үлгіге дейін жеткізе білді. Әуезовке дейінгі көркем прозада жеке кейіпкерлердің ішкі жан дүниесіндегі сезім құбылыстары мен рухани әлеміндегі психологиялық процестер көбіне автордың баяндауында, яғни автордың монологы ретінде беріліп жүрсе, Әуезовтен бастау алған кең тынысты эпикалық туындыларда жеке адамның жан сыры, күйініш-сүйініші монолог, ішкі монолог, «ой ағысы» т.б. секілді көркемдік тәсілдер арқылы бейнелене бастағаны белгілі. Сондай-ақ, Әуезов қолданған ішкі монологтың өзге тәсілдерден, әсіресе авторлық баяндаудан мүлдем бөлектенгендігін де баса айтқымыз келеді [6, 305 б.].

М.Әуезовтің қай әңгімесін алып қарастырсақ та онда адамның жан дүниесіндегі алмағайып құбылыстар мен сезім тебіреністері шебер суреттелгендігін аңғарамыз. Орыс әдебиетінің белгілі өкілі Ф.М. Достоевский «Человек великая тайна, писатель должен его разгадать» деп жазушыға үлкен талап қойғаны бар. Ал, М.Әуезовтің қазақ көркем прозасындағы әңгіме жанрында қалам тартып, кейіпкерлерінің ішкі сезімдеріне терең үңілу арқылы адам жанының құпияларын шебер сомдап аша білуі ұлы жазушының осы талаптың үдесінен толық шыға білгендігін көрсетеді.

М.Әуезовтің алғашқы шығармашылық еңбектері көркем әңгімеден басталғаны белгілі. Ол жөнінде Бұзаубағарова Қ.С., Зауқымбекова Т. «Мухтар Әуезовтің алғашқы әңгімелеріндегі шеберлігі туралы» мақаласында жазушының алғашқы әңгімелерінің жазушы шеберлігін шындаудағы орны туралы тоқталып өтеді [7, 139 б.]. Әйгілі жазушының 1920 жылдары жазған әңгімелерінің тағы бір ерекшелігі автордың трагедиялы ортадағы адам болмысына үңілуге көптеп мән бергендігінде болды. Оған «Қорғансыздың күніндегі» Ғазиза қыздың, «Кім кінәлідегі» Ғазизаның, «Қаралы сұлудағы» Қарағөздің, «Жетімдегі» Қасымның, «Оқыған азаматтағы» Мақсұт пен кемпірдің және т.б. әңгімелеріндегі трагедиялық тағдырды басынан өткерген кейіпкерлер ғұмырының бейнеленуі дәлел. Алайда мұндағы бір ерекшелік автордың кейіпкерлерін қатерге бас тіктіруінің өзінде де бір сұлулық бар. Үміті үзілген жанның ең соңғы ұмтылысынан да сұлулық іздеуі, оқырманға бұрын-соңды болмаған жаңа бір дүниені байқатуды эстетикалық нысана етіп алғандай көрінеді. Осы тұрғыдан алғанда ұлы жазушының әңгімелері – сананы мұңмен тербей отырып, мазмұндық даралығымен де, көркемдігімен де, идеялық-тақырыптық ерекшелігі мен де өзіне тән сонылық жол салып, ұлттық дүниетанымды тереңдете түседі. Нәтижесінде ұлттық көркем әдебиетіміздегі психологизм, оның көркемдік бейнелеу құралдары – монолог, ішкі монолог, ой ағысы, пейзаж, портрет т.б. әдеби үрдісте өзіндік заңдылығымен дамығандығын көреміз.

Қорыта айтқанда, М.Әуезов әңгімелерінде адамзат өмірі қатыгездікке толы, сол арқылы жаратылыс дүниесі мен адамзат қоғамы өзіне тән дәстүрлі қасиетінен айырылуға мәжбүр болады деген идеяны алға тартады. Бұл, әсіресе, империялық биліктің қыспағында қалған халықтардың тағдырында ерекше қарқынмен іске асатындығын меңзейді. Сондықтан оқыту үдерісінде жазушы шығармалары жалпы адамзаттық, ұлттық құндылықтарды қастерлеп, елдік бірлікті, ұлттық кодты сақтауға баса назар аударуға үндейді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1 Сманов Б. Көркем шығарманы талдау негіздері. Монография. – Алматы: Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, «Ұлағат» баспасы, 2016. – 366 б.
- 2 Таңжарықова А. Көркем мәтінді талдау негіздері. Оқу құралы. – Алматы: «Service Press» баспасы, 2016. – 259 б.
- 3 Әуезов М. Қорғансыздың күні. Әңгімелер мен повестер. – Алматы: Атамұра, 2002. – 432 б.
- 4 Жұртбай Т. Бесіңді түзе. – Алматы: Жазушы, 1997. – 560 б.
- 5 Рахманова Н.М. Әуезовтану дәрістері. Оқу құралы. – Алматы: «Кітап» баспасы, 2010. – 354 б.
- 6 Пірәлі Г.Ж. Қазіргі Мұхтартану: 1-кітап. – Алматы: «Елтаным» баспасы, 2014. – 320 б.
- 7 Бораиш Р.Б., Нокербан Б. Ұлттық драматургияның қалыптасуындағы М.Әуезовтің шығармашылық қызметі // Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті Хабаршысы

**ПЕДАГОГИКА МЕН ӘДІСТЕМЕ МӘСЕЛЕЛЕРІ
ПРОБЛЕМЫ ПЕДАГОГИКИ И МЕТОДИКИ
PEDAGOGY AND METHODOLOGY PROBLEMS**

МРНТИ 14.35.07

Кадырова Г.Р.¹, Маймакова А.Д.²

^{1,2}Казахский национальный педагогический университет имени Абая,
г. Алматы, Казахстан

**РЕФЕРАТ КАК СРЕДСТВО ПРОФЕССИОНАЛЬНО-ОРИЕНТИРОВАННОГО
ОБУЧЕНИЯ РУССКОМУ ЯЗЫКУ КАК ИНОСТРАННОМУ ЯЗЫКУ НЕФИЛОЛОГОВ**

Аннотация

В данной статье предлагается модель обучения написанию учебного информативного реферата. Работа над его оформлением происходит в двух направлениях: анализ внешней и внутренней структур учебного научного текста и написание собственно реферата.

Материал настоящей статьи отражает профессиональную направленность обучения студентов-нефилологов русскому языку на основе текстов научного стиля речи как способу формирования их профессионально-речевых компетенций.

В статье представлен обзор теоретических сведений, отражающий информацию о жанрах научного текста и видах его переработки. Рассмотрена также классификация видов рефератов, предложенная российскими (Н.И. Колесниковой, М.С. Корнеевой и др.) и зарубежными исследователями (С. Ранганатан, Хирояма Кэндзо, Б. Уейли др.).

Авторами настоящей статьи предложены практические рекомендации по подготовке к написанию реферата как успешной речевой компетенции обучающихся в учебно-профессиональной сфере деятельности.

В заключении сделан вывод о том, что обучение написанию реферата научной статьи в учебно-профессиональной сфере формирует у студентов казахских отделений нефилологических специальностей не только культуру письменной речи, но и развивает общекультурные компетенции при изучении общеобязательной дисциплины «Русский язык».

Ключевые слова: реферат, профессионально-ориентированное обучение, научный стиль,

письменная речь, чтение, переработка первоисточника, реферативный текст

Г.Р. Кадырова¹, А.Д. Маймакова²

^{1,2}Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,
Алматы қ., Қазақстан

РЕФЕРАТ АНА ТІЛІ ОРЫС ТІЛІ ЕМЕС, ФИЛОЛОГ ЕМЕС-СТУДЕНТТЕРГЕ ОРЫС ТІЛІН КӘСІБИ-БАҒДАРЛЫ ОҚЫТУ ҚҰРАЛЫ РЕТІНДЕ

Аңдатпа

Бұл мақалада оқу-ақпараттық рефератты жазу моделі туралы айтылады. Оны рәсімдеу жұмысы екі бағытта жүргізіледі: оқу-ғылыми мәтінді сыртқы және ішкі құрылымдарын талдау және өз рефератын жазу.

Мақаланың материалы филолог емес мамандықтар студенттеріне ғылыми стилік мәтіндер негізінде орыс тілінің кәсіби бағыттылық оқытылуын көрсетеді. Осының нәтижесінде олардың кәсіби-тілдік құзыреттілігі қалыптасады.

Мақалада теориялық мәліметтерге шолу берілген, ол ғылыми мәтіннің жанрлары мен оның қайта өңдеу түрлері туралы ақпаратты көрсетеді. Сондай-ақ ресейлік (Н.И. Колесникова, М.С. Корнеева, т.б.) және шетелдік (С.Ранганатан, Хирояма Кэндзо, Б.Уейли, т.б.) зерттеушілердің ұсынған реферат түрлерінің жіктелуі қарастырылады.

Мақала авторлары реферат жазуға дайындық бойынша тәжірибелік кеңестер ұсынады. Бұл оқу-кәсіби саласында студенттердің сөйлеу құзыретін дамытады.

Қорытындысында филологиялық емес мамандықтардың қазақ бөлімдерінің студенттерінде оқу-кәсіби салада ғылыми мақаланың рефератының жазуына үйрету барысында сөз жазу мәдениеті қалыптасады, сонымен қатар жалпыға міндетті «Орыс тілі» пәнін оқып үйренуде жалпы мәдени құзіреттілігін дамытады.

Түйін сөздер: реферат, кәсіби-бағдарлы оқыту, ғылыми стиль, жазылым құзыреттілігін қалыптастыру, оқу, түпнұсқаны өңдеу, реферат мәтіні

G.R. Kadyrova¹, A.D. Maimakova²

^{1,2}Abai Kazakh National Pedagogical University

ABSTRACT AS A MEANS PROFESSIONALLY-ORIENTED TRAINING OF RUSSIAN LANGUAGE AS A SECOND LANGUAGE FOR NON-PHILOLOGICAL STUDENTS

Abstract

This article proposes a model for teaching an educational informative abstract. Work on its design takes place in two directions: the analysis of the external and internal structures of the academic scientific text and the writing of the abstract itself.

The material of this article reflects the professional orientation of teaching non-philology students to the Russian language on the basis of texts of the scientific style of speech as a way of forming their vocational and verbal competences.

The article provides an overview of theoretical information that reflects information on the genres of the scientific text and the types of its processing. The classification of the types of abstracts proposed by the Russian (N.I. Kolesnikova, M.S. Korneeva, etc.) and foreign researchers (S.Ranganathan, Hiroyama Kenzo, B.Weyli etc.)

The authors of this article offered practical recommendations on the preparation for writing an essay as a successful speech competence of students in the educational and professional field of activity.

